*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылы 3-мамырда тіркеліп, №2904-Ж куәлік берілген*

# ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

**Ай сайын шығатын республикалық ғылыми-әдістемелік журнал**

**Меншік иесі – "Қазақ тарихы" ЖШС**

**№8 (175), ҚАЗАН 2019 жыл**

**1993 жылдың шілде айынан бастап шығады**

БАС РЕДАКТОР –
**Әбділдабек САЛЫҚБАЙ**

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
**Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ**

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**
**Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков,** – *т.ғ.д. акад.;* **Б.Аяған, Ә.Мұқтар** – *т.ғ.д., проф.;* **Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ысмағұлов** – *т.ғ.д. доц.;* **Н.Әлімбай, А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова, М.Ноғайбаева, Д.Салқынбек, Қ.Құнапина** – *т.ғ.к., доц.;* **С.Дүйсен** – *п.ғ.к.,* **Қ.Қарамандаев** – *тарихшы-зерттеуші.*

* * *

**С.Әбішқызы** – *тұңғыш бас редактор.* **Б.Матекова** – *ұстаз-әдіскер.* **Ш.Таңмамбетова, Г.Серікбаева, С.Ишебаева** – *озат ұстаздар.*

Басуға 30.10.2019 ж. жіберілді. Пішімі 84 x 108 1/16. Шартты б.т. –5. Офсетті басылым. Бағасы келісімді. Таралымы – 1500. **Индексі – 75748.** Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып, "Акимбаев" ЖК-де басылды.

*Ғылыми-теориялық мақала авторлары орысша, ағылшынша түйін және магистранттар тарихшы докторлардан жазбаша пікір ұсынуға міндетті. Мақаланың ғылыми нақтылығына, тілінің жатықтығына автор жауапты.*

***Ал ұстаздар журналға 1 жылға толық жазылған түбіртегінің көшірмесін салуы қажет.*** *Авторлардың байлам-тұжырымдары редакция көзқарасымен сәйкеспеуі де мүмкін. Көшіріп басылса не пайдаланылса, сілтеме жасалуы тиіс.*

# МАЗМҰНЫ

## *Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар*

**Құмарбек Жұпбаев.** Күн хан және оның мемлекеті. Гүндер ........ 2
**Алмас Тоқсанбаев.** Дәстүрлі қоғамдағы билеушінің қасиетті бейнесі ....... 7
**Өтеген Исенов.** Жерге иелік құқығын беретін ортағасырлық пәрменді грамоталар ........ 11
**Ж.Арынов, Т.Тіленова, Г.Нұрланова.** Тарихты кезеңдеу ........ 13
**Берік Аташ, Жасұлан Белтенов.** Қазақстандағы саяси ахуал ........ 16
**Ө.Қожақұлы, А.Әбдіқадыров.** Сыр өңірінде православие ағымының таралуы ........ 19
**Роза Бұқанова, Ақан Шәріпов.** Фронтир концепциясы – танымдық құрал ........ 21
**Талғатбек Әминов.** Дәулеткерей Шығайұлы ........ 25
**Самат Есқалиев.** Азаттық арыстары – ұрпақтар жадында ........ 28
**Самат Құрманалин.** Ерназар және Бекет батырлар ........ 29
**Б.Абдрахманов, З.Айткенов, С.Раздықов.** Алаштың ұлы– Мұхамеджан Тынышбаев ........ 31
**Данагүл Махат.** Мағжан Жұмабаев ........ 36
**Досалы Салқынбек, Гүлжанар Шуланбекова.** Қызу қанды қазақ ........ 42
**Санжар Сапарәлі.** Қазақ жері үшін күрескен тұлғалар ........ 46
**Оразгүл Мұхатова.** Аққу ғұмыр кешкен аңыз адам ........ 47
**Зағира Тоқбергенова.** Большевиктердің барлық салаға бақылау орнатуы ........ 50
**Талғат Жолдасұлы, Шағатай Бенхүр.** Совет билігінің исламға қатысты саясаты ........ 53
**Қабибек Мұхитов.** Гурьев-Доссор темір жолының салынуы ........ 57
**Арайлым Мусагалиева.** Вклад Казахстанского немца И.Шарфа ........ 58
**Қайрат Қарамаңдаев.** Майдангерлердің ерлігі ........ 61
**Даулет Кенжебаев.** К вопросу о расширении спектра научных учреждений образованных в Казахстане ........ 69
**Елизавета Исибаева.** Ауылдық аймақтарды басқару ........ 71
**Марал Калиева.** Молодежь Казахстанского общества ........ 73

## *Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.*

**Эльмира Сиқымбаева.** Шырақтың ерлігі ........ 76
**Қаныш Садыр.** Құжаттар сөйлегенде ........ 76
**Ербол Ысқақов.** Алаш зиялыларының ұлт мүддесін қорғауы ........ 78
**Жұлдыз Кіребаева.** Француз буржуазиялық революциясы ........ 79



**© "Қазақ тарихы" №8 (175), 2019 ж.**

# КҮН ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ. ГҮНДЕР

**Құмарбек ЖҰПБАЕВ,**
**зейнеткер**

**Оғыз хан өлгеннен кейін, б.з.д. 1140 жылдары татар-моңғол мемлекетінің тағына оның үлкен ұлы – Күн хан отырды.** Күн хан Оғыз қаған тірі кезінде-ақ билік етіп, ол өлген соң ұлан-ғайыр империяға мұрагерлік етті. Бұл кездерде бүкіл түрік қауымы бір мемлекет болған еді. Қытай (Шын) бағынышты еді. Алынша ханның заң-жобасы бойынша Күн ханның билік құрған елі «Күн қауымы», «Күн елі» немесе күндер (гүндер) деп аталған. Моңғолдың ескі тарихшысы Лувсанданзан осы терминді қолданған: *«... шығыстың Күн елінде аса қатыгез он екі сұрқия хан дегендер туылған екен.»* (15.162-б.). Оларға меркіт Тоқта бек, керей Уан хан, жалайыр Жамұха хан, қарлұқ Арыстан хан, найман Таян хан, татар Мегежін құйрық және басқалар жатқызылған.

Сонымен барлық түрік қауымы, Алаша ханның заңына сәйкес, алдымен «алаш» деп, «татар-моңғолдар» деп, Оғыз ханның тұсында «оғыздар» деп, енді Күн ханның тұсында «Күндер» деп аталды, немесе Күн елі. Мысалы, Еуропаның ортасында орналасқан Венгрияда (өздерінше Хунгария) кең тараған «Кун» деген фамилия бар – Бела Кун деген қоғам қайраткерін бәріміз білеміз (ХХ ғ.) ж.б. Венгер мадиярлары V ғасырда Аттила жорығына қатысып, сол жерде қалып қойған ел (қыпшақтар). Аттиланың әскері гүндер (күндер) деп аталғаны белгілі. Бұл венгер мадиярлары сол «Күн» атауын өздеріне фамилия етіп алған. Одан бері 1600 жылдай уақыт өтсе де мадиярлар елдерінің байырғы атын ұмытпай, қастерлеп жүр. Аттиладан кейінгі тарихи ұзақ замандарда гүндердің кейбір елдері бұл атын өзгертіп, басқадай атала бастады, қалғандары бұл атын сақтап қалды.

**Күн хан 70 жыл билік құрған.** Сонда оның билік заманы мөлшермен б.з.д. 1140-1070 жылдар болып шығады. Сондықтан, айта аламыз, тарихта атышулы гүндердің (хунну, сюнну, ғұн, гун, һүн, ...) заманы б.з.д. XII-ғасырда басталған.

**Шәкәрім Құдайбердіұлы келтірген қытай шежіресінде:** *«хижрадан 2819 жыл бұрын (б.з.д. 2197 ж.– Қ.Ж.) қытайдың солтүстік жағында тукю халқы (түрікү) бар екендігі мағлұм болған. Мұнан 1081 жылдан соң хун атанған түріктер Қытайға қарадық деп (Қытайда Уаң хан заманында), Уаң нәсілінен Юдаң хан болған кезде хундар бұзылып, Қытайдың Шәнси деген уәләятын шапқан»* [9. 7-б.].

*«...Бұл хун, ғұн атанған түріктер Ғайса пайғамбардан бұрынғы 910 жылы қытайларға соқтыға бастап, Ғайса пайғамбардан 697 жыл бұрын Ганьсу деген жеріне кірген, ол қытайлардың Мағолстанмен шектес бөлігі еді»* [9.8-б.]. Бұл Тау хан тұсындағы шабуыл еді. Бұл мәліметтерге қарағанда қытайдың солтүстігіндегі моңғол тайпалары (тексте-мағолстан) түріктер деп аталған және олар б.з.д. XXII ғасырдан белгілі болған. Яғни «түрік» атауы Тур Афридун ұлының билігінен (б.з.д. XVII ғ.) бұрын бар болған. Көрсетілген уақыттан (б.з.д. 2197 ж.) 1081 жылдан соң түріктер хун, ғұн (күн, гун) атауымен белгілі бола бастаған. Күн хан б.з.д. 1140 жылдарда билікке келгенін білеміз. Яғни, 1081 жылдан кейін, б.з.д. 1116 жылы түріктер Күн ханның билігінде болып, күн (гүн), хун атана бастаған. Сондықтан айта аламыз: **түріктердің (татар-моңғолдың) хун, ғұн (гун) атануы Күн ханның атымен байланысты.**

Гүндердің Қытайға шапқыншылық жасаған Юдаң хан заманы «Тауарих Хамса» бойынша 6-саты билік кезінде Джи Ю әулеті заманында болып табылады. Бұл заман б.з.д. 1082-208 жылдар арасы. Юдаң хан деген, дұрысырағы Му Уаң билігі б.з.д. 961-906 жж. болған. Гүндердің шапқыны осы жылдары болған, яғни алғашқы, б.з.д. 910 жылғы шабуыл.

**Л.Н.Гумилевтің «Хундар» деген кітабында былай жазылған:** *«Сыма-Цянға сүйене отырып, Дегин, б.з.д. 1200 ж. шамасында біз хун патшалығының құрылғанын көрсетуіміз керек деп есептейді. Тап сол кездері ежелгі хундар Хэбэйден бастап Баркөлге дейін созылып жатқан сайын даланы мекендеген және Қытайға жортуыл жасап тұрған...»* [10.45-б.].

*«...Б.з.д. бүкіл I мыңжылдық бойында антропологиялық тұрпат мүлде өзгермеген. Хундар деп саналып келген палеосібірлік танымал тұрпат тап осы дәуірде қалыптасқан»* [10.58-б.].

*«...Хундар қытайға б.з.д. 822 жылы 6-айда (шілде) шабады»* [10.55-б.]. Осы келтірілген мәліметтерге сүйене отырып қорытындыласақ, Күн ханның билігінен кейін күн (гүн) аталған түріктер (татар-моңғолдар) б.з.д. 910 жылдардан бастап Қытайға шапқыншылық жасап тұрған. Гүндер мен қытайлардың жауласуы осылай басталған. Гүндер қытайды жиілетіп шаба берген соң, онан құтылуға Ғайса пайғамбардан 214 жыл бұрын Чин қорғаны (Ұлы қытай қорғаны) деген үлкен қорғанды сала бастап, он жыл ішінде бітірген екен. Оны салған Цинь Шихуанди патша өлген соң б.з.д. 210 жылдан кейін қытай өз ішінде бүлініп, гун түріктері Қарамурен өзенін айналып барып, қайтадан қытайды талаған деп жазған Шәкәрім Құдайбердіұлы [9.8-б.].

**Күн ханнан кейін татар-моңғолға (гүндерге) бес хан билік жүргізген.** Олар Ай хан Оғыз хан ұлы, Жұлдыз хан Оғыз хан ұлы, Меңлі хан Ай хан ұлы, Теңіз хан Жұлдыз хан ұлы және Жел хан (Илхан) Күн хан ұлы. Бұл бес ханның заманында түрік халқы толқумен болып, ақыры Жел ханның тұсында гүндерден татар бөлініп шығады. Оғыздар (гүндер) құрамында тек моңғол мен ұйғыр қалады.

Әбілғазының «Түрік шежіресінде» келтіруі бойынша **ұйғырлар** екі бөліктен тұратын 120 рулы ел болыпты. Ол бөліктері тоғыз ұйғыр (тоғыз оғыз) және он ұйғыр (оногур) деп аталған. Бұл халық көп аты шықпаған, балық, аң аулап, кей жерлерде мал өсіріп, егін салып, саудамен айналысып, бірталайы шаһарларда (қалаларда) тұрып күнелткен екен [2.32-б.]. Ұйғырлардың басым көпшілігінің көне заманнан бергі отаны – Шығыс Түркістан.

Ал, моңғолға жататын тайпалар көшпенді өмір кешкен, оларды «моғол» деп те атаған. Моңғол мен моғолдың мағынасы біреу, бір атау. Қ.Жалайыридің «Шежірелер жинағында» моғолдар үш бөлек болған деп көрсетеді [3.25-б.]:

**Әуелгі (алғашқы) моғолдар** – жалайыр, иесунит, меркіт, күрлеуіт, тамғалық, тарғұт, ойрат, барғұт, құры, тулас, тума, бұлғашын, кермучин, орасут, телеңут, кестеми, ориаңқа, құрқан, суқаниа – Алаша ханның бұйрығы бойынша моңғолға жататын тайпалар.

Бұл жерде «тарғұт» деген торғауыт тайпасы, «барғұт» деген байырқы тайпасы, «телеңут» деген төлеңгіт тайпасы, «ориаңқа» деген ұраңқай, урянкат тайпасы, «құрқан» деген курыкан тайпасы. Кейбір болжамдар бойынша байырқы тайпасы арғын, найман, керей тайпаларының шыққан тегі, курыкан тайпасы хакастардың арғы тегі болып табылады, курыкан «курумчи» деп те аталады.

**Екінші бөлек моғолдар** – кереит, найман, оңғұт, таңғұт, бекрин, қырқыз. Мұндағы бекрин – меркіт тайпасы, қырқыз – қырғыздар. Екінші бөлек моғолдар б.з.д. ІІІ ғасырда шыққан. Ол – Алаша ханның заңжобасы тоқтатылып, гүн мемлекеті ұсақ хандықтарға ыдыраған кезде шыққан тайпалар.

**Үшінші бөлек моғолдар** – Еркіне Қоннан шығып келген моғолдар немесе Түрік қағандығын құрған түріктер; қоңырат (хонхират), икирас, олқунут, құрулас (құрлас), елжигин, қоңлиут, ордаут, қонқұтан, арлат, келкунут, нуңжин, ушин, сулдус, елдуркин, баяуыт (баят), кеңгит. Бұл рулар қият және нүкүз (дарлекин) тайпаларына жатады.

Осы моғолдардың соңғы бір бөлігі – қият тайпасы құрлас руының Ашина (Бөрте шина) тармағынан шыққан Алан Қуадан тараған **Нирун қауымы**. Оған жататын рулар:

Қатақин, салжиут, тайжиут, сижиут, хартакан (аритакан), чинос, урут, манқұт (маңғыт), дүрбан (дүрбіт), барын, барулас (барлас), һадаркин, журиат, будат, дуқлат (дуғлат), иусут, сукан, қыңқият.

Гүндердің құрамында болған татар қауымына жататын тайпалардың да басым көпшілігі көшпенді өмір сүрген. Бірақ олар моңғолдармен және моңғолдардың ұрпағы гүндермен көп соғысқан. **Татар тайпаларына жататын және олардың ұрпақтары мына елдер:**

Анадолы түріктері; Кавказ (тау) татарлары – азербайжандар, аландар (осетин), шешендер, дақ (дағстан), қарайым, аварлар; Каспий және Қара теңіз жазығын мекендеген ноғай татарлары; Қырым және Астрахань татарлары; Дешті Қыпшақ татарлары – қыпшақ, қимақ, имек, ланиказ, аджлад; Еділ-Кама бұлғарлары және мажарлар (мадьярлар), олардың кейінгі аралас ұрпақтары – Қазан татарлары, башқұрттар, чуваштар, мордвалар, мешерлер, марилер; Сібір татарлары – Көшім ордасының татарлары, Абақан-Минусин татарлары – хакастар – оларға жататын сағай және качин татарлары; сақалар (якуттер); Солтүстік Моңғолия мен Манчжурияны мекендеген татабылар және олардың үрім-бұтақтары – құмықтар мен қайлар; Қондыгер-Қобан жеріндегі хазарлар; меркіттер; америкаң үндістері; бүгінгі қазақ-түрік тайпаларынан – алшындар, үйсіндер мен қаңлылар; ертеректегі тарихи тайпалар – тобалар, ухуандар, динлиндер, сәнбилер, жужандар.

**Үйсіндер** Қ.Жалаири шежіресінде «иесунит» деген атпен алғашқы моғолдарға жатқызылған. Иесунит деген сөз – иесун (үйсін) деген атаудың көпше түрі (-т жалғауы). Ал, қаңлы, қыпшақ тайпалары Оғыз қаған заманынан кейін шыққан, өсіп өрбіген. Бұл үш тайпа Жел ханның тұсында гүн империясынан татарлар бөлінгенде (б.з.д. VIII ғ.) солармен бірге кеткенге ұқсайды. Сол заманнан кейін олар үнемі моңғол түріктеріне (гүндерге) қарсы соғысып жүреді.

**Алшындар** – татар елінің тайпасы. Татарлардың Сібірде орталық шаһары болып, Алақшын деп аталған. Шыңғыс хан заманында орналасқан бұл шаһардың күміс кеніші бар, елі күміске бай делінеді. Жылқылары тек қана ала болады екен. Бұрынғы өзбектердегі «Ала жылқылы, алтын ошақты» деген сөз содан қалған деседі. Әбілғазы шежіресінде осылай келтірілген [2.35-б.]. Алшындардың ерте замандардағы атауы «алаатшын» болған [13.79-б.]. Б.з.д. V-ғасырларда алаатшындар Алтай маңында болған. 652 жылы қытайда бірнеше елді аралау кезіндегі жолнама жазылған. Онда алат (бо-ма) деген елдің атауы келтірілген. VIII-ғасырда қытай авторы Ду-Ю «Тундянь» деген еңбегінде аталмыш жолнамаға түсініктер берген. Онда автор *«ала аттарды туцзюелер (түркілер – Қ.Ж.) хэла деп атайды»* деген. Көне қытай нұсқасындағы хэла сөзі «ала» деген сөзді білдіреді. Тексте *«бұл елде жылқының бәрі ала, соңдықтан халықтың аты да содан алынған»* деп көрсетілген.

Тань дәуіріндегі документтерде бұл тайпаның аты «элочжи» және сәл өзгеріске түскен «гэлочжи» түрінде кездеседі [13.70-б.]. Элочжи деген түркіше алатчи дегенді білдіреді. Алатчи, алачи, алачин, т.б. атауларды кей зерттеушілер (Ю.А.Зуев) көне түріктің «алат» этнонимі деп жазады. Ол зерттеулер бойынша алаттар қытай деректерінде IV ғасырдан кездеседі. Ол кезде алаттар Ордос және Иньшаньның солтүстік беткейі маңында мекендеген. VII-ғасырда алаттардың бір бөлегі Алтайдың солтүстігін мекендеген (Нарым). VIII-ғасырларда алаттардың үлкен бөлігі батысқа қарай көшкен. Осы батыс алаттары (алачиндар) кейінгі түрікпен, өзбек, қазақ халықтарының құрамына кірген [13.71-б.]. Алачин – қазіргі «алшын» сөзі.

Сонымен, ала-ат, алат, алатчи, алачин, алшын этнонимдерінің көне нұсқасы – алаатчин. Түркі тілдерінде алачин атауы «алағчин» деп те айтылады, қытайшасы – элочжи.

Жоғарыда айтылған Ю.Зуев «Из древнетюркской этнонимики» деген кітабында: *«...хорошо известно, что алаты (алачи) является основным этническим компонентом в составе казахов Младшего Жуза, части узбеков и туркмен...»* (112-113-бет) деп жазған. Қорытындыласақ, Сібірде Алақшын деген орталығы болған, ала жылқылы алачиндардың ұрпағы алшындар – татар тайпасы. Татарларға жатқызылған келесі үш тайпа – меркіт, саха (якут) және америкаң үндістері жайында:

**Меркіттер** Қ.Жалаири шежіресінде моңғолдарға жатқызылған. Бірақ, ұзақ тарихи замандарда меркіттер моңғолдарға қарсы көп соғысқан. Әсіресе, бұл жауласу Шыңғыс хан заманында айқын көрінеді. Рашид-ад-Дин өзінің «Жылнамалар жинағында» меркітті *«меркіттер моңғол да, ұйғыр да емес»* деп жазған. Осыны ескере келіп, меркіттер татарларға жазқызылды.

**Сақалар (якут)** – якуттардың батырлық эпосында (олонхо) [8.42-б.] өздерінің арғы тегінің оңтүстік, жылы жақтан келгендігі айтылады. Ол жақтың жері жазық, жылы, көлдері қатпайды, шөбі шүйгін делінеді. Олонхода Алтай тауы, Байқал көлі, Арaат теңізі, Араал теңізі жиі айтылады. Мұндағы Араат, Араал теңізі деген – қазіргі Арал теңізі, ал жырдағы кең дала Арал маңы далалары (Сарыарқа маңы) болуы керек. Сонда сахалардың арғы тегі татарлар жерінен келген болып шығады. Якуттардың саха (сақа) деген аттары да «сақ» этнонимінен шыққан болуы керек. Якуттар

жайлы Шәкәрім былай деп келтірген:

*«Якут деген халық манжурия тілменен яку деп атағаннан ескі түріктің сақа деген табы. Сонан сағай атанған татарлардан шыққан ел...»* [9.50-б.]. Яғни, сақалар (якуттер) талассыз татарларға жатады.

**Американ үндістері** – қазіргі ғылыми тұжырымдама бойынша бұдан 15-20 мың жыл бұрын солтүстік – шығыс Азиядан Чукотка, Беринг бұғазы арқылы келген делінеді. Сібірге, оның солтүстігіне дейін барған моңғолдар емес, татар тайпалары болып табылады. Американ үндістерінің антропологиялық типі моңғол-гүндерге емес, үйсін-қыпшақ типіне ұқсас. Үндістерде татарларға тән ала жылқы өсіру кең тараған. Жалпы, американ үндістері түріктерге жатады. Бірақ, олар Америка континентіне түріктер моңғол-татар болып бөлінбей тұрғанда баруы мүмкін. Өйткені, майя үндістері мәдениеті б.з.д. 3373 жылдан белгілі. Үндістердің қоныс аударуы бір емес, бірнеше толқын (лек) болып, әр замандарда болуы да мүмкін екендігін жоққа шығаруға болмайды... Татарлардың Алтай тауын мекендеген бөлігі өздерін Алтай түріктері деп атаған. Оларды Қайың хан әулеті билеген. Қайың хан (Хакал) Түрік ұлы б.з.д. XXXVII ғасырда өмір сүріп, үшке бөлінген Түрік мемлекетінің Тұрандағы бөлігіне билік етіп қалғанын білеміз. Алаша ханнан кейін олар татар атанған болатын.

Жел хан билеген гүн мемлекетін (моңғолдарды) Илхания деп те атайды. Жел ханның билік жүргізген заманы б.з.д. VIII-ғасыр. *«Жел хан 117 жыл шамасы бұрын өледі»* деп жазады Қ.Халид [4.222-б.]. Одан кейінгі мәтіндегі қарама-қайшылықтарға қарамастан бұл датаны «Буддадан 117 жыл бұрын» деп оқимыз. Өйткені одан кейін де көптеген ерте дүние оқиғаларының уақытын ол Будда заманымен салыстыра анықтаған. Сонда, Жел хан Буддадан 117 жыл бұрын өлсе, ол уақыт б.з.д. 742 жыл болып шығады. Будда б.з.д. 625 жылы туғанын білеміз. Яғни, 742 жылы Тау хан Жел хан ұлы билікке келген. Ал, Күн ханнан кейінгі гүндердің бес ханы – Ай хан, Жұлдыз хан Оғыз ұлдары, Меңлі хан Ай хан ұлы, Теңіз хан Жұлдыз хан ұлы, Жел хан Күн хан ұлы б.з.д. 1070-742 жж. билік құрған (328 жыл). Тау ханның тұсында гүндердің құрамында моңғолдар мен ұйғырлар болады. Тау ханның билік заманы б.з.д. VIII-VII ғғ. (742-680 жж.) болып, 60 жылдай уақытқа созылды. Б.з.д. 697 жылы Тау хан қытайға жорық жасады. Ганьсу жеріне ойран салды. Бұл жорықтың екінші мақсаты бөлініп кеткен татарларды қайта қосып алу еді. Шын халқы татарлармен одақ жасап, моңғолдарға қарсы бірге соғысты. Бірақ, Тау хан оларды тас-талқан етіп жеңіп, көп қырғынға ұшыратты. Осыдан кейін татарлар ол кездегі мекендері – Ертісті тастап, солтүстік – шығысқа қарай ауып кетеді [4.223-б.].

Міне, осы қоныс аудару кезінде сахалардың (якут) татарлар жерінен (Арал, Сарыарқа, Алтай) Сібірге, қазіргі Якутияға келуі мүмкін. Американ үндістерінің де бір легі осы кезде, яғни б.з.д. VII-ғасырда Америка континентіне өтуі мүмкін.

Осы Тау хан гүндерінің жорықтары кезінде (697 ж.) Алтай түріктері (татарлар) батысқа қарай ығысып, Ферғана, Бұхара, Хорасан жаққа шабуыл (жорық) бастайды. Қазіргі Қазақстан жерінің батыс өңіріндегі тайпалар (олар да татар қауымына жатады) бұл шабуылдан кейін жерлерін тастап, Еділ – Жайықтан өтіп, Кавказ жазығы (Қондыгер-Қобан) мен Қара теңіз маңына дейін барған. Бұған қарағанда, көп болғанымен, бір орталыққа ұйымдаспаған татар тайпалары қуатты гүн мемлекетінің шапқыншылығына төтеп бере алмай, бір-бірмен де соғысып, жерлерін тартып алуға барып отырған. Гүндердің тегеуірінен татар тайпалары бытырай қоныс аударып, Қара теңіз маңынан бастап, Орал, Батыс Сібір, Байқал маңы, Амур бойына, Манжурияға дейін қоныстанған. Кейінгі тарихи фактілерден белгілі диньлиндер, сәнбилер, ухуаньдар, тобалар сияқты татар тайпаларының шығыс өңірде пайда болу себебі осы жорықтармен байланысты.

**Кавказ өңірі, Азов (Азақ) пен Қара теңіз маңына барған көшпенді татар түріктерін Еуропа тарихшылары скифтер деп атаған (Геродот, Гекатей Милецкий, Плиний, Птолемей, ж.б.).** Бұл ауып барған скифтердің билеушісі аталмыш ғалымдардың еңбектерінде Ишпақай деген атпен белгілі. Ишпақай ишгуз (іш оғыз немесе ішкі оғыз) тайпаларының көсемі делінеді. Еуропа ғұламаларының тарихи және географиялық еңбектерінде скиф тайпаларының тұрмыс-салттары, қолөнері, соғыс құралдары мен әдістері кеңінен қамтып жазылған. Оларына қарағанда скифтердің көшпенді түріктер екендігінде дау жоқ. Оғыз қағанның заманында құрылған мемлекеттің қазіргі Қазақстан жерін және Орталық Азияны (Тұран) мекендеген татар тайпаларын Ішкі Оғыз деп атаулары мүмкін. Негізгі оғыз тайпалары гүн моңғолдары мен ұйғырлар Алтайдан шығысқа қарай орналасқан еді. Ауып барған Ишпақайдың скифтері Қара теңіз жағалауынан ондағы кемер халқын ығыстырғаны мәлім. Осы қақтығыстардың бірінде б.з.д. 674 жылы Ишпақай қаза тапқан. Сол замандардағы татарлардың ұрпақтарының бірі – шешен халқы өздерін әлі күнге дейін Ичкерия деп атайды. Ишпақайдың халқын оның ұлы Партатуа (Бәртату), одан кейін немересі Мәди басқарып, Кавказ маңы мен Таяу Шығыс жерлерінде көптеген тарихи оқиғаларға араласқаны белгілі...

Тау ханға қытайдың бір бөлігі бағынып, салық төлеп тұрған. Бұларды **«қарақытай»** деп атаған, кейде «шүршіт» деп те атаған. Қарақытайлар Ертістің бас жағы мен қазіргі Лепсіге дейін қоныстанған. Бұл жерлерде шаһарлар салған. Осы араларда кездесетін қирандылар қарақытайлардан қалған [4.223-б.]. Қарақытайлар бұл жерлерде Шыңғыс ханның заманына дейін тұрған (1212 ж.ш.). **Қарақытайларды «қидан» деп те атаған.** Моңғол тектес қидан тайпалары (қарақытайлар) Қытайдың солтүстігінде, қазіргі Манжурия мен Уссурий өлкелерінің жерлерін мекендеген. Қидандардың тарихы X-ғасырдың бас кезінен ғана белгілі, бірақ олар туралы кейібір мәліметтер IV-ғасырдан белгілі. Жоғарыда келтірілген деректерге сүйенсек, қарақытайлар Тау ханның билігі заманында пайда болған. Әрине, бұл халық одан бұрын да өмір сүрді, бірақ қарақытай деген атау Тау хан заманында шықты. Яғни, қарақытай тарихы б.з.д. VII-ғасырдан бастау алады. Бұл халық 907-жылдан қидандар деген атпен тарихқа енді. Осы жылы олардың билеушілері Илан-бұғы өзін император деп жариялады. Қидандар елі күшті мемлекетке айналып, Жапон теңізінен Шығыс Түркістанға дейінгі жерлерді биледі. Бұл мемлекет «Ұлы қидандар мемлекеті» деп, кейде «Ұлы Ляо мемлекеті» деп аталған. Қидандар (қарақытайлар) 926-жылы шығыста Бохай мемлекетін, 1005-жылы қытайлармен соғысып, оларды жеңген. Қытайлар оларға салық төлеп тұрған. 1125-жылы қидандарды чжур-чжендер (шүршіт) талқандап, олар бытырап кетті. Біраз бөлігі батысқа, Орта Азияға өтіп кетті. 1140 жылдарда осы батысқа ауған қидандар Амудария мен Балхаш көлінен Куньлунь, Бейшань тауларына дейінгі жерлерде Қарақытай мемлекетін құрған. Бұл мемлекеттің негізін қалаған – қидан көсемі Елюй Даши. Мемлекеттің орталығы Емелде

болған. Қидандардың екі түрлі жазулары болған екен. Бұл – көне түрік және қытай жазулары болу керек деп пайымдауға болады. Кейінірек қарақытай билеушілері «гурхан» деп аталған. Бұл моңғолша «бүкіл дүние ханы» деген сөз. Қарақытай гурханының ордасы Шу өзенінің бойында болған, «Хосун-Орду» (Күшті Орда) деп аталған. Қарақытай мемлекеті қидан теңгелерін шығарып тұрған. Гурхан ордасы Баласағұнға көшеді. Көп кешікпей, Батыс, Шығыс Түркістан түгел қарақытай билігіне бағынады. Қарақытай мемлекетін екі дүркін әйел басқарған екен. 1137 жылы Ходжент түбінде қарақытай әскері Мауераннахр билеушісі Махмуд ханның әскерін жеңді. 1141 жылы салжұқтарды талқандады. Осыдан кейін гурхан өзін император деп жариялайды. Бірақ, Қарақытай мемлекетінің билеушілері Қара хан әулетінің қызметінде болады. XIII ғасырдың басында Қарақытай мемлекетінің қуаты әлсіреуге айналады. Бұл наймандар мен керейлердің күшеюіне байланысты болады. 1210 жылы қарақытай әскері наймандардың, қарлұқтар мен Хорезм шахының бірлескен шабуылына тойтарыс береді. Баласағұнда көтеріліс шығып, қарақытайлар онда 45 мың мұсылман халқын қырып тастайды, қаланы талан таражға салады. Сол кезде найман ханы Күшлік гурханды тұтқындап, биліктен тайдырады. Қарақытай әскері де гурханға қарсы шығады. Осыдан былай Жетісу, Шығыс Түркістан және Алтай жерлері наймандардың билігіне көшеді. Бірақ, бұл билік ұзаққа созылмай, 1218 жылы Жебе ноян бастаған Шыңғыс хан әскері бұл жерлерді жаулап алды. Түркістан жерінде Шағатай мемлекеті құрылды. XIV-ғасырдың ортасында моңғолдар құрған Шағатай мемлекеті ыдырап, бұрынғы Қарақытай мемлекетінің бір бөлігінде – оңтүстік – шығыс Қазақстан жері мен Қырғызстан жерінде, Шығыс Түркістанда Моғолстан мемлекеті (1348-1540 жж.) құрылды. Моғолстанның халқы **«моғол»** деген атпен белгілі болған түрік-моңғол рулары (Дулат, Қаңлы, Барін, Бұлғач, Чорас, Кереит) және оларға араласқан қарақытай елінің бір бөлігінен құралған болатын. Оларды «**чете моғол**» деп атаған, оның мағынасы «шет моңғол» немесе «шеткі моңғол» деген ұғым болып табылады. Өйткені, олар моңғолдардың татарлар жеріндегі ең батыс иелігі, моңғол гүндерге бағынған қарақытайлардың батыс жақ шеті еді...

Тау хан гүн мемлекетін (Илхания) барынша кемеліне келтірген. Ол кездерде гүндерге қазіргі Сыр бойы, Арал теңізі. Орал тауынан бастап, шығыста, кейін салынған Қытай қорғанына дейінгі жерлер, Байқал көлінен оңтүстікке қарай Тибет, Үндістанға дейінгі жерлер қараған еді. Бұл б.з.д. 700-жылдар еді.

Тау хан 60 жылдай билік құрған. Ол өлгеннен кейін баласы Күл хан таққа отырып, ол да 60 жылдай билік етеді. Күл ханнан кейін оның ұлы – Мұқан хан билікке келген. Мұқан ханды тарихта түрік ханы деп кеткен. Мұқан ханнан соң оның ұлы Тобық хан таққа отырыпты. Әкелі-балалы екеуінің билігі барлығы 100 жылға созылған екен. Тобық ханның алғашқы аталары Тау ханға дейінгі 160 жылдай уақытта ел тыныш болып, бейбіт өмір кешіпті. Татарлар да осы кезде алғашқы жерлері Ертіс бойы мен Алтайға оралып, орын теуіпті. Тобық хан өліп, орнына баласы Құтлық хан болады.

Құтлық хан бірден Алтай түріктеріне шабуыл жасап, одан әрі Мауераннаһрға өтеді, Самарқан, Бұхараны алып, Амудариядан асады, Иранға дейін барады. Көп олжамен оралып, енді татарларды шабады. Келесі жылы татарлар өш алмақ болып, шүршіттерді, одан кейін моңғолдарды шабады. Құтлық хан қарсы шыққанмен жеңіледі, артынан өледі. Құтлық хан 4-5 жылдай ғана билікте болады, оның орнына ұлы Иле хан отырады (кейде Илке, Илан). Иле хан айналасындағы жауларымен келісімге келеді, шекара белгілейді. Бұл **тарихтағы алғашқы шекара еді дейді.** Шынмен (қытай) мәмілеге келіп, Иле хан әке кегі үшін татарларға жорық жасайды. Татарлар жеңіліп, екіге бөлініп кетеді. Бір бөлігі Шын (қытай) мемлекетіне кіріп, бас сауғалаған, екінші бөлігі батысқа қарай ауған. Орал тауынан асып, Еділге жеткен, Хазар (Каспий) теңізі мен Дон өзенінің маңындағы жазық далаға дейін жайылып, мекен еткен. Бұл оқиға б.з.д. V ғасырда болған. Содан бері, кейінірек Дешті Қыпшақ аталған Дон, Еділ-Жайықтан Сарыарқаға дейінгі жазық дала татарлардың жері болған. Қазіргі кезде бұл жерлерді татарларға кірген қыпшақтардың атымен атау қабылданған.

Кейінгі замандарда, Түрік қағандығынан кейін, осы жерлер мен Кавказ маңында Хазар қағандығын құрған осы ауып барған татарлар еді. Бұл қағандыққа қыпшақтар да кірген болатын [4.224-б.]. Татарлар ауып кеткен соң, олардың мекені – Алтай, Обь, Ертіс бойына гүндер келіп орналасты.

Иле хан билікке б.з.д. 515 ж. шамасында (6-ғасырдың аяғында) келіп, 80 жылдай гүн мемлекетін басқарған. Иле ханнан кейін б.з.д. 435-280 жылдар мөлшерінде оның әулетінен Асуал хан, Дудыман хан, Құжуман хандар билік еткен. Б.з.д. 280 жылдарда (3-ғасыр) Қожақ хан таққа отырды. Б.з.д. 240 жылдарда гүн мемлекетінің билігіне – гүн тәңірқұты Тұман келді. Тұман тәңірқұт б.з.д. 270-209 жылдарда өмір сүрген адам. 30 жылдай билік құрған – б.з.д. 240-209 жж. Тұман тәңірқұт тұсында гүн қағандығы ыдырайды, өйткені **Қожақ ханның тұсында Алынша хан заң-жобалары тоқтатылған еді**. Гүннің 24 бектігі ыдырап; 54 хандыққа бөлініп кетеді. Осы кезден бастап түрік тайпалары өз аттарымен атала бастаған. Қырғыз, қыпшақ, ұйғыр, оймауыт, қаңлы, қалаш, торғауыт, қалмақ, қарлұқ, найман, т.б. бас-басына ел болып құралған [4.227-б.]. Үйсін, қаңлының б.з.д. III-II ғасырлардан белгілі болуы да осы оқиғаларға байланысты.

Тұман тәңірқұттың мұрагер еткісі келмеген баласы Мөде б.з.д. 209 жылы әкесін өлтіріп, билікті күшпен алады. Себебі, тәңірқұт баласы Мөдені қытайға аманатқа беріп, сол кезде қытайларға соғыс ашады. Бұл Мөдені өлімге қиюмен бірдей еді. Мөде б.з.д. 174 жылға дейін билік құрды, бытыраған гүн мемлекетін қайтадан жиып, біріктірді. Мөде Алып атанды. Мөде Алып тәңірқұттың заманында гүн мемлекеті орасан күшейіп, Шығыс Азияда оған тең келер күш болмады. Мөде Алып пен оның балаларының тұсында қытай мемлекеті гүндердің басымдылығын мойындап, салық төледі. «Алып көсем» Мөде гүн моңғолдарын қайтадан 24 бектікке (ұлысқа) бөліп, оны ел ағасы – бектерге билетті. Жоғарғы бас, билеуші ханды «Тәңірқұт» немесе қытайша «шаньюй» деп атады. Гүн тәңірқұттары өз замандарында Ордос, Сары өзен, Шығыс Түркістан, кейінірек Жетісу, Сырдария өлкелерінде шеру түзеп, ордаларын құрды. Жазда Алтай, Саян тауларын, орталық Қазақстанды (Сарыарқа, Ұлытау), Алатауды жайлады [1.449-б.]. Мөде Алып тәңірқұт ухуан татарларын жеңіп, бағындырды. Оның әскері 300 мыңға жетті. Б.з.д. 203-202 жж. Мөденің гүндері хуньюй тайпасын, қыпшақтарды, Енесай-Анғара динлиндерін, Батыс Моңғолиядағы қырғыздарды бағындырды. Б.з.д. 177 жылы юечжи тайпаларын жеңеді (Ұлы иозыларды).

**Л.Н.Гумилев гүндердің тілі туралы былай деп жазды:**

*«...Сиратори бізге белгілі хұн сөздері – түркілік, ал бізге келіп жеткен бірден-бір хұн сөзі – түркі сөзі деп дәлелдеген. Пельо, ол өзіне түркі тілінен де ежелгі қатпарлар элементін енгізеді деп атап өтеді...*

*...бізге белгілі хұн, моңғол сөздерінің ортақтастығы, тарихи тағдырлары тығыз байланыстырып келген халықтардың өзара мәдени алмасуымен түсіндірілетін шығар. Жоғарыда келтірілген пайымдауларға қарамастан, хұндардың түркі тілді болғандарына шүбә келтіру мүлде дәйексіз нәрсе, өйткені хұн мен теле тілдерінің жақын туыстығы жөнінде бастаухаттың тікелей көрсеткен фактісі бар, ал ұйғыр тілінің теле тіліне жататынына ешбір қарсы пікір болмауға тиіс»* [10. 60-б.]. Л.Н.Гумилев бұл жерде гүн мен моңғол тілдері ортақ екендігін айта келіп, оны тарихи тағдырларының тығыз байланыстылығымен түсіндіргісі келеді. Бұл фактіні одан да оңай түсіндіруге болады – гүндер де, моңғолдар да бір түрік халқының ұрпақтары болып табылады.

**Л.Н.Гумилев, жапон ғалымы Сираторидің пікірін келтіре отырып, гундердің тілін түркі тіліне жатқызады.** Қытайлардың да жоғарыда келтірілген көне деректерінде солтүстік көшпенді тайпаларды түріктер деп атағанын еске түсірейік. Шәкәрім де гүн тайпаларын түріктер деп атаған. Сондықтан, қорытындылай келе мынадай пікір айта аламыз:

Гүндер (хун) яғни көшпенді татар, моңғол және ұйғыр тайпалары түріктерге жатады. Л.Н.Гумилев *«хун мен теле тілдері»* жақын, туыс тілдер дейді. Гүн деген моңғол, теле деген тирек екенін еске түсірсек, тирек тайпалары моңғолдарға жатады немесе керісінше деген тұжырым аламыз. Яғни гүн моңғолдары да, ұйғырлар да тиректер. Тирек және түрік сөздері балама, бір сөз деп айтқанбыз. Гүндердің негізі моңғол тайпалары болса да, олардың ішінде татар тайпалары да болған. Моңғолдар да, татарлар да әркім өз малын өздері баққан. Әйелдер қатты құрметтелген, оларға қол жұмсауға болмаған. Әйелдер ұнатқанымен ғана тұрмыс құрған, қалың малына өзі қожайын болған. Әскери іс-әрекеттен басқа жұмыстың бәрін әйелдер шешкен. Мұндай салт-сана ертеректегі қазақтарда да болғанын еске түсірейік.

**Гүндердің жазуы болған**. Гүндердің мұндай жоғары мәдени деңгейде болғаны қытай жазба деректерінде келтірілген. Қытай елшілігінің есебінде гүндердің жазуы бар, ол үнді жазуына ұқсас деп келтірілген екен. Гүндердің жазуы белгілі орхон-енесай жазуы болу керек деп пайымдаймын. Себебі, түрік тарихшылары көшпенді түріктерде жазу Оғыз хан заманынан кейін қолданыла бастады [3.49-б.] деп жазған. Ал, орхон-енесай ескерткіштеріндегі жазуды түрік қағандығының билеушілері жаздырған. Олар, түрік қағандары, Еркіне Қоннан шығып келген гүн моңғолдарының ұрпақтары екендігі белгілі. Сондықтан, айта аламыз – орхон-енесай тас жазуларының қолданылуы біздің заманымыздан мың жылдай бұрын дәуірлеген ежелгі гүн империясының заманынан бастау алады. Гүндердің және олардан кейінгі Түрік қағандарының қолданған жазулары б.з.д.12 ғ. Оғыз қаған жасаған жорықтарының нәтижесі деген жорамал жасауға болады. Оғыз қаған Үнді жаққа, немесе Қосөзен (шумер), Мысыр жаққа жорық жасағанда жазу үлгілерін алып келуі мүмкін. Гүндер ұстанған діндері бойынша Көкке (Көк Тәңіріне), Айға, Күнге, ата-баба аруағына сиынған...

Мөде тәңірқұт өлгеннен кейін оның ұлы Лаошань шаньюй (Лаушаң-Қызай) билікке тұрды. Оның заманы б.з.д. 174-161 жж. Лаошань шаньюй тәңірқұт б.з.д. 174-165 жж. арасында юечжилерді біржолата жеңді. Олардың билеушісі Кидолудың бас сүйегінен ыдыс жасайды: ол – ішімдік құятын алтындалған көзе болған. Б.з.д. 166 жылы Лаошань шаньюй 140 мың әскермен солтүстік-батыс қытайға басып кіреді. Көп елді, олжаны алып, императордың жазғы сарайын өртеп, қытайлар әскер жинағанша, кайтып кетеді. Осыдан кейін төрт жыл бойы шекара маңын талапайлап, жұтатады, әсіресе, Лаодун, шығыс Ганьсу көп зардап шегеді. Б.з.д. 162 жылы қытай императоры Вэнь-ди бітім жасасуды сұрайды. Қытай гүн мемлекетін мойындап, оларға жыл сайын тары, күріш, қамқа, жібек, мақта матаhistorisch маталарын және басқа заттарды жіберіп тұруға міндеттенеді.

Б.з.д. 161 жылы Лаошань шаньюй өліп, ұлы Гюньчен таққа отырады. Ол төрт жылдан кейін, 158 жылы соғысты қайта бастайды. 30 мыңнан екі гүн армиясы қытайдың солтүстігі мен батысына басып кіріп, талаптонап кетеді. Қытайлар тойтарыс бере алмайды. Келесі жылдарда да осылай болады. 152 жылы келісім шарт жасалып, еркін айырбас үшін шекаралық базарлар ашылады. Шаньюйге қытай патшайымы әйелдікке беріледі. Бұл кез – гүн мемлекетінің шарықтау шегіне жеткен кезі еді. Шығыста ухуань, сәнби, тоба татарлары гүндерге бағынышты болды. Маньчжурия, Шығыс Байкал, Аргун жағалауларындағы татарлар да гүндерге бағынды. Бұл кезде татарлардың сақскиф заманындағы бірлігі мен қуаты жоқ болатын. Гүн моңғолдарының жойқын жорықтарынан татар тайпалары жан-жаққа шашырап, батыста Еділ-Дон, Кавказ жаққа, шығыста Манчжурия мен Ұлы Мұхитқа дейін, солтүстікте Шығыс Байкал, Сібірге, солтүстік-шығыс өткел арқылы Америка жеріне дейін өтіп қоныстанған еді. Азияда «Ұлы Қоныс аудару заманы» болып жатқан болатын.

Б.з.д. 133-жылы гүндер 100 мың әскермен қытайды шабады. Қытайлардың тосқауылға қойған 300 мың әскері ештеңе істей алмайды. 128-жылы гүндер 20 мың әскермен Ляоси, Яймынь (Пекин маңы) аймағынан 3 мың тұтқын, көп олжа шауып әкетеді. 126-жылы Гюньчень шаньюй қайтыс болады. Гүндерде билікке талас болып, ақыры інісі Ичисие шаньюй болып, Гюньченнің баласы қытайға қашып кетеді. Сонда өледі. Ичисие шаньюй де қытайды шаба береді: 126 ж., 125 ж., 124 ж., 122 ж., 120 жылы шапқыншылық жасалады. Гүндер арасында да ауызбірлік азаяды. Хуньше деген руы 40 мың адамымен қытайға өтіп кетеді. Бұл гүндердің күш-қуатын әлсіретеді. Б.з.д. 119 жылы қытайлар гүндерге шабуыл жасап, оларды жеңеді, 19 мың адамын өлтіріп, 70 мыңдай адамды тұтқындап әкетеді. Гүндер Халха жаққа шегініп кетеді. Бұл гүндердің алғашқы үлкен жеңілісі еді. 112-107 жылдарда гүндер тибеттіктермен одақ жасап, қытайға қарсы соғыс жүргізеді.

114 жылы Ичисие шаньюй қайтыс болады, ұлы Увэй таққа отырады. Ол 105 жылы қайтыс болып, билікке ұлы Ушилу келеді. 103 жыл Ушилу шаньюй қытайлармен соғысып, жеңіп шығады, бірақ аяқ астынан ауырып, қайтыс болады. Ағасы Гюйлиху шаньюй болады. 101 жылы ол көп әскермен қытайға басып кіріп, талап, бірнеше мың тұтқын айдап әкетеді. Қытайдың бекіністерін қиратады. Бірақ, көп ұзамай ауырып, Гюйлиху шаньюй қайтыс болады. Гүн билігіне Цзюйдихэу шаньюй келеді. Ол қытаймен келіссөз жүргізеді, бірақ сәтсіз аяқталады. 99 жылы гүндерге жорыққа шыққан екі қытай әскері, 97 жылы Гуан-ли бастаған үшінші әскері жеңіліс табады. Осыдан соң Цзюйдихэу шаньюй дүние салады. Ұлы Хулугу таққа отырады.

***Жалғасы келесі санда.***

# ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ БИЛЕУШІНІҢ ҚАСИЕТТІ БЕЙНЕСІ
## және оған қатысты зерттеулер мен олардың маңызы

**Алмас ТОҚСАНБАЕВ,**
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих**
**мамандығы бойынша ІІ курс докторанты**

*(Соңы. Басы журналдың өткен санында).*

**Қасиетті ұғымын діни бағытта зерттеген ғалымдардың бірі – Мирчи Элиаде.** М.Элиаде жердегі тіршілікті қасиетті жер мен аспандағы архетиппен өзара байланысын қарастыра келе: *«бізді айнала қоршаған әлем адам еңбегінің нәтижесі болып табылатын өркениет үлгілерімен тығыз қарым-қатынаста»* деген оппозициялық бағыттағы пікірін алға тартады (Ковачев, 2006: 63). М.Элиаде қасиеттілік ұғымын діни түсініктегі маңызды морфологиялық үлгі ретінде қарастыру арқылы Э.Дюркгейм мен Р.Оттоның қалыптасырған категорияларына жақындай түседі. Р.Оттоның көзқарастарына М.Элиаде қарсы келмейді, бірақ қасиеттілік ұғымының астарында қорқыныш пен үрей, бейшаралық немесе шарасыздық сезімдер болатынын айтады. Жалпы М.Элиаде қоғамдағы билік иелерінің қасиетті бейнесіне арнайы тоқталмағанымен, билеуші мен халық арасындағы қарым-қатынаста діни сенім-түсініктер орын алатынын айту арқылы, Р.Оттоның ұсынған теорияларынан біршама алысқа кеткенін көреміз. Діндегі феноменологияны зерттеуші А.барбосса да Сильва өзінің зерттеулерінде М.Элиаденің еңбектерінде қасиеттілік ұғымының феноменологиялық термин және онтологиялық термин ретінде екі нұсқасы қолданғанын анықтаған. Біздің ойымызша М.Элиаденің еңбектеріндегі қасиеттілік ұғымы алдыңғы зерттеулерге қарағанда, әлеуметтік қоғам мен тұрмыстың аясындағы қалыптасқан түсініктерге біршама жақын келетін секілді. Оның үстіне бүгінде М.Элиаденің теориясын қолдаушылар қатары да көп екендігін ескерген жөн.

**Билеушінің қасиетті бейнесіне қатысты өзінің ғылыми теориялық пайымдауларымен көпшілік ғалымдар тарапынан сынға ұшыраған Леви Стросс.** Ол – тарихи материалдарға сүйене отырып, архаикалық және дәстүрлі қоғамдағы қалыптасқан адам бинарлы бағытта болатынын айта келе, «өмір-өлім», «жоғары-төмен» және «жер-аспан» секілді қарама-қайшылықтарды ескеру қажеттігін айтады (Люсьен, 1993: 21-23). Бірақ Леви Строcстың ғылыми позициясы өте көп сынға ұшырағанын ескерген жөн. Жалпы біз Леви Строссттың кейбір пікірлерімен келісеміз. Мәселен аталған ғалым қоғамдағы билеушінің беделі, абыройы жүре қалыптасумен қатар, ұрпақтан-ұрпаққа берілуі мүмкін деген ойды айтады. Бұл бір жағынан Л.Н.Гумилев ұсынған пассионарлық теориясымен ішінара ұқсастықтар табатын секілді. Сонымен қатар, билеушіні халыққа басқаша көрсететін күштің бір түрі ретінде фетишизмнің әсері бар деген ойды ортаға салған. Аталған ойды Леви Стросс бірнеше этнографиялық деректерге сүйеніп айтқанымен, өкінішке орай кейінгі зерттеушілер тарапынан біршама сынға ұшырап, аталған теорияның құрылымында кемшіліктер бар екендігін көрсетіп отыр.

**Билік құрылымы мен билеушінің халық алдындағы беделге ие болу мәселесіне зерттеу жүргізген М.Мосс қасиетті ұғымын белгілі бір архетиптерге сүйеніп, діни және сенім аясында түсіндіреді.** Осы дүниелер билікті қолдаушы, билікке энергия беруші және соңында қайта құлдырауына алып келеді деген тұжырым жасаған (Клод, 2001: 561). Оның негізгі идеясы келесі ұғымға саяды. Шынайы өмірдегі барлық белгілі адамдар ғұрыптық жоралғылардан өтеді, басқаларға үлгі болатын мінез, қасиетті образ қалыптастырады. Яғни белгілі бір қоғамдағы билеуші өзінің беделін арттыру үшін қандай да бір діни-ғұрыптық жоралғыларды жасауы тиіс. Бұл құрбандық шалумен көрініс береді. Құрбандықтың мазмұны оның шынайылығы, қасиеттілігі болып табылады. Аталған ритуал қоғамдағы тұрақтылықты қалыптастырып, оған деген сенімді күшейтеді. Орынды шалынған құрбандық өз кезегінде өзін-өзі таныту, қасиеттермен алмасу, қасиетті дастархан (трапеза), құрбандыққа шалынған жануар немесе адам арқылы о бақи мен бұл фәни арасындағы байланыс, әлеуметтік-мистикалық бірлік және т.б. психологиялық, философиялық, әлеуметтанулық ұғымдарды жарыққа шығарады. М.Мосстың бұл ойлары біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі бағытына аздап жақын секілді. Себебі құрбандық шалу мейлі ол көне дәуірдегі сақ-үйсін қоғамында, түркі дәуірінде адаммен көрініс берсе, кейінгі ортағасырларда қазақ қоғамына исламның енуімен жануарды құрбандыққа шалу көрініс берді. Тіпті бұл ғұрыптық жоралғылар діни ұғымдармен астасып, басқаша сипат ала бастағанын көреміз. Дегенмен, жалпы түбі о дүниие мен бұл дүние арасындағы қандай да бар байланыс іздеудің белгілері әлі күнге жалғасын туып келе жатқандығы. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билеушінің қасиетті бейнесін анықтауда көне шамандық немесе тәңіршілдік сенімдерде орын алған құрбандық шалу мен ислами құрбандық шалу дәстүрлерінің мазмұнына тереңірек үңілу дұрыс секілді. Әрине М.Мосстың зерттеу нысаны көне заман болғандықтан, оның кейбір ғылыми тұжырымдары біздің зерттеулерімізбен қарама-қайшылыққа келіп қалатыны анық. Бірақ, жалпы ойы, ұстанған позициясымен келісуге болады.

**Көшпелілердің дәстүрлі қоғамындағы билеушілердің қасиетті бейнесінің негізгі көрінісі дінмен тікелей байланысты болған секілді.** Биліктің қасиетті бейнесінің бастауы діни түсініктермен астасатыны жөнінде белгілі философ Г.Гегель өз еңбегінде жазады. Г.Гегель өзінің «Философия тарихы» атты еңбегінде: *«....Мемлекет діннен бастау алады және қазіргі таңда тура осы көрініс байқалып отыр, яғни мемлекеттілік принциптері үлкен бір жаратушы күштің ықпалымен іске асады. Мемлекет діннің алғашқы «язычество» секілді халық арасында кең таралған сенімдер негізінде қалыптасқан секілді...»* деген пікірін алға тартады (Гегель, 1993: 18-27). Г.Гегельдің зерттеулері бүгінде зерттеушілер тарапынан екі бағытта да талқыланады. Бір тобы Г.Гегельдің пікірлерін қисынға келмейді десе, екінші тобы оның ойлары дұрыс екендігін дәлелдеп бағады. Біздің ойымызша Г.Гегельдің мемлекеттің бастауында діни сенімдер тұрады деген пікірін екі жақты түсінуге болады. Біріншіден, расында да мемлекет құрылымында жалпы халықты басқару үшін оның

басшысы да белгілі бір дәрежеде қоғамнан биік тұруы тиіс. Жалпы адам психологиясында басқарушының эндогенді және экзогенді күштері қатардағы адамдардан асып тұрса, соған мойынсұнатыны белгілі. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Г.Гегельдің тұжырымдарымен аса сақтықпен болса да келісеміз. Себебі, бұл теорияның белгілерін барлық қоғамнан, оның ішінде дәстүрлі қазақ қоғамынан да көруге болады. Билеуші болуға үміткердің бойындағы физикалық күш-қуаты, сөз шеберлігі, сұңғыла саясаткерлігімен қатар, ішкі харизма, мінез-құлық секілді психологиялық дағдылар да ерекше байқалуы тиіс. Әрине соңғы айтылған психологиялық дағдыларды, діни ұғымдармен байланыстыра қарау, оның жалпы сипатын бұрынғыға қарағанда әсерлендіретіні анық.

Сонымен жоғарыда мысал келтірілген батыстық және Орта Азиялық ойшылдардың қасиеттік ұғымындағы пікірлері философиялық, теологиялық, мистикалық бағыттарда қаралып, жалпы теорияны белгілі шеңбер аясында тануға тырысқанын көруге болады. XX ғасырда қасиетті ұғымы секуляризациялық бағытқа ауысып, ендігі кезекте аталған ұғым антропология, әлеуметтану, философия, азаматтық тарих, дін тарихы, психология және психоталдау, әдебиет тарихы, өнер тарихы секілді пәндердің зерттеу нысанына айнала бастады (Гилинский, 1991: 48). Жоғарыда аталған теоретиктер сакраль ұғымының өзіне терең талдау жасамаған және аталған ұғымның өзін сирек қолданған. Бірақ жанама түрде немесе салыстырмалы түрде зерттеу нысанына айналдырғаны анық. Қасиеттік ұғымының бүгінгі зерттелу мәселесі бірнеше іргелі бағыттар бойынша дамуда. Осы ұғыммен байланысты дара қасиет және құрбандық мәселесін терең зерттеу жалғасын табуда. Қазіргі мәдениет және қоғамдық өмірдегі қасиеттік ұғымының орны жөнінде бірқатар маңызды ойларын айтқанға ғалымдардың алғашқысы Х.Й.М.Классен [Классен, 2000: 84]. Классен қасиеттілік ұғымының әртүрлі мәдениеттегі интерпретациясы мен биліктің символы негізінде қарау арқылы, көне Египеттегі, Қосөзендегі алғашқы мемлекеттерде, Мая халықтары, мұхиттық топ аралдардағы және Еуропа мен Азияның көне мемлекеттеріндегі көрінісіне талдау жасаған. Крадиннің зерттеулерінің негізгі тұжырымы түрлі тарихи кезеңдердегі билік құрылымының қасиеттілігі, яғни өркениеттің архаикалық типінен бастап кейінгі этнографиялық кезеңдерге дейінгі аралықты дамуында көрініс беруімен астасады. Зерттеу жұмысы көрсетіп отырғандай, қасиеттілік ұғымы алғашқы кезеңдерде үлкен беделмен де байланысты болған. Оның үстіне халық арасында діни-догматикалық сенімдерді терең қалыптастыру арқылы да бұл ұғымның дамуына демеу болып отырғаны анық. Бірақ уақыт өте келе десакрализацияның орын алғанын көріп отырмыз. Бұл әлем халықтары арасында реформациялық ағымдардың кең таралуымен байланысты. Соның нәтижесінде биліктің және билеушінің қасиетті бейнесі архаикалық кезеңдерге қарағанда тар шеңберге түсіп, бастапқы биіктіктен төмен болғандығы байқалады. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге талдау жасай келе, зерттеушілер арасында қасиеттілік ұғымының негізгі мақсаты мен белгілерін төмендегідей тұжырымдар аясында талдау орныққанын байқаймыз: **Біріншіден,** қасиеттілік оппозициялық және профандық (қасиетті емес – Т.А.) түсініктерден шығады. Көне заманда дәстүрлі қоғамдағы барлық тіршілік тынысы өзара қарым-қатынаспен қарама-қайшылықтың диохотомиясының негізінде жүрген. Осы себептен көне дәуірдегі халықтардың дүниетанымындағы қасиеттік ұғымы тәжірибелік қызметті атқарады (Скрынникова, 1997: 59).

**Екіншіден,** қасиеттілік ұғымы иерархиялық сатыдағы беделділік секілді аксилогиялық аспект тұрғысынан қаралады. Сонымен қатар, Г.Беккер бұл түсініктің ауқымды шеңберді қамтитынын, діни, рухани түсінік аясында ғана емес, айналадағы өмір сүру дағдысының құндылығымен байланыстыра карауды ұсынады. Қасиеттілік ұғымына мәдени түсінік тұрғысынан қарайтын болсақ, діни және қасиетті деген екі түрлі құндылық шығады (Беккер, 1961: 161–169). **Үшіншіден,** қасиеттілік бұл абсолюттік, шектен шығушылықпен көрініс беретін секілді. Бұл негізінен ғұрыптық іс-әрекеттер, діни-мифологиялық көзқарас, идеология, дүниетаным арқылы күнделікті тұрмысқа индивидуальды және қоғамдық деңгейде енеді (Федоровских, 2000: 10-11). **Төртіншіден,** жеке тұлғаға және қоғамға бағытталған қасиеттілік ұғымның негізгі қызметі біртектілігімен және үйлесімділігімен даму арқылы қорытындыланады (Медведев, 2000: 20-21). Олай болса, сакральдану қоғамдық (индивидуальдық) субъектіде «қасиеттілік» статусымен көрініс береді. Еуразия даласын мекендеген сақ-скиф халықтарындағы билеушінің қоғам алдындағы беделі мен оның ерекше қасиеттерге ие болғандығы туралы Л.С.Марсадолов та өз пікірін ортаға салады. Л.С.Марсадоловтың ғылыми пікірлері З.Самашев, Ә.Төлеубаев, К.Ақышевтің пікірлерімен бір арнада түйісетінін көреміз. Л.С.Марсадалов сақскифтердің «патша» обаларын тайпа және тайпалар одақтарының ақсүйектері мен көсемдерінің жерлеу орындары екендігіне, ондағы жерлеу ғұрыптары патшаның қасиетті бейнесін көрсетеді деп айтқан. Бұл пікірді Д.Е.Ануфриев те қолдап, билеушілердің қасиетті бейнесінің көне дәуірдің өзінде ерекше мәнге ие болғандығын, оның билеушілік қызметін құдіретті күшпен байланыс негізінде өрбиді деген сенім болғандығын жазады (Ануфриев, 1997: 110-111). Ерте түркі дәуірінде көшпелілердің дәстүрлі қоғамындағы билеушінің қасиетті бейнесі тәңіршілдік діни сенімдермен тікелей байланысты. Орталық Азияда қалыптасқан мемлекеттік институттардың билік құрылымында тәңіршілдік дінмен тығыз қарым-қатынаста даму арқылы монотеистік сенімдерге ұласқан. Бұл әрине кейінгі уақыттарда билік жүйесіне ислам дінінің енуінде үлкен рөл атқарды. Бұл синергетикалық үдерістердің типінде қарастырылуы тиіс (Зенкин, 2012: 25-59). Көне түркілердегі биліктің қасиетті бейнесінің зерттелуіне үлес қосқан ғалымдардың ішінде В.Е.Войтованың еңбектері ерекше назар аудартады. В.Е.Войтова түркі халықтарының билеушілерінің жерлеу ғұрыптарындағы ерекше сақталатын салттардың бәрі де билеушінің тірі күнінде ерекше құрметке ие болғандығының дәлелі іспеттес екендігін алға тартады. С.Г.Кляшторныйдың зерттеулеріне сүйене отырып, В.Е.Войтова ерте феодалдық кезеңдегі түркі халықтарының қоғамын қара будун және аристократтық (қаған, тегін, бектер) бөлікте болатынын, әрі түркілердің қоғамындағы әлеуметтік теңсіздік орын алатыны туралы, бұл жағдайлар олардың орындарында да көрініс беретінін айтады (Войтов, 1996: 56). Түрік қағанаттарының билік құрылымы мен билеушінің орны туралы мәселелер Т.С.Жұмағанбетовтың зерттеулерінен көрініс тапқан. Бірақ зерттеушінің түрік қағанаттарындағы әлеуметтік теңсіздік, қоғамдағы билеушінің орны туралы мәліметтерді жинақтап, өзінше талдаулар жүргізіп, біржақты болжамдар жасаған. Бірақ, зерттеушінің кейбір пікірлері ғылымда шешілмеген мәселе болып табылады

(Жумаганбетов, 2003). Дала заңына сәйкес биліктің қасиетті бейнесі ұзақ ғасырларға созылған үдерістер негізінде қалыптасып, халық пен билеуші арасындағы ерекше құрмет пен түсінік және сенімді орнықтырған. Бұл жерде билеушінің қолындағы жоғарыдағы күштің қалауымен берілген қасиетті мандаттың бар екендігін жоққа шығармаған жөн. Мұндай ұғым Орта Азия ғана емес әлемнің әр аймағында да кездесетіні анық. Мәселен Ирандықтарда хварн, түркілерде құт деген ұғымдармен көрініс береді. «Құт» ұғымы көне түркілерде қасиетті ұғыммен тікелей байланысты түсінік ретінде қаралады (Войтов,1996: 61).

Билеушілердің қасиетті бейнесін магиялық сенімдермен ұштастыра зерттеген фольклоршы Идрис Шах: *«арабтар адамдарды жануарға айналдыратын магияның бір түрін тәжірибеден өткізген, бұл Батыста «ликантропия» деп аталады»* деген пікірін алға тартқан (Шах, 2000: 101). Әрине Идрис Шахтың ойлары мистикалық сенімдерге негізделген және ғылыми тұрғыдан шынайылығы аз пікірлер. Дегенмен, ортағасыраралық сенімдерде осы тектес пікірлер шындықпен теңестірілген секілді. Біздің қоғамда билеушіні басқа бір жануарлармен теңестіру сенімдері туралы мәліметтер жоқ. Бірақ жалпы халықты теңеу ұғымдары бар. Түркі дәуіріндегі Бумын қаған басқарған түркі халықтары өздерін Ашина ұрпағымыз деп, яғни қасқырды еміп өскен баланың ұрпағы санауы Идрис Шахтың ойларынан алшақ кетпейтінімізді көрсетіп тұрған секілді. Сонымен қатар, Шыңғыс ханның шапқыншылығынан кейін қазақ жерінде құрылған Алтын Орда, Ақ Орда, Қазақ хандығы тұсында да мемлекеттің нышаны болған тудың ұшында жылқының тоғыз тал қылымен қатар, бөрінің басын көрсететін бейнені жасауы да, Бөрілі байрақты ақындардың жырына қосып жырлауы да қазақ қоғамындағы мемлекеттің бастауына мистикалық сенімдерге негізделген түсініктерге деген құрметтің бар екендігін көруге болады. Мұның себебін әр қилы ракурстан көруге болады. Менің ойымша билеуші, билік құрылымының түп-төркіні де бастауынан бүкіл даму циклі бойында қарапайымнан күрделіге қарай жүру принципін ұстанатыны анық. Бірақ халық арасында осы аксиоманы теріс қарай түсіндіріп, сол тұжырымды ақиқат ретінде көрсету билік пен билеушінің бейнесін ерекшелендіруге себепші болады. Мұның мысалын күні бүгінге дейін халық арасында *«ата-бабамыз қандай мықты болған»,* – деген сөздің астарынан да байқауға болады. Дәстүрлі қоғамдағы билеушінің қасиетті бейнесінің кейінгі жылдардағы зерттелу мәселесінің ауқымы кеңейіп, әр қырынан қаралып, мәселенің астары ашыла түскенін көреміз. Ж.Артықбаев дәстүрлі қазақ қоғамындағы билік пен билеушінің қасиетті бейнесінің ру-тайпалық құрылыммен байланыста қарастырған (Артықбаев, 2006: 24-28). Ә.Төлеубаев дәстүрлі қазақ қоғамындағы билеушінің қасиетті бейнесінің пайда болу, қалыптасу үдерістерін көне сақ заманындағы патша обаларындағы алтынмен апталып жерленген билеушілерден іздейді (Төлеубаев, 2006, 214-217). М.Хабдуллина мемлекеттілік теориясын зерттеудің жаңа тәсілдерін көрсете отырып, билік жүйесіндегі билеушінің алатын орны туралы мәселелерге шет елдік және отандық зерттеушілер ұсынған теориялар негізінде талдау жасаған (Хабдуллина, 2006: 217-223). С.Самашев дәстүрлі қазақ қоғамындағы билік пен меншік құқығы белгілерінің түп-тамырын қазақ таңбаларынан іздеуге болатынын археологиялық және этнографиялық деректерге сүйене отырып жазған. Онда билеушілерге тиесілі таңбалар болатыны, оның әлемнің әр түрлі халықтарында да кездесетіні, оның ішінде ноғай, қарақалпақ, қырғыз және алтай секілді түркі халықтарында жиі ұшырасатынын тілге тиек етеді (Самашев, 2006: 194-200).

**Қорытынды.** Қоғамдағы билеушінің сакральді бейнесіне қатысты зерттеулерді тарихнамалық тұрғыдан талдау барысында, зерттеушілердің басым бөлігі қасиеттілік ұғымын діни сенімдермен бірге қарастыру мәселесі жиі орын алғанын көреміз. Яғни билеушінің абсолютті бейнесі діни феномен тұрғысынан қаралып, оның негізгі аспектілері рухани сенімдерден бастау алады деген ұғыммен астасады. Сонымен қатар, философиялық, психологиялық, теологиялық, тіпті археологиялық зерттеулердің барлығында билеушінің қасиетті бейнесі түрлі кезеңдердегі белгілі бір тарихи фактілерге негізделгені байқалады. Қасиеттілік ұғымын зерттеушілердің ғылыми тұжырымдары мен теориялары көп жағдайда бір арнаға тоғысып, ортақ пікірлер жүйесін құрап, бір-бірін толықтырып жатса, кей жағдайда сынға ұшырайды, тіпті кейінгі зерттеу нәтижелеріне байланысты бастапқы пікірлерінің өзгергендігі де көрініс тауып отыр. Біздің ойымызша бұл қасиеттілік ұғымының қандай ғылыми бағыттың шеңберінде зерттелуіне және зерттеушінің ұстанған ғылыми көзқарастарына да байланысты секілді. Мәселен, мақалаға арқау болған зерттеушілердің бірі Роберт Марреттің пікірі бойынша адамдар дамудың алғашқы қауымдық сатысында тылсым күштерге сеніп, өзінің жеке мүмкіндіктерін пайдаланбай, сезім күштеріне назар аударады. Бірақ кейінірек Р.Маррет адамзат қоғамындағы діннің алатын орнын анықтауда бастапқыда сыртқы ықпалына яғни әлеуметтік белгілеріне жиі назар аударғанымен, кейінірек ішкі психологиялық әсеріне көңіл аудара бастағанын көреміз. Р.Отто мен Э.Дюркгеймнің адамзат қоғамындағы билеушілердің қасиетті бейнесін психологиялық тұрғыдан зерттеудегі қорытындылары бірнеше ғылым түрлері өкілдерінің тарапынан күшті сынға ұшырап, аталған ғалымдардың ұстанған позициясында кемшіліктер бар екендігін көрсетіп отыр. М.Вебер ұсынған теорияда харизматикаға негізделген билеуші бейнесі Құдайдың өзімен теңестіріледі. Осындай тұжырымдары М.Веберді өзі тірі кезінде -ақ аз сынға ұшыратқан жоқ. Бүгінгі таңда оның ойымен келіспейтіндердің саны одан сайын артып келе жатқаны белгілі. М.Элиаде, Л.Стросс, М.Мосс және Г.Гегель секілді философтардың билеушінің қоғам алдындағы беделі туралы, қала берді билік құрылымының беделін арттырудағы іс-әрекеттері туралы ойлары бір-бірін толықтыра түседі. И.Шах, Г.Беккер, Х.Й.М.Классеннің зерттеулерінде билеушінің қоғам алдындағы беделі, қасиеттілігі бастапқыда біршама догматикалық сенімдермен байланыстырылған болса, кейінірек әлемдік мәдени ағартушылық үдерістер уақытында «десакрализацияға» ұшырап, биліктің және билеушінің қасиетті бейнесі архаикалық кезеңдерге қарағанда, кейінгі этнографиялық кезеңдерде тар шеңберге түсіп, бастапқы биіктіктен төмен болғандығы туралы тұжырымдарды көреміз. Әрине бұл жерде аталған зерттеушілердің негізгі тірегі болып отырған мәселе, билеушінің қасиеттік бейнесін әлемнің әр аймағында орналасқан халықтардың мысалында көрсетуі болып отыр. Бұл өз кезегінде, Х.Й.М.Классеннің аталған тұжырымдарының шынайылығын көрсететін секілді. Қазақ жеріндегі көне заманда мекендеген сақ, үйсін және сармат тайпаларындағы билеушінің қасиетті бейнесі сол замандағы жазбагерлердің еңбектерінде ішінара көрініс тауып отырған. Біздің мысалда көрсетілген

Геродот, Помпей Трог, Чжань Цзянь, Прийск секілді көне грек, рим, Византия және қытай жиһанкездері мен тарихшылары келтірген мәліметтерде, аталған тайпалардағы билеуші немесе көсемнің өз халқының алдындағы беделі көп жағдайда оның жеңістерімен дәріптеліп, соның негізінде үлкен құрметке ие болатындығы көрініс тапқан. Егер бұл жағдайлар билеуші немесе тайпа көсемнің тірі күнінде орын алып отырса, оның қасиетті бейнесі қайтыс болғаннан кейін екі есе құрметке ие болатынын археологиялық зерттеу жұмыстары көрсетіп отыр. Мақалада талданған К.А.Ақышев., З.Самашев, Ә.Т.Төлеубаев және басқа да отандық, шет елдік археологтардың тарапынан зерттелген «Алтын адамдар» осы мәселенің бүгінге дейін жеткен сарқыншағы іспеттес. Археологиялық зерттеулерге талдау жасау барысында, ірі элитарлы патша обаларында жерленген адамның өз заманында үлкен құрметке ие болғандығы, оның тайпа көсемі ғана емес, қолбасшы, абыздың да рөлін атқаруы мүмкін екендігі белгілі болып отыр. Мұның дәлелі Есік, Аралтөбе және Шілікті қорымдарындағы элитарлы обаларда жүргізілген археологиялық зерттеулерде анықталғанын жоғарыда айтып өттік.

Қорыта келе айтарымыз, қоғамдағы билеушілердің қасиетті бейнесіне қатысты деректер қоры әртүрлі бағыттағы зерттеулер нәтижесінде жинақталып, қордаланған күйі қалып отыр. Оның ішінде жоғарыда айтып өткен философиялық, психологиялық, теологиялық, археологиялық зерттеу нәтижелері сол аталған ғылымдардың шеңберінде ғана сөз болып, бір-бірімен байланыстырыла қаралмай, жекелеген мақсаттағы зерттеулердің аясында қалып келеді. Біздің ойымызша билеушінің қасиетті бейнесіне қатысты зерттеулерді бір арнада тоғыстырып, ғылыми көзқарастар мен тұжырымдарды салыстырмалы түрде талдап, жүйелі түрде баяндау және ондағы көтерілген мәселелерді басымдықтарына қарай жаңа көзқараста зерттеу отандық тарихнамада өзекті болумен қатар, өз кезегінде аталған зерттеулердің маңыздылығын арттыра түседі.


## РЕЗЮМЕ

**Исследования о сакральном образе правителя в традиционном обществе и их значении**

В статье определены исследования сакрального образа правителя в традиционном обществе и определена их значимость. Установлено, что священный образ правящего правителя в обществе древних кочевников связан с религиозными представлениями, и эти явления явно отражаются в похоронных церемониях. В ходе исследования в статье были выявлены и использованы различные принципы и подходы к исследованию ключевых аспектов структуры власти в традиционном обществе.

**Ключевые слова:** Традиционное общество, кочевники, структура власти, правление, сакральность, религиозные верования, святость, уважение, золотой человек, социальная классификация, аристократия.

* * *

**Research on the sacral pattern of the governor in a traditional society and their value**

The article identifies the study of the sacral image of the ruler in traditional society and defines their significance. It has been established that the sacred image of the ruler in the society of ancient nomads is associated with religious ideas, and these phenomena are clearly reflected in the funeral ceremonies. During the study, the article identified and used various principles and approaches to the study of key aspects of the structure of power in a traditional society.

**Key words:** Traditional society, nomads, power structure, government, sacredness, religious beliefs, holiness, respect, the golden man, social classification, aristocracy.


## ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Маретт Р.Р.** (1998). Формула табу-мана как минимум определения религии // Мистика. Религия. Наука. Классики мир.религиоведения. Антология. – Москва: «Канон», С. 99-108.

2.**Marett R.R.** Anthropology. New York: Holt, 1912. P. 94.

3.**Marett R.R.** Mana; Magic / Hastings's Encyclopaedia of Religion and Ethics. 1915. Vol. 8. P.107

4.**Отто Р.** (2008). Священное. –С.Петербург: «Мысль». –218 с.

5.**Boozer J.S.** (1981). Einleitung Otto R. // Aufsatze zur Ethik. – Munchen. – S. 13-15.

6.**Геродот.** (1972). История в девяти книгах / Геродот; пер. и прим. Г.И. Стратановского. – Москва. – 600 с.

7.**Юстин М.Ю.** (2005). Эпитома сочинения Помпея Трога «Historiae Philippicae». Санкт-Петербург: Издательство Санкт-Петербургского университета. – 385 с.

8.**Боннар А.** (1992). Греческая цивилизация. Т. I. От Илиады до Парфенона / Пер. с франц. О. В. Волкова. – Москва: «Искусство». – 269 с.

9.**Бичурин Н.Я.** (1950). Собрание сведений о народах, обитавших в среднеи азии в древние времена. – Москва-Ленинград: Издательство АН СССР. – 469 с.

10.**Самашев З.С., Джумабекова Г., Базарбаева Г., Онгар А**. (2007). Древнее золото Казахстана. – Алматы. – 160 с

11.**Төлеубаев Ә.Т.** (2004). Шілікті жазығы – сақтардың алғашқы мемлекетінің ту тіккен ордасы / Қазақ тарихынан. Шежірелер, жазбалар, пікірлер, зерттеулер. – Алматы, «Жалын баспасы». – Б. 326-334.

12.**Самашев З., Базарбаева Г., Жумабекова Г., С. Сунгатай**. (2000). Берел. – Алматы. – 56 с.

13.**Ақышев К.А., Кушаев Г.А.** (1963). Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – Алма-Ата: «Наука». – 320 с.

14.**Ақышев К.А.** (1978). Курган Иссык, Искусство саков Казахстана. – Москва: «Искусство».– 132 с.

15.**Дюркгейм Э.** (1991). О разделении общественного труда. Метод социологии. – Москва: «Хмель». – 576 с.

16.**Апполонов А.** (2018). Элементарные формы религиозной жизни: тотемическая система в Австралии. – Москва: «Дело». – 736 с.

17.**Вебер М.** (1994). Избранное. Образ общества. – Москва, «Юрист». – 341 с.

18.**Ковачев А.** (2006). Символы власти в различных культурах. – Москва. – 249 с.

19.**Люсьен Леви-Брюль**. (1993). Сверхъестественное в первобытном мышлении. – Москва, «Мысль». – 608 с.

20.**Клод Леви-Стросс** (2001). «Предисловие к трудам Марселя Мосса». - Москва, «Мысль». – С. 561.

21.**Гегель Г.** Лекции по философии истории. – Санкт-Петербург: «Наука», 1993. – 479 с.

22.**Гилинский Я.И.** (1991). Социология девиантного поведения как специальная социологическая теория // Социологические исследования. № 4. – Москва: «Кредо». – С.45-52.

23.**Классен Х.М.** (2000). Проблемы, парадоксы и перспективы эволюционизма. Альтернативные пути к цивилизации. / Отв. ред. Н.Н. Крадин, А.В. Коротаев и др. – Москва: «Мысль». – С.83-88.

24.**Скрынникова Т.Д.** (1997). Харизма и власть в эпоху Чингис-хана. – Москва: «Заря». – С. 59.

25.**Беккер Г.** (1961). Современная теория священного и светского и ее развитие. – Москва: «Наука». – 280 с.

26.**Федоровских А.А.** (2000). Трансформация сакрального и профанного в обществе: миф–религия–идеология: автореф. дис. … канд. филос. наук. – Екатеринбург: ЕКАИ. – С. 10–11.

27.**Медведев А.В.** (2000). Сакральное как феномен культуры: личностное бытие сакрального: автореф. дис. … д-ра филос. наук. – Екатеринбург: ЕКАИ. С. 20–21.

28.**Ануфриев Д.Е.** (1997). Социальное устроиство пазырыкского общества Горн.Алтая // Социально-эконом./й структу-

ры древних обществ Западной Сибири. – Барнаул.– С. 110-111.
29.**Зенкин С.Н**. (2012). «Исторические идеи и мыслительные схемы», в кн: Ex cathedra. Чтения по истории и теории культуры. – Москва, РГГУ. – 189 с.
30.**Войтов В.Е.** (1996). Древнетюркский пантеон и модель мироздания в культово-поминальных памятниках Монголии VI-VIII вв. – Москва: «ГрУМ». – 150 с.
31.**Жумаганбетов Т.С.** (2003). Проблемы формирования и развития древнетюркской системы государственности и права. VI–XII вв. / Т.С. Жумаганбетов. – Алматы: Жеті жарғы. – 432 с.
32.**Крадин Н.Н.** (2001). Политическая антропология. – Москва, «РАЭ». – 368 с.
33.**Идрис Шах.** (2000). Магия Востока. – Мос.: «Мысль». – 303 с.
34.**Артықбаев Ж.** (2006). Государство и власть в традиционном обществе // Мем. және Ұлы дала: Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Астана. – 224 б.
35.**Төлеубаев Ә.Т**. (2006). Сақ қауымындағы қоғамдық құрылыс және мемлекеттік мәселесі // Мемлекеттілік және Ұлы дала: Халықар. ғылыми конферен. материалдары. – Астана. – 224 б.
36.**Хабдуллина М.** (2006). Новые подходы в исследовании теории государства // Мемлекеттілік және Ұлы дала: Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Астана. – 224 б.
37.**Самашев С.** (2006). Қазақ таңбаларының шығуы, қалыптасуы және дамуы // Мемлекеттілік және Ұлы дала: Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Астана. – 224 б.

# ЖЕРГЕ ИЕЛІК ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ПӘРМЕНДІ ГРАМОТАЛАР

**Өтеген ИСЕНОВ,**
**Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты,**

**XIV-XV ғасырлар Қазақстан өмірінің әлеуметтік-экономикалық қатынастарды дамыту саласында да айырықша кезең болды.** Шаруашылықтың бір қалыпқа түсу барысына қарай Қазақстанның оңтүстігінде феодалдық жер иелену формалары нығайды. Моңғолдар тұсында қалыптасып, жерге феодалдық құқықты жүзеге асырудың ұзақ уақыт сақталған бірқатар түрлері мұнда бұрын болған жерге иелік категорияларымен тікелей үндестік тапқан [1, 73-б.]. Мысалға, деректерде моңғолдардың ұлыстық хандарының жарлық грамоталары моңғол тілінде ұйғыр жазуымен жазылған. Абусайд ханға қатысты 1320 жылғы жарлық грамотадағы сойырғал сөзі мен Жәнібек хан грамотасы жарлығындағы латын әрпімен жазылған сойырғал сөзінің аударма мағынасы бірдей, яғни «мейірімділікпен тарту ету», «сыйлық», дегенді білдіреді. Сойырғал грамотасы мөрмен бекітілген, мөрде жарлықты беруші ханның есімі жазылған, мерзімі қойылмаған, мөр күмістен құйылатын болған [2, 30-б.].

**Сойырғалдық грамота иегері соттық-әкімшілік және салықтық иммунитеттің бір сатысына ие болған.** Сойырғал сөзі жоғарыда келтірген қатынастар мәнінде тархандықпен тығыз байланысты. **Біріншіден,** сойырғалдық жай сыйлық немесе мейірімділікпен тілеуін беру. **Екіншіден,** үлестік иелік, «сойырғал» термині парсы тілінен енген «ұлыс» деген түсінік береді. Сойырғалдық грамота иелікке мұра етіп берілген ұлыс жеріне меншіктік құқығын танытады. Жер иеленудің «иқта», «сойырғұл» деп аталатын түрлерін сыйға тарту еткен жерлер әскери немесе мемлекеттік басқару ісінде ханға адал қызмет істегендерге тарту етілген. Иқталық жерлер иелік еткендерге мұрагерлік жолы жүрмейтін болған. Егер мұндай жер алған әскербасы немесе мемлекеттік қызметкер сатқындық жасап, жау жағына шығып кетсе, жер қайтарылып алынған. Мәселен, Ұрұс ханның әскербасыларының бірі Ұрұқ-Темір 1377-1378 жылдары Тоқтамыспен бірге Самарқандағы Әмір Темірге қашып кеткенде оған сойырғалға берілген жер тартып алынып, Тойшы деген әскербасыға берілген. Жерді бөлу және оны сыйға беру тек қана ханның билігінде болған [2, 31-б.]. Тархандық және сойырғалдық грамоталардың тағы бір ерекшелігі орта ғасырлық тархандық тек жеке тұлғаларға ғана қатысты берілмеген. Белгілі бір жер-су (топонимика) атауларына қатысты тархандық грамота берілгендігін байқауға болады. Отырықшы елді мекеннің экономикасын өркендетіп қалаға айналдыру мақсатында салық төлеуден босататын жеңілдік құқық беретін тархандық грамоталары берілген. Мысалы, Түркістандағы Тархан-Саят жері, Пенза облысындағы Тархан селосы, Қырымдағы Тархан-Құт, Тархан-Скрыгель, Алма-Тархан, Хаджи-Тархан (қазіргі Астрахань қаласы), т.б. көптеп мысалға келтіруге болады [2, 31-б.].

Тарихи деректе: *«Қала тұрғындарына жаппай тархандық берілуі қала халқын түгелдей салықтан босатудың айласы болмаған. Ол өзбектер тұсында қолданылды»*. XVIII ғ. соңында Шах Мұрат және Әмір Малқсұм шариғаттың қағидаларын ұстанушылар Бұхар қаласының тұрғындарын алымсалық міндеткерлігінен босатқан тархандық туралы жарлық берді. Бұлар шариғат заңдарына сай емес. Көшпенділер құқығына сүйеніп тархандық берген. Орта ғасырда Сырдария бойы қалаларының өмірінде жерді игеру басты орын алған. Түркістан халқының тұрмыс-тіршілігінде суармалы жер шаруашылығымен қатар мал шаруашылығы да өте маңызды шаруашылықтың түрі болды [2, 32-б.].

**XIV ғасырдың І жартысында қала мен дала арасындағы қарым-қатынас сипаты бұрынғы көшпелі дала ақсүйегінің аралық жігінің пайда болуына әкеліп соқтырды.** Ол қаланы басқарып, қалалық саудагерлер мен қолөнершілердің еңбегін қанады. Феодалдық ақсүйектің бұл топтары қалалық велмождық-шенеунік («вельможа» сөзінің мағынасына келсек, сөздікте өте атақты тайпа және белгілі атақты адам) делінген [3, 62-б.]. Олай болса, жерге иелік ететін меншіктік құқық қатынастарды заңдастыру арқылы жерлерге иелік ететін феодалдық ақсүйектердің ерекше жаңа тобы пайда бола бастаған. Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін балаларына бөліп бергені мәлім. Мұндай жерлер «инжу» деп аталған, мағынасы «жасау» деген ұғымды білдіреді. Жерден немесе онда тұратын халықтан түсетін алым-салық инжулік болып, ханның немесе оның ұрпақтарының

қазынасына түсетін болған [3,62-б.]. Алайда кейіннен мемлекеттік басқару аппараттарының ұлғаюына байланысты инжулік жерлер бөліске түсе бастайды. Жазба деректерге қарағанда, жер иеленудің төрт түрі болғанын көруге болады.

**Бірінші, мемлекеттік жер – тікелей хандардың қарамағындағы жерлер. Екінші,** инжулік жерлер – Шыңғыс тұқымдарының жасау ретінде еншілеріне алған жерлері. **Үшінші,** вакфтық жерлер – дін иелерінің жерлері. **Төртінші,** шаруалардың отырықшылық аудандардағы егіншілік жерлері. Ал, көшпелі және жартылай отырықшы аудандарда шұрайлы қоныстар бай-шонжарлар қолында болған [2, 32-б.].

Феодалдық үстемдіктің нығаю себептерін, XIV-XVII ғасырлардағы Қазақстандағы қалалар жағдайында қарастырар болсақ, Қазақстанның оңтүстігіндегі Сыр бойындағы қалаларда жартылай егіндік пен жайылымдық жерлерлердің иелері арасынан қалаға да өздерінің үстемдік жүргізетін жоғарғы топ өкілдерінің шыға бастауынан көруге болады. Мұның өзі феодалданған әлеуметтік топтардың экономикалық және саяси биліктегі ықпалдарының күшейгендігін көрсетеді. Сыр бойындағы қалалар қазақ хандығының қарауына көшкеннен соң, бірқатар қалалар мен жер биліктері хан тұқымдары сұлтандардың билігіне қараған. Мысалы, Эмир (Әмір) – мұсылман елдеріндегі жергілікті билеушінің титулы [4]. Шартты жер иелену – ақсүйектер өкілдері қызмет дәрежесімен бірге еншілеріне ұлыстар немесе аймақтар алып, олардың жерлеріндегі тұрғындар мен қалалардың елді-мекендеріне өз биліктерін жүргізу құқығын алуы болып табылады. Оңтүстік-Батыс Жетісудың отырықшы егіншілік аймақтарында, сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан қалаларының барлық аумағында, атап айтсақ, Сығанақта, Яссыда, Отырарда мұсылман дін басыларының ықпалы күшті болған. Басқа да аудандарында вакфтық жерлер мұсылман діни мекемелерінің үлесіне сыйға берілген. Сонымен қатар, мұсылман дін басыларының тархандық грамотада көрсетілген меншіктік жерлері де болған [5]. «Бай» термині әлеуметтік мағынасында «далалық ауқатты феодал тобының өкілдерін» танытты. Жерге иелік еткен тархан грамотасын иеленген шонжарлар мен қожалардан дәулетті байлар шығып отырған. Ел ішінде рулық қауымның тәртібіне көндікпеген телі мен тентек те болған. Қай феодалдық қоғамда болмасын, билеушілердің үстемдігіне, алым-салыққа қарсы наразылықтарын бас көтеру арқылы білдіретіндер болған. Осындай жағдайларда ханға өзінің саясатын жүзеге асырып, бұқара қара халықты басқаруға көмегін тигізетін әскери ақсүйектер болған.

**Ортағасырда дін басылары қалада, далалық көшпенділер арасында да үлкен беделге ие болды.** Мұсылман діні иелерінің ризашылығын ала отырып, бұқара қара халықты басқаруда хан мен ұлыстық билеушілер жергілікті феодалдардың қолдауына сүйеніп отырды. Ханнан жерге иелік құқығын беретін пәрменді грамота алғандар жергілікті бай феодалдар қатарына қосылып жерге қожалық етті.

**Орта ғасырлық дінбасылары өкілдерінің феодалдануының да мемлекетте қоғамдық-саяси жағдайдан туындаған өзіндік саяси себептері болған.** XV ғ. Моғолстан құрамына уақытша кірген немесе түпкілікті жерлерде мұсылман дін басыларының ықпалы өте күшті болған жерлерде Ислам дінінің ерекше үстемдік маңызын айқындайтын материалдық маңызы бар мешіт, мазарлар тархандық грамотада көрсетілген дінбасыларына берілген вакфтық жерлер болған. (Вакф. –арабша Факф бөлінбейтін. – Ө.И.) белгілі бір мақсатқа арналған мүлік) [2, 37-б.]. Атақты дінбасыларының жергілікті жерде үлкен беделге ие болғандары ханнан артықшылық беретін тархандық грамоталар алған. Сондай грамотаның бірі вакфтық грамота. 1634 жылғы белгілі дін басылары Шейх, қазы, молда, мутаваллі тағы басқа, дін басылары үшін вакфтық жерлер үлкен табыс әкелетін кәсіптің пайда көзіне айналған. Вакфтық жерден түсетін өнімінің көп бөлігін мутаваллилер алып отырған Вакфтық жер есебінен егістік, бау-бақша, т.б. түсетін өнімдер барлық дін өкілдерінің күн көрісіне жараған. Дін басылары вакфтық жерлерден басқа феодалдық жеке меншігіне жер алып, қожалық еткен. Жерді жеке меншікке сатып алу арқылы немесе ханнан сыйға алу арқылы жерге иелік ету құқықтарына ие болған. 1543, 1548 жылғы хан берген тархандық жарлық грамоталарда дін басыларының бас қазысына жерді сыйға тартқандығы айтылады. 1617 жылғы тархандық грамотада ишан Асадаллах-қожаға да рубасы құқықығында жер берілген. Сайрам түбіндегі арықтар мен суармалы жерлерден салық алынбайтын тархандық грамота берілген және арықтан ишанның рұқсатынсыз шаруалардың суды пайдалануға да құқысы жоқ екені көрсетілген [3, 65-б.]. Тархандық грамота иелері алым-салықтың барлық түрінен босатылды

**Қорыта келе, ортағасырлық тархандық грамота арқылы жерге ие болған дін басылары мен қожалар ірі жері бар феодалдарға айналған.** Бұл – бір. Екіншіден, хан жерге иелік ететін пәрменді грамоталар беру арқылы әскери шонжарлар мен дін басыларын өзінің саясатын жақтаушылар етті [6, 83-б.]. Үшіншіден, жер берудің түрі қандай болмасын, жер алған оғландар, төрелер, әмірлер, тархандар, т.б. әскери феодал ақсүйектер, қарапайым көшпенділер мен жергілікті отырықшы бұқара халыққа шын мәнінде үстемдік етушілер болып қала берді.


**РЕЗЮМЕ**

В статье автор на основе источников рассматривает виды льготных земельных грамот, выдаваемых ханом и ханскую политику при их выдаче.

* * *

In the article the author considers the types of preferential land certificates issued by the Khan on the basis of sources, and the Khan›s policy in their issuance.


**ӘДЕБИЕТТЕР**


1.**Ө.И.Исенов., Г.З. Балғабаева.** Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы. / Оқу құралы.– Қостанай ҚМПИ, 2012. – 175-б.

2.**Өтеген Исенов.** Қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихы (XVIII-XIX ғғ.): Монография. – Қостанай: Шапақ ЖШС баспасы, 2017. – 258-б.

3.**Өтеген Исенов.** Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жүйесі.: Оқу құралы. – Қостанай: ҚМПИ, 2010. – 207-б.

4.**Өтеген Исенов.** Әмірлер институты: тархандық шен. // Қазақ тарихы. Ғылыми әдістемелік журнал. №5 (116), 2012. – 16-17-бб.; Өтеген Исенов.Ортағасырлық тархан атауының шығу тарихы. // М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің хабаршысы, №3(45) 2011. – 35-40-бб.

5.**Өтеген Исенов.** Дәстүрлі қазақ қоғамындағы қожалар институты. // Қазақ тарихы. Ғылыми әдістемелік журнал №6. (145), 2016. – 19-22-бб.

6.**Өтеген Исенов.** Дәстүрлі қазақ қоғамы: тұлғалар тұғыры. Монография. / Исенов Ө.И. – Қостанай, Шапақ ЖШС баспасы, 2016. – 355-б.

# ТАРИХТЫ КЕЗЕҢДЕУ –

## *тарих ғылымы методологиясының аса маңызды мәселелерінің бірі*

**Жұмахан АРЫНОВ,**
**Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты**
**Толқын ТІЛЕНОВА,**
**Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, тарих ғылымдарының магистрі**
**Гүлнұр НҰРЛАНОВА,**
**І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, тарих ғылымдарының магистрі**

**Қазақстан тарихын кезеңдерге бөлу қаншалықты күрделі болса, соншалықты жүйеге түспеген мәселе.** Сондықтан да ғылымның алдында мынадай міндеттемелер айқындала түсті.

**Біріншіден,** тарихи материализмге негізделген маркстік-лениндік идеология мен методологияның тоқырауы қазақстандық тарих ғылымының алдында тарихты кезеңге бөлудің теориялық жаңа негізін жасау қажеттілігін туғызды.

**Екіншіден,** бұл қазіргі кезеңдегі көкейкесті мәселе, өйткені уақыт өлшемімен алғанда тарихи процестерді кезеңдерге бөлудің жүйесі болмайынша, өткенді зерттеу, белгілі бір жүйеге негізделген еңбектер жазу бойынша Қазақстан аумағында өткен процестердің схемасы мен моделін құру мүмкін емес.

**Тарихты дәуірлеу – тарих ғылымы методологиясының аса маңызды тұстарының бірі.** Сондықтан да методологияны айналып өте алмаймыз. Дәуірлеу тарих ғылымы методологиясындағы күрделі мәселелердің бірі. Методологиялық мәселелердің шешімін табуда қазіргі зерттеушілердің идеологиялық таптаурынмен санадан арылуы ғана жеткіліксіз.

Бұл тұрғыда Қазақстанның тарих ғылымын «отарлаудан» арылтудың да маңызы зор. Өйткені балама теория жасамай тұрып коммунистік мұрадан бас тарту кеңестік заманға дейінгі консервативтік ұлы державалық-шовинистік теориялардың, әсіресе, генеологиялық теориялардың қайта өрлеуіне әкеледі. Себебі маркстік-лениндік методология дағдарысқа ұшыраған сәтте ғылымның жаңа ұстанымдарын қалыптастыру қажет болды. Осы мақсатта республикада "Тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы" қабылданды. Тұжырымдама қазақ тарихын оқып үйрену мен зерттеудің басты бағыттарын көрсетіп берді.

Сонымен қатар тарих ғылымында Отан тарихын шынайы зерттеу үшін ең алдымен дәуірлеу мәселесін қайта қарауды қажет етті. Осындай қажеттілікті төмендегі дәлелдермен түсіндіруге болады.

**Қазақ тарихы ғылымның методологиялық-теориялық мәселелерін қалыптастыруды алғаш ұлт зиялыларымыз қолға алғаны тарихта белгілі.** Сондықтан да тарих ғылымының дамуында теориялық-методологиялық ұстанымдардың әсері мен орны ерекше болды. Осы тақырыпты кезеңдерге бөлу барысында қазақ интеллигенциясы көзқарастарында негізінен төмендегідей мәселелер айқын көрініс берді:

– Қазақстан тарихын кезеңдерге бөлуде орыс ғалымдарының маркстік-лениндік методологиялық негіздерге бағыттап бұрмалаушылыққа бой алдырғанын аңғарамыз;

– Қазақстан тарихын кезеңдерге бөлуде "ҚазССР тарихының" авторлары төңкеріске дейінгі тарихшылардың кезеңдерге бөлуін қайта жаңғыртуы;

– Қазақстан тарихы ғылымында таптық көзқарастарды қалыптастырудың орын алуының ерекшеліктері.

Мәселен, қазақтың белгілі әдебиетшісі және қоғам қайраткері М.Дулатовтің 1923 жылғы "Шолпан" журналының № 3-5 сандарында және "Қызыл Қазақстан" газетінің сол жылғы №17,18 сандарында жарияланған, "Қазақ пен қырғыздардың атауы мен шығуы туралы" мақаласы талдауға тұрарлық.

М.Дулатов шағын еңбегінде қазақ халқының құрылуын XV ғасыр деп есептеген ғалымдардың көзқарасын сынға алады және тарихи процестер тұжырымдамасына өз көзқарасын білдіреді. Автордың кезеңге бөлуіне сәйкес XII ғасырға дейін қазақтар түркі халықтарының бір бөлігі болды, XII ғасырда жеке этнос болып қалыптасты, ал XVIII–XIX ғасырларда өз еркіндіктерін жоғалтты және Ресейге тәуелділікке тап болды. Осылайша М.Дулатов төңкеріске дейінгі қазақ тарихын төрт кезеңге бөледі. Онда біз автордың біздің зерттеуімізге қатысты үшінші, төртінші кезеңдерін көрсетеміз. Олар:

**3-кезең.** Жаулап алу кезеңі – XVIII–XIX ғғ.

**4-кезең.** Отарлау кезеңі – XIX ғғ. [1, 140-б.].

Біз көріп отырғанымыздай, М.Дулатов қазақ тарихының кезеңдерін негізгі екі – этникалық және саяси критерийді негізге ала отырып бөледі. Өкінішке орай, автор жан-жақты сипаттама бермеген, сондықтан оның кезеңге бөлу концепциясы жайлы нақты тұжырым жасау қиын.

Төңкеріске дейінгі қазақ тарихына **М.Тынышпаевтың** "Қырғыз қазақ халқы тарихының материалдары", "Қазақ-қырғыздар 17 және 18 ғасырда (қырғыз-қазақ халқы тарихының материалдарына қосымша) және Ақтабан Шұбырынды (қазақтардың ұлы зобалаңы және ұлы жеңісі)" атты еңбектерінде неғұрлым жан-жақты талдау жасалған. Автор қазақ халқы тарихын кезеңге бөлуді зерттемеген, бірақ оның еңбектерінен

мынадай кезеңдерге бөлу айқын аңғарылады. Онда алты кезеңге бөледі Сондықтан да біз автордың алтыншы кезеңін ұсынамыз. 6-кезең. "Қазақстан – отар" XVIII ғасырдың 30 жылдарынан басталады [2]. Ұсынған дәуірлеудің басты өлшемі мен ұстанымы мемлекеттілікте жатқанын байқау қиын емес.

Айта кетерлік жайт, тарихты дәуірлеу күрделі әрі жауапты мәселе екенін ұлт зиялылары қапысыз таныған. Қазақ тарихын дәуірлеуде М.Дулатов, М.Тынышпаев этникалық және әлеуметтік, саяси критерийлерді басшылыққа алған. Ұлт зиялыларының өкілдері өз кезеңдеулерін түркі дәуірінен бастап Ресей бодандығындағы қазақ тарихы уақытымен аяқтаған.

Солардың алғашқылары болып белгілі ғалым С.Асфендияров "Қазақтар тарихының кейбір негізгі мәселелері" атты мақаласында дәуірлеу мәселесіне тұңғыш рет назар аударып, қазақ тарихының үш кезеңін көрсеткен. Олар:

**1-кезең.** Капиталистік дамуға дейін (XVIII ғасырға дейін).

**2-кезең.** Отарлау кезеңі. Қазақстан патшалықтың отары және Қазақстандағы қазан революциясының алғышарттары.

**3-кезең.** Кеңестік дәуір [3].

Автор алға тартқан дәуірлеуде басты ұстаным меншік түрі және саяси құрылыс саналады. Алайда кезеңдеудің методологиясына қатысты пікір білдірген тарихшы ғалымдар З.Алдамжар, Х.Әбжанов тұжырымдамасына сүйене отырып С.Асфендияров ұстанымдардың дәуірлерге бөлуде жеткіліксіз екендігін баса айтамыз.

Себебі кезеңдеуде белгілі бір уақыт пен кеңістікте өмір сүрген қоғамның саяси құрылысы, ондағы меншік қатынастары ғана емес, барлық шаруашылық, әлеуметтік, мәдени тағы басқа ерекшеліктері қоса ескерілуі тиіс.

Біз бұл жайында кезеңдеудің ғылыми критерийлерін ұсынған кезімізде толық айтатын боламыз. Кеңестік кезеңнің 1940 – 50 жылдары ғылымда Қазақстан тарихын қоғамдық-экономикалық формациялар алмасуы негізінде дәуірлеу біржолата орнықты. Құл иеленушіліктен басқа әрбір формация тарих толқынындағы Қазақстанның белестері ретінде қарастырылды. Осының нақты үлгісі ретінде бес томдық "Қазақ ССР тарихын" алуға болады.

**Бірінші томда** "Алғашқы қауымдық құрылыс. Қазақстан территориясындағы тайпалық одақтар мен феодалдық мемлекеттер" мәселесіне арналады.

Ал **екінші томда** "Феодалдық қатынастардың дамуы. Қазақ халқы мен қазақ хандығының құрылуы" сөз болса.

**Үшінші томды** "Қазақстанның Ресейге қосылуы. Әлеуметтік-экономикалық қатынастар. Ұлы Октябрь қарсаңындағы революциялық және ұлт-азаттық қозғалыстар"мәселесі құрады.

**Төртінші, бесінші томдарға** Қазақстандағы социалистік және коммунистік құрылыс тарихы арқау болды. 1943 жылы Қазақстанның барлық тарихын ерте замандардан бастап тұңғыш жан-жақты қамтыған авторлардың еңбегі жарық көрді. Бұл еңбекте кезеңге бөлу негізіне Қазақстанның ұлттық тәуелсіздік принципі жатқызылды, осыған орай екі үлкен кезең ерекшеленеді. Онда 1-кезең біз зерттеп отырған кезеңге жатпағандықтан екінші кезеңді ұсынамыз: 2-кезең «Қазақстан – отар» (XIX ғасырдың 30 жылдарынан Қазан төңкерісіне дейін) [4, 10-50-бб.].

Осылайша "ҚазССР тарихының" авторлары төңкеріске дейінгі тарихшылардың кезеңге бөлуін қайта жаңғыртты. Дегенмен дәуірлеу мәселесі өзінің толық шешімін таба алмады. Сондықтан да ҚазССР Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институтының 1947 жылдың 15– 19 мамырында болған бірінші ғылыми сессиясында кіріспе сөз сөйлеген С.В.Юшков Қазақ ССР тарихын жасауда кезеңге бөлуді дұрыс жасаудың маңызды мәселе екенін айтты [5, 11-87-бб.].

Сессияда кезеңге бөлу мәселесі жөніндегі негізгі баяндаманы **Е.Бекмаханов** жасады. Ол 1947 жылғы "Қазақ ССР тарихы" басылымындағы кезеңге бөлуді сынға ала отырып, әлеуметтік-экономикалық формациялар жөніндегі ілімді негізге алуды ұсынды. Автор төңкеріске дейінгі тарихты негізінен басты алты кезеңге бөлді. Сондықтан да біз сол кезеңдердің тек алтыншы кезеңін ұсынамыз: **6-кезең** XIX ғасырдың екінші жартысы – 1917 жыл Ұлы Қазан төңкерісіне дейінгі кезең.

Осындай кезеңдерге бөлуде кеңестік Қазақстан тарихы мәселесінде қателіктер, "ұлтшылдық бұрмалаушылықтар" жіберіліп жүр деген партия сыны ескерілді. Е.Бекмаханов аталған кезең тарихынан әлі бірде-бір монография жазылмағандықтан, кеңестік кезең тарихын жүйелі зерттеу барысында бұл мәселеде өзгерістер болу мүмкіндігін ескеріп, кезеңдеуді алғашқы нұсқасында қалдыруды ұсынады. Бұл кезеңдер өз кезегінде жекелеген сатыларға бөлінді.

Келесі сатысына Е.Бекмаханов қанаудың екі жақты феодалдық-отарлау жүйесі деп анықтама берді. Алтыншы кезең – Қазақстанға капиталистік тауарақша қатынастарының ену кезеңі [6, 11-б.].

Қазақ мемлекеті тарихының негізгі кезеңдеріне арналған баяндамасында С.В.Юшков, Е.Бекмаханов тайпалық одаққа жатқызған үйсіндер мен қаңлыларды феодалдыққа дейінгі варварлық мемлекет қатарына жатқызуды ұсынды. Осылайша, бұл кезеңнің шегі біздің эрамызға дейінгі III ғасырдан біздің эрамыздың III ғасырына дейін ұзарды.

**Қазақстан тарихын кезеңге бөлудің Е.Бекмаханов ұсынған жобасын А.Якунин қатты сынға алды.** Ол "Қазақ ССР тарихының" бірінші басылымында жіберілген қателіктер Е.Бекмахановтың баяндамасында *"ішінен тозған түрде қайталанады. Ол қазақтың барлық хандарын талдап, ешбір сынсыз дәріптейді, сібірлік автономист Г.Н.Потанин мен басқа да сапасыз басылымдардан деректер алады"*– деді.

Түптеп келгенде Е.Бекмахановтың кезеңге бөлуі мейлінше шатасқан деп аталды. Бұдан кейінгі айтыс таза академиялық шектен шығып, осы бір аса көрнекті ғалымды саяси тұрғыдан қудалауға ұласты. Онда қазақтардың ұлт-азаттық күресі тарихына арналған кітабы антисоветтік деп табылып, Е.Бекмахановтың өзі саяси қуғын-сүргінге ұшырады.

Қазақстан тарихын кезеңге бөлуді жасау мәселесінде келесі маңызды шара 1949 жылы жарық көрген "Қазақ ССР тарихының" жинақталып, қорытылып шығарылған екінші басылымы болып табылды [7]. Негізінен екі үлкен кезең сақталған, бірақ бөлімдердің бірінші басылымда ұсынылғанынан едәуір ерекшелігі бар. Атап айтқанда, **авторлар алғашқы кезеңді Қазақстан аумағындағы алғашқы қауымдық қоғамды бөлек кезең етіп бөлуді ұсынады.** Олар:

Ал **екінші кезең** – *түрік қағанаты феодалдыққа* дейінгі кезеңге жатқызылды, яғни құл иеленуші мемлекет делінді. Оның өмір сүрген мерзімі де бөлек кезең түрінде анықталды.

**Үшінші кезең** – *ертедегі феодалдық мемлекет* деп аталды. Оның құрамына қыпшақтар мен қараханидтер мемлекеттері жатқызылды. Кітаптағы ке-

лесі **төртінші кезеңі** – моңғол басқыншылығы кезеңі деп аталды.

**Бесінші кезең** – *қазақ халқы мен Қазақ Хандығының құрылуы* – қазақтар өміріндегі ерекше кезең ретінде қаралды. Бұл процестерді авторлар олардың өзара байланыстығымен тығыз байланыстырды.

Келесі – **алтыншы кезеңге** – *Қазақ Хандығының бөлшектену* мерзімі жатқызылды. Егерде С.Асфендияров XVIII ғасырдың басынан бастап қазақ тарихында жаңа кезеңді бастаса, "Қазақ ССР тарихының" авторлары қазақтардың Ресейдің қол астына кіруін, XIX ғасырдың ортасына дейінгі ұлт-азаттық күресі уақытын бірінші кезеңге жатқызады, яғни отарлап алу тек осы уақытта аяқталды деп есептеді. Сонымен **қазақ тарихындағы келесі үлкен кезең – отарлап алу кезеңі** делініп, оған авторлар XIX ғасырдың екінші жартысынан кейінгі мерзімді жатқызады.

**Екінші кезең мынадай сатыларға бөлінген:**

**1-кезең.** Бірінші орыс төңкерісі кезеңі.

**2-кезең.** Реакция кезеңі.

**3-кезең.** Бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңі.

**4-кезең.** Ақпан төңкерісі кезеңі.

Көріп отырғандай кезеңге бөлудің негізгі белгілері бұрынғыша қалған. Дегенмен, кезеңге бөлу құрылымы едәуір өзгертілген. Дәуірлеуде алғашқы қоғамдық кезең жаңадан шығарылып, феодалдыққа дейінгі, яғни құл иелену кезеңінің белгілері көрініс береді. Алайда қорыта келгенде Қазақстан тарихының әдіснамасы – тарихи танымның диалектика-материалистік теориясына негізделген тарихи зерттеудің принциптері мен әдістерін аңғаруға болады.

Авторлар арасындағы тартыстар тарихтың объективті заңдарын зерделеуі, осы зерттеудің нәтижесі болып табылады. Қазіргі тарихи ғылымда ғылыми **тарихи зерттеудің мынадай негізгі принциптері** қолданылады. Олар: **объективтілік, тарихилық, тарихты зерделеудегі әлеуметтік көзқарас, проблеманы жан-жақты зерттеу** болып отыр. Сондықтанда бүгінгі күні Қазақстанның тарих ғылымындағы қажеттіліктерді былайша түсіндіруге болады. Олар:

**Бірінші,** тарих ғылымындағы Қазақстан аумағында өткен тарихи үдерістерді уақыт түсініктері бойынша қисынды байланыстыратын айқын түсінік әлі қалыптаспаған;

**Екінші,** қазіргі кезеңді бөлу уақытқа сай барынша жалпы технологияны ұсынады. Ғылымның осы заманғы жетістіктеріне негізделген кезеңдерге бөлу әлі орын алмай отыр;

**Үшінші,** кезеңге бөлу критерийлері тарихи үдерістерді өзіне тән белгілері арқылы сатыларға бөлудің түрлі принциптері жеткілікті әлі де талдана қоймаған;

**Төртінші,** Қазақстанның тарих ғылымында кезеңге бөлу мәселелеріне байланысты категориялар мен түсініктер туралы қандай да бір бірыңғай нақты ұғым әлі де қалыптаспай келеді.


## РЕЗЮМЕ

В статье, методологические история науки – впервые в истории нации, в формировании теоретических вопросов интеллигенции получении на руки. Поэтому при разделении на этапы были четко отражены взгляды представителей казахской интеллигенции. Кроме того, мы видим, что в части периодизации истории Казахстана русские ученые были направлены на марксистско-ленинскую методологическую основу и подверглись искажению.

* * *

In the article the methodological history of science – for the first time in the history of the nation, in the development of theoretical questions of sililarities getting on hands. Therefore, when divided into stages, the views of representatives of the Kazakh intelligent were clearly reflected. In addition, we see that in terms of periodization of the history of Kazakhstan, Russian scientists were directed to the marxist-leninist methodological basis and were distorted.


## ӘДЕБИЕТТЕР


1. **Дулатов М.** Шығармалары. – Алматы, 1991.

2. **Тынышбаев М.** История казахского народа. – Алматы, 1993. – С. 121-144,– 223.; Тынышпаев М. Таңдамалы. Избранное. А., Арыс, 2001. – С. 93; Чулошников А. Очерки по истории казах-киргизского народа в связи с общими судьбами других тюркских племен.– Оренбург, 1924. – Ч.1. – С. 155.

3.**Асфендияров С.** О некоторых основных вопросах истории казахов // "Большевик Казахстана". – 1933. – № 10. – С. 17-37; Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. – М., 1941. – С. 150.

4. **Бекмаханов Е.** Об основных вопросах периодизации истории Казахстана // Известия АН. КазССР. Сер.истор. – вып. 4. – 1948. – № 49.

5. **Юшков С.В.** Об основных моментах истории казахского государства // Известия АН КазССР. Сер.истор. – вып. 4. – 1948. – № 49.

6.**Бекмаханов Е, Шахматов В.** Первая научная сессия Института истории, археологии и этнографии АН КазССР // Вестник АН КазССР. – 1945. – № 5.

7. История Казахской ССР. – Алма-Ата, 1943. – Т. 1. – С. 400; История Казахской ССР. –Алма-Ата, 1949. – Т. 1. – С. 400; Материалы Объединенной научной сессии, посвященной истории Средней Азии и Казахстана в до октябрьский период. – Ташкент, 1955.



## ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

**"Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл", "Қазақ тарихы" журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен *ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих* (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының іс-тәжірибесі жарияланады.**

*Шарт: әр кафедрадан кемінде **5** адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) кафедраның соңғы 2-3 жылдағы жетістіктері туралы **0.5–1 беттік мәлімет,** 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының **2–2.5** (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.*

*Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.*

**Редакция алқасы.**

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ АХУАЛ

## және елдік рухтың жалпы келбеті

*(XIX ғасыр мен XX ғасыр басы)*

**Берік АТАШ,**
**ҚазмемҚызПУ-дың қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының ұстазы, философия ғылымдарының докторы**
**Жасұлан БЕЛТЕНОВ,**
**ҚР МОМ-ның музейлік деректану және қолжазба бөлімінің жетекшісі, гуманитарлық ғылымдар магистрі**

Қазақ жеріндегі сан түрлі кейіпте қалыптасқан бағыт-бағдарлардың барлығы зиялы қауым арасында ұлттық идеяға, яғни, еркіндік пен азаттық идеясына келіп тоғысты. Сондай-ақ еліміздегі саяси, рухани-мәдени дамудың арнасы да XIX ғасырда өзінің бағдарларын өзгертті. Жыраулық дәстүрдің орнына ақын-жыраулық пен сал-серілік мектептер келе бастады. Бұл тұста, ақындық пен сазды ән белең алды, бірақ, олардың көбі көңіл көтерудің гедонистік құралы ғана емес, өмір шындығын бейнелейтін, азаттыққа шақыратын, халықтың мұң-мұқтажын саралайтын идеялардың мазмұны аясында өрбіген өмірмәнділік сипатты болатын.

**XIX ғасыр мен XX ғасырдың басы қазақ қоғамында сан алуан саяси-экономикалық, мәдени-рухани өзгерістерге толы, қайшылықты күрделі кезең еді.** Бұл кезеңдегі ойшылдарымызды қазақ қоғамының келбеті, оның кемшіліктері мен жетістіктері қатар толғандырды. Абай ұстанған, әрі дамытқан қазақ қоғамының сыншысы болу мектебі, кейіннен, тек ақын-жырауларда ғана емес, XX ғасырдың басындағы публицистикада орын алған болатын. Мысалы, XX ғасырдың басындағы «Қазақ», «Айқап» сынды БАҚ-тарда жарияланған мақалалар Қазақ Елінің болашағы туралы толғанды, Азаттық пен тәуелсіздік идеясының күшейе түсуі, оның БАҚ-тар арқылы бүкіл Қазақстан деңгейіне жайылуы сәтінде де әр түрлі пікірталастар жүйесі және оның өзіндік бір «ақылдастар алқасындай» ішкі мәдениеті қалыптасты десе де болады. Демек, олар – идеологиялық күрес аясында ғана емес, дамудың әр түрлі нұсқаларын ұсыну және қайсысын таңдау керектігіне келіп тоғысқан еді. Бұның өзін – саяси, мәдени, діни арналарға шартты түрде бөліп көрсетуімізге болады.

Саяси арнадағы тәуелсіздік рухы, жоғарыда атап өткеніміздей, дәстүрлі-жауынгерлік тәсілмен күрес, заманауи әскери техникамен күрес, саяси тәуелсіздіке ұмтылу арқылы бейбіт жолмен бірте-бірте идеологиялық күрес жүргізу тәрізді бағыттарға бөлінді десе де болады. Кейбір наразылықтар қазақтарды қолына қару алып, тікелей соғысқа шақырды, соған сәйкес, ұлт-азаттық көтерілістер де болып өтті.

**Ш.Уәлиханов еуропалық-орыстық мәдениетке бет бұрғанымен, Ресей патшалығына қазақ халқының мүддесін қорғау мақсатында зор өтінішпен бірнеше рет барғаны белгілі.** Бұнда соғыс мақсатындағы күрескерлік туралы ой мүлде жоқ десе де болады, тек саяси ықпал, қоғамдық пікір арқылы бірте-бірте азаттыққа ұмтылу идеясы, яғни, демократиялық-либералдық тәрізді бағыт ұстанған деп айта аламыз.

**Ал Абай сол дәуірдегі Еуропадағы философтардың ағартушылықты қолдаған бағыты сияқты бағдарды таңдаған болатын.** Оның ағартушылық ілімдері бір қырынан философиялық, екінші бір қырынан саяси-әлеуметтік, үшінші бір қырынан діни бағыттарға табан тіреді десек те болады. Ыбырай мен Жәңгір хан сынды ағартушылық бағыт қоғамның келбетін тек бейнелеп қана қоймай, нақты игі істермен келіп жалғасын тапты, халықты сауаттылыққа үндеу, бала оқыту, мектептер ашу істерімен айналысты. XIX ғасырдың орта шеніндегі осындай ұстанымдар XX ғасырдың басында да жалғасын тауып отырды.

**XX ғасыр басындағы ұлттық идеяны іске асырудың тағы бір елес берген көрінісі – жалпытүркілік бірлік идеясы еді.** Мысалы, Айқап журналындағы мына үзінділерге назар аударсақ: *«Біздің нәсіліміз түрік. Тарихтардың айтуына қарағанда ешбір атадан кем болмаған. Бір заманда бүкіл дүниені тітіретіп тұрған сол. «Түрік халқы» бұрынғы заманда өздерінің мәдениеті, өздерінің ғұрпы болған... Осындай аталардың балалары бола тұрып та түркіліктен қашудың себебі не, біз түсіне алмаймыз»* [1, 97-б.]. Бұндай публицистикалық көзқарастар жүйесі, түркішілдікті поэзиямен толғаған Мағжан, Міржақып сияқты ақындардың идеялары, кейіннен Алашордашылардың негізгі бағыттарының біріне айналды. Ол – жеке дара қазақ халқының тәуелсіздігін өз бетімен алуға әлі де болса шамашарқының жетпейтіндігін терең түсінгендіктен, түркі халықтарының генетикалық туыстығын ұғынатын тарихи білімдерден, т.б. туған жалпытүркілік идея, шындығында, бүгінгі күні де маңызын жоймаған тұжырымдамалардың біріне айналып отыр.

Осындай, Ресей патшалығы кезіндегі әр түрлі қитұрқы саясат, қазақ халқының өз болашағына алаңдаушылығы, білім мен ілімге ұмтылу сияқты алуан түрлі бағдарлар ел ішінде де қиюласқан идеологиялар кеңістігін туғызды. Бұрынғы дәстүршілдікті сақтау мен ата-баба жолынан ауытқымай өмір сүрудің мүмкіндігі де сарқылды немесе халық онымен қатар басқа жолды қоса таңдау еркіне, тіпті қажеттілігіне де ие болды.

Сондықтан мәдени-тұрмыстық даму арнасында көшпенділік өмірді аңсау мен оны сақтауды қолдайтын, отырықшылыққа көшіп, егіншілікпен шұғылдануды жақтайтын екі бағыт қалыптасты. Бірінші бағыттың көрнекті өкілдері зар заман ақындары

мен М.Жұмабаев сынды («Айда атты Сәрсенбай» деп аталған өлеңінің мазмұнында көрсетілгендей) ойшылдардың аралығында түзілді. Мысалы, Азамат Алашұлының Айқаптың 1911 жылғы №1 санындағы «Қазақ болу керек деушілердің пікірі», «Көшіп жүру керек деушілердің пікірі» атты мақалаларында осы екі бағытты ұстанушылардың көзқарастары анық байқалады. Шындап келгенде, бұл идеялар О.Шпенглер, Н.Бердяев сынды философтардың тұжырымдамаларына сүйенсек, мәдениет пен өркениет арасындағы тірес еді.

**Сонымен қатар бұл екі ұстанымдағы тағы бір көтерілген іргелі мәселе** – әйел туралы гендерлік ахуал болатын, атап айтқанда, әсіресе, қызды жастайынан ұзату (сату), жесір әйелді тағы да күйеуге беру (еріксіз апарып біреуге қосу), т.б. жиі-жиі көтерілген еді. Бұл мәселелер де қатты сынға ұшырады, бұндай оқиғаларды ескілік деп түсінушілік орын алды. Демек, әлеуметтік-тұрмыстық арнадағы екі бағыттың түп идеясы, жаңашылдық пен ескішілдіктің күресі деген сияқты диалектикаға келіп бой ұрған болатын. Жаңашылдар еуропалық-орыстық біліммен қаруланғандар және «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген қағиданы ұстанып, батыстық мәдени құндылықтарға еліктеушілер болды. Бұлар «ескіліктің сарқыншағы» деген ұстанымды басшылыққа алып, қазақтың дәстүрінің кейбір түрлеріне ашық қарсы шықты, оны «надандық», «оқымағандық», «білместік» деген өлшемдермен бағалады: *«Бұны көзде перде болып, көңілде зерде жоқтықтан һәм оқыған адамдарымыз парық қылмағандығынан әншейін бір болмашы қаңбақтай бір жеңіл нәрсе деп қисаптайды. Сол себепті кейбір шолақ ғақылды байларымыз буыны қатып қырқынан аспай баласына да құда болып қояды. Тіпті мінезі жеңілдеу жаңа толғап жүрген қатынының құрсағындағы «суретке» де құда болып қояды»* [2,68-б.], – деген сияқты көзқарастар аясында өрбіді.

**Ал діни саяси ахуал өте күрделі арнада өрбіді.** Біздіңше, оның бағыттары сан алуан мақсаттарда, әр түрлі дүниетанымдық көзқарастар аясында қалыптасты. Біріншісі, түркі-қазақтардың исламға дейінгі сенімдеріне басымдылық бере келе, өмірлік-тұрмыстық қағидаттарында да соны ұстанды, ислам шарттарын тек атүсті қолданды.

Екіншісі, ислам дінін қайта жаңғыртуды, оның халық арасындағы беделін күшейте түсуді мақсат етті, «бұдан басқа жол жоқ» деп білді. Ислам дінін ұстанғандардың өзі, жоғарыда айтқандай, әр алуан бағытта болды. Бірі – байырғы А.Яссауи жолындағы сопылық дәстүрге қайтадан бет бұрып, бұл бағдарды өзінің өмірлік тәжірибесіне енгізді. Енді біреулері – орта Азиялық, нақтырақ айтқанда, Бұқаралық дәстүрді, яғни, суннизм мен Әбу Ханифа мазһабының аясында білім алуды мақсат етсе, кейбірі – жәдидизмді нағыз дұрыс ілім ретінде қабылдап, соны халыққа үгіттей түсті.

**Жәдидизмнің өзі сопылық пен сунниттік бағытты саралай отырып, оны ағартушылық арнаға бұруға көңіл бөлді.** Бұл ағартушылық, кей жағдайда, еуропалық-ресейлік біліммен қарулануды құптаса, кей сәттерде араб-мұсылмандық ағартушылықты құптады, кей сәттерде екеуін біріктіре қолдануды мақсат етті. Осыдан келіп, «сауаттылық» деген ұғымның өзі қай дүниетаным бойынша құрылуы тиіс деген сияқты сауал туындап, ол әр түрлі таңдауларға алып келді. Мысалы, Ш.Уәлиханов та сауаттылыққа шақырды, бірақ, оның ағартушылығында діни білім туралы түсініктер жоқ десе де болады. Сондай-ақ жоғарыда айтқандай, «Абайдың сауаттылығы», «Ыбырайдың сауаттылығы» немесе «Жәңгір хан ұстанған сауаттылық», «Бұхар хандығындағы медреселердегі сауаттылық», тіпті араб-мұсылман мемлекеттеріндегі, «Мысырдағы сауаттылық», т.б. барлығы, түптеп келгенде, ілім мен білімге шақыру болғанмен, өздерінің ішкі мазмұнында айтарлықтай айырмашылықтар туғызған еді.

**Ал Ресейлік ағартушылыққа ден қойғандар мұсылман діні, қазақ дәстүрі сияқты құндылықтардан бойын аулақтау ұстады және осы көзқарастарын заманауи дамығандық пен жетілгендік деп ұқты.** Әрине, бұл да ағартушылық бағыт, Ресейдің ілім-біліміне бет бұру – Абай заманында да қолдау білдірілген парадигма болатын. Абайдың жан-жақты ұстанымын біржақтылықпен, яғни, тек орысшылдықпен түсіну де XX ғасырдың басында-ақ көрініс тауып отырды. Бұлар кейін келе, ұлттық идеядан гөрі, батысшылдықты құрмет тұтуға қарай бет бұрып бара жатты: *«Сол себепті кейінгі жастарымыздың тілі кәдімгідей бұзылып бара жатыр...Сол сияқты қазақ жастарының көбі орысша оқығандары өз тілін ұмытып, яки ұмытпаса да, қазақ тілименен сөз айтуға намыстанушыларымыз да жоқ емес»* [3,114-б.]. Міне бұндай, XX ғасырдың басынан-ақ белең ала бастаған жағдаяттар бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып отырғандығы шындық, демек, қазақша сөйлеуге намыстану ағымы әріден бастау алған, жоғарыдағы сілтемедегі көрсетілген жолдар бүгінгі күні бір ғасыр өтсе де, өзінің өзектілігін неге жоймай келе жатқандығы туралы ойларға қайта-қайта жетелейді.

**Бұл тұстағы мұсылмандық ағартушылықтағы тағы бір күрделі мәселе** – «халық аузында «әулиелік», «молдалық», «аруақты»*, т.б. деп аталатын құбылыстарға сенетін және оны құрметтейтін ислам бойынша білімдарлық пен сауаттылық артқан сәтте, жеке тұлғаның осындай өзіндік ерекше тылсымдық қасиеті біріге отырып, емшілікті, сиқыршылдықты, өзін қорғауды, көріпкелдікті, т.б. игеруі»* [4, 254-255; 255-256-бб.].

Бұл бақсылық тәрізді болғанмен, оның өкілдері ислам дінін қуаттап қана қоймайды, өздерінің тылсым әрекеттерін Құран аяттарын оқу арқылы жүзеге асырады. Мүмкін, бұл да сол кездерде көнеден келе жатқан құпия ілімдерді қолдану болуы ықтимал [5, 497-503-бб.]. Қазіргі таңда осы құбылыстың қандай бағытқа жататындығы толықтай анықталмаған десе де болады. Бұл діни оқулар схоластикадан гөрі, көп жағдайда, практикалық-өмірмәнділік мәселелерді өз ретімен шешіп отыруға да септігін тигізген. Мысалы халық арасынан іздеп жүріп естелік жазушы М.Бектеновтің: *«Қайыр молда өте терең діни білімі бар, діни оқуды (гипноз) ғылымын меңгерген адам болған. Ол кезінде Бекетай құмында өмір сүрген. Қараша, Бесқасқа, Жұбан молданың шәкірті. Жұбан молда Башқұртстанда Стерлітамақта Ахон Хазірет Қисметолламен қатар оқыған адам. Бұл екі діндар да діни оқудың күшімен пері ұстаған жандар екен. Діни терең ғылымды меңгерген, олар адамды және жан-жануарларды емдеген»* [6,38-б.],– деген сияқты түсініктемелері сол дәуірдегі мұсылман дініндегі оқулардың эзотериялық түрлерінен хабар береді. Оның зерттеулерін зерделесек, бұндай білімдер тек татар-башқұрт жерлеріндегі медресе-ме-

шіттерде ғана емес, сондай-ақ бұқаралық-самарқандық оқу орындарында да, әсіресе, XIX ғасырдың орта шенінен бастап, XX ғасырдың басында көбірек берілген сыңайлы: *«Сол тылсымы көп суфизмнің туын тіккен жері Бұхара, Самарқан шаһарларындағы медреселер. Бекет әулиенің ғажайыптары Бұхаршәріпте алған білімінен болса керек»* [6,45-б.].

**Қазақ қоғамындағы осындай қиюласқан идеологиялар 1937-1950 жылдарға дейін созылды.** Ол тіпті XX ғасырдың басында одан да күрделене түсті. 1905 жылғы Ресейдегі социалистік тұрпатты көтерілістер, одан кейінгі 1916 жылғы капитализм орнатуды көздеген буржуазиялық төңкеріс, 1917 жылғы қазан төңкерісі, Кеңес үкіметінің саясатының бастапқыда дұрыс сияқты болып құрылуы, кейіннен оның да қазақ халқына зардаптар алып келуі, Алашордашылардың идеологиясы мен бастапқы әрекеттері, олардың өз ішінен де әр түрлі бағыттарға қарай бөлінуі, шындығында, 20-30 жыл ішіндегі саясаттың сан құбылуы бұқара халықты адастырған сыңайлы.

Осыған байланысты, халықтық ұстанымдар алуан түрлі саяси-әлеуметтік көзқарастар арасынан патшалық Ресейді құптау керек пе, әлде социалистік жүйе дұрыс па, әлде тіпті одан тыс қазақ қоғамының ғана мүддесін ойлау керек шығар деген деген сияқты әр түрлі бағыттарды көздеді десек те болады. Сондықтан, бұл кезеңдерде қазақ зиялылары мен қарапайым халықтардың өз арасында да бір-бірімен келіспеушілік ұстанымдар пайда болды.

**Кейбір көзқарастар Ресей мен Кеңестік жүйеге шын ниетімен сенім артса, кейбірі жан бағу үшін оларға қолдау білдірді, кейбірі, оларға тікелей ашық қарсы шықты.** Мысалы, біздіңше, А.Иманов бастаған қозғалыстың ыдырауы мен жеңіске жете алмауының себептерінің бірі, түптеп келгенде, осы идеологиялық адасудан туындап жатты, тек халыққа бір-ақ нәрсе ақиқат болды, ол өз ұлтының болашағы, оны қалай сақтап қалу керек. Тіпті қазақ халқының кейбір бөлігі – XX ғасырдың басында-ақ «Аш пәледен, қаш пәле» деген қағиданы басшылыққа алып, өздерінің амандығы үшін бөтен елге тыныштық іздеп қашпақ болды және біраз бөлігі бас сауғалап кетті.

Міне, біз осыдан, бір ұлттың ішінде: Махамбет пен Жәңгір арасындағы тартыс не себепті болғандығын, орысшыл ғалымдар мен би-болыстардың кейбірі халық мүддесіне неліктен алаңдамағандығын, Алашордашылар арасында неліктен жік шыққандығын, түптеп келгенде, қазақ зиялыларының сол дәуірде бір-бірін не үшін қуғын-сүргін саясаты кезінде «Кеңестік қапас қамауына ұстап бергендігін», т.б. түсіне аламыз. Демек, халық ақиқатын таба алмай, жыл сайын құбылып тұрған дүниенің қайсысы бұрыс, қайсысы теріс екендігін білмей, әуре сарсаңға түскендігін көре аламыз. Бұл жайтты, 1911 жылғы Айқап журналының №1 нөміріндегі мына пікірлерден туындатуымызға болады: *«Өзі қайда барарын біле алмайды, адасып тұрған халықты бұдан жаман адастырып, басшыларымыздың екі жаққа тартуына қайғырып, тездетіп бір ынтымаққа келуін тілейміз»* [7,85-б.]. Негізінен, қоғамдағы саяси көзқарастың түп төркіні ұлттық болмысты сақтап қалу мен ел тәуелсіздігін аңсау болды, бірақ оған жетудің жолы әр түрлі бағыттары ұсынылды.

Қарап отырсақ, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы әр түрлі идеялар мен идеологиялардың ұлт болашағын жасақтау мақсатында өрбуі және олардың өзара пікірталастар арқылы өрістеуі бүгінгі күні де маңызын жоймаған мәселелерге келіп тоғысып жатыр. Атап айтқанда, қазақ әліпбиі, оның қалай құрылу қажеттігі; Алаш идеясы немесе ұлттық идея; қазақ халқының батыстық және ресейлік құндылықтарға бет бұруы мен дәстүршілдік арасындағы кейбір қайшылықты тұстардың өрбуі; жесір дауы (көп әйел алушылық, әмеңгерлік, т.б.); жер дауы (бұрынғы жайылымдық жер мен қазіргі жер телімі); мұсылман дінін жаңғыртуға бетбұрыс; ілім-білімді күшейту – зияткерлік пен интеллектуальді ұлт қалыптастыру саясаты; шенеуніктер мен халық арасындағы оппозициялар; жалпытүркілік идеяның көтерілуі, т.б. Бұл нені білдіреді? XX ғасырдың басы мен XXI ғасырдың басындағы қазақ ренессансының бірлігін, қайта түлеп, жаңарып отыратын ұлттық рух тұтастығын, заманның ұқсастығын, т.б. бізге тиянақтап береді және бұл мәселелерді шешудегі қателіктерді қайталамауды нұсқайды, екінші бір қырынан алғанда, кеңес дәуірінің жағымсыз әсерлері ықпалынан үзіліп қалған идеялар тасқынының ұмыт болмай, қайтадан сабақтасқандығын көрсетіп береді, яғни, үзілген жіптің қайта жалғанғандығын ниеттейді.


### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются социально-культурные проблемы касающиеся национальной идеи и сохранения независимости, а также сложные пути их достижения. Различные группы населения рассматривали идеи достижения независимости тремя путями: вооруженным путем; мирным путем; сохранением национальных традиций и строгим соблюдением канонов ислама.

* * *

This article describes the overall picture of the political and cultural situation in Kazakhstan from the 19th to the middle of the 20th century and the idea of preserving the national spirit and the statehood, the idea of independence, and the way to achieve it. Here have been analyzing historical moments that some groups intention to take up arms and to revolt, some have approach only by education, and that some have strictly adhered to the tradition and religion.


### ӘДЕБИЕТТЕР


1.**М.С.** Қазақша тарих керек пе. Энциклопедия «Айқап»/Бас редактор Р.Нұрғалиев, Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995.-366-б.

2.**Шаһмардан Әлжанов.** Энциклопедия «Айқап»/Бас редактор Р.Нұрғалиев, Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995.-366-б.

3.**Уалиалла Халили.** Тіл сақтаушылық. Айқап. 114-б.

4.**Белтенов Ж.** Аруақ; Аруақ қону // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: ТОО «Әлем, Даму, Интеграция», 2017. – 254-255; -255-256-бб.

5.**Уәли Н.** Бақсы/Бақсылық // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: ТОО «Әлем, Даму, Интеграция», 2017. – 497-503-бб.

6. **Бектенов М.** Қасиетіңнен айналдым. Тарихи деректі баян.-Алматы:ҚазАқпарат, 2009.-175-б.

7. **Азамат Алашұлы.** Көшіп жүру керек деушілердің пікірі. Энциклопедия «Айқап»/Бас редактор Р.Нұрғалиев, Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995.-366-б.

# СЫР ӨҢІРІНДЕ ПРАВОСЛАВИЕ АҒЫМЫНЫҢ ТАРАЛУЫ

*(XIX ғасырдың аяғы)*

**Ө.ҚОЖАҚҰЛЫ,**
**тарих ғылымдарының докторы, профессор**
**А.ӘБДІҚАДЫРОВ,**
**Қорқыт-Ата атындағы КМУ-дың магистранты**

Түркістан халқын мейлінше шоқындыруға әуес болған Ресей империясының миссионер ғалымдары негізінен баспасөз басылымдары арқылы миссионерлік ойлары мен идеяларын тарату, сондай-ақ, миссионерлікке байланысты түрлі діни кітаптар мен жинақтарды басып шығаруды көздеді.

**1875 жылы миссионерлік қоғамның кеңесінде православие дінінің қасиетті кітаптарын басып шығару мәселесі көтеріліп, нәтижесінде Ильминскийдің басшылығымен аудармашылар қоғамы құрылды.** Ильминский қоғамның төрағалығы қызметін атқарған жылдары татар тіліне 31 кітап аударылса, қазақ тіліне 15 кітап аударылған болатын [1. 21-22]. Бұл кітаптар империяның барлық аймақтарына және Түркістан епархиясына да таратылды. Н.Н.Пантусовтың жеке кітапханасында қазақ және татар тілдеріне аударылып жарық көрген діни кітаптар, барлық оқырмандарға тегін оқуға берілді. Н.Н.Пантусов бұл кітаптарды, әсіресе, «бұратана халықтың» оқуын қалады. Жергілікті халықтардың тілдеріне аударылған кітаптар, әкімшілік орындарының қолдауымен шіркеулік және қоғамдық мектептерге тегін таратылатын. Мысалы, Әулиеата уезінің шіркеулік мектебінің қорында төмендегідей кітаптар сақталған: «Первоначальное сведения о православной христианской вере, сообщаемые киргизам готовящимся к святому крешению», «Молитвенник на татарском языке», «Св. Вел. Господа нашего Иисуса Христа от Луки на киргизском языке», «Жизнь и страдание Св. Евстафия плакады на киригизском языке», «Учение о православной вере на татарском языке», «Наставление христианское Св. Тихана на татарском языке».

**Түркістан епархиясында миссионерлікті жоғары қарқынмен жүргізу мақсатымен 1895 жылдың 20 наурызында «Әулиелік Гурия» ұйымының кезекті жиналысы өтіп, мына шараларды атқару ұйғарылды:**

1. Оңтүстік Қазақстан өңірінің Түркістан эпархиясы аймағына кіретін мұсылман халықтарына православ дінін уағыздайтын аударма кітаптарын төмен бағамен сату, қажетті болса оларды тіпті тегін тарату.

2. Христиандықты уағыздау мақсатымен аудармашылар комитеті, қазақ тіліне аударатын кітаптардың санын көбейтіп шығару және оларды шұғыл түрде өткізу.

3. Аударма кітаптарды түзем халықтары арасына таратқандары үшін миссионерлерге қосымша жалақы төлеу, ал кітаптарды көп таратқан миссионерлерге сыйлықтар беру көзделді [1. 138].

Түркістан өлкелік епархиясы раскольниктер мен сектанттардың жүргізген үгіт-насихаттарын шектеу мақсаты мен, орыс православтары мұсылман халықтары мен араласып өмір сүрген түрлі сектанттардың әсерінен оларды қорғауға кірісті. Осы жоспарды жүзеге асыру мақсатымен Түркістан епархиясының тікелей нұсқауымен өлкедегі православ миссиясының үгіт-насихатының жандандырылуы өріс алып, жаңадан көптеп миссионерлік мектептер мен қоғамдарды ашу жоспарланды.

Отарлық жүйе сектанттардың қызметін бақылау мақсатында «епархиялық бақылаушы» комитеті құрылды. Оның құрамына жергілікті шіркеу қызметкерлері мен уездегі барлаушылар кірді. Жаңадан құрылған комитет міндетіне түрлі сектанттардың қызметін алдын-алу, оларға статистикалық есеп жүргізіп, байырғы тұрғындар мен сектанттардың араласуына тосқауыл қою, халық арасында тек православтық миссияны кеңінен тарату міндеттелді.

Өлкедегі сектанттар мен раскольниктер негізінен Сырдария облысының Қазалы, Перовск және Шымкент уездеріне қоныс құрған. Шымкент пен Перовск уездеріндегі сектанттар мен раскольниктер арасында православ діні туралы уағыз әңгімелерді Верный қаласының шіркеулік мектептердің ұстаздары жүргізіп, олардың арасына православтық діни кітаптарды тарату мен айналысты. Ал, Қазалы уезіндегі сектанттар мен раскольниктер арасында православтық үгіт-насихат жұмыстарын жергілікті шіркеу қызметкерлері мен барлаушылар жүргізіп отырды. Православ миссиясын таратушы шіркеулік қызметкерлер мен барлаушылар бұл қызметтері үшін 900 рубльге дейін жалақы алды [2. 221].

Статистикалық есеп бойынша, Әулиеата уезіндегі жалпы православ тұрғындарының, соның ішінде түрлі сектанттардың 734-ер, 541-әйел адам. Олардың мектеп жасына жеткен ер балалары – 74, қыздары – 61. Бұл балалар уезде ашылған төрт мектепте оқиды. Олар, қалалық екі сыныптық училище, шіркеулік ер және қыз балаларына арналған мектептер мен орыс-түземдік мектептер еді. Бұл мектептерде білім алған оқушылардың 82-і ер балалар, 79-ы қыз балалар. Мектептердегі раскольниктер мен рим-католиктер 57 ер, 2 қыз, протестанттардан 10 ер бала, менониттерден 1 ер бала, еврейлерден 15 ер, 10 қыз бала [2. 224].

**Сырдария облысының Қазалы уезінде де түрлі дін өкілдерінің саны аз емес-тін.** 1899 жылы болған Түркістан епархиясының оқытушылар кеңесі жиналысының қорытынды рапортында, Қазалы уезінде мектеп жасына жеткен 109 ер және 112 қыз бала деп тіркелген. Сондай-ақ, бұл рапортта көрсетілгендей раскольниктік ұстанымдағы тұрғындарының 394-і ер, 36 і әйел, мектеп жасына жеткен ер балалар 117 болса, қыздардың саны 201. Рим-

католиктердің 8-і ер, 8-і әйел болған, олардың мектеп жасындағы балаларының 6-ы ер бала және 3-і қыз бала. Ал, еврейлердің 38-і ер, 36-сы әйелдер болды. 18 ер бала мектеп жасына жеткен еді.

**Жергілікті отарлық билік орындары ислам дініне байланысты қолданған түрлі әдіс-тәсілдерін, генерал-лейтенант Духовскийдың Жетісу әскери губернаторына берген тапсырмаларын зерделеуге болады.** Ол, барлық әкімшілік кеңсе қызметкерлерінің ислам діні жөнінде түсініктерін тереңдетуге көмектесетін «мұсылмандық туралы материалдар жинағын» шығарып тұру керектігін айтқан. Духовскийдің бұл тапсырмасы басқада әскери губернаторлар арасынан қолдау тауып, оларда исламға қарсы белгіленген іс-шараларын атқару мақсатында әрбір уез әкімшіліктеріне мұсылмандық оқу орындарын, оларды қаржыландыратын адамдар, мұсылман мазарлары, ишандар және мүдәрістер мен олардың шәкірттері туралы мәлімет жинау туралы бұйрық берілді [3].

**Духовскийді қатты әбігерге түсірген жағдайлардың бірі – өлкедегі мұсылмандық оқу орындарының жылдан-жылға санының артуы.** Бұл жөнінде біз Духовскийдің 1899 жылы Ресей Халық ағарту министрлігіне жолдаған «Ислам в Туркестане» атты мәлімет құжаттарынан байқаймыз. Құжатта генерал-губернатор Духовский Сырдария, Ферғана және Самарқанд облыстарында ашылған 119 орыс оқу орындарына қарсы 5246 мұсылмандық мектептер мен медреселер қызмет атқарса, өлкедегі 42 православ шіркеуіне, 11964 мешіт қызмет ететінін жазып, бұл көрсеткіштердің теңестірілуі дұрыс болар еді деп топшылайды. Духовскийдің пайымдауынша ислам діні орыстандыру мен шоқындыру саясатына қарсы түркі халықтарын біріктіруші рухани қуатты күш екендігін жазған [3]. Патшалық отарлық әкімшіліктің Түркістан халқы арасында ислам дінінің тереңдете тамыр жаюынан үрейі ұшқаны соншалықты, «Мұсылман халқы көп тұратын аудандарда күшейтілген күзет тәртібінінің Ережесі» дайындалуын талап етті [3].

**Ережеде төмендегі мәселелерге баса назар аударылуы қажеттілігі ескертілді:**

1. Империя көлеміндегі барлық мұсылман басқармаларын жауып, олардың қызметін жергілікті орыс әкімшіліктеріне тәуелді ету.
2. Мұсылмандық баспасөзге цензура қою.
3. Мұсылман халқы мен христиан халқы арасындағы некелік қатынастарға рұқсат бермеу және туылған ортақ балаларын асырап алуды жеңілдету.
4. Христиан дініне деген исламның теріс әрі зиянды пиғылдарын дер кезінде басып жаншуға байланысты іс-шараларды жүзеге асырып отыру. Патша үкіметі халық арасында ислам дінінің таралуын тоқтату мақсатында некеге байланысты мәселелерде шариғатқа сүйенуге тыйым салды. Бұл мәселе 1891 жылғы бекітілген заңдар жинағының 289 бабында арнайы көрсетілген. Онда тіпті қазақтардың дәстүрлі некелік қатынастың шариғат тұрғысынан қарауға тыйым салынды [3].

Патша өкіметі тарапынан енгізілген бұл тыйымдарға, енді ғана қалыптасып келе жатқан қазақ зиялылары қарсы шығып, 1905-1907 жылдары орталық үкіметтен мұсылмандардың діни басқармасын сайлау арқылы қалыптастыру, діни мектептер мен мешіттерді ашу еркі жергілікті халық өкілдеріне берілсін деген талап қойды. Бұл талапты Сырдария облысының халқы да қолдады [4. 74-75].

Патша әкімшілігін XIX ғасырдың аяғында қатты толғандырған мәселелерінің бірі, мұсылмандардың қажылыққа бару ісі еді. Қажылыққа бару XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда ұлғая бастады. Қажылыққа барушылардың санының артуы орыс өкіметінің мазасын ала бастаған-ды. Сырдария облысының статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, 1893 жылы 25, 1897 жылы 34, 1900 жылы 322, 1902 жылы 38, 1913 жылы 143 қазақ ауқаттылары қажылыққа барды [4. 246]. Яғни, жыл сайын Меккеге қажылыққа баратын адамдар саны негізінен артып отырған. Бұл көрсеткіш патшалық Ресейдің жүзеге асырып отырған діни шоқындыру саясаты үлкен нәтижеге жеткізбегенін көрсетсе керек. 1867 жылы Түркістан аймағына енгізілген Ережелерге сай мұсылман дін басыларының құқықтары мен артықшылықтарына шектеу қойылды. Өлкедегі діни істер мәселесі Орынбор діни муфтилігінен азаматтық істер бойынша әкімшілік басқармасына қаратылды. Патша әкімшілігі мұсылмандық істері жөнінде бірқатар өзгерістер жасап, мектеп, медресе, мешіт салуға бақылау орнатты. Әрбір болыстан тек бір молданың қызмет етуіне рұқсат берілді. Молда болса, сайлау негізінде генерал-губернатордың тағайындауы нәтижесінде жұмысын істей алатын болды [4. 312].

**Жергілікті халықтың діни істері Орынбор муфтилігі секілді бір басқармаға қаратылмауы халық толқуын туғызуы мүмкін еді.** Өлкедегі дін басшылары қазақтардың діни істерін Орынбор муфтилігіне қайта қарату жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуді үдете түсті. 1872 жылы ішкі Ордада ертеректе имамның көмекшісі қызметін атқарған, түрік елінде білім алған Әбсәттар Жәбіров қазақтардың діни істерін Орынбор муфтилігіне қайта қарату жайлы халық арасында үгіт жүргізу әрекеті үшін Түркияға қуылды [4. 82]. Ал татар халқының зиялылары патшаға арнаған үндеулерінде Мұсылмандық діни басқармасының құқықтарын православтық діни басқарма құқықтарымен теңестірілуін сұрайды [1, 1-28].

Патшалық Ресейдің отарлаған аймақтарға жүргізген ең бір қитұрқы саясатының бірі – халықтар арасына алауыздық орнатып, оларды бір-біріне айдап салып, осы ұлттардың бірлігіне қолынан келгенше айла-әрекеттерін жасау еді. Басты мақсаты, қазақ пен қырғызды татарлардың рухани әсерінен аулақ ұстауды, мектептерде мейлінше татар молдалардың қызмет етуіне шек қоюға тырысты және олардың тығыз араласуына түбегейлі қарсы болды. Жергілікті әкімшілік әрбір мұсылман баласын бақылап, олардың бір-бірінен бөлек оқуын жіті қадағалап, бірлесіп оқуына қарсы шықты. Мұның дәлелі 1878 жылы Сырдария облыстық оқу ісі меңгерушісінің Шымкенттен бір ғана татар мектебіндегі дәріс алып жатқан балаларды мектептен қуып шығып, олардың қайта оралуына қатаң тыйым салды [6. 67]. Жергілікті орыс әкімшілігінің мұндай әрекеттері заңды ережелерге сайкелмейтін, себебі *«мұсылмандық оқу орындарында мұсылман балалары бөлек оқысын»* деп ешқандай оқу ережесінде көрсетілмеген-ді. Дегенмен, патшалық Ресейдің мүддесіне қайшы келгендіктен, орыстандыру саясатын өзденгейінде жүргізуге тосқауыл болғандықтан, аталмыш әрекетте оқу инспекторлары тарапынан қатаң қадағаланатын. 1884 жылы Түркістан өлкесі генерал-губернаторлығы қызметіне тағайындалған Розенбах, «Көшпелілерді отырықшы халықтан ажыратып, мұсылмандық насихаттың барысын қарастыратын арнайы комиссия

құру» жөнінде шешім қабылдайды. Комиссия жетекшісі болып Сырдария облысының әскери губернаторы Градеков тағайындалады [6.72-75]. Бұл ұйымның мүшелері міндетіне тез арада мұсылмандар жөнінде ақпараттар жинастырып, осы ақпараттарды генерал-губернаторға жеткізуі тиіс болды.

Нәтижесінде комиссия мүшелері мұсылмандықтың алдын алу жолдарының бірі ретінде, исламдық мектептер мен медреселерді жою керек деген шешімге келеді. Розенбах елдегі мұсылмандыққа сақтықпен қарау керек екендігін түсіндірді.

Түркістан өлкесіндегі мұсылмандық исламдық идеяның Розенбахтың Ресей халық ағарту министрлігіне 1888 жылдың 3 қыркүйегінде мұсылмандық оқу орындарына байланысты жіберген хатында: *«Қазіргі таңда Түркістан өлкесінде 206 медресе, 1160 мектеп бар, оларда 4000 мударис жұмыс істеп, 49000 жергілікті ұлт балалары оқиды».* Бұл статистикалық көрсеткіш мұсылмандық ұстанымның қуаттылығын көрсетсе керек. Осынау мәліметтерді Ресей халық ағарту министрлігі ескеріп 1890 жылы мұсылмандық оқу орындарының инспекторы қызметіне Розенбахтың ұсынысы бойынша В.П.Никольский тағайындалады. Осылайша жаңа қызметтің ашылуымен жергілікті орыс әкімшілігі мұсылмандық оқу орындарына қарсы нақтылы түрде күресуге бет бұрады.

**Түркітанушы В.В.Радлов ислам дінінің қазақ қоғамына тигізген әсері туралы:** *«Сөзсіз, мұсылман дінінің әсері арқылы қазақтарға үйлерінің жинақылығы мен киім-кешектерінің тазалығы, отбасылық қарым-қатынастарының дұрыс реттестірілуі және де уақыт талабына сай қалыптасқан этникалық болмысы тән»* [7,90],– дейді.

Ал, Оңтүстік өңірге патшалық отаршыл жүйенің орнығуымен қатар, орыс халқының қоныс аударушыларының келуі жөнінде зерттеуші Т.Сандыбаев: *«Түркістан өлкесінің Ресей империясының құрамына енуімен қатар,* – дей отырып,– *Здесь появились публичное дома, воровство, пьянство и т.д. что объяснялось как правило, «падением нравов» в связи с появлением русских»* [8.130],– деп, қорытындылайды. Яғни өлкеге провослав діндегі орыстардың келуімен мұсылмандық қағидаларды ұстанған қазақ еліне неше түрлі теріс пиғылдағы жағдайлардың да енгендігін көруге болады.

Орыс отаршыл өкіметі жергілікті халықты христиандандыру мақсатындағы жүргізген іс-әрекеттеріне, 1919 жылы құрылған «Ерік» партиясы төмендегідей баға берді: *«Түркістанды жаулап алушы ұлт, ол – орыстар. Ал орыстардың отаршыл саясаты, Индияны отарлаған ағылшындардың саясатынан ерекшелігі мынада, отарлау саясатының басты ойы мен мақсаты өлкені толықтай әрі біржолата орыстандыру мен христиандандыру».*

Осылайша, патшалық билік өкілдерінің Оңтүстік өңірде ұстанған миссионерлік саясаттары және де соның негізінде жергілікті халықты ислам дінінен алшақтатып, провослав дініне өткізіп, шоқындыру ойлары жүзеге аспай қалды.

### ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Сандыбаев Т.С.** Ислам и обшество (Опыт историко-социального исследования). Издание второе дополненное. -М.,1984-301 с.

2.Рабочее и аграрное движение в Казахстане в 1907-1914гг. Сборник документов и материалов. Составили: Ф.Н.Киреев, Ф.И.Колодин-Алма-Ата,1957,-566 с.

3.Туркестанские ведомости. 22 июля 1894. №45.

4.Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құраст. Грибанова Е.М., Смағұлова С.О.-Алматы: Алаш, 2004.-552-б.

5.**Рүстемов С.** Орынбор мүфтилігі және қазақтар //Қазақ тарихы 2004 №4.

6.**Мустафина Р.М.** Преставления, культы, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстан в 19-20 в.в) -Алматы: Қазақ университеті, 1992-322 с.

7.**Радлов В.В.** Из Сибири: Страницы дневника.-М.,Наука ,1989.-749 с.

8.**Шонанұлы Т.** Жер тағдыры – ел тағдыры.-Алматы: Санат,1995.-224-б.


# ФРОНТИР КОНЦЕПЦИЯСЫ – ТАНЫМДЫҚ ҚҰРАЛ

*(XVIII-XIX ғғ. Қазақстан-Ресей қатынастарының тарихын зерттеу бойынша)*


**Роза БҰҚАНОВА (Буканова),**
**тарих ғылымдарының докторы,**
**Башқұрт мемлекеттік университетінің профессоры,**
**Ақан ШӘРІПОВ,**
**Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау**
**мемлекеттік университетінің оқытушысы**


**Бүгінгі таңда Ресей-Қазақстан қатынастары – посткеңестік еуразиялық кеңістіктегі дамудың басты бағыты.** Қазір ғана емес, болашақта да Қазақстан мен Ресей қатынастары Орталық Азия мен оның шегінде де тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге әсер етеді. Бүгінгі күні Ресей мен Қазақстан арасында мемлекеттік шекараларды делимитациялау, достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімдер мен шарттар жасалған. Екі елдің экономикалық және мәдени байланыстары дәстүрлі түрде дамуда. Егеменді мемлекеттердің екі жақты қатынастарының тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі екі жарым ғасыр бойы біртұтас институционалдық-саяси кеңістікте өмір сүрген екі елдің өзара қатынастарының тарихи тәжірибесіне объективті баға беру болып табылады.

**XVI – XVIII ғғ. Ресей территорияларының шығыс және оңтүстік-шығыс бағыттарда кеңеюі шамасында оның құрамында негізінен түркітілдес халықтар қоныстанған бірегей өркениеттік кеңістік пайда болды.** Саны жағынан басым қазақтар Орталық Азия аймағында негізгі позицияларға ие болды. Түркі-мұсылман және славян-православ өркениеттерінің қақтығысуы жағдайында түркі-мұсылман әлемінің

тек жалпы спецификалық белгілері ғана емес, әрбір халыққа тән ішкі өзгешеліктері де сақталды. Бұл жағдай ресейлік ғалымдардың пікірінше, *«мемлекеттік территориялардың тұрақтануына, оның айқын шекараларының қалыптасуына кедергі келтіріп қана қоймай, ресейлік өркениеттің мәндік келбетін таза, аяқталған күйде іске асырған жүйелік социетальдік тәртіпке елдің жекелеген облыстарын қосуда үнемі терең біркелкілік тудырмады»* [1, 273-б.]. Бірнеше методологиялық және нақты тарихи проблемалар туындайды:

*Ресей мемлекетіне жекелеген облыстардың қосылуы сипатымен тығыз байланысты өркениеттердің екі немесе бірнеше типтерінің өзара әрекеттесу проблемасы;*

*- жаңа қосылған территорияларға мемлекеттік билік институттарын енгізудің нақты әдістері;*

*- шаруашылық және күнделікті өмірдің дәстүрлі ғұрпы қалыптасқан жергілікті қауымдардың жаңа жағдайларға бейімделу проблемасы.*

**Кеңестік мемлекетте Ресей мен Қазақстан тарихын зерттеуде үстемдік құрған теоретикалық-методологиялық көзқарастардан бас тартумен байланысты XVIII –XIX ғғ. Ресей-Қазақстан қатынастарының көптеген аспектілерін түсіндіруге болатын, құптауға тұрарлық әдістің бірі, біздің ойымызша, фронтир концепциясы.** XIX ғ. аяғында ғылыми айналымға алғаш рет американдық тарихшы Ф.Дж.Тёрнер [2] енгізген, оның посткеңестік тарихнамада кеңінен қолданылуына байланысты нақты тарихи мазмұнмен толықты. Ресей мемлекетінің кең байтақ территориясы, оның табиғи – географиялық және климаттық сипаттамаларының әртүрлілігі, шекараларының ұзындығы, оның құрамына әртүрлі кезеңде енген халықтардың шаруашылық өмірінің полиэтникалығы мен алуан түрлілігі, аймақтардың тарихи және мәдени өзіндік келбеті – «фронтир» концепциясының ішкі, логикалық мазмұнын кеңейте түсті. Ол Ресейдің мемлекеттік территориясы мен оның институциализациясының қалыптасу үдерісін кеңінен көрсетуге мүмкіндік береді. Бұған қоса, тарихында отарлау маңызды рөл ойнаған аймақтарды зерттеу үшін қолданылатын аталған концепция бір жағынан, Ресей империясының отарлау саясатына теріс эмоционалды баға беруді болдырмауға, екінші жағынан әртүрлі уақытта фронтир аймағында болған халықтардың тарихын тереңнен зерттеуге мүмкіндік береді.

**Сөзсіз, бұрынғы Ресей империясы халықтарының тарихи жадында өткеннің теріс фактілері де сақталды.** Заманауи ресейлік тарихнама кеңес мемлекетінің ағат кемсітушілік сындарымен, сондайақ Мемлекеттік Думаның кейбір депутаттарының риторикасы бұрынғы Кеңес Одағы халықтарының біртұтас мемлекет құрамындағы бірлескен тарихқа теріс қарауына себеп болды. Ресей секілді алпауыт мемлекетпен көрші болу посткеңестік республикалар ғалымдарының кейбір бөлігінің алаңдаушылығы мен мазасыздығын туғызады. Сондықтан қазіргі қазақстандық зерттеушілер патшалық Ресей мен Кеңес Одағының құрамындағы Қазақстанның өмір сүру проблемасына теоретикалық-методологиялық көзқарастарды қайта пайымдай отыра, соңғы жылдары Ресейде пайда болған жаңа теоретикалық концепцияларды да сыни қабылдайды. XVIII-XX ғғ. Қазақстанда өткен тарихи оқиғаларға көптеген көзқарастардың бар екенін атап өтуге болады. Атап айтқанда, американдық ғалым Ф.Дж.Тернердің «фронтир теориясына» түрлі баға беріледі. Мысалы, Н.Нұртазина аталған теорияға сәйкес *«отаршылдық басып алулардың болмағанын, тек шекаралардың жылжуы мен игерілуі болғанын, онда, бәлкім ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын түгелдей жоққа шығару керек, себебі ол фронтир теориясына сәйкес емес»,*– деп атап өтеді [3]. Келесі тарихшы Г.К.Көкебаева: *«Сол кезеңде «империяның табиғи шекарасы» қайда болды деген сұрақ қояды. Бәлкім ол, қарама-қарсы жағалауда шығу тегі славян емес халықтар өмір сүрген Еділ бойымен өткен болар. Жоқ, империяның «табиғи шекарасы» алыс шығыста орналасқан, оған «жету» мемлекеттің (Ресей)»* басты мақсаты болған [4]. Қазақстандық зерттеушілердің реакциясы түсінікті. Біздің көзқарасымыз бойынша, Тернер концепциясын тек шекаралық құбылыстарды зерттеуде жалпы көзқарас ретінде қарастырып, зерттеулерде көбірек тарихи фактілерге арқа сүйеу қажет. Сонда қолданылатын концепция өмірге бейім және табысты болады, оның шеңберінде фронтир шебінің сыртында өткен үдерістерді зерттеу мүмкіндігі мен қажеттілігі бар.

**Заманауи ресейлік тарих ғылымында фронтир тақырыбы аймақтық бөлімде Белгород, Воронеж, Екатеринбург, Красноярск, Новосибирск, Тамбов пен басқа ғылыми орталықтардың ғалымдарының зерттеулерінде көрініс тапқан.** Солтүстік Кавказ, Камчатка мен басқа территориялардың фронтирі бойынша жекелеген зерттеулер бар. Кеңістіктік және уақыттық парадигмалардың үйлесуінен туындаған, аймақтар дамуындағы ерекшеліктер мен өзгешеліктерге байланысты бүгінгі күнде фронтирді зерттеуде бірнеше көзқарастарды бөліп көрсетуге болады. Қисынды түрде олар мемлекеттің жаңа жерлерді игеру сипатымен байланысты: ауыл шаруашылығы, балық аулау, өнеркәсіптік және әскери-саяси. Шартты түрде «фронтирлік көзқарастың» саяси, экономикалық, мәдени (конфессионалды), феноменологиялық, этнологиялық, демографиялық және басқа аспектілерін бөліп көрсетуге болады.

**Саяси аспектті толықтай оңтүстік орыс фронтирінің зерттеушілері Ю.А.Мизис, О.В.Скобелкин, А.И.Папков қарастырып, XVI – XVIII ғғ. Ресей территориясында фронтирдің пайда болуы мен өмір сүруінің жағдайларын зерттеді** [5]. Теоретикалық тұрғыдан олар мемлекеттің территориалдық экспансияның нысаны игерілмеген жерлер (оңтүстік бағытта – Жабайы дала) болып саналатын, мемлекет басқа мемлекеттермен тікелей қақтығысқа түспейтін жағдайды қарастырды. Авторлар оңтүстік орыс фронтирінің келесідей сипаттамаларын ұсынды, олар белгілі бір дәрежеде Ресейдің басқа аз қоныстанған аймақтары үшін де тән болды.

-фронтирге көршілес территория белгілі бір мемлекеттің жалпыға танылған территориясы болмауы керек;

-фронтир шетінде пайда болған мемлекеттің халқына қарағанда, көршілес территорияның халқы әлеуметтік дамудың немесе техника мен технология дамуының басқа кезеңінде болуы керек;

-фронтир бойында пайда болатын шекара шартты болуы керек;

-шекаралас территория мемлекет экспансиясының нысаны болуы қажет, оның негізінде мемлекеттің шартты шекарасы үнемі көршілес территорияға ішкерілей жылжиды.

**Фронтирдің мәдени және конфессионалды аспектісі РГҒҚ гранттары негізінде өткізілетін астрахандық ғалымдардың философиялық және тарихи зерттеулерінің негізгі тақырыбы болып**

**есептеледі.** Фронтир концепциясының призмасы арқылы олар Каспий маңы мен Солтүстік Кавказ территорияларында өткен мәдени үдерістер, этносаралық және конфессияаралық қатынастар спецификасын зерттейді [6].

**Орал тарихшыларымен алғаш рет «фронтирлік модернизация» мәселесі көтеріліп, XVIII ғ. Оралдың өнеркәсіптік игерілуі зерттеледі** [7, 192-б.].

**Оңтүстік орыс фронтирінің белгілерін Сібірді игеру үдерісін зерттеуде толығымен қолдануға болады, дегенмен орыс көпестері мен саудагерлерін, сондай-ақ қашқын шаруаларды Сібірге ең алдымен экономикалық қызығушылықтар итермеледі.** Аталған тақырып жанжақты новосібірлік тарихшылармен қарастырылды [8]. Авторлар Сібірде салыстырмалы түрде тыныш өткен этноәлеуметтік және этномәдени үдерістерді назарларынан тыс қалдырмады. Американдық және сібірлік фронтирлерді салыстыру әдісімен Д.Я.Резун мен М.В.Шиловский Сібірді игеру тарихын түрлі өркениеттік деңгейдегі байланыстар мен мәдениеттердің өзара қатынасы көзқарасы тұрғысынан қарастырады. Аталған прозициялардан олар фронтирдің үш түрін бөліп көрсетті: сыртқы, ішкі және ішкі өркениеттік. А.С.Хромых анықтамасы бойынша, «сыртқы фронтир – келімсек және тұрғылықты халықтың байланыс зоналарының пайда болу уақыты. Ішкі фронтир – жаңа территорияны мемлекеттендіру үдерісі, оның барысында түрлі шаруашылық – мәдени типтер мен этностардың өзара қатынасы мен өзара әсерлесуі жүреді. Ішкі өркениеттік фронтир жағдайында, өзара әсерлесудің түрлі типтерінің негізінде жаңа қауымдастық немесе көне қоғамдастықтың ерекше нұсқасы қалыптасады [9, 4-б.]. Бұл позицияларды ол европоцентризмнің үздік дәстүрлерінде – азиаттық құрлықтың басым бөлігінің барлық мекендеушілерін потестарндық және трайбалисттік типтегі қоғамдастықтарға қоса отырып, XVI ғ. соңғы ширегі – XVII ғ. алғашқы тоқсанында Оралдан Енисейге дейінгі өркениеттердің өзара әсерлесу үдерісінің ерекшеліктерін анықтауда қолдануға тырысады. Нақ осы көзқарас қазақстандық тарихшыларды жаңа «фронтирлік» каптамада ресейлік шеткері аймақтарды отарлаудың прогрессивті мағынасы туралы ескі тарихты алу алаңдаушылығын түсіндіреді.

**Жалпы бүгінгі күнге дейін фронтир концепциясын Поволжье, Орал, Қазақстан мен Орта Азияның түркітілдес халықтарының тарихына қолдану проблемалы екенін атап өту керек.** Қазақстан тарихына қолдану тіпті өзекті. Ұзақ уақыт бойы тарих ғылымында Қазақстан территориясында не мемлекеттер, не қалалар болмаған деген көзқарас болды. Алайда, Қазақстан географиялық қатынаста транзиттік территория болып табылды: ежелгі дәуір мен орта ғасырларда Қазақстан территориясы арқылы Ұлы жібек жолы өтті, шексіз қозғалыста көне қалалар мен мемлекеттерді қиратып және жаңаларын құра отырып, дала кеңістігі арқылы шығыстан батысқа қарай халықтар жаппай қоныс аударды. Басқа этностармен араласа отырып**, олар жаңа мәдениеттер қалыптастырды** [10, 88-89-б.]. XV-XVIII ғасырларда, жергілікті халықтың Ресей мемлекетімен тікелей қарым-қатынасы кезеңінде Қазақ хандығы қалыптасып, нығая түсті. Тарихи және географиялық тұрғыда Қазақ хандығы үш жүзге бөлінді (ұлы, орта, кіші).

**Ф.Дж.Тернердің көзқарасы бойынша, фронтирдің маңызды ерекшеліктерінің бірі оның жылжымалылығы, мемлекеттің шартты шекарасының жаңа территорияларға біртіндеп толқын тәріздес жылжуы болып табылады.** Шығыс және оңтүстік – шығыс бағыттарда Ресей мемлекеті жеткілікті дәрежеде дамыған құқықтық санаға ие мемлекеттердің толықтай нақты шекараларымен және халқымен бетпе-бет келді, бұл орыс фронтирінің американдықтан басты өзгешелігі болып табылады. Бұл – мемлекет Шыңғыс хан империясының ыдырауы нәтижесінде пайда болды және Алтын Орда заманынан орыстармен тығыз өзара қатынас тәжірибесін иеленді. Ең тұрақты мемлекеттік-құқықтық дәстүрлер қазақтарда сақталды. Сондықтан Ресей – Қазақстан қатынастарын зерттеуде фронтир концепциясын қолдану отарлаудың дәстүрлі тарихын қайта жаңғыртпайды. Бұл методологиялық құрал фронтир шебінің қос тарапында өткен үдерістерді тең дәрежеде зерттеуге мүмкіндік береді. Туындайтын сұрақ қаншалықты олар тең дәрежеде зерттелген? Егер фронтир линиясы сыртқы жағынан қарастырылса, еуразиялық кеңістікте тек орыс фронтирі өмір сүрмегендігі анықталады.

**XVIII ғ. алғашқы ширегінде халықаралақ саудада ағылшындық және голландық Ост-Үнді компаниялармен бақталасқан Ресей империясы Орта Азия территориясы арқылы Үндістанға баратын жолды табанды іздестірді.** Алайда Орта Азияға жолда кең байтақ қазақ даласы кедергі болды. Алайда Қазақ хандығындағы жағдай тұрақсыз болды: Жоңғар хандығымен соғыс жағдайында болып, ортаазиялық хандықтар тарапынан әскери қарсылықтарға тойтарыс беруге мәжбүр болды. Бұл жағдай Кіші жүз ханы Әбілхайырды Ресей мемлекетінің құрамына қосылу туралы Ресей үкіметімен келіссөздер бастауға итермеледі [11, 87-88-б.].

**Қазақстанның Ресей мемлекетіне қосылу тарихы жеткілікті дәрежеде жақсы зерттелген, алайда қазақ жерлерінің Ресей құрамына қосылуының нақты механизмдері біздің ойымызша, жеткілікті дәрежеде ашылмаған.** XVI – XVIII ғғ. Ресей мемлекетінің институционалдық-саяси кеңістігінің кеңеюінің маңызды компоненттерінің бірі жаңа территориялардың қосылуы шамасында бой көтерген қала-бекіністер мен бекініс шептер болды. Ресей шекаралық шептер мен бекіністерді салу жолымен Қазақстан территориясына солтүстік – батыс пен солтүстік – шығыстан белсенді түрде енді. Жоңғар басқыншыларымен үздіксіз соғыстардан қалжыраған қазақ халқы іс жүзінде қарсылық көрсете алмады. Ресей – Қазақстан фронтирдегі алғашқы бекініс – форпост Орынбор (Орск) болды, Ор өзенінің Жайыққа қосылу тұсында бой көтеріп, 1743 жылы жаңа жерде, Сакмар өзенінің сағасында салынған. Ол Орынбор бекініс шебінің басты қаласына айналды, шеп құрылысы Ресей мен Қазақстанның әлі толықтай қосылып үлгермеген территорияларының арасындағы шекараларды жабуға бағытталды. Орынбор шебі 5 дистанцияға бөлінді. 1-сі Звериноголовский бекінісінен Верхнеуральск қаласына дейінгі бекіністер мен редуттарды (Звериноголовская, Усть-Уйская, Крутоярская, Каракульская, Троицкая, Степная, Петропавл, Қарағай бекіністері) қамтыды. 2-сі – Верхнеуральскіден Ор бекінісіне дейін (Верхнеуральск қ., Магнитная, Кизильская, Уртазымская, Таналыкская бекіністері), 3-сі – Ор бекінісінен Оренборға дейін (Орская, Губерлинская, Ильинская, Верхнеозерная, Красногорская бекіністері мен Орынбор қ.), 4-сі – Орынбор қ. Оралға дейін (Чернореченская, Татищев, Нижне-Озерная, Рассыпная бекіністері) және 5-сі –

Оралдан Гурьев қалашығына дейін. Орынбор шебі XIX ғасырдың ортасына дейін әрекет етті [12, 27-б.].

**Егер де XVIII ғ. бойында оңтүстік – шығыс бағытта Ресей сыртқы саясатында Кіші жүз қазақтарына қызығушылық танытса, XIX ғ. басында Ресей өз ықпалын Орта жүзге таратуға тырысты.** 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» қабылданып, Орта жүзде хандық билік жойылған болатын, жүз территориясы ішкі және сыртқы округтарға бөлінді. Ішкі округтарға Омбы, Петропавл, Семей және Өскемен қамтылып, казак бекіністері шебінің сыртында сыртқы округтер орналасты [13, 14-б.]. Патша әкімшілері ішкі округтердің қазақтары жергілікті әкімшілікке енді қауіп төндірмейді және билік еш қауіпсіз оларды басқара алады деп есептеді. Сыртқы округтерде басқарудың тірек пунктері ретінде приказдар құрылды. Округтік приказдардың негізгі қызметтері: бекітілген тәртіпті сақтау, жергілікті халық санағын жүргізу, алым-салықтар жинау, сот ісін жүргізу болды [14, 401-б.]. Округтік приказдарды сайланбалы қазақ сұлтандары басқарды, олар патша әскерлерінің көмегімен Қазақ даласының түкпіріндегі көшпелі халықты басқарды. Ресей, осылайша, Қазақстанның кең байтақ территориясына біртіндеп саяси бақылау орнатты, қадам басқан сайын оңтүстікке жылжып отырды. Адал қызмет атқарғаны үшін сұлтандар үлкен қаржы сомалары мен әскери шендерге ие болды. Патша шенеуніктері аймаққа бірден толықтай бақылау орнату мүмкін еместігін түсінді, себебі сол тарихи жағдайларда бұл мүмкін емес еді. Біртіндеп бекіністер мен шептердің бойындағы игерілген жерлерге орыс шаруалары мен казактары қоныстандырылды.

XVIII – XIXғғ. Қазақстан шекараларының бойында бой көтерген қала-бекіністер тек фронтир шебін ғана емес, белгілі бір территорияда мемлекеттік биліктің болу фактісін бейнелеген. Қалалардың дамуымен бірге аймақтардың келешектегі тарихи даму векторы да өзгерген. Отырықшы слявян және көшпелі түркі мәдениеттердің өзара қатынасы келімсек пен жергілікті халықтардың тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асты.

### РЕЗЮМЕ

Статья посвящена вопросу применения концепции фронтира в изучении казахстанско-российских отношений в XVIII-XIX вв. После распада мощного государства Золотой Орды были созданы новые государства с вполне реальными границами, что отличает русский фронтир от американского. У казахов были свои устойчивые государственно-правовые традиции. Поэтому использование данной концепции не означает возвращение к традиционной истории колонизации. Концепция фронтира это методологический инструмент в исследовании истории казахстанско-российских отношений по обеим сторонам фронтирной линии. Тема изучения тюркоязычных государств Евразии является наиболее актуальной для исследователей. Как считает, американский историк Ф.Дж.Тернер – особенностью фронтиры является его подвижность, постепенное продвижение условной границы государств на новые территории и взаимодействие соседних народов.

* * *

The article is dedicated to the subject of application of the frontier concept in study of Kazakhstani – Russian relations in XVIII – XIX centuries. After the collapse of powerful state of Golden Orda, the new states with fully legit borders had been established, which differs Russian frontier from the American. Kazakhs had their own sustained state and legal traditions. Therefore, application of this concept does not refer to return to the traditional history of colonization. Frontier concept is the methodological tool in research in history of relations between Kazakhstan and Russia along both sides of frontier line. The topic of Turkic-speaking states of Eurasia appears to be very important for the researchers. As the U.S. historian F.J. Turner considers, the uniqueness of the frontier is its agility, gradual movement of conditional border of the states onto the new territories and the interaction between neighboring nations.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1.Цивилизационное своеобразие российских модернизаций XVIII-XX вв.: пространственно-временной аспект / В.В.Алексеев, Е.В.Алексеева, Е.Т.Артёмов; Тарихжәне археология Институты РҒА Орал бөлімшесі – Екатеринбург, 2011. – 384-б.

2.**Тёрнер Фредерик Дж.** Фронтир в американской истории / М.: Баспа үйі «Весь Мир», 2009. – 304-б.

3.**Нуртазина Н.** Теория фронтира: попытка современных историков России оправдать историю колониальных захватов в Казахстане и Евразии. 20.04.2014 г. URL: https://www.altyn-orda.kz/istorik-nazira-nurtazina-teoriya-frontira-popytka-sovremennyx-istorikov-rossii-opravdat-istoriyu-kolonialnyx-zaxvatov-v-kazaxstane-i-evrazii/

4.**Кокебаева Г.К.** Теория фронтира и изучение истории колониализма. URL: https://articlekz.com/article/7223

5.**Мизис Ю.А., Скобелкин О.В., Папков А.И.** Теория фронтира и юг России в XVI - первой половине XVIII в. // ТМУ Хабаршысы. Т. 20. Босату 10. Тамбов: Баспа үйі:Г.Р. Державин ат. Тамбов мемлекеттік университеті, 2015.

6.**Романова А.П., Топчиев С.М.** Кавказ как вечный фронтир // Каспийский рег: политика, экономика, культура. 2014. № 3.

7.**Побережников И.В.** Азиатская Россия: фронтир, модернизация // Орал федералды университеті хабарлары. 2 сериясы: Гуманитарлық ғылымдар. Т. 96, № 4. Екатеринбург. 2011.

8.**Резун Д.Я., Шиловский М.В.** Сибирь, конец XVI – начало XX века: фронтир в контексте этносоциальных и этнокультурных процессов. Новосибирск: Сова, 2005.

9.**Хромых А.С.**Сибирский фронтир. Встреча цивилизаций от Урала до Енисея (последняя треть XVI – первая четверть XVII века): монография / Г.Ф.Быконя. – Красноярск: В.П.Астафьев ат. Красноярск мемлекеттік пед. университеті, 2012. – 312-б.

10.**Сыргакбаева А.С.** Некоторые особенности урбанизма в Казахстане. Әл-Фараби атындағы ҚҰУ Хабаршы философия, мәдениеттану, саясаттану сериялары. 2010. №1.

11.**Буканова Р.Г.** Города-крепости юго-востока России в XVIII веке. История становления городов на территории Башкирии. Уфа: Кітап, 1997. – 256-б.

12.**Буканова Р.Г.** Роль Оренбурга в формировании юго-восточного фронтира России //Ғылымі кеңес мәжілісінің материалдары МБМ «ГАОО» «Оренбург в контексте истории Российского государства (к 270-летию г. Оренбурга)». Оренбург. 2014.

13.**Абуев К.К.** Кокшетау. Исторические очерки. Кокшетау, 2015. – 257-б.

14.**Левшин А.И.** Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. 1996. – 656-б.

15.**Абуев К.К.** Хан Абылай и его время. Астана: Елорда, 2006. – 115-б.

# ДӘУЛЕТКЕРЕЙ ШЫҒАЙҰЛЫ (1820-1877) –
## атақты қазақ күйшісі, дарынды композитор

**Талғатбек ӘМИНОВ,**
**ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы**
**институтының аға ғылыми қызметкері,**
**тарих ғылымдарының кандидаты, доцент**

**Тәуелсіздік кезеңінің басты жетістіктерінің бірі – қазақ халқының, мәдениеті мен дәстүрлерінің қайта жаңғыруы және ары қарай дамуы.** Осыған орай, Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ұлы Дала ұлағаттары» атты еңбегінде айтып кеткеніндей, тәуелсіздіктің ширек ғасырлық мерзімі мемлекетіміз үшін қалыптасу тұғыры болып қана қойған жоқ, бұл кезеңде Қазақ Елі өзгелерге де үлгі болатындай биіктерден көріне бастады. Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасы алған бағытынан жаңылмай, сүрінбей келеді. Елбасы сол мақалада: *«Тәуелсіздік алған жылдары халықтың тұрмыс-тіршілігінде көптеген қиыншылықтар болды. Көп нәрсе жетпей жатты. Бірақ, соған қарамастан, мемлекетіміз азаттықтың алғашқы жылдарынан бастап ел мәдениетіне қолдау көрсетудің сындарлы бағдарламасын жасап, руханияттың шеттеп қалмауына барынша жол ашудың бағытын ұстанды»,*– деп айтқан еді [1]. Соңғы жылдары сол бағыттың айқын дәлелі ретінде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары жарияланып, қоғамымыздың үдемелі дамуына жаңа серпін берді.

**Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында Ұлы Даланың тарихымен таныстырып, руханиятты сақтауға арналған алты жоба ұсынылғаны баршаға мәлім.** *«Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі... Ұлы Дала әл-Фараби мен Яссауи, Күлтегін мен Бейбарыс, әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді. Сондықтан, біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы Даланың Ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек»,*– деп Елбасымыз өз мақаласында жазды. Екіншіден, ол қазіргі әдебиеттегі, музыка, театр саласы мен бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар мен ақындар, ел билеген тұлғалардың галереясын ашу, үшіншіден, **«Ұлы Дала тұлғалары»** атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажеттігі туралы баяндады [2].

Алтай мен Атыраудың арасын алып жатқан ұланғайыр қазақтың Ұлы Даласы дарындарға, елдің атын асқақтатқан даңқты тұлғаларға кенде болып көрген емес. Олар қай заманда болмасын Алаштың атын аспандатып, ұлттың намысына айнала білді. Сонау IX-X ғасырда өмір сүрген Әбу Насыр әл-Фараби, одан берідегі қазақ хандары мен атақты билері, олардың қай-қайсысы болмасын ұлы еліміздің брендіне айнала білді. Сондай-ақ, қастерлі қазақ жерін ән-жырмен, күймен тербеген дарындарымызда баршылық. Домбыраның құлағында ойнап, қос ішектен күй төккен Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина секілді күйшілеріміз қазақ күйінің құдіретін күллі әлемге паш етті. Мың адам тыңдап, бір-ақ адам түсінетін бұл өнер қазақтың маңдайына біткен батпандай бақ десек артық айтқандық емес. Күй – қазақтың жаны, ол халқымыздың елдігін, көңілінің кеңдігін білдіреді. Күй – құдірет, күй – кие [3].

Ендеше біздің осы мақаламыз сол құдірет иелерінің бірі де бірегейі – Дәулеткерей Шығайұлына арналып отыр.

**Дәулеткерей Шығайұлы 1820 жылдар шамасында қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданында дүниеге келген.** Әкесі Шығай сұлтан ауқатты адам болған. Бірақ, академик Ахмет Жұбановтың айтуына қарағанда, Шығай XIX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ даласында орнаған жаңа жағдайды түсініп, тани қоятындай аса ақылды, көреген кісі болмаған. Ол сүйікті ұлы Дәулеткерейді Бөкей хандығының қол астындағы ел-жұртты билеп-төстейтін әкім болады деп ойлап, оның төре тұқымының мақсатынан өзін аулақ ұстайтынын білгісі де, ұққысы да келмейтін. Сондықтан әкесі Шығайда, кейін Бөкей ордасының ханы Жәңгір де Дәулеткерейді бала жасынан ел билеуге, төрелік салтанат құруға тәрбиелеген. Дәулеткерейдің әкесі Шығай мен оның әулеті – ұзақ жылдар бойы бұқара халықтың басына әңгір-таяқ ойнатып, қаққанда қанын, соққанда жанын алған би-манаптар болатын. Ел басқарып, жұрт қамын жеуге ешқандай өресі жетпесе де, сол заманғы қалыптасқан билік дәстүрі бойынша Шығай сұлтан Бөкей хан дүниеден өткен соң, Бөкей ордасының ханы болып шыға келді. Әйтсе де ол, тақ мұрагері бала Жәңгір ер жетіп, жетілгенше сегіз жылдай ғана хандық құрды [4].

**Енді Дәулеткерейдің саналы өмірі өткен Бөкей ордасының тарихына қысқаша тоқтала кеткеніміз жөн болар.** Еділ өзенінің төменгі Каспийге құятын аймағын 1635 жылдан бастап Жоңғар шапқыншылығы кезінде бөлініп қалған қалмақ ру-тайпалары мекендеген болатын. Оны қазақтар Қалмақ қыры деп атады. 1771 жылы бұл жердегі қалмақтар екіге бөлініп, бір бөлігі Қазақстан жері арқылы өздерінің туып-өскен отаны – Жоңғарияға барып қосылды. Ал, екінші бөлігі батысқа қарай ығысып, Дон даласына көшіп кетті. Осы босап қалған жерге 1801 жылдан бастап, патша өкіметінің рұқсатымен Кіші жүздің Бөкей сұлтан басқарған бес мың қазақ шаруашылықтары қоныс аударды. Мұның өзі Ішкі (Бөкей) ордасының құрылуына бастапқы негіз болды. Сол жылдары ағасы Бөкейдің билік құруына және жалпы сол орданың қалыптасуына Шығай сұлтан

айтарлықтай еңбек сіңіреді. Профессор П.В.Аравиннің жазуы бойынша,ол Кіші жүздің ханы Жантөреге қарсы жүргізген жорықтарында Астраханның губернаторы Л.А.Кожевников пен астрахандық казак-орыстардың көмегін жақсы пайдаланады. Кейінірек уақытша хандық билік құрған кезінде Шығай сұлтан Дон казактарының да көмегіне үнемі сүйенеді. Мәселен, Дон казактары полкінің жауынгерлері оны бес жыл бойы іс-сапарларға шыққанында ықтимал қауіп-қатерлерден қорғап, жанында ілесіп жүреді. Шығайға қызмет барысында ұзақ уақыт орыс уряднигі Голубев кеңесші ретінде қолдау жасайды. Шығай сұлтан Голубев арқылы Орынбордың әскери губернаторы және Жеке Орынбор корпусының командирі П.К.Эссенмен тиімді келіссөздер жүргізеді [5].

Бөкей ордасы жан-жағынан Астрахань, Саратов, Орынбор губернияларының жерлерімен, Орал бойындағы патша әскери бекінісімен және Каспийдің солтүстік жағалауындағы балық кәсіпшілігі аймағымен шектесті. Оның ауқымы шығыстан батысқа қарай 200 шақырым және солтүстіктен оңтүстікке қарай 350 шақырым жерді алып жатқан ықшам әрі шағын хандық болды. Орынбор әкімшілігінің қолдауымен Бөкей сұлтан 1812 жылы өзі құрған орданың ханы болып сайланды. 30-шы жылдардың аяғына қарай мұнда 20 мыңдай шаруашылық пен 80 мың адам қоныстанды. Бірақ жер мен жайылымдар біркелкі бөлінбеді. Қысқа мерзім ішінде жердің үштен екі бөлігі қазақ феодалдары мен орыс помещиктері Юсупов пен Безбородконың жеке-меншік иелігіне өтті.

Оралдың әскери мекемесі Үлкен және Кіші өзен бойындағы, Қамыс-Самар көлі төңірегіндегі жерлерді казак-орыстардың пайдалануына алып қойды. Жайық өзені бойындағы жерлерді де Орал казак-орыс әскері иемденді. Қазақтарға Жайық өзенінен өтуге және казак-орыстардың өзен жағалауындағы белдеулеріне көшіп келулеріне қатаң тыйым салынды.

**1815 жылы Бөкей хан қайтыс болғаннан кейін хандық билік оның баласы Жәңгірге көшті.** Бірақ оның кәмелетке толуына дейін Орданы уақытша Бөкей ханның туған інісі, Дәулеткерейдің әкесі Шығай сұлтан басқарды. 1824 жылы Жәңгір патша үкіметінің жарлығымен хан деп жарияланды. Жәңгір хан тағына отырған соң, патша әкімшілігінің қолдауымен, халықтың қоғамдық өмірі мен тұрмысының жекелеген жақтарын, сондай-ақ жергілікті басқарудың дәстүрлі жүйесін қайта құруға кірісті. Ол көшпенділердің отырықшылануын, олардың орыс хуторлары сияқты мекендер салуын, қырда пішен шабуын, ағаш өсіруді, малдың тұқымдарын асылдандыруын және ауыл шаруашылығы құрал-саймандарының жаңа түрлерін алдыруды, мектептер, училищелер, мешіттер ашуын және ауылдарда мал санының артуына, сауданың және басқарудың жаңа формаларына көшуді көтермеледі. Ол патша өкіметі орындары мен қазақ шонжарларының мүдделерін жаңа әдістермен ұштастыруға күш салды.

1827 жылы Жәңгір хан Нарын құмындағы Жасқұс мекенінде тұрақты хан ордасын орнатып, елді осы орталықтан басқаратын болды. Сол жылы Хан кеңесі құрылып, оған 12 ата Байұлы руларынан бір-бір биден кірді. Жәңгір хан 1845 жылы қайтыс болды. Бұған дейін Қазақстанның барлық бөліктерінде хандық билік жойылған болатын. Өкіметтік топтар ішкі Ордада хандықты жоюды үйғарды, хан билігі орыс шенеунігі басқарған Уақытша кеңестің қолына көшті [6].

**Әкесі 1825 жылы қайтыс болып, Дәулеткерей немере ағасы Меңдігерей Бөкейхановтың тәрбиесінде болады.** Меңдігерей Әбілқайыр ханның әулетінен шыққан Жәңгір ханнан кейінгі ең ауқатты сұлтан болған. Ол ең ірі қазақ руларына басшылық жасап, хан орнында болмаған кезде оның міндетін атқарып отырған. Меңдігерей жас Дәулеткерейді өзімен ертіп жүріп, оны Шыңғыс ханның ұрпақтарында жалғасын тапқан әдет-ғұрыптарға баулыған.

**Алғашқы уакытта жас Дәулеткерей сол елдегі жеке-жеке руларды басқарып көреді.** Бірақ билікте жүрген адамның амалсыздан қатыгез болатынын ол нәзік жүрегімен ерте түсінеді. Туысы Жәңгір ханның қарапайым қазақтардың жерін тартып алып, шұрайлы, өзен-сулы жайылымдарды, қыстауларды кең даламызға бойлай еніп келе жатқан орыс отаршылдарына беруі Дәулеткерейдің де ызасын келтірген. Тікелей қатыспаса да XIX ғасырдың орта тұсындағы Исатай-Махамбет көтерілісіне тілектес болған деген дерек те бар. Мұны оның «Жігер» атты күйінен байқауға болады.

**Дәулеткерей жас кезінен музыкаға бейім болған.** Атақты музыка зерттеушісі, академик Ахмет Жұбановтың айтуына қарағанда, Дәулеткерейдің туған жиені, Кеңес өкіметінің тұсында өмір сүрген Науша Бөкейханов күйшінің елу шақты күйін тартады екен. Даңқты сазгер туралы, құнды деректер берген де сол кісі көрінеді. Дәулеткерей бала кезінде молдадан оқып, мұсылманша хат таныған. Ресейде білім алып, кейін генерал дәрежесіне дейін жеткен хан Жәңгір Ордада балалардың орысша білім алуына да жағдай туғызыпты. Дәулеткерей орысша үйреніп, оқи да, жаза да алатын болған. Кішкентайынан-ақ оқымысты бала атанған. Домбыраны тамаша орындаушы Мүсірәлі деген күйшіден шеберлікті үйренген. Оның үстіне сұлтандардың қысқы мекеніне айналған Ордаға XIX ғасырдың қырқыншы жылдарының бас кезінде Саратовтан драма және эстрада артистері шақырылған екен. Соның арқасында Дәулеткерей орыс және Европа музыкасымен жастайынан танысқан деген жорамал бар. Ол орыстың балалайкасында шебер ойнапты. Сондай-ақ гитара мен мандолинаны да тарта білген. 1854 жылы француз саяхатшысы Паули сызған суреттің нобайымен Р.Чередеев салған акварельде күй тартып отырған Дәулеткерей, одан басқа да аспаптарда орындаушылар бейнеленген. Ең қызығы – сол суретте ортада билеп жүрген еркек бейнесі бар.

**Дәулеткерей өзі сұлтан болған кезінде үлкен абыройға, халық құрметіне бөленеді.** Орыс зиялыларымен араласуы, Ресейдің бірқатар қалаларында (Орынбор, Мәскеу, Санкт-Петербург, Симбирск, Нижний Новгород) болуы, өзге халықтың тұрмыс-салтымен, мәдени мұраларымен танысуы Дәулеткерейдің дүниетанымын кеңейтіп, шабытын қанаттандыра түседі. Ол 1859 жылы Мәскеудің Үлкен театрында Ч.Пуньидің «Катерина – қарақшының қызы» балетін көріп, Дж.Вердидің «Травиата» операсын тамашалайды [7].

**Дәулеткерей Бөкей ордасын басқару жөніндегі Уақытша кеңес төрағасы Г.В.Ващенкомен (1791-1869) дос болған.** Сол Г.В.Ващенконың ұсынуымен 1855 жылы II Александр патшаның таққа отырып, тәж кию салтанатына қатысқан өкілдердің ішінде Дәулеткерей де болған еді. Оны делегация құрамына кіргізудегі мақсат – бірте-бірте ел басқару тәртібін үйрене берсін дегендік еді. Бірақ ол патша отаршылдарының сарайымен емес, озық ойлы Ресеймен, Пушкин елімен танысуға келген-ді. Ол осы сапардан көрмегенін көріп, естімегенін өз құлағымен естіп қайтады. Европа сазгерлерінің оркестр ойнаған шығармаларын тыңдайды. Өзі өлең жазбаса да поэзияны жүрегімен түсінетін күйші екі жылдан кейін Пушкинге,

ақынның өзі оқыған лицей жанынан ескерткіш қоюға Бөкей ордасынан қаржы жиналған кезде, бірінші болып өз үлесін қосқан [5].

**Академик А.Жұбановтың жазуынша, Дәулеткерейдің алғашқы күйлері XIX ғасырдың қырқыншы жылдарының басында шыққан сияқты.** Оларға «Қыз Ақжелең», «Қос алқа», «Керілме», «Желдірме», «Қоңыр» және басқа күйлерін жатқызуға болады. Бұл күйлердің көпшілігі үлкен қоғамдық құбылыстарға емес, жеке адамның басынан өтетін оқиғаларға арналғанын көрсетеді. Мәселен, «Қыз Ақжелең» – қызға, «Желдірме» – аттың желісіне, «Керілме» – кербез сұлулыққа, «Қос ішек» – домбыра тартудың кейбір техникалық жақтарын сипаттауға арналған. Аталған күйлер композитордың алғашқы қадамы, «ойын жолы», іздену кезеңі сияқты болып көрінеді [8]. Атақты композитор, этнограф, музыка және қоғам қайраткері А.В.Затаевичтің пікірінше, шығармаларын жеке адамның мінезіне, қасиетіне арнау батыстың ұлы композиторларында да кездеседі. Музыкалық жағынан жоғарыда аталған күйлерге орыс зерттеушісі үлкен мән береді. Ол қазақ композиторының «Қоңыр» күйінен Эдвард Хагеруп Григтің музыкасының үндері естіледі дейді [9].

**Жақын туысы Наушаның әңгімесіне қарағанда, Дәулеткерей жиырмаға келгенде оның орындаушылық даңқы Орда тарапына ғана емес, тіпті одан да шет жерлерге жайылады.** А.Жұбановтың пікірінше, Дәулеткерей күйлерінің көпшілігі тыныштық, алаңсыз, мұқтажсыз өмірді суреттейді («Керілме», «Тұндырма», «Демалыс»), сонымен бірге өз ортасының қадірлі адамдарын көрсетеді («Ақсақал», «Салық өлген», «Ващенко»). Домбыраның бойындағы дыбыс техникасының барлық сырын толық меңгерген сазгер өзінің бірқатар күйлерінде жаратылыстың дыбыстарына еліктейді, соны домбыраға түсіреді, екі шектің аумағында құстың сайрағанына («Бұлбұл»), адамның ысқырғанына («Ысқырма») еліктейді. Сөйтіп, Дәулеткерейдің бірқатар күйлерінде басқа орындаушылардан айырмашылығы – оның күйлері таза виртуоздық (техникалық) тұрғыда шығарылған. Бұл топқа жататын күйлер – «Қос ішек», «Кенжебай», «Тұндырма» сияқтылар. Сонымен қатар сазгердің бірнеше күйі белгілі оқиғаға, адамға, тағы басқа жаратылыс нысанына арналған («Қос алқа», «Топан», «Тартыс») [4].

**Дәулеткерей 1861 жылы Қызылқұрт елінің билеушісі боп тағайындалған соң, бір жылдан кейін күй атасы Құрманғазы мен кездескен.** *«Дәулеткерейдің Құрманғазымен әңгімелесіп, халық дәстүрі үлгісіндегі басқа да домбырашыларды көріп тануы, оның музыкалық творчествосына қатты әсер етеді»,*– деп жазады академик Ахмет Жұбанов. Екі суреткердің кездесуі ерекше бір тарихи оқиғаға айналады. Бірінен бірі күй алып, бір-бірімен пікірлесіп, «төре» мен «қараның» өкілдері шекараны білмейтін идеялық ынтымақ арқылы достасады. Ежелден сыншыл суреткер Дәулеткерей ендігі қалған шығармашылық құлашын өмірдің ұсақ-ұлан көріністеріне жұмсамай, салмақты әлеуметтік құбылыстарға арнау жолына түседі. Нәтижесінде оның «Шолтағы», «Топаны», «Жігері» осы бір бағытта шығады. Сөйтіп, бұл күйлерде өмірдің үлкен философиясы қозғалады. Егер Құрманғазы және оның шәкірттерінің ең үздік музыкалық шығармалары дауылдатқан екпінімен, тастай тегеуірінділігімен, өршіл батылдығы, кең тыныстылығымен ерекшеленсе, Дәулеткерейдің халық тағдырын, елдің еркіндікке ұмтылу сезімін суреттеген «Топан», «Жігер» атты күйлері тегеуірінділігі мен қоса тақсірет көрген ержүрек адамның салмақты, салиқалы тебіреніс-толғанысын бейнелейді. Ахмет Жұбановтың пікірінше. Құрманғазыға қарағанда Дәулеткерейдің лирикалық жағы басымдау келеді. Бірақ оның күйлерінде драмалық кезең де көрініс табады. Бұған «Салық өлген», «Топан» күйлері үлгі бола алады [10].

Зерттеушілердің пікірінше, қай заманда және қай халықта болсын, композитордың шығармаларының жоғарғы шыңы, кульминациясы болады. Сол сияқты Дәулеткерей шығармаларының да кульминациялық шыңы бар. Мәселен, оның бұған «Жігер» күйі жатады. Бұл күйдің музыкалық жағынан өте терең, мелодиясы көркем, даму белестері өте заңды, ырғақ жағы да соншалықты үйлесімді екендігі дау келтірмейді. А.В.Затаевич те осы пікірді толығымен қолдайды. Ол «Жігер» күйін П.И.Чайковскийдің «Патетикалық симфониясының» IV бөлімімен салыстырады [9].

Композитор А.Жұбановтың жазуынша, айналасына әділдік көзбен қараған Дәулеткерей өзінің өскен ортасына, олардың істеген зұлымдығына наразы болып тұрса да, сол ортадан бір жола, ат құйрығын кесіп, бөлініп шыға алған жоқ. Міне, ол сондықтан да өз басындағы осы қайшылықты, шешіліп жетпеген толқуды, бойын толық көрсете алмаған күшті «Жігер» күйі арқылы күңіренте ойнады. Ол сол «Жігер», «Тартыс», «Шолтақ», «Топан» сияқты күйлері арқылы өзі куә болған өмірдің қан-сөлін сорғалата отырып, сол өмірге суреткер ретінде өз үкімін айтқан [10].

Сөйтіп, Дәулеткерей, ұзақ уақыт өмір сүрмесе де артына өлмес, өшпес мұра қалдырып кеткен ұлы күйшілердің бірі ретінде тәуелсіз еліміздің тарихынан лайықты орнын алып отыр. Біз оның қазақтың әйгілі күйші, ұлттық күй өнерінің, соның ішінде төре күйлерінің негізін қалыптастырушы ретіндегі өнегелі өмір жолын оқырман қауымға жеткізуден жалықпаймыз.


### РЕЗЮМЕ

Данная статья посвящена раскрытию жизни и творчества выдающегося композитора-кюиши, знатного представителя степной демократии XIX века Даулеткерея Шигайулы.

* * *

This article is devoted to the disclosure of the life and work of the outstanding composer-kuishi, a noble representative of steppe democracy in the XIX century Dauletkerei Shigayuly.


### ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Назарбаев Н.Ә.** Ұлы Дала ұлағаттары. «Егемен Қазақстан» газеті, 2016 жылғы 21 қыркүйек.

2.**Назарбаев Н.Ә.** Ұлы Даланың жеті қыры. «Егемен Қазақстан» газеті, 2018 жылғы 21 қараша.

3. **Аманжол Қ.** Күй – құдірет, күй – кие. «Егемен Қазақстан» газеті, 2017 жылғы 17 қараша.

4.**Жұбанов А.** Ғасырлар пернесі: Қазақтың халық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы очерктер. – Алматы: Дайн-Пресс, 2002.

5.**Аравин П.В.** Степные созвездия. Очерки и этюды о казахской музыке. – Алма-Ата, Жалын,– 1978. – 184 с.

6.**Мусин Ч.** Қазақстан тарихы. Оқулық. – Алматы, 2008. – 640-бет.

7.Қазақ халқының тарихи тұлғалары (қысқаша анықтамалық). Құраст. Ә.Көпіш –Алматы: «Өнер» баспасы, 2016.

8.**Жұбанов А.Қ.** Ән-күй сапары. – Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1976.

9.**Затаевич А.В.** 500 песен и кюев казахского народа.– Алматы: Дайн-Пресс, 2002. – 378 с.

10.Классикалық зерттеулер: көп томдық. – Алматы: 2012. Т. 2: Жұбанов А. Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы. – 404-бет.

# АЗАТТЫҚ АРЫСТАРЫ – ҰРПАҚТАР ЖАДЫНДА

**Самат ЕСҚАЛИЕВ,**
**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты**

**XVIII ғасырдағы қазақ тарихы туралы негізгі дерегеміз – ата шежіре, атадан балаға жеткен ауызекі әңгімелер.** Ал олардың көпшілігінің өзгеріске ұшырап, әр түрлі алып-қосулар болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Міне, сондықтан да, тарихшы-ғалымдар мұрағат деректеріне арқа сүйеп, одан табылған дерекке ерекше назар аударады.

**Шежіре бойынша Құттығай батыр Аққете руының Әлмәмбет аталығынан тарайды.** Заманында Әлмәмбет те батыр, би болып, елін дұшпаннан қорғаған, аты Кіші жүзге мәлім Кетенің қадірлі азаматы болған. Белгілі ғалым, профессор Серғали Толыбековтың «Қазақ шежіресі» кітабында: *«Әлмембеттен атақты Ебескі батыр, одан – Құттығай, Алтай, Жұлдыз батырлар тарайды. Олар «Үш бөрі» атаныпты. Ебескі батырдың анасы Құланбике атақты Қарақыпшақ Қобыланды батырдың қарындасы»* деп атап көрсеткен [1].

Әбілқайыр ханның қолбасшылығымен Бұланты және Аңырақай шайқастарында жоңғарлардың жойқын шапқыншылықтарына тойтарыс берілгенмен, жалпы саяси жағдай күрделі болып қала берді. Әсіресе, батыс және солтүстік батыс бағытта башқұрттар және Еділ қалмақтарымен күрес өрши түсті. Бұл күресте белгілі зерттеушілер И.В.Ерофеева, М.Қ.Мұқтардың атап көрсетуінше Әбілхайыр хан ерекше ұйымдастырушылық және қолбасшылық дарындылығын көрсетті [2].

Осындай күрделі кезеңде қазақ еліндегі саяси оқиғаларға белсене қатысқан ағайынды батырлар Алтай және Құттығай Ебескіұлы да Москва қаласындағы Ресейдің сыртқы істер мұрағатында, Орынбор мұрағатының қоймаларында тізбеленген құжаттарда табылды. Батырлардың Кіші жүз ханы Әбілқайыр, Нұралының жанынан табылуы кездейсоқ емес еді. Сонымен қатар, атап айту керек, олар Әбілқайыр ханның Ресейге қатысты саясатының кейбір тұстарын қолдамады. Әбілқайыр ханның басшылығымен 1738 жылы Кіші және Орта жүздің старшындары Орынборға екінші рет келісім шартқа қол қоюға бара жатқан жерінде Ресей империясының қазақтармен башқұрттарға қатысты екі жүзді саясатына күмәнданып, Әжібай мен Алтай старшындары ханды тыңдамай өз адамдарымен иеліктеріне қайтып кетеді.

**Әбілқайыр әуелде өзін хан көтерген Кіші жүз ішіндегі бірлікті сақтай алды.** Іргелі рулар басшыларының ханнан тізгін үзіп кеткен кезі болған жоқ. Әбілқайыр оларға арқа сүйеді. Кейін ол рулар Нұралы ханға да тірек болды. Баһадүр ханның тұсында Арал, Алтай, Құттығай және Жұлдыз батырлар орданың іргесін бекіте түсті.

Алтай мен Құттығайдың батырлық атақ-даңқы қазақ жерінің солтүстік-батыс аймағы үшін Еділ қалмақтарымен 1723-1729 жылдардағы соғысы кезінде және кейінгі жылдары Сырдарияның төменгі ағысындағы жоңғарлармен шайқастарының кезінде елге танымал болды.

**Құттығай батыр Жем, Сағыз және Ойыл өзендерінің аймағында қалмақтармен жиі болған кескілескен шайқастарда ерлік көрсетіп, шыңдала түсті.** Ол жеке ержүрек батырлығымен қатар, шайқастарда сарбаздарды жеңіске жетелейтін қолбасшылық қабілетімен көзге түсті. Осы өңірдегі соңғы ірі шайқастарда Алтай және Құттығай батырлар Әбілқайыр ханның ортақ басшылығымен Бөкенбай және Есет батырлармен тізе қоса отырып, қалмақтың Дүндүк Омбы ханы басқарған жасақтарына бірнеше бағытта соққы беріп, Жайықтың арғы бетіне дейін ығыстырып, жаңа көші-қон, жайылым жерлеріне ие болды [3].

**1749 жылы елдің билері, батырлары және старшындары Нұралыны хан етіп сайлайды.** Орынборға хан тарапынан төрт адам: Әжібай бидің немере інісі Құттығай, Байсау бидің інісі Қарабай, ханның жасауылы Тоғыз және Құбас елші ретінде жіберіледі [4]. Кейінгі жылдары да Құттығай батыр ел мүддесі үшін маңызды саяси оқиғалардың бел ортасында жүрген тұлғалардың бірі болды. Айтарлық, Ресей мемлекетінің әкімшілігімен сол елдің тұтқындарын қайтару және екі жақты саудасаттық ісінің өрісін кеңейту туралы келіссөздер жүргізуге Москваға барған Байбек, Айшуақ султанның елшісі Байтөбет, Әжібай бидің немере інісі Құттығай, Ханның атынан жіберіліп отырған [5].

Құттығай Ебескіұлы сол қарама-қайшылығы мол және күрделі уақытта Кіші жүздің ханы Әбілхайыр, Нұралы, т.б. сұлтандармен, өзге де би, батырлармен XVIII ғасырдағы Орталық Азия кеңістігіндегі маңызды саяси оқиғаларға қатысып, қазақ өмірінің маңызды мәселелері – қазақ-орыс, қазақ-қалмақ, қазақ-башқұрт қарым-қатынастарын реттеуде көзге түсіп, Ресей мұрағаттарында хатталуынан оның өз заманында елі таныған ұлтжанды азамат деңгейіне көтерілгендігін, осы күрделі істерге тікелей арласып, өзіндік орны бар тулғалардың бірі болғандығын дәлелдейді.

**РЕЗЮМЕ**

В статье рассматривается жизнь и деятельность казахского батыра, посла Куттыгая Ебескіұлы.

* * *

The article was considered the life and work of the Kazakh batyr , diplomat KyttygayEbeskiuly.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1.**Толыбеков С.** Қазақ шежіресі. Алматы, 1992.- 119-б.

2.**Ерофеева И.В.** Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик. Алматы: Дайк-Пресс, 2007.- 456с.; Мұхтар Ә. Тарих тұңғиығындағы тұлғалар. Алматы : Арыс баспасы, 2008.- 248-б.

3.История Актюбинской области. Научное издание. Актобе, 2007.-183-б.; Құрманбеков.Б. Алтай батыр.- Ақтөбе, 2008.-31-б.

4.АВПРИ. Ф.122. Оп. 1. Д.4.

5.АВПРИ. Ф.122. 1749 г. Д. 4.

# ЕРНАЗАР ЖӘНЕ БЕКЕТ БАТЫРЛАР –
## ұлт-азаттық қозғалыстың көрнекті жетекшілері

**Самат ҚҰРМАНАЛИН,**
**тарих ғылымдарының кандидаты,**
**Батыс Қазақстан инновациялық-**
**технологиялық университетінің профессоры**

**Заманында отаршылдық атаулының зорлығы халықтың заңды наразылықтарын тудырды.** Досалы, Сейдалы, Сырым, Атақозы, Саржала, Көктемір, Тіленші, Кәтібар, Жоламан, Қасым, Саржан, Кенесары, Наурызбай, Исатай, Махамбет, Асау, Барақ, Жанқожа, Есет, Арынғазы, Қаратай, Қайыпқали, Иса, Досан, Сыпатай, Байзақ бастаған және 1916 жылғы көтерілістер секілді біреуі басылмай жатып, екіншісі бас көтеріп жататын ереуілдер тізбегінің аяғы ХХ ғасырдың басындағы азамат соғысына келіп ұласты. **Қазақ халқы – патшалық Ресейдің отаршылдығына ең көп қарсыласқан қауымдардың бірі.** Отаршылдықты тойтарып тастай алмаса да тежей алды. Жекелеген тұлғалар бастаған қарулы қарсылықтардың әрқайсысы Ресей отаршылдығын бірнеше он жылдықтарға шегеріп тастап отырды. Әсіресе, ХІХ ғасырдағы Кіші жүздегі бас көтерулер халықтың рухшылдығын, езгіге төзбестігін, бостандық сүйгіштігін, тұтас тәуелсіздікке ұмтылысын, мемлекетшілдігін көрсетті.

Қазақстанның отаршылдық жағдайдағы тарихы жөнінде көптеген зерттеулер жүргізілді, академиялық жинақтар да жарық көрді. Дегенмен, **ХІХ ғасырдағы патшалық билікке қарсы тәуелсіздік жолында күрес жүргізген кейбір жекелеген батырлар мен билердің қызметі бүгінгі таңда беймәлім қалып отыр. Атап айтсақ, Әзберген Мұңайтпасұлы, Қарағұл Қонақбайұлы, Бекет Серкебайұлы, Ерназар Кенжалыұлы, Дәуіт Асауұлы, Алдаш Байғанаұлы, Сейіл Түркебайұлы. Аталмыш қайраткерлер өз кезегінде Кіші жүзде патшалық езгіге бар хал-қадерінше қарсы тұрды, неғұрлым белгілі тұлғалардың жанында болды, азаттық қозғалысына адал болды, ұлттық қозғалысқа ақырына дейін қызмет етті.** Біз бұл мақалада аталған қайраткерлердің ішінен 1847-1858 жылдардағы Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің белгілі батырлары Ерназар мен Бекеттің өз заманындағы елге сіңірген еңбегін, тәуелсіздік үшін қызметін, жалпы ұлт-азаттық күрестегі жетекшілік орындарын анықтауға тырысамыз.

**Қарулы күресте Есеттен кейінгі екінші тұлға болып есептелген, әлі толық зерттеліп болмағанның бірі – Бекет Серкебайұлы.** Архив құжаттарында да, ел аузындағы әңгімелерде де Бекет батырдың аты өте жиі айтылады. Есеттің немере інісі, яғни онымен аталас Серкебайдың жалғыз ұлы, әрі серігі, әрі ең басты ақылшысы, атақты батыр Бекет Серкебайұлының көтерілістегі орны ерекше. Өзі батыр, өзі би, өзі сал, өзі палуан, өзі ақын-домбырашы, жасынан ел ішіне ерте танылған ол – жалпы 1847-1858 жылдардағы Есет Көтібарұлы бастаған Кіші жүз қазақтары ұлт-азаттық көтерілісінің басты ұйымдастырушыларының бірі, азаттық қозғалысындағы Есеттен кейінгі екінші адам еді, атақ-даңқы халық арасына ерте белгілі болып, оны туған халқы «Сал Бекет», «Салмойын Бекет», «Батыр Бекет» деп атаған, ал архив құжаттарында, сол кездегі орыс әкімшілігінің деректерінде «Пан Бекет» деп аталады [1,32-37-пп.]. Бекет көтерілістің белсенді сарбаздарының бірі ретінде 1856 жылы ұсталып, 1857 жылы қыркүйек айында Сібірге жер аударылады. Кейін «Бекет батыр», «Ерназар – Бекет» жырлары шығарылып, ел ішіне көп таралғаны халыққа мәлім, оны белгілі фольклоршы, этнограф Әбубәкір Диваев ел аузынан жазып алып, кітап қылып, бастырып шығарған. [2]. Бұл жырларды орыстың белгілі шығыстанушы ғалымы, қазақ даласында бірнеше жыл болған И.В.Аничков 1896 жылы Қазалы маңындағы Мұсабай деген заманында белгілі ақын болған адамның аузынан жазып алады. Мұсабай жырау Шекті руының Майдан деген аталығынан, Қазалыдан 15 шақырым, Арықбалыққа жақын, Қаракөл деген жерде тұрған. И.В.Аничков халық аузынан жинақтап, Қазан университетінің баспасы арқылы жарыққа шығарған «Ерназар және Бекет батырлар туралы жыр» деген кітабының алғысөзіне олардың жанқиярлық қаһармандығынан *«қырғыз-қазақтардың жерін орыс қылышының жүзімен Ресейге бағындырылуына қарсы найза көтерген батырларын қалай қастерлейтіні және олардың бостандығын жойған орыстарға қалай қарайтындығы айқын көрінеді»* [3, 2-б.],– деп көрсеткен. Көріп отырғанымыздай, бұл байлам империялық миссионерлер қатарынан шыққан Аничковтың қаламынан бекерге туындамаған.

Көтеріліс кезінде Бекет Серкебайұлының қандай рөл атқарғандығын жоғарыда аталған жырдағы өзінің монологынан байқауға болады. Онда:

*Төрт жүз қолды алдымен*
*Іркілмей барып мен бұздым*
*Арыстан жатқан ордаға,*
*Дуылдап жатқан қордаға,*
*Тайсалмай барып енгенмін...*
*Бүгін өліп кетсем де*
*Арманым жоқ Аллаға*
*Талтаңдаған төреге*
*Қолымнан өлім бергенмін*
*Өлтірген неше төрені*
*Салмойын Бекет дегенмін,*– деп толғанады.

Бұл Бекеттің Орынбор түрмесінен Сібірге 1857 жылы айдалу алдында айтқан сөзі.

**Көтеріліс жеңіліп, басшылары ұсталып, Орынборда әскери сотқа беріледі.** Жауап алу үстінде кезек Ерназар батырға келгенде сот төрағасы: *«Неге үндемей орныңда қалшиып тұрсың. Бекет екеуіңнің Арыстан правительді өлтірердегі екпіндерің өте қатты еді ғой»,*– деп сұрапты. Сонда Ерназар іркілместен *«тақсыр, айдың жартысы жарық, жартысы қараңғы болады. Жарығында жүрдік, қараңғысында тұрмыз. Айымыз оңынан туса тағы да атқа қонамыз»,*– деп жауап беріпті. Өкінішке орай, Ерназар батыр атқа қайтіп міне алмады, оны осы жолы Сібірге мәңгілік каторгаға айдайды.

Тарихи тұлғалар қызметі өз ортасының қоғамдық-саяси қызметімен, өз өмірінің оқиғаларымен тығыз байланысты. Осыған орай, бұл мақалаға өзек болып отырған **Бекет Серкебайұлы мен Ерназар Кенжалыұлы несімен тарихта қалды? Елге қан-**

**дай қызметі сіңіпті? Бүгінгі мына ұрпақ оның есімін неліктен ұлықтауда? Бұл сұрақтарға жауап алу үшін XIX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Кіші жүздегі саяси-әлеуметтік өмірге мойын бұруымыз да қажет секілді.**

XIX ғасырдағы Қазақстандағы тарихи оқиға – Бекет, Ерназар батырлар бастаған көтерілістің алғы шарттары, себептері Ресейдің отарлық саясатынан туындады. Кіші жүздің XIX ғасырдың бірінші жартысындағы, Бекет батыр секілді тарихи тұлғалардың азаматтық қалыптасуы кезеңіндегі бүкіл хал-ахуалын талдағанда оның империялық отарлық езгімен тығыз байланыстылығы көрінеді. Патша өкіметінің бұл кезеңдегі Кіші жүздегі әскери отарлық езгісі, қазақтар құқықтарының шектелуі мен олардың саяси-әлеуметтік жағынан қаналуы және патшалық Ресейдің бұл өңірді экономикалық тұрғыда жаулап алуы бір-бірімен астасып, қазақ халқының өмір сүруіне аса қауіп төндірді.

**Патша үкіметінің Кіші жүздегі әскери-саяси бағыттағы отаршылдық езгісі дәл сол XIX ғасырдың 40-50-жылдарында күшейе түседі.** Өңірге салынған жаңа бекіністер мен қаптаған горнизондар өздерін ешкімге тәуелсізбіз деп санаған Әлімұлы тайпалық бірлестігінің алты руының атақонысына ішкерілеп енді. Сөйтіп, Ресей империясының отарлық қысымы бұл ауданда батырлардың рөлінің артуына алып келді. Олар Ресей экспансиясына қарсы күресте халыққа басшылық етті және халыққа арқа сүйеді. **Ал XIX ғасырдың ортасында Кіші жүздегі ең белгілі әрі беделді батырлар ретінде Ерназар Кенжалыұлы мен Бекет Серкебайұлы азаттық күрес сахнасында неғұрлым танымал тұлғаларға айналған еді.** Жастары отыздан жаңа асқан дала қырандары өз кезегінде патша үкіметіне де, хиуалық хандарға да, тіпті аймақта ресми бекітілген билеуші сұлтандарға да бағынбаған тәуелсіз тұлғалар болды.

**Ақтөбе өңірінің тарихында отаршылдыққа қарсы күрес шежіресі маңызды рөл атқарады.** Өткен дәуірлердің осыбір қым-қуыт тарихы ел жадында өзінің батыр ұлдарының қызметімен қалған. Жалпы, Жем бойындағы, Жайық өзені мен Арал теңізі аралығындағы аймақтағы ұлттық тәуелсіздік жолындағы арпалыстың бел ортасында шоқтығы биік дара тұлға, атақты батыр, даңқты би, көзінің тірісінде әулие атанған Есет Көтібарұлы тұрғандығы баршаға мәлім. Қазақ еліндегі ұлт-азаттық көтерілістеріне тән ерекше атап өтетін жәйт – көтеріліс басшыларына аса жақын болып, айрықша ықпал еткен жеке тұлғалардың болуы.

Есет батыр көтерілісі зерттеулер көрсеткендей XIX ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысында мүмкін емес жағдайда қарулы күрес түрінде дамыған. Әскери жазалаудың қатыгездігінен қауіптенген Есет батыр әрдайым бейбіт ауылдардың қауіпсіздігі мен аман қалуын естен шығармады. Сондықтан көтеріліске тілектестік білдірген көптеген рулар Есет батыр тарапынан бейтарап қалдырылып отырды. Осындай жағдайда Есет батыр жанында ақыр соңына дейін болған Көтібардың алты ұлының тарихи орнын түсінуіміз қажет. Әсіресе, даңқтары далаға қатты кеткен Есеттің туыстары Ерназар мен Бекеттің азаттық күресіндегі тарихи келбеті осы заманға дейін ұмытылмауына өзіндік баға беруіміз шарт.

Бүгінде біздің назарымызды аударып отырған Ерназар мен Бекет батырларды 1847-1858 жылдардағы Кіші жүз қазақтары азаттық қозғалысының Есет Көтібарұлынан кейінгі басшылары деп айтуға негіз бар. Олар азаттық үшін күресте қызметі мен рөлі ерекше көрініп, сол кезеңдегі қоғамдық өмірден абырой беделінің, ел үшін істеген еңбегінің, әділ билігі мен қайтпас батырлығының арқасында салмақты орын алған қайраткерлер. Тәуелсіздік жылдарында қазақ тарихының көптеген өзекті мәселелерімен қатар ұлт-азаттық қозғалыстар шежіресінің де жаңа қырынан зерделенуі тоқтаған жоқ. Атап өтетін көптеген жәйіттердің қатарында азаттық күресінің біртұтастығы, бөлінбейтіндігі, үзіліссіздігі ғылыми жаңа болып табылады. Сондай-ақ ұлттық қозғалыстардағы ұлттық жетекшілердің, жекелеген қайраткерлердің тарихи рөлі көп айтылуда. Бұл өзі әлсіз зерттелген проблема. Атақты рубасыларының, қазақ батырларының көтерілістердегі рөлі даулы күйінде қалып отыр. Шешілмеген қарама-қайшылықты сәттердің бірі – дәл осы Ерназар мен Бекет мәселесі. Неліктен осы қос батыр ел жадында, өңірдің ауызша тарихында көп қалған? Неліктен осы қос батыр жөнінде аңыздар мен тарихи жырлар өмірге келген? Бұл сұраққа Ерназар мен Бекеттің тұтқынға түсуі мен елге оралмауы немесе жастай қыршын кетуі жауап бола алмайды. Тұлға туралы тарихи жырдың өмірге келуі өте назар аударатын мәселе. Сондықтан тарихи құнды дерек ретінде ғана біздің архив құжаттарын қабылдауымыз біржақты, ал ел жадында мәңгілік қалған «Ерназар-Бекет» жыры маңызды дереккөз ғана емес, бұл батырлардың азаттық күресіндегі бітім-болмысын айшықтайтын айрықша айғақ.

Өз кезегінде Ресейдің империялық-отаршылдық саясатының өлкеге дендеп енуіне байланысты, ғасырлар бойы өзінің рөлін сақтап келген хандық билік Кіші жүзде дағдарысқа тірелді және жойылды. Хан билігін жоюды мақсат еткен патша үкіметі ордада лаң туғызып, сұлтан топтарын бір-біріне қарсы қойып қырқыстыра бастады. Осындай жағдайда саяси тұрақтылықты сақтай алатын, аласапырандардың басты себебі – отарлық саясатта жатқандығын бірден түсінген халық билері мен батырлары өлкеде белсенді қимылдармен көзге түсті. Олар Есет Көтібарұлының төңірегіне топтасқан би-батырлар Қабақ руынан Қарағұл Қонақбайұлы, Әзберген Мұңайтпасұлы, Табын руынан Дәуіт Асауұлы, Төртқара руынан Байқазақ Жолдасбайұлы, Тілеу руынан Мамай Достанұлы, Қаракесек руынан Ақтан Ақайұлы, Қырғыз руынан Тілеген Бөкенбайұлы, т.б. болатын. Әсіресе, Есеттің ең жақын серіктері әрі туыстары жас батырлар Бекет Серкебайұлы мен Ерназар Кенжалыұлы ел тағдыры таразыға түскен сәтте өз өмірлерін азаттық жолындағы күреспен байланыстырып, 11 жылға созылған көтерілістің басты жетекшілерінің біріне айналады.

Жайықтан шегінген Исатай мен Махамбеттің Борсық құмдарына келуі, Кенесары сұлтанның Орта жүзден Ырғыз өңіріне қоныс аударуы, Елек бойын жайлаған Табын Жоламан Тіленшіұлының патша әкімшілігіне бағынбай Кенесарыға қосылуы өлкенің әскери-саяси өмірін күрделендіріп жібереді. Исатай мен Махамбет те және Кенесары мен Жоламан да осы кезеңдегі қарулы қозғалыстарын, үгіт жұмыстарын Жем, Ырғыз, Елек, Қиыл, Сағыз, Ойыл өзендері мен Мұғалжар тауы және Борсық құмдары өңірін жайлаған алты аталы Әлімнің қалың ортасында жүзеге асырады. Әсіресе, Шекті руы көтерілістердің бел ортасында жүрді, ал бұл рудың басында Есет Көтібарұлы тұрғандығы кімге де болса аян. Сондықтан XIX ғасырдың 30-50 жылдарында Жем бойы, Шалқар өңірі азаттық үшін ұлы күрестің от-жалынына оранды деп айтамыз. Осыған сәйкес Бекет пен Ерназар азаттық күресінің ошағында өмірге келді, олардың

азаматтық және дүниетанымдық жетілуі тәуелсіздік үшін жанқиярлық күрес рухында қалыптасты. Көздерін ашқаннан отаршылдықпен арпалыста өткен олар, қаршадайларынан ұлттық-азаттық идеясымен сусындады. Ат жалын тартып мінгеннен бастап көтеріліс сарбаздары қатарынан табылды. Азаттық күресінің туын Шалқар топырағында Есеттен кейін көтеретін осы Бекет пен Ерназар болмақ еді. Бірақ олардың сатқындық құрбанына айналуы ұлт-азаттық қозғалысындағы жетекшілер сабақтастығына сына қақты.

**Есет Көтібарұлы бастаған көтерілістің хронологиялық шеңбері тарихи құжаттарда 1847-1858 жылдарды қамтығанымен, бұл көтерілістің тарихи алғышарттары немесе отарлық үкіметтің жазалаушы отрядтарымен алғашқы әскери қақтығыстар XIX ғасырдың 20-жылдарының аяғында 30-жылдардың өн бойында да өткендігі тарихи шындық болып саналады.** Әсіресе, Орынбор әскери губернаторы В.А.Перовскийдің 1839-1840 жылдардағы Хиуа жорығы Кіші жүз қазақтары үшін ауыр қасірет болғандықтан да, осыған ашынған жамағат Есет, Қарағұл, Әзберген батырлардың бастауымен қазақ елінен Орта Азияға, Орта Азиядан Ресейге бірде-бір сауда керуенін жібермей қояды. Сайып келгенде, мұның бәрі белгілі батырлар бастаған Кіші жүз қазақтарының өз теңдігі, бостандығы үшін Ресей империясының отарлық экспансиясына қарсы жүргізген күресінің басталуы еді. Осы жерде бір мәселенің айқындығына назар аударғым келеді. *«Арқада қалды есім Есет деген, қос жайсаң кетіп еді Ерназар, Бекет деген»,*– деп сол дәуір шайырлары жырлағандай Ерназар, Бекет күресін Есет Көтібарұлы қозғалысынан бөліп қарай алмаймыз. Сондай-ақ көптеген тарихшылар, әсіресе, ХХ ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция қатарынан шыққан қазақ тарихшыларының аға буын өкілдері С.Асфендияров, Т.Шонанов, Х.Досмұхамедов XIX ғасырдың 50-жылдарындағы Жем бойы, Шалқар өңіріндегі көтерілістің басшылары ретінде Есет Көтібарұлы мен Бекет Серкебайұлын қатар атайды. Аталмыш тарихшылар 1853-1856 жылдардағы өлкедегі қарулы қимылдарды Есет пен Бекет бастаған ұлт-азаттық көтерілісі ретінде бағалайды. Назар аударарлығы бұл зерттеушілердің осы тұрғыдағы тұжырымдары ауыз әдебиеті үлгілерімен де байланысып жатыр.

Сонымен, тарих кешегі мен бүгінгінің арасындағы алтын көпір десек, есімдері ел жадынан өшпейтін тұлғалар болады. **Баһадүр бабаларымыз Бекет Серкебайұлы мен Ерназар Кенжалыұлы да сондай алып тұлғалардың, ардақтап өтер асылдарымыздың бірі.** Әкеден-балаға, атадан-немереге беріліп келе жатқан аңыз-әңгімелер мен жырдастандар бізге байрақ боп өткен бабаларымыздың ғажайып ерліктерін жеткізді, сан ұрпақты Отан қорғау жолындағы жасампаздық істерге жігерлендірді.

### ӘДЕБИЕТТЕР


1.Ресей Федерациясы Орынбор облыстық мемлекеттік архиві (бұдан кейін РФ ООМА), 6-қор, 10-тізім, 5355-іс.

2.**Диваев Ә.** Тарту. – Алматы, 1992

3.**Аничков И.В.** Киргизская былина о героях Ир-Назаре и Бикете. – Казань: Типо-литография Императорского Университета, 1896.




# АЛАШТЫҢ ҰЛЫ – МҰХАМЕДЖАН ТЫНЫШБАЕВ


**Б.АБДРАХМАНОВ, З.АЙТКЕНОВ,**
**Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің доценттері, тарих ғылымдарының кандидаттары,**
**С.РАЗДЫҚОВ,**
**Л.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті, тарих ғылымдарының кандидаты**


**Мұхамеджан Тынышбаев – II Мемлекеттік думаның депутаты, Қоқан автономиясының басшысы.** Саясат ісіне жетік, халыққа қашаннан таза жолмен қызмет етіп жүрген алдыңғы қатарлы зиялы азамат. Қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, Алашорда үкіметінің мүшесі және оның төрағасының орынбасары, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш темір жол қатынастарының инженері.

**Ол 1879 жылы 12 мамырда Жетісу облысы, Лепсі уезі, Мақаншы-Садыр болысының Ешкіөлмес тауының маңайында (қазіргі Алматы облысының Алакөл ауданы) дүниеге келген** [1]. Мұхамеджанның әкесі – Тынышбай кісілікті, ел жұртына беделді отағасы екен. Көнекөз қарттардың айтуынша, патша үкіметі шұрайлы жерлерді казак-орыстарға зорлықпен алып бере бастағанда намысқа шыдамай, соның соңынан дау айтып, өз бастықтарының есігін тоздырып, қуылғандардың алдыңғы легінде Тынышбай да жүрген. Азамат соғысы жылдарында қарт Тынышбай қызылдар қолынан қаза тапқан [2; 27].

**Мұхамеджан 1889–1900 жылдары Верный қаласындағы ерлер гимназиясында оқиды.** Алғашқы күннен сабағын жақсы оқып, орыс тілін жетік меңгеруге күш салады. Осындай ынта-ықыласына табиғи қабілеттілігі қосылып, ол аз уақыт ішінде гимназия оқытушыларының назарын өзіне аударады. Гимназияны үздік бітіргенде педагогикалық кеңестің шешімімен ғылымда, әсіресе, математикада үздік жетістікке жеткені үшін Алтын медальмен марапатталады. Гимназияның Алтын медалі мен педагогикалық кеңестің жоғары бағалаған мінездемесі жиырма жасар Мұхамеджанның Жетісу әскери губернаторының кеңсесіне тілмаш болып орналасуына жол ашады. Бірақ оқуға ынталы жас жоғары білім алуға ұмтылып, император Александр I

атындағы Петербург теміржол транспорты институтына түсуге тілек білдіреді. Бұл жолы да оның жолы болып, өзінің мұғалімі, гимназия директоры М.В.Вахрушевтің көмегімен қазынадан 360 сом жылдық стипендия алып, Петербургке аттанады. Бұл институтты да үздік бағамен бітіреді [3; 95–96]. Институтты тәмамдағаннан кейін, 1906 жылдан бастап М.Тынышбайұлы Орта Азия темір жол құрылысында инженер болып қызмет атқарады. 1907 жылы екінші Думаға Жетісу облысынан депутаттыққа сайланып, басқа да далалық өкілдермен бірге патша үкіметінің отаршылдық-аграрлық саясатына қарсы күрес шараларын ұйымдастырады. Дума таратылған соң Орта Азия темір жол құрылысына айырықша уәкілетті нұсқаушы-инженер болып тағайындалып, Әмудария өзені арқылы өтетін көпірді салуға қатысады. 1911 жылы Урсатьевск-Әндіжан темір жол құрылысының бастығы әрі бас инженері болады. 1914 жылы елге оралып, Жетісу темір жол учаскесінің Арыс-Әулиеата құрылысының бастығы әрі бас инженері қызметіне кіріседі. Осы кезде оқуға бара жатқан бозбала Тұрар Рысқұловпен кездесіп, оған ақшалай көмек береді [4].

**М.Тынышбаев 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен өзге қазақ зиялылары сияқты үлкен үміт күткен еді.** Сондықтан да бұл кезде бел шеше қызмет етіп, қоғамдық-саяси қайраткер ретінде тез танылады. Сол жылы көктемде Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі, сонымен қатар осы үкіметтің Жетісу облысындағы комиссары болып тағайындалады. Алаштың арысы Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдерімен бірге М.Тынышбаев та жалпыұлттық «Алаш» партиясын құруға тікелей араласып, 1917 жылғы желтоқсан айында жариялаған Алаш автономиясы үкіметінің он бес мүшесінің бірі болады, «Алаш» автономиясы аумағындағы уақытша жер пайдалану туралы Ереженің жобасын қабылдауға қатысады.

**Осының алдында ол Бүкіл түркістандық IV Мұсылмандар съезіне қатысып, онда жарияланған Түркістан («Қоқан») автономиясының Премьер-министрі болып сайланады.** 1917 жылдың соңында құрылған, құрамында М.Тынышбаев бар Алашорда үкіметі 1918–1920 жылдардағы азамат соғысы кезінде, екі жаққа бірдей соғыс алаңы болған туған жерді қантөгістен құтқаруға, қазақ елі дербестігін қалпына келтіруге, ең алдымен, елдің амандығын сақтауға бар мүмкіндікті пайдаланып бақты. М.Тынышбаев Алашорда үкіметінің басшыларымен бірге сол кезде бірінен соң бірі құрылып жатқан көптеген әр түрлі үкіметтермен (Уақытша Сібір үкіметі, Уфа директориясы, Колчак үкіметтері сияқты) келіссөздер жүргізіп, хат-хабар жазысады. Мақсаты – Алашорда, қазақ елдігінің тағдыр-талайы еді. Бірақ күн тәртібінде алғашқы кезекке ұлттық мәселе емес, таптық мүдделер қойылған шақта, Алашорда үкіметі көздеген мақсатқа жете алмады. Сондықтан оларға күннен күнге күш алып келе жатқан Кеңестік билікке берілуден басқа жол қалмады [2; 29–30].

**Мұхамеджан 1920 жылдан бастап Ташкент қаласындағы Қазақ халық ағарту институтында ұстаздық етті.** Содан кейін әр түрлі деңгейдегі шаруашылық қызметтерде болды. 1922 жылы Түркістан АКСР-і Су шаруашылығы басқармасында, 1924 жылы Ташкентте Жер суландыру бөлімінде, 1925 жылы Қызылорда қаласына шақырылды. Жаңа астана Қызылорда қаласын көріктендіру жүйесінің бас инженері болып тұрғанда қаланы сумен қамтамасыз ету жолын көрсетті және көптеген жаңа объектілер салу туралы ұсыныстар жасады. 1926 жылы Жетісу губерниясы атқару комитетінің Жол бөлімінде еңбек етіп, өзін білікті инженер-маман ретінде таныта білді. 1927 жылдан бастап Тұрар Рысқұловтың қолдауымен Түркістан-Сібір темір жолын салуға қатысады. Осы құрылыстың жобалаушысы, негізгі маманы болады. Тынышбаевтың кәсіби шеберлігі осы Түркісіб құрылысын салу барысында айрықша танылады.

**Мұхамеджан студент кезінде-ақ қоғамдық-саяси өмірге белсене араласады.** Сондықтан ол патша үкіметінің боданындағы туған халқының тағдыр тауқыметін өткір тілмен айтып, баспасөз беттерінде жиі-жиі мақалалар жазады. Патша үкіметінің үні саналатын Санкт-Петербургтегі «Ведомости» газетінің 1905 жылғы № 75-санында жарияланған «Қазақ даласындағы көшпелі ел тұрмысының мұқтаждығы туралы» деген мақаласында Мұхамеджан Тынышбайұлы Ресейдің орталық аудандарынан сахараның шұрайлы, нулы-сулы жерлеріне жаппай қоныс аударушы орыс мұжықтарының жергілікті көшпелі халықтың шаруашылығына нұқсан келтіріп, әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін күрт төмендетіп жібергендігін, санақшы-ғалым Щербина экспедициясының зерттеу мәліметтеріндегі қате тұжырымдармен келісуге мүлдем болмайтындығын сынай отырып, өз пікірін тәптіштеп дәлелдейді. Көшпелі халықты күшпен отырықшыландырып, «мәдениетке үйретудің» нәтижесі зиянды зардаптарға әкеліп соғатынын және ондай қисынсыз тәжірибенің тарихта аз қайталанбайтындығына көңіл аударады. Дер кезінде Ресейдің ішкі губернияларынан қоныс аударушылардың тасқынын тоқтатпайынша отарлау жүйесінің толқыны көшпелілерді жуып-шайып, таяу жылдардың әлетінде башқұрт халқына туған күннің бейбітшіл, меймандос қазақ елінің басына да төнері сөзсіздігін тілге тиек етеді ол [5; 20].

**Мұхамеджан институттың соңғы курсында жүргенде 1905 жылғы Төңкеріске қатысады.** Сол жылы өткен автономистерінің съезіне қатысып, онда «Қазақтар және азаттық қозғалысы» деген тақырыпта баяндама жасайды, өз халқының мұңын жеткізіп, Министрлер комитеті атына өтініш жолдайды. *«Бүкіл қазақ халқын жаппай құқықсыз дала пролетариатының күйіне душар еткізген үкімет саясатының жалпы және қысқаша сиқы міне осындай»* [6].

Жас саясатшының өз баяндамасында патша әкімшілігінің қол астына қараған шет аймақтардағы халықтарға жасап отырған озбырлық, адам төзгісіз сасық саясатын батыл әшкерелеуі атақты «Қарқаралы петициясы» талабымен үндесіп жатуы – халық деген қазақ азаматтарының әр жерде жүріп, бір мақсатқа қызмет еткенін айқын көрсетеді.

**М.Тынышбайұлы бірінші жиһангерлік соғыс өрті тұтанған дүрбелең жылдары қолына қалам алып, «Қазақ» газетінде бедерлейді.** Мәселен, «Соғысушы патшалар әскері», «Сүңгуір қайық», «Темір жол хәм Еуропа соғысы», «Соғыс кемелері һәм мина», т.б. көсемсөз мақалалар жазып, соғысқа араласқан ірі-ірі мемлекеттердің қару-жарағын, әскер санын, соғыс өнерінің жаңа сатыға көтерілген сапалық мүмкіндіктерін, қорғаныс қабілетінің деңгейін жазады. Осы уақытта ол ел бастайтын көсемінен, сөз бастайтын шешенінен, ту ұстап, тұлпар мінген батырынан айырылған, жауынгерлік өр рухы жасып, азаматтық сана-сезімі кеміген қиын шақта қамсыз, жайбарақат жатқан жұртына, қорғансыз қалың халқына айнала қоршаған аждаһа, аузын арандай ашқан арыстандарға жемтік болып, жұтылып кетпеу

жағын көп болып ойлап, толғанудың, түйсінудің мезгілі жеткендігін мегзеген сияқты көрінеді. Міне, осындай қилы кезеңде қазақты желіктіріп, құтыртып отырғандардың бірі деген сенімсіздікпен Мұхамеджанның үстінен Верный окружной соты прокурорының бұйыруымен іс қозғалады. Осыған байланысты ол сотқа жазған жауабының түсініктемесін жоғары мәртебелі Түркістан генерал-губернаторына жолдап, көшірмесін тергеушіге береді. Бұл құжатта Мұхаң орыс үкіметі тарапынан жергілікті халыққа жасап келген жүгенсіздігі мен бассыздық іс-әрекеттерінің 1916 жыл оқиғасының шығуына әкеліп соққан қысқаша тарихын өзі куә болған айғақтар мен дәйектемелер арқылы дәлелдеп, баян етеді [5; 20, 21].

**М.Тынышбаев 1916 жылғы 25 маусым Жарлығына қарсы шыққан халық көтерілісінің салдарын (Жетісудағы қанды қырғынды, халықтың Қытай асуын) күні бұрын-ақ болжап, көтерілісті болдырмауға тырысты.** Кейін осы көтерілістің зардабын жою ісіне белсене атсалысты. Ол 1916 жылғы көтерілістің ең басты себебі – жер мәселесі болып табылатындығын, оны туындатқан отарлық биліктің әділетсіз саясаты екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, босқындыққа ұшыраған халық жайында тарихқа өте құнды деректер жазып қалдырды [2; 28, 29].

М.Тынышбайұлы 1917 жылы Уақытша үкіметтің Жетісу облысы бойынша комиссары қызметінде жүргенде босқынға ұшыраған қырғыз бен қазақтың жоғын жоқтаушылардың бірі болды.

«Қазақ» газеті 1917 жылғы 11 тамыздағы нөмірінде оның Петроградқа үкімет орындарынан босқындарға ақшалай жәрдем сұрай барып, 5 миллион сом алып қайтқанын жазды. М.Тынышбайұлы мен «Қазақ» газетінің әрекеттері белгілі дәрежеде Құлжа қаласында Садық Ювашев бастаған 38 адамнан тұрған «Босқын қырғыздарға жәрдем комитетінің» құрылуына себепші болады. Комитет Ресей мұсылмандарына қайырылып, түскен жәрдем арнайы дәптерге тіркеліп, оның жұмсалуы туралы комитет басшылары «Қазақ» және «Уақыт» газеттері арқылы есеп беріп тұруға міндетті болды [7].

Ел басына күн туған алмағайып заманда бас сауғалап, шекара асып, Қытайға босқан қазақ-қырғыздардың саны туралы да мәліметті Тынышбаев қалдырғанын айта кету лазым: *«Қазақтың» 237-ші нөмірінде Қытайға босқан қырғыз-қазақтың саны 164 мың, қырылғаны 83 мың, Қытайда қалғаны 12 мың деп көрсетіліп еді»* [8; 5].

**М.Тынышбаевтың ғылыми еңбектері ұлттық мүдде тұрғысында жазылды.** Мұхамеджан 1920 жылы 1 қазанда Ташкент қаласында ашылған Қазақ халық ағарту институтына қызметке орналасып, осы оқу орнының аяғынан тік тұрып кетуіне көп еңбек сіңірді. Ол институт үшін ел арасынан қаржылай көмек жинауды ұйымдастырды және осы оқу орнында білім алу үшін Сырдария мен Жетісу облыстарынан қазақ жастарын жинады. Институтқа шақырылған Тынышбайұлы математика, физика, химия, түркі халықтары тарихи пәндерінен дәріс оқыды. Сонымен бірге ғылыми жұмыспен де белсене айналысты. Ол орыс география қоғамының Түркістан бөлімінің, Қазақстанды зерттеу қоғамының «Талап» ұйымының мүшесі болды [9; 614].

Бір жолы Мұхамеджанның қолына А.П.Чулошниковтың қазақ халқы тарихына қатысты еңбегі түседі. Көкірегі көмбе, білімпаз жан осы кітаптағы ұлтының намысына тиетін пікірлерге қарсы сын жазып, академик В.В.Бартольдке жібереді. Ғұлама ғалым Тынышбайұлына қатты риза болып, қазақ халқының тарихын жазуға кеңес береді, ең болмаса болашақ зерттеушілер үшін тарихи деректер мен материалдарды жазып қалдыруға ақыл қосады [5; 21–22].

Халқымыздың тарихының күрделі, бұрын зерттелмеген кезеңдеріне арнап, дерек көздері бай, ғылыми тұрғыдан негізделген іргелі еңбектер жазады. Оның тарихты терең түсіне білгендігі, зерттеушілігі, қазақ халқының өміріне, кейінгі тағдырына әсер еткен ірі оқиғаларды түпқазық етіп алып, жүйелі түрде қарастыруынан байқалады. Бұл пікірге атақты ғалымның еңбектеріндегі «Қырғыз-қазақ руларының шежіресі», «Қырғыз-қазақтың шығу тегі», «Қазақ» этнонимі туралы», «Алтын Орданың күйреуі және Қазақ хандығының құрылу тарихы», «Ақтабан шұбырынды» секілді, тағы басқа тақырыптағы еңбектері дәлел бола алады. Қазақ тарихының көне дәуірі, орта ғасырлар кезеңі, жаңа заманы ретінде жеке қарастыратын күрделі мәселелерді кеңінен қамтуға талпынысы М.Тынышбаевтың өзіндік қалыптасқан тарихи көзқарасы бар екендігін аңғартады. Оның еңбектері ұлттық мүдде тұрғысында жазылуымен ерекшеленеді. Ол қандай да бір халықтың тарихын жазу үшін сол ұлттың тілін, салт-дәстүрін, мәдениетін жетік меңгеру керек деген принципті берік ұстанды және бұл принципті өзге зерттеушілердің ұстануын талап етті [9; 614].

Тарихшы-ғалымның белгілі еңбектері кезінде жеке кітап болып, кейде жоғарыдағы қоғамның жинақтарында басылып шығып тұрған. Қашанда болсын жаңа істің жанынан табылып, жауапты жұмыстарды басқару оның пешенесіне жазылған тағдыры іспеттес қызық жайлар сияқты. Ұлт зиялысының қазақ ру-тайпаларының тарихын зерттеуге үлес қосуы. Талай ғасырдың аумалы-төкпелі оқиғаларын басынан кешірген қазақ халқының тарихын зерттеу үшін алдымен қазақ рулары мен тайпаларының тарихын білу керек. Ал отар елдің тарихын отарлаушы халық жазады демекші, кешегі кеңестік дәуірде тарихымызды басқа елдің тарихшылары, шенеуніктері жазған болатын. Ал халқымыздың өз ішінен шыққан зиялы азаматтарымыз тарих, мәдениет және т.б. тақырыптарға еңбектер жазып, зерттеулер жүргізгендігі үшін қудаланды. Ата-бабасының тарихын, шежіресін жастайынан үйренген зиялы азаматтарымыз еңбектерінің өте құнды екендігі мәлім. Қазақ тарихына, мәдениетіне, оның ішінде шежіреге қатысты еңбектер жазған зиялылар – Шоқан Уәлиханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейханов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Мұстафа Шоқай. Сөз жоқ, қазақ зерттеушілерінің арасынан ру-тайпалардың тарихын зерттеуге үлкен үлес қосқандардың бірі – Мұхамеджан Тынышбаев. Ол – қазақ тарихының, соның ішінде этникалық мәселелерді зерделеген бірнеше зерттеудің авторы. Өзі кәсіпқой тарихшы болмаса да туған елінің өткеніне, шығу тегіне, ру-тайпалық құрылымына үлкен мән беріп, жиған-тергендерін хатқа түсіріп, ой-тұжырымдарын жазып кеткен. Тарихшы-ғалым өз ізденістерін жүргізуде орыс зерттеушілерінің, соның ішінде В.В.Вельяминов-Зерновтың, А.И.Левшиннің, Н.А.Аристовтың еңбектеріне сүйенді. Осы зерттеушілердің шығармаларындағы ой-тұжырымдарға сын көзбен қарап, кемшіліктері мен олқылықтарын ашып көрсеткен. Ғылыми талдаудың негізінде салмақты да салиқалы пікір танытқан: *«Қазақ халқының тарихы жөнінде мейлінше көп жазылды. Жалпы, қазақтың әрбір руының шежіресін алдын ала*

*зерттеп алмай және олардың қай уақытта басқа қай ру-тайпалармен қарым-қатынас жасағанын анықтамай тұрып, қазақ халқының тарихи тағдырының тұтас бейнесін көз алдыңа келтіру мүмкін емес. Сондықтан біз жекелеген рулардың шежіресін хронологиялық тәртіппен қысқаша мазмұндауды мақсат еттік»* [11].

Жетісулық ғалым зерттеуінде қазақты құраған рулар мен тайпалардың тарихына жеке-жеке тоқталып, олардың әрқайсысының шежіре-кестесін, ұрандарын анықтап жазады. Еңбектен мынадай жолдарды оқимыз: «Қазақтардың үш жүзден құрылғаны мәлім: Ұлы, Орта және Кіші жүздер.

Ұлы жүзді құрайтындар: а) Үйсін (тармақтары – Дулат, Албан, Суан, Сарыүйсін), оған қосылғандар: Шапырашты, Ошақты, Ысты және Сіргелі; ә) Жалайыр; б) Қаңлы, оған Шанышқылы қосылған.

Орта жүзді құрайтындар: а) Арғын; ә) Найман; б) Қыпшақ; в) Қоңырат; г) Уақ; д) Керей. Кіші жүзді құрайтындар: Алшын, ол үш топтан тұрады: а) Байұлы (адай, беріш, алтын, жаппас, есентемір, таз, байбақты, тана, масқар, алаша, қызылқұрт, шеркеш және ысық); ә) Әлімұлы (әлім, шөмекей, немесе шөмен, және кете); б) Жетіру (табын, тама, жағалбайлы, телеу, кердері, керейт және рамадан) [11; 9]. Автор жүздердің шығуы ерте кездермен, дәлірек айтсақ, Алтын Орда кезеңіне сәйкес келетіндігі туралы пікір білдіреді. Осыған орай өз ойын былайша түйіндейді: *«... Наймандардың Шайбақтар қарамағына өтуі 1320–1330 жылдары шамасы болуы ықтимал, яғни Хайду хан өлген соң бірнеше жыл өткеннен кейін. Шамасы, бұл Үгедей мен Шағатай ұрпақтарының өзара қырқысы кезінде болған сияқты. Жошы ұлысының (Алтын Орда) Батыс бөлігін Батудың ұрпақтары, Шығыс бөлігін Семей облысы мен Балқаш көлімен, Қаратауға дейінгі аралықты (Ақ Орда) Орда-Еженнің ұрпақтары, ал орта бөлігін, Арал немесе Көк теңізден солтүстікке дейінгі аралықты (Көк Орда) Шайбақтың ұрпақтары биледі десек, онда наймандар шамасы қазіргі Атбасар, Ырғыз үйездерін мекендеп, Әмудария мен Сырдарияның төменгі ағысын мекендеген хорезмдік ұйғырлармен көрші тұрса керек»* [12; 5–6].

**Әрбір жүздің ру-тайпалық баянында Мұхамеджанның өзінің тайпасы Наймандар туралы біршама жазылған.** Ғалымның Наймандар жөнінде берген мәліметтері тайпаның тарихын терең зерттеуге мұрындық болады. Тарихи деректерге негізделіп баяндалған Наймандар жайлы жазбасында автор оларды моңғол текті тайпалардың қатарына жатқызады: *«VIII ғасырдағы қытай деректерінде Наймандар Байкал көлінің оңтүстігін мекендеген тайпа ретінде аталады. Олар 850 жылдары бір жағы Орхон өзенінің жоғары сағасынан Тарым алабына дейін және екінші жағы Қара Ертіске дейінгі жерді алып жатты. Наймандар орналасқан географиялық жағдайдың өзі олардың үнемі моңғолдармен бірге тұрғандығын байқатады. Олардың батысын мекендеген арғындардың өзін ғалымдар моңғолдарға жатқызса, онда Наймандарды моңғол тайпасына жатқызу көңілге қонымдырақ саналады»* [12; 5].

М.Тынышбаев орта ғасырларда Наймандардың ұлыстардың қоғамдық өмірінде айтарлықтай орын алғандығын Әбілғазының, Мұхамед Салихтың, т.б. еңбектеріне сүйене отырып, дәлелдейді. Өз ойын автор: *«Алтай 100 жыл бойы (1500-ден 1600-ге дейін, тіпті 1625 жылға дейін) Марыдан Балқашқа дейінгі Сырдың төменгі ағысында және одан да арғы елдің өмірінде наймандар ірі саяси рөл атқарады. Шамасы, олар басқа да ру-тайпалардан сан жағынан көптігіне арқа сүйесе керек»* [12; 6], деп қорытындылаған. Наймандардың қоғамдық өмірдегі белсенділіктері мен елеулі рөлін олардың санының өзгелерден басым тұруымен түсіндірген.

Қазақ хандығының құрамына енгеннен кейінгі наймандардың көші-қон аймағын ғалым: *«1680 жылдары Наймандар бір жағы Қаратаудан, Әулиеата тауынан Ташкентке дейінгі, екінші жағы Арыс өзенінің Сырдарияға құйғанына дейінгі жерді алып жатты. Біраз бөлігі Сырдарияның сол жағалауын мекен етті»* [6, 7], – деп көрсеткен. Наймандардың орналасқан аумағын айқындауда тарихшылар М.Тынышбаевтың осы пайымдауын басшылыққа алады.

Мұхамеджан XVIII–XIX ғасырлардағы Наймандардың ата қоныстарын көрсете отырып, олардың Семей, Жетісу өңіріне көшіп кеткендеріне назар аударады. *«1758 –1760 жылдары Наймандар Қарқаралы үйезіндегі Тоқырауын өзенінен бастап, Алтай мен Жоңғар Алатауына дейінгі аумақты алып жатты; соңғы жылжу 1810 жылы шамасына сәйкес келіп, осы кезде Наймандар Қарқаралы үйезі мен Шыңғыстауды тастап, оңтүстік-шығысқа жылжыды»* [12; 7], – деп жазғаны айтқан ойымызды бекіте түседі. М.Тынышбаев Қазақ хандығының құрылған уақытын 1456 жыл деп санайды. Осындай тұжырымға келуде ғалым Мұхамед Хайдардың «Тарих-и Рашидиіне» сүйенеді. Тарихшы хандықтың күшейген кезін 1465 жыл деп есептейді. Сөзіміз дәлелді болу үшін Мұхамеджанның жазғанын келтірейік: *«... Өзбек ханы Әбілқайыр өлген соң (1465 жыл шамасы) Жәнібек өз Арғындарымен Еділдің төменгі сағасына кетіп, сонда тұрақты ордасы Астраханды салған десек, біз қателеспейміз»* [13].

**Кейбір тарихшылар осы көрсетілген уақытты Қазақ хандығының күшейген емес, құрылған жылы деп қабылдайды.** Өкінішке орай, Қазақ хандығының құрылу уақыты тарихнамада даулы мәселе болып табылады. Өйткені зерттеушілер Қазақ мемлекеттігінің құрылған уақытына келгенде әр түрлі көзқарас танытады. Осыған орай, Қазақ хандығының құрылу мерзімі туралы ғылымда ортақ тұжырым әлі қалыптаспаған [14].

М.Тынышбайұлының қазақ халқының тарихына арнаған белгілі еңбегінде келтірілген жаңаша пікірлерді қазіргі тарихнамадағы зерттеулер дәлелдеп жатыр. Әрине, кез келген ғылыми еңбектегі сияқты оның үстірт пікірлері де жоқ емес, оны ғылыми сүзгіден өткізу қазіргі тарихшылар алдында тұрған міндеттердің бірі. Тарихи білімі болмағанымен, оның жоғары білімді адам ретінде жалпы ғылыми әдістерді терең меңгергенін көруге болады. Тарих ғылымында қолданылатын жүйелік талдау, салыстырмалық, тарихилық болжам жасау, оны тексеру сияқты ғылыми әдістер қолданылған. Автордың сол кезде жасаған тұжырымдарына қазіргі зерттеушілердің көбі сілтеме жасайды.

М.Тынышбаевтың әмбебап ғалым ретінде тарих, археология, этнография мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналасуы:

М.Тынышбайұлы әмбебап ғалым ретінде сансалалы өлкетанушылық еңбектер жазған. Ол қазақ шежіресін зерттеумен қатар, қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресінің тарихына арналған «Ақтабан шұбырынды» атты шығармасын, «Көксу үйіндісі және Баласағұн қаласы», «Сырдария және Жетісу губерниясындағы қалалардың, бекініс, қорғандардың іздері», Ежелгі Иланбалық (Іле Балық) қаласының орны туралы» деп аталған өлкетанушылық

мазмұндағы еңбектерін жазып, жариялаған. Айта кетерлік жайт, М.Тынышбаевтың тарихшы ретінде білгірлігі оның «Отзыв о труде А.П.Чулошникова по истории казак-киргизского народа» [15] атты еңбегінен айқын көрінеді. Ол мұнда аталған тарихшының қазақ халқын құраған «қоңырат», «жалайыр», «найман», «керей» руларының тағдырындағы Шыңғысхан рөлі туралы көзқарастарындағы қателіктерді орынды байқаған. Мысалы, мұнда М.Тынышбаев деректер негізінде қоңырат руының Шыңғысханға шеше жағынан туыстығын, ал Шыңғысханды керей тайпасынан шықты деген А.П.Чулошников көзқарасының тарихи деректер тұрғысынан негізсіздігін, сондай-ақ аталған тарихшының Шыңғыстың наймандармен одақ жасағаны туралы көзқарасының да қателігін атап көрсеткен. Ғұлама ғалым «Ақтабан шұбырынды (қазақтардың азапты босулары мен айбынды жеңістері)» атты еңбегінде [16] үш жүздің «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары бас қосқандығын айта келіп, ынтымақтастықтың арқасында Аңырақай шайқасында қазақтардың жеңіске жеткендігін баса көрсетеді: *«Ә.Диваев келтірген екінші аңыз бойынша, қалмақ қырылған жеңістен соң соғыс тағы да 3–4 жылға созылады. Бұл екінші ұрыста да қалмақтар орасан жеңіліске ұшырап, сол ұрыс болған жер (қалмақты аңыратқан соң) «Аңырақай» аталып кетеді. «Ақсақалдардың айтуынша, – дейді Диваев, – «Аңырақай» Арал теңізінің солтүстігіндегі таудың Алакөл жағында жатқан «Итішпес» көлінің жанындағы жер».* Аңырақай жеңісі туралы аңыз Пішпек, Алматы уезінің қазақтары арасында да сақталған. Бірақ, бұл аңыз бойынша, «Аңырақай» Диваев көрсеткен жақта емес. Балқаштың оңтүстікке сұғынған айдынынан оңтүстік-шығысқа қарай 12 шақырым жердегі «Итішпес» Алакөлдің қасында. Енді осы Алакөл шығанағының оңтүстігінде «Әбілқайыр», «Сұңғайты» таулары, «Ақсүйексай», атақты «Хантау» созылып жатыр. Осы тауларда «Үлкенордақонған» және «Кіші орда қонған» шатқалдары бар (екі орданың хандарының шатырлары тұрған жер). Бізде бұл кезеңді қамтитын бұлардан басқа аңыздар жоқ. Бірақ бізге ендігі жерде шатқалдардың географиялық аттары көмекке келеді. Көшпелілердің, әсіресе, қазақтар мен қырғыздардың, шатқалдарға, сонда өткен үлкен оқиғаларға байланысты ат беріп отыратын ерекше қасиеті бар. Осы ретте, біріншіден, Шымкенттен батысқа қарай 30 шақырым, «Бадам» станциясынан 5 шақырым жердегі Ордабасы атты кішкене таудың маңызы зор. Кеңес үкіметі М.Тынышбаевты ғана қуғындаумен шектелген жоқ. Оның балаларын, туыстарын, жерлестерін, тіпті М.Тынышбаевты өмірі көрмеген адамдарды да қуғынсүргінге салды. Мәселен, оның 1921 жылы тырысқақ ауруынан қайтыс болған алғашқы зайыбы Гүлбаһрам Шәлімбековадан туған тұңғышы Ескендір Тынышбаев *«Алаш Орда тапсырмасын орындаушы»* деген айыппен 10 жылға сотталды. М.Тынышбаевтың осы зайыбынан көрген қыздары Фатанад-бану (Фатима) мен Динарзада да зұлмат жылдардың зұлымдығын көп көрді [2; 31, 32].

**Ескендір Мұхамеджанұлы ұзақ өмір сүрді.** Ол қазақтан шыққан тұңғыш кинооператор және деректі фильмдер режиссері болды. Бұл күндері ортамызда жоқ. Ғалымның бірлі-жарым шағын рецензиялары, мақалалары ұзақ жылдар бойы осы Ескендір Тынышбаевтың қолында сақталып келген. Олар: *«Следы древних городов, крепостей, курганов в Сыр-Дарьинской и Джетысуйской губерниях»* [19]; *«О местонахождении древнего города Илан-Балыка (Или-Балыка)»* [20]; *«Предания о казахском хане Тауке и батыре его Алдыяре»* [21].

Тек елімізде жүзеге асырылып жатқан оң саясат шапағаты арқасында М.Тынышбайұлының Алматы қаласындағы тұрған үйіне мемориалды тақта орнатылды. Қазақ көлік және коммуникация академиясына (сонда 2000 жылы ескерткіш-бюст орнатылған), көшеге, Алматы облысы Сарқант ауданының бір ауылына Тынышбаев есімі беріліп, Сарқант қаласында оның ескерткіші қойылды. Осы ғана көңілге медеу, болашаққа сенім туғызады.

Иә, қазақта халқы үшін жанын құрбан еткен Мұхамеджан Тынышбаевтай есіл ерлеріміз аз емес. Ал, сол Алаш арыстарының ерлігіне бас иіп, олардың еңбегін кеңінен насихаттау – бүгінгі ұрпақтың парызы!

## ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Садықбай Ж.** Мұхаметжан Тынышпаев // Қазақ. – 2010. – 27 тамыз. – № 34–35 (495–496). – 8-б.

2.**Қуандық Е.С.** Қазақстан тарихы. (Кеңес дәуірі және тәуелсіз Қазақстан): Оқулық. – Алматы: «Дәуір» ЖШС РПБК, 2012. – 512-б.

3.Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық. – 1-к. Деректерді жинақ., баспаға ұсынғ.: Ә.Көпіш, Г.Мұзафарова. – Алматы: Өнер, 2011. – 95, 96-б.

4.Жетісу. Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2004. – 596-б.

5.Қызыл қырғын / Құраст. Қ.Қасенов, Ә.Төреханов. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 80-б.

6.**Тынышбаев М.** Қазақтар және азаттық қозғалысы (Автономшылар одағының 1-ші Съезінде 1905 жылғы 19 қарашада оқылған баяндама) // Жұлдыз. – 2003. – № 4. – 201–203-б.

7.**Қойгелдиев М.** Алтынның сынығы // Ана тілі. – 1991. – 1 тамыз. – 5-б.

8.**Тынышбайұлы М.** Босқын қырғыз-қазақ жайы // Ана тілі. – 1991. 1 тамыз. – 5-б.

9.Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. –8-т. / Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., – 704-б.

10.**Тынышпаев М.** Материалы к истории киргиз-казахского народа / История казахского народа: Учеб. пособие. – Алматы: Санат, 2002. – С. 66–152.

11.**Тынышбаев М.** Қазақ тарихына материалдар: Қазақ руларының шежіресі / Орысш. ауд. Ә.Салықбай // Қазақ тарихы. – 2009. – № 5 (98). – 9–11-б.

12.**Тынышбаев М.** Қазақ тарихына материалдар: Қазақ руларының шежіресі (жалғасы) / Орысш. ауд. Ә.Жұмабекұлы // Қазақ тарихы. – 2010. – № 2 (101). – 5–7-б.

13.**Тынышбаев М.** Қазақ тарихына материалдар: Қазақ руларының шежіресі (жалғасы) / Орысш. ауд. Ә.Салықбай // Қазақ тарихы. – 2009. – № 6(99). – 3–7-б.

14.Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Найман. – Х-т. – 2-к. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, – 240-б.

15.**Тынышпаев М.** Отзыв о труде А.П.Чулошникова по истории казак-киргизского народа / История казахского народа: Учеб. пособие. – Алматы: Санат, 2002. – С. 49–66.

16.**Тынышбайұлы М.** Ақтабан-шұбырынды. (Қазақтардың азапты босулары және айбынды жеңістері) // Ана тілі. — 3 мамыр. – 4–5-б.

17.**Ахмедов Ғ.** Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. – Алматы: Жалын, 1996. – 68-б.

18.**Тоғысбайұлы Б.** Тынышбаев пен Голощекин (хикая) // Парасат. – 2007. – № 4. – 24–28-б.

19.**Тынышпаев М.** Следы древних городов, крепостей, курганов в Сыр-Дарьинской и Джетысуйской губерниях / История казахского народа: Учеб. пособие. – Алматы: Санат, 2002. – С. 197–200.

20.**Тынышпаев М.** О местонахождении древнего города Илан-Балыка (Или-Балыка) / История казахского народа: Учеб. пособие. – Алматы: Санат, 2002. – С. 205.

21.**Тынышпаев М.** Предания о казахском хане Тауке и батыре его Алдыяре / История казахского народа: Учеб. пособие. – Алматы: Санат, 2002. – С. 217–220.

# МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

*(Архив және ХХ ғасыр басындағы мерзімді баспасөз деректері негізінде)[1]*

**Данагүл МАХАТ,**
**Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының «Деректану және қолжазба мұралар» бөлімінің бастығы, тарих ғылымдарының докторы**

Түбі бір түрік халықтарының тарихын жақсы білген, тарихтан дәріс оқып, жас ұрпаққа сабақ берген қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев Бірінші Дүниежүзілік соғыс қарсаңында 1915-1916 жылдары түрік халқының Чанаккале жерінде болған азаттық соғысында, алыста азап шеккен туыстас бауырларға арнап «Алыстағы бауырыма» өлеңін жазды. Түрік бауырларымен бірге қайғырып, кешегі бейбіт күнді аңсады:

*Япырай емес пе еді алтын Алтай*
*Анамыз бізді тапқан, асау тайдай,*
*Бауырында жүрмеп пе едік салып ойнақ,*
*Жүзіміз емес пе еді жарқын айдай?!*
*....*
*Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,*
*Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа*
*Лайық па құл боп тұру? Жүр, кетелік*
*Алтайға, ата мирас алтын таққа* [ 1, 44-46-бб.] – деп жыр арнаған ақынды түрік халқы жақсы көріп, құрмет тұтады. Алаштың Мағжан ақынының құрметіне 2018 жыл – Түркия Республикасында Мағжан Жұмабаев жылы болып жарияланып, атаулы жыл аясында әр түрлі іс-шаралар өтті.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің Еуразия ғылыми-зерттеу институты Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Отырар кітапханасы» Ғылыми орталығы ғалымдары ұсынған «Түркі дүниесіне ортақ тұлға» (Ағартушы, ақын, аудармашы, публицист Мағжан Жұмабаев) тақырыбындағы бір жылдық[2] ғылыми жобаны қаржыландырды.

Жоба аясында 2018 жылдың 13-14 желтоқсаны күндері Түркия Республикасы Мимар Синан көркем өнер университеті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы ұйымдастыруымен Түркия Республикасының Ыстамбұл қаласындағы Мимар Синан көркем өнер университетінде «Туғанына 125 жыл толуына байланысты «Қазақ-түрік достығын жырлаған алаш қайраткері Мағжан Жұмабай және шығармашылығы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми симпозиум өтті. Атаулы жыл аясында атқарылып жатқан игілікті іс-шаралардың қорытындысы іспетті болған Халықаралық ғылыми симпозиумды желтоқсан айында өткізуіміздің де өзіндік себептері бар еді.

Мағжан Жұмабаев 1929 жылдың 14 шілдесінде тергеушілерге берген жауабында*: «...1917 жылдың соңында Орынборда өткен Бүкілқазақтық бірінші құрылтайда, «Алашорда» үкіметі құрылғанда 5 адамнан тұратын, оның ішінде Омаров, Шонанов, мен және тағы басқа бір адам бар (Міржақып Дулатов болатын – Д.М.) оқу-ағарту комиссиясының мүшелігіне сайландым»* [2, 36-б.], – деп атап көрсеткеніндей, ол Алаш қозғалысына қатысқан қайраткер тұлға. Мағжан Жұмабаев қатысқан ІІ Жалпы қазақ съезі 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында өтті. 13 желтоқсан – осы съезге қатысқан қазақ зиялыларының маңызды қорытындыға келген күні, Алаш қозғалысы тарихының жарқын беттерінің бірі, сонымен қатар ата-бабамыз армандаған қазақ елінің – Тәуелсіздік күні қарсаңы.

* * *

**Мағжан шығармашылығына шабуыл 1929 жылдан ертерек басталды[3].** «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы № 277 санында Мағжанның өлеңін сынаған мақала жарыққа шықты, оған қарсы жауап ретінде осы басылымның № 283 санында Мағжанның «Менің жауабым» деген мақаласы, 1923 жылғы шыққан жинағына «Алғысөз» жазған Сұлтанбаек Қожановтың қателігін мойындап жазған [3, 180-181-б.] мақаласы қатар басылды. Ғаббас Тоғжанов бастаған партия сыншылары, барлығы 17 адам: *«Тұраршыл болу, Тоқпақшыл болу бізге жол емес. Ешкімнің қол шоқпары бола алмаймыз. Жолымыз ленинишілдік жолы. Осы жолмен бізді кім бастаса, біз соған серік, соған жолдас»* [4],– деп үндеу тастады. 1927 жылғы «Еңбекші қазақ» газетінің №1 санында Сәбит Мұқанов «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім» деген мақала жазып, Мағжан, Қошкелермен идеялық жағынан біріге алмайтынын ашық айтты.

Мағжан Жұмабаев шығармашылығын жоғары бағалаған және одан жастардың оқып, тағылым алуын қолдаған, алаштың жас буыны Смағұл Сәдуақасов еді. **Ол Абай заманын, «Батыр Баянды» жатқа айтатын жастардан ұлтқа жанашыр азаматтар шығады деп үміт артса, коммунист, солақай, айқайшыл жастарды сынға** [5] алып отырды.

1928 жылдың 25-29 сәуірі аралығында Қызылорда қаласында өткен БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитеті мен Өлкелік Бақылау Комиссиясының Біріккен пленумы: *«ұлтшыл интеллигенцияның монополиясын батыл жою үшін оқулық және принципті маркстік әдебиетті жасау, баспасөз органдарының құрамын саяси даярлығы бар партия мүшелерімен, әсіресе, қазақтармен күшейту қажет»* [6, 21-б.] деген қаулы алды.

Коммунистердің отаршыл саясатына қарсы бас көтерулер болып тұрғанын тәуелсіздіктен кейін біліп отырғанымыз белгілі. **Бүгінгі күнге дейін, ғылыми әдебиетте айтыла бермейтін, жастардың**

---

[1] Мақала Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институтының «Түркі дүниесіне ортақ тұлға» (Ағартушы, ақын, аудармашы, публицист Мағжан Жұмабаев) тақырыбындағы ғылыми жобасы аясында жазылды.

[2] 2018 жылдың 1 қазанынан – 2019 жылдың 1 қазанына дейін.

[3] «Үш жүз» партиясы 1917 жылдың 19 қазаны күні Мағжанды абақтыға жапты. Ақын «Үш жүздің» түрмесінде 1918 жылдың май айына дейін отырған. 1924 жылдың соңына таман Мәскеуде Н.Төреқұлов, Ғ.Мұратбаев бастаған алпыстан астам қазақ зиялылары жиналып, ақынның 1922 жылы Ташкент қаласында шыққан жинағын талқылып, оған өткенді көксейді, ұлтшылдықты дәріптейді деген саяси айып тақты, еңбектерінің жарияланбауын талап етті.

**«Қазақшылдар» деген ұйымы Шымкент қаласында бас көтерген.**

**«Қазақшылдар» ұйымы алаш зиялысы Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» өлеңімен үндес «Көтер қазақ басыңды!» (немесе «Оян, қазақ!») деген үнпарақ таратып, халықты отаршылдарға қарсы саяси күреске шақырған.** Үнпарақ алғашқы нұсқасында қазақ тілінде жазылып, жарияланған. Кейін партия тыңшылары қолдарына түсіріп, орыс тіліне аудартқан. Біздің қолымызға Қазақстан Республикасы мұрағатындағы орыс тіліне аударылған нұсқасы түсті. Үндеу 6 пункттен тұрады. Оның қысқаша мазмұны төмендегідей:

## «КӨТЕР, ҚАЗАҚ, БАСЫҢДЫ!» (НЕМЕСЕ «ОЯН, ҚАЗАҚ!»)

*– Қазан төңкерісі ұлттардың өзін-өзі басқаруына құқық бергелі 11 жыл өтті, өзін-өзі басқару құқығын алған ұлттардың бірі – Қазақ автономиялық республикасы, алайда қазақтар ұлттық еркіндік алған жоқ, бүгінгі күнге дейін оларды орыс бұзақылары басқарып отыр ...*

*– Олар алдына әлемдік революцияның авангарды болуды мақсат етіп, Қазақстанда әр түрлі науқандар ұйымдастыруда, соның бірі астық дайындау науқаны.....*

*– Қазақстан еңбекшілері әлі де отарлық езгіде, бір ғана мысал, қазақ өзі үшін, өз мүддесі ескерілген бір заң жобасын жасап па еді?! Жоқ!*

*– Оқу орындарындағы қазақ жастарына тәрбие беру – орыс мәдениетіне бағындыру принципіне негізделген. Жастарды мәдени дамуға жетелеу дегендері қазақты алдау.*

*– Қазақ жастары! Біздің ұлттық принципімізді ұмытпаңдар! Жолдан тайып, орыс авантюристеріне ерсек, қапы қалғанымыз!*

*– Отаршылдар «Қазақстандыру» деген жалған ұран көтеруде, оған дәлел билік басына кілең орыс ұлтының өкілдерін отырғызуы. Қазақ халқының ең болмағанда, мыңнан бір тілегі орындалып отыр ма?!*

*– Николай патша кезіндегі саясат салдарынан өз жерлерінен қуылып, қазақтың тауы мен орманына орналасқандармен арадағы реніш Қазан төңкерісінен кейін ұмытылар деп едік, алайда ол бұрынғыдан да ушыға түсті...*

*Қазақтар ешқандай да теңдікке жеткен жоқ. Оған фактілер дәлел.*

*«САНАЛЫ АЛТЫ АЛАШ» өкілдері орыс авантюристері мен қазақты сатқандардың жәбірлеуіне қарсы, ашық саяси күреске шақырады!*

*«Жасасын әділ «Алаш» ұйымының бірлігі!»*

*«Қой терісін жамылған қасқырлар, қан сорғыш орыс авантюристеріне өлім!»*

*«Қазақ ӘЛЕУМЕТІНІҢ бірлігі жасасын!»*

*«Жасасын «ҚАЗАҚШЫЛДАР» ұйымы!»*

*«ҚАЗАҚШЫЛДАР» ұйымы. Шымкент қаласы* [7, 119-п.].

Бұл дерек «Ф.Голощекиннің жеке материалдары» деген бумада, Қазақстан Президенті мұрағатының 141-қорында сақтаулы.

Коммунистік партия белсендісі Ә.Байділдин: *«Ерте кезде Түркияда Әбдіхамит сұлтанның заманында «Жас Түрік» атты ұйымдар болған. Олар жастар қозғалысына басшылық етіп, жаңа пікір таратпақшы болған. Жалғыз түрік емес, өзіміздің қазақтада сол болды ғой. 1914-1915 жылдарда, әсіресе, 1917 жылдан кейін, «Алаш орда» кезінде қазақ елінің әр жерінде-ақ «Жас қазақ» ұйымдары ашылған болатын. Бірақ, олардың дені жас қазақ тонын жамылып алып, «қарт қазақтың» пікірін таратқан болатын»* [8],– деп жазды. Партиялық жауапты қызмет атқарған Ә.Байділдин сөзінен, ресми биліктің жастардың бас көтерулерінен сескеніп, ұлттық бағыттағы шығармаларға қарсы күресті үдете түскенін байқалады. Жастар мәселесін көтеріп, баспасөзде пікір білдірген, өлең арнаған С.Сәдуақасов пен М.Жұмабаев шығармашылығына қарсы саясиидеологиялық күрестің үдете жүргізілуі де соған дәлел. С.Сәдуақасов өзінің 1929 жылы «Огонек» баспасынан шыққан «Жас Қазақстан» деген кітабында қазақ ақынжазушылардың еңбектерін орыс тіліне аударып, соңғы уақыттағы Қазақстан жазушыларының көркем сөздері деп, Мағжан, Мұхтар, Жүсіпбек және басқалардың еңбектерін бергені және кітаптың алғысөзінде алаш ордашылардың шығармаларын мақтағаны [9] үшін қуғындалса, Мағжан Жұмабаев:

*Қалың елім, қалың қара ағашым,*
*Қайраты мол, айбынды ер алашым,*
*Сырың берме әлі-ақ құлар, сабыр қыл,*
*Ақымақтар байқамай жүр шамасын! –*

деп төңкеріске қарсы жазған «Сағындым», сондайақ, «Бостандық», «От», «Күншығыс», «Пайғамбар», «Жолдасқа», «Жаралы жан» өлеңдері үшін ұлтшыл, байшыл атанды. Коммунистер Мағжанның кертартпа, байшыл ақын екендігі жалғыз Қазақстанға ғана емес, бүкіл Кеңестер одағына, жер жүзіне белгілі [10] деп жазды. Алаштың азаматтары әлі аттан түсе қойған жоқ [11, 15-б.] деп, олардың өзімен де, идеясымен де күресті. Одақтық пролетариат ықпалынан шығып, өз алдына мұсылман елінің коммунист партиясын жасауға немесе Шығыстық Кеңес елінде Түрік жұртының құрамасын жасауға ұсыныс кіргізген беталыс бар[4], түрікшілдік пікір партия ұйымдары арасынан жақтастар, ниеттестер тауып, коммунистердің билігіне қауіп төндіреді [12] қашанда болсын, ұлтшылдар, байшылдар «түрік» туын қолына алып, «күншығыс» деп келді [13] деген **кеңестік коммунистер Татарстандағы сұлтанғалиевшылдыққа, Башқұртстандағы уәлишілдікке, Қырымдағы ыбырайымшылдыққа, Өзбекстандағы діншілдікке, қазақ әдебиетіндегі Мағжаншылдыққа, түрікшілдікке қарсы тұрды.** XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі түрікшілдік пен исламшылдық (жадидшілдік) идеялары ағартушылық сипаттағы, ғылыми-философиялық, этикалық мектеп, басқаша айтқанда мәдени бірігу жолындағы күрес тәсілі [14, 15-б.] болатын.

Осы кезде Мағжан Жұмабаев өлеңдері Париж қаласынан шығып тұрған Мұстафа Шоқайдың «Жас Түркістан» журналы арқылы, түркі тілдес халықтар арасына ғана емес, еуропа елдеріне де тарап жатты. «Жас Түркістан» журналының 1929 жылғы № 1 санында *«... атамекеніміздің түкпір-түкпірінде жастарымыздың жадында жатталып, аузынан түспей айтылып келе жатқан дұғадай қасиетті өлең»* [15 , 30-32-б.] – деп «Түркістан» өлеңін басты.

1930 жылғы № 3-4 санына «Алыстағы бауырыма» деген өлеңін басып, *«Мағжанның «алыстағы бауыры» Анадолы түріктері екені кімге де болса белгілі. … Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт-азаттығымызды аламыз. Мәскеудің «азабынан» құтылып, ұлтазаттығымызға тезірек қол жеткізетін бірден-бір дұрыс жол – түрікшілдік жолы. Міне, сондықтан да Мағжанның «Алыстағы бауырыма» деп аталатын өлеңі түрікшілдік идеясы үшін ең құнды және ең пайдалы өлең»* [16, 60-62-бб.] – деген пікір білдірді. Ұлт зиялысы Мұстафа Шоқай: *«Батыс білімін» «Шығыс*

---

[4] Сұлтанғалиевшылдық, рысқұловшылдық

*рухымен» ұштастыру үстіндегі Түркия тәжірибесі біз үшін аса құнды, дүние тарихында бұрынды-соңды көтерілмеген жетістіктердің түпкі себептері – Түркия ұлттық күштерінің Еуропа тәрбиесін алған түрік зиялылары мен шығыс зерделі зиялылары түркі менталитетін сәтімен үйлестіре алуында»* [17, 157-б.] – деп түсінді. Әрине, **Мағжан Жұмабаев шығармашылығының шетелдерде насихатталуы кеңестік билікке ұнамады, әрі үрей туғызды. Сондықтан коммунистер мазмұны «байшыл-буржуазиялық, төңкеріске қарсы (контрреволюционер), еңбекші қазақ үшін зиянды» [18, 16-п.] Мағжан Жұмабаевқа және оның шығармашлығына қарсы шабуылды үдете түсті.** КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің жанындағы ОГПУ-дың (Біріккен Мемлекеттік Саяси басқарманың – Д.М.) коллегиясының 1930 жылдың 4 сәуіріндегі қаулысы бойынша:

«*… Жұмабаев Мағжан, Омаров Елдес, Бітілеуов Дамолла – «Алқа» атты жасырын, ұлтшыл үйірме құрғаны үшін;*

*РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-статьясының 4, 11-тармағына сәйкес жазаның ең ауыр түріне кесіліп, ол жаза 10 жыл концентрациялық лагерьде өтеу туралы үкіммен алмастырылды»* [19, 11-б.]. Сөйтіп, ақын-жазушы, тарихшы, ұстаз, журналист, аудармашы – Мағжан Жұмабаев Карелия орманындағы концлагерьге жөнелтілді.

Мағжан Жұмабаев жазасын өтеп жүріп, бір кездері «Сұңқар жыры», «Жұртын сүйген жүрек», «Ана» және басқа да әңгімелерін қазақ тіліне аударған орыс жазушысы М.Горькийге хат жазып, көмек сұрады. Ақынның тілегіне орай, Екатерина Павловна Пешкова М.Горькийдің атынан тиісті орындарға Мағжан Жұмабаевты тұтқыннан босату туралы хат жазған. Соның нәтижесінде, КСРО Орталық Атқару комитеті Президиумының 1934 жылғы 14 мамырдағы қаулысына сәйкес, ақынның тұтқын жазасын өтеу мерзімі жеті жылға дейін қысқартылды. Мағжан Жұмабаев 1936 жылдың 2 маусымында еңбекпен түзету лагерінен босатылып, Қызылжарға келеді. Онда жұмыстың ыңғайы келе бермегенге ұқсайды, алғашқыда 20 күндік мұғалімдер курсына оқытушы, орыс мектебінде орыс тілі мен әдебиетінен мұғалім болып қызмет жасаған. 1936 жылдың күзінде, Мағжан Жұмабаевтың бұрынғы шәкірті Сәбит Мұқанов Қызылжарға келіп, ақынды іздеп барып, жолығып, Алматыға шақырады. ХХ ғасырдың 30-жылдары елдегі саяси науқандар аса асқынған жылдар болатын. Мағжан Жұмабаев бұл ұсынысқа көп ойланды. Жұбайы Зылиха да Алматыға барғысы келмеген сыңай танытқан. Алайда, ақынды Қызылжарда да шолақ белсенді коммунистер тыныш қалдырмады, саяси себептерге байланысты оқытушылық қызметінен қуылды. Аумалы-төкпелі кезеңде орталыққа барып, еліме қызмет етудің жолдарын қарастырсам, шығармашылықпен айналыссам, мүмкін ондағы зиялы орта мені қабылдап, қадамыма жол ашар деген бір үміт, бір күдікпен Мағжан Жұмабаев 1937 жылдың 20 ақпанында Сәбит Мұқановқа былай деп хат жазады:

*«Мен Қазақстанға жаңа жолға түскенімді өз қалам күшіммен көрсетсем деген тілекпен оралдым. Қалай болғанда да орталыққа жетуім керек деп шештім. Егер жолға қаражат тапсам, орталыққа баруды ойлап отырмын. Әрине, өз халімнің мүшкілдігін айта отырып, сені де бірдеңеге міндеттегім келмейді. Сізге осылай жазуға қазіргі халім мәжбүр етіп отыр. Кешіріңіз»* [20, 78-б.]. Сөйтіп, Алматыға барып, еңбек жолын жалғастыруға бел буды. Алматыда да алдынан саяси-әлеуметтік кедергілер кез келді. Баспана мәселесі, жұмыстың ыңғайы болмау және басқа да көптеген қиындықтарды бастарынан өткерді. Бәрінен де ең азаптысы НКВД-ның 1937 жылдың 30 желтоқсаны күні Мағжан Жұмабаевты қайта тұтқындауы еді. Кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйе ұлтын сүйген ұлы тұлғаны 1929 жылы «Алқа» ұйымын ұйымдастырды деп соттаса, бұл жолы Жапонияның шпионы деген жала жапты, 1938 жылдың 6 қаңтарында «кінәсін» мойындатып, НКВД 1938 жылдың 11 ақпаны күні Мағжан Бекенұлы Жұмабаевты ату жөнінде шешім шығарды (хаттама № 377). Ал, 1938 жылдың 19 наурызында үкім жүзеге асырылды. Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы жарық жұлдыздарының бірі – Мағжан Бекенұлы Жұмабаев ақты қара, қараны ақ деп түсіндірген зорлық-зомбылық дәуірдің құрбаны болып кете барды.

*«Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?*
*Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?»* [21, 59-б.] – деп асқақ рухты жыр жазған ақынның өмірі мен қызметі, шығармашылығы «жабық» құжат болып, жарты ғасыр бойы туған халқынан жасырын сақталды. Сондықтан кеңестік кезеңдегі жас буын Мағжан Жұмабаевтың жеке тұлғасын, шығармаларын білмей өстік.

Реті келгенде айта кетейік, **Мағжан Жұмабаев есімін атамаса да оның еңбектерінен үзінді беріп, зерттеулерінде пайдаланған ғалымдар болды. Соның бірі – қазақтың зор ғалымы Ақжан әл-Машани (Машанов).** Ол өзінің «жердегі тіршіліктің пайда болу және дамуы», «таулар қалай пайда болды» деген мәселелерді қарастырған, академик Қ.Сәтбаевтың алғысөзімен 1948 жылы жарыққа шыққан «Жер сыры» деген еңбегінде (кітапттың 114-бетінде) Мағжан Жұмабаев шығармаларынан үзінді бергені үшін айыпталды. Ғалым аталған еңбегінде өлеңнен үзінді беріп, автордың аты-жөнін атамаған болатын. Алайда, бұл жолдар *«контрреволюционер, алашордашы Мағжан Жұмабаевтың 1923 жылы Ташкентте шыққан жинағының 192-бетіндегі өлеңмен бірдей»* [ 22, 67-п.], – деп кітаптағы өлең авторы кім екенін анықтап, Ақжан Машановтың мәселесін Қазақ КСР Ғылым Академиясының партия бюросы мәжілісінде қарады. Бұл құжаттың өзі ұзақ жылдар бойы «Құпия» деген белгімен жабық сақталды. Ғалым А.Машанов Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін жақсы білген деп айтуға негіз бар. Себебі, оның әл-Фарабиды ашуына да Мағжан өлеңі себеп болғанға ұқсайды. М.Жұмабаев өзінің «Түркістан» деген поэмасында:

*Тұранның кім кеміткен музыкасын,*
*Фараби тоғыз шекті домбырасын*
*Күңірентіп тоқсан тоғыз күй тартқанда,*
*Тебіреніп кім төкпеген көздің жасын,*–

деп жырлайды. Мағжан Жұмабаев Уфадағы Ғалия медресесінде оқып жүрген кезінде Ш.Маржани еңбектерінен әл-Фараби туралы оқып білген болса керек.

**Өткен ғасырдың 50-жылдарының соңында бұған дейін есімдерін атауға, шығармашылық мұраларын жариялауға қатаң тыйым салынған ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялылары, олардың қоғамдық-саяси, тарихи-әдеби және ғылыми мұралары халқымен қайта қауыша бастады. 1957 жылдың 8 шілдесінде Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеуді сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жайы және оларды жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылдады.** Халықтың тарихына, жалпы мәдени мұраларға деген нигилистік көзқарастар мен жеке адамға табынудың салдары ұзақ жылдар бойы үстемдік етіп, тыйым салынған тарихи шығармаларға, классикалық рухани мұраларға аздаған болса да сәулесін түсіріп, нәтижесінде бұрындары зерттеуге тыйым салынған **300-ге жуық батырлар жыры,**

**көне дәуірдегі ақын-жыраулар шығармалары, ғылыми айналымға түсе бастады.** Алайда, Мағжан Жұмабаев және басқа да ұлтшыл, байшыл атанып, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының еңбектеріне теріс саяси баға берілді, кеңестік кезеңдегі қазақ жастары, қазақ кеңес интеллигенциясы олардың қазақ әдебиетіндегі ұлтшыл бағытымен ымырасыз күрес жүргізу рухында тәрбиеленді. Олардың авторлық еңбектерінен бөлек, аудармаларының өзін де[5] пайдалануға, ғылыми айналымға енгізуге тыйым салынды [23, 76-п.]. Баспа өнімдері үнемі саяси-идеялық тексеруден өткізіліп, кітапханалар қоры зиянды кітаптар мен журналдардан тазартылды, «зиянды» деп табылғаны жабық қорға берілді немесе жойылды. 1953-1954 жылдары жүргізілген «саяси зиянды» шығармалардан кітапханаларды тазарту науқанында кітаптар, мақалалар, авторефераттар ғылыми айналымнан алынған болатын. Полиграфия және баспа ісі секторы, 1953 жылдың 17 қыркүйегі мен 25 желтоқсаны аралығында жасалған тізімді негізге ала отырып, 1954 жылдың 11 қаңтарында Қазақстан КП ОК комитетінің алдына ғылыми айналымнан алынуға тиісті еңбектердің тізімін және қысқаша сипаттамасын жасап, 1930 жылдары шыққан кітаптарды партия бюросында қарамай-ақ, ғылыми айналымнан алып, кітапханалардың жабық қорына беру жөнінде ұсыныс жасаған [24 , 219-п.].

**Ал, И.Сталин өлгеннен кейінгі «жылымық» жағдайында ақын-жазушы, аудармашы, ұстаз Мағжан Жұмабаев шығармашылығын ақтауға талпыныс болды ма?** Арнайы сараптамалық комиссия құрылды ма? Оның құрамында кімдер болды және қандай қорытынды шығарды? Бұл мәселеге арнайы тоқталып отырған себебіміз, бізге белгілі зерттеулерде 1950 жылдардың соңында Мағжан Жұмабаевтың азаматтық тұлғасы ақталды, алайда шығармаларын жариялауға тыйым салынды дегенмен шектелетіні. Сондықтан да біз осы ақтаңдақтың орнын толтыру мақсатында, «Аса құпия» деген белгі басылып, бұрын соңды жарияланбаған, Мағжан Жұмабаевқа қатысты Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты қорындағы деректі назарларыңызға ұсынып отырмыз.

**Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты қорының 708-қорында[6] «Аса құпия» деген белгімен, әдебиетшілер тобы дайындаған қорытынды тіркелген. Бұл құжат Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің өтінішімен әзірленген.**


60

Сов.секретно.

В КОМИТЕТ ГОСУДАРСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ
ПРИ СОВЕТЕ МИНИСТРОВ КАЗАХСКОЙ ССР

По Вашей просьбе, изложенной в письме от 10 декабря 1959 г., группа писателей и литературоведов бегло ознакомилась с литературным наследием Магжана Жумабаева, осужденного в 1938 году.

Если говорить касательно осуждения М.Жумабаева, то мы ничего не можем высказать по той простой причине, что нам неизвестно, в чем конкретно обвинялся он в 1938 году и за что был осужден: за контрреволюционный ли характер его поэтического творчества, за принадлежность к контрреволюционной алашордынской партии или за конкретные антисоветские действия уже в позднем периоде.

Что касается его поэтического наследия в целом, то оно, в своей идейной основе, носило буржуазно-националистический, следовательно, контрреволюционный характер.

М.Жумабаев выступил на литературную арену в начале XX века, как ярый последователь декаданса, как идеолог молодой казахской буржуазии.

В нынешних условиях творчество М.Жумабаева может быть изучено только в критическом плане и только в рамках специального литературоведческого исследования для выяснения ожесточенной идейной борьбы с буржуазными на-

1959 жылдың 10 желтоқсанында 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшыраған Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы әдебиетшілерден құралған сараптамалық комиссия жасақталып, жұмысын бастады. Комиссия құрамында 6 адам, олар: Әбділда Тәжібаев, Ысқақ Дүйсенбаев, Мұхтар Жанғалин, Есмағамбет Исмаилов, Ғалым Ахметов, Сырбай Мәуленов.


- 3 -

125

под названием "Шолпан", а более полный сборник произведений - в 1923 году в гор.Ташкенте. В последний сборник вошли 159 стихотворений.

В заключение можно еще раз подчеркнуть, что для цельного представления истории развития казахской советской литературы и всестороннего показа того, в борьбе против каких враждебных течений формировалась и укреплялась молодая казахская советская литература, глубокое научное исследование творчества Магжана Жумабаева необходимо. Но такая работа должна вестись соответствующими научными учреждениями республики с участием Союза писателей Казахстана. Разумеется, подобное исследование требует более длительного времени.

Примечание: в приложении дается список произведений М.Жумабаева, с которыми мы ознакомились, выполняя Вашу просьбу.

А.ТАЖИБАЕВ
И.ДЮСЕНБАЕВ
М.ДЖАНГАЛИН
Е.ИСМАИЛОВ
Г.АХМЕТОВ
С.МАУЛЕНОВ.

**Сараптамалық қорытынды қалай дайындалды? Мағжан Жұмабаев шығармалары толық қамтылды ма?** Мағжан Жұмабаев еңбектері 1911-1926 жылдар аралығында[7] өткен ғасыр басындағы «Қазақ», «Ақ жол», «Сарыарқа», «Тілші», «Бостандық туы», «Еңбекші қазақ» газеттері мен «Айқап», «Абай», «Шолпан», «Сана», «Темір қазық», «Жаңа мектеп» журналдарында, 1913 жылы «Шолпан» деп аталған шағын жинағы мен 1923 және 1925 жылдары Ташкент қаласында ақынның (159 өлеңі басылған) өлеңдер жинағында, балаларға арналған «Терме» деп аталған кітаптарында жарық көрген. Алайда, сараптама жасау барысында М.Жұмабаевтың поэзия, проза, көркем аударма еңбектерінің барлығы дерлік қамтылмаған, сараптамалық комиссия негізгі деп тапқан 23 өлеңіне, «Шолпан» (Қазан, 1913) және «Өлеңдер жинағы» (Ташкент, 1923), балаларға арналған «Терме» (Ташкент, 1925) еңбектеріне, сонымен қатар үш аудармасына шолу жасаумен шектелген.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне дайындалған «Аса құпия» сараптамада: *«М.Жұмабаевтың 1938 жылы не себепті жауапқа тартылғанына келер болсақ, ол туралы еш нәрсе айта алмаймыз, оның себебі: 1938 жылы ол нақты не үшін айыпталып, не үшін жауапқа тартылды, ақындық шығармашылығында контрреволюциялық сипат болғаны үшін бе, контрреволюциялық алашорда партиясында болғаны үшін бе, әлде кейінгі кезеңдерде кеңеске қарсы нақты бір ісі болды ма, білмейміз»* [ 25, 123-п.],– деп саяси тұрғыда айыпталып, қуғындалуы туралы ешнәрсе жазбаған. Сарапшылар ақынның 1913-1926 жылдардағы[8] шығармашылығына шолу жасай отырып, *«идеялық негізі ұлтшыл-буржуазиялық, контрреволюциялық болған»*[9], *«ХХ ғасырдың басында әдебиет әлеміне қадам басқан Мағжан Жұмабаев жас қазақ буржуазиясының идеологы ретінде, декаданс*[10]

[5]М.Жұмабаев та В.Ленин шығармаларынан бастап, бірқатар орыс тіліндегі шығармаларды қазақша аударған болатын.

[6]Іске 1960 жылдың 5 қаңтары – 26 желтоқсаны аралығындағы құжаттар тігілген.

[7]1925 жылы Мағжан Жұмабаев шығармаларын баспасөз бетінде басуға тиым салынған болатын. .

[8]Алғашқы еңбектерін 1911 жылдардан жаза бастаған.

[9]Бұл сөйлемдердің астын арнайы партия мекемелері қызыл қарындашпен сызыпты.

[10]Декаданс (фр. dekadence - түңілу) – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғ. басындағы өмірден түңілу, келешектен үмітсіздікке бой алдыру сарындары, дара тұлғалардың жекеленуі байқалғанын білдіретін, Европа мәдениетінде көрініс тапқан тоқырау құбылысының жалпы атауы. XX ғасырдағы модернизм ұғымымен байланыстырылған кейбір бағыттардан декаданс өзінің ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Декаданс аумалы-төкпелі замандағы адамның құлазыған көңіл-күйін ашып көрсетуге ұмтылу, қоғамдық талас-тартыстан алшақтап, дарашылдық, сыршылдық сезімге бой ұрады. Төңкерістік бағыттағы үдерістердің қоғамды соқыр сенім үстінде қиратуға бағыттайтынын көріп, декаданс – бағыттағы суреткерлер торығу күйін кешті. Декаданс бағытындағы суреткерлердің көзқарасы бойынша кез келген таптық күрес пен қоғамдық прогресс формасының мақсаты қоғамдағы қатынасты қайшылыққа әкеледі деп таниды.

*ағымының нағыз ізін жалғаушы» болды деген баға берілген. «М.Жұмабаев шығармашылығы арнайы әдеби зерттеулер шеңберінде, республиканың ғылыми мекемелері Қазақстан Жазушылар одағының қатысуымен қазақ кеңес әдебиеті дамуының алғашқы кезеңіндегі буржуазиялық ұлтшылдармен аяусыз идеялық күресті түсіндіру үшін, тек қана сын тұрғысынан қарастырылуы мүмкін екені»* [25, 123-п., 125-п.],– баса айтылған. Зерттеушіден аса қырағылықты талап ететін мұндай «зерттеудің» ұзақ уақыт алатыны да ескертіліп өткен екен.

Алтаудың қорытынды сараптамасында *«қазақ кеңес жастарының, қазақ кеңес интеллигенциясының толықтай бір буыны қазақ әдебиетіндегі ыдыраушылық, формалистік, ұлтшылдық бағытына қарсы күрес рухында тәрбиеленді, бұл бағыттың жарқын өкілі кезінде Мағжан Жұмабаев болған»* деп жазылғандай, тоталитарлық жүйенің қазақ зиялыларын бір-біріне қарсы қойған идеялық күресінің, қалыптасқан кеңестік интеллигенция өкілдерінің жеңісінің көрінісі іспетті еді. Құжаттың соңында алты адамның аты-жөні жазылып (Ә.Тәжібаев, Ы.Дүйсенбаев, М.Жанғалин, Е.Исмаилов, Ғ.Ахметов), бес адам қол қойған, бір адамның қолы қойылмаған, ол, ақын – Сырбай Мәуленов.

**Ресми билік Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын ғылыми айналымға шығару туралы қандай шешімге келді?** Қазақстан жазушылар Одағы Басқармасының хатшысы Әбділда Тәжібаев сараптамалық комиссия жұмысы қорытындысының бір данасын, ақпарат беру мақсатында, «Аса құпия» деген белгімен Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің хатшысы Нұрымбек Жанділдинге жолдаған екен. Бұл құжат «Айрықша секторға» 1960 жылдың 21 мамырында келіп түскен, №1459-тізбе. Ілеспе хаттың бұрышына *«Қазақстан ОК КП айрықша секторына қайтаруға жатады»* деген қызыл мөр басылған. Бұл құжатқа Нұрымбек Жанділдин 1960 жылдың 3 маусымында: *«Бөлім қызметкерлері танысты. Алаш ордашының шығармашылығын зерттеу қажет емес. Іске тіркелсін»* [25, 122-п.],– деп бұрыштама қойыпты. Сонымен, ақын-жазушы, ұстаз, ұлт зиялысы Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы туралы жартыкеш, шала жасалған сараптама қорытындысы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетін қанағаттандырды. Себебі олардың күткені де осындай, ресми билік пен орныққан саяси жүйені қанағаттандыратын «сараптама» болатын.


ҚАЗАҚСТАН СОВЕТ ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ
СОЮЗ СОВЕТСКИХ ПИСАТЕЛЕЙ КАЗАХСТАНА

№ СП-18. Сов.Секретно.

мая 1960 г.

Алматы, Сталин, рг 105
г. Алма-Ата, пр. Сталина, 105.
Телефоны: 62-93; 63-27; 45-50; 9-67-22

ОС ЦК КП Казахстана № 1459с 21.V.1960

СЕКРЕТАРЮ ЦК КП КАЗАХСТАНА
товарищу ДЖАНДИЛЬДИНУ Н.

По поручению Комитета Госбезопасности при Совете Министров Каз.ССР, группа литераторов написала заключение о творчестве Магжана Джумабаева, репрессированного в 1938 году.

При этом направляем Вам один экз.заключения - для сведения.

Секретарь Правления
Союза писателей Казахстана А.ТАЖИБАЕВ.

**Сараптамалық комиссия мүшелері ақын шығармашылығы кеңестік кезеңде, қазақ кеңес әдебиеті дамуының алғашқы кезеңіндегі буржуазиялық ұлтшылдармен аяусыз идеялық күресті түсіндіру мақсатында, тек қана сын тұрғысынан, ұзақ әрі тиянақты зерттелуі мүмкін деп, яғни таптық-партиялық методология шеңберінде ғана қарастырылуы тиіс деп қорытынды жасаса, ресми билік ақын шығармаларын оқуға, зерттеуге, ғылыми айналымға шығаруға қатаң тыйым салды.** Сонымен қатар, мектептерде, жоғары оқу орындарында, ғылыми мекемелерде Мағжан Жұмабаев шығармашылығын оқу, зерттеу мәселесі қатаң қадағаланды, жоғарыда аталған «Аса құпия» белгі басылған құжатпен Қазақстан КП ОК ғылым, жоғары оқу орындары, мектеп бөлімінің меңгерушісі де танысты.


СПИСОК ПРОИЗВЕДЕНИЙ М.ЖУМАБАЕВА

напечатанных на страницах газет, журналов и вышедших отдельными изданиями

а) Журнальные публикации:

1. Жумабаев, М. Стихи, ж."Айкап",№ 2,1911, стр.14-15.
2. -"- Шын сорлы (Истинный горемыка), стихи, ж."Айкап", № 9,1911, стр.15-17.
3. -"- Осенний день (Куз куні), стихи,ж."Айкап", № 12, 1911, стр.19-21.
4. -"- Жазғытуры (Весна), стихи,ж."Айкап",№4, № 5,1912, стр.98, 113-115.
5. -"- Дала, қала ( степь и город), стихи, ж."Айкап", № 5,1912, стр.104-108.
6. -"- Бұлбұл (Соловей), стихи, ж."Айкап",№7, 1912, стр.155-158.
7. -"- Кең дала ( широкая степь) перевод из книги "Сибирские мотивы", Мотина,стихи, ж."Айкап", № 22,1914, стр.308-309.
8. -"- Күзгі күні (Осенний день), стихи, ж."Абай", № 11,1918, стр.15.
9. -"- Айды алып берейін (Взяв луну вручу тебе) стихи, ж."Сана", № 1,1923, стр.82-88.
10. -"- Ахан сәре, статья о жизни и творчества Ахана Корамсина и его стихи.ж."Сана", № 1,1923, стр.102-112;1924,№ 2-3,стр.85-98.
11. -"- Батыр Баян (поэма), ж."Шолпан",№ 4-5, 6-8, 1923, стр.48-68; 100-113.
12. -"- Шолпанның күнәсі (Вина Шолпан), рассказ, ж."Шолпан",№ 4-5,6-8,1923 стр. 94-102; стр.162-172.
13. -"- Жазғытуры, жел (Весна,ветер),стихи (отрывки), ж."Лениншіл жас",№ 7,1925, стр.84.

**Ресми органдар 1960 жылдың 13 шілдесінде Мағжан Жұмабаевтың азаматтығын ақтады, алайда Жазушылар одағының М.Жұмабаев жөнінде шығарған арнаулы қаулысынан соң ақын өлеңдері «зиянды» деп табылып, жарияланбады, зерттелмеді.** Сонымен, кеңестік тоталитарлық жүйенің саяси қыспағы салдарынан бір ұрпақ тұтастай рухани мұралардан көз жазып қалды, ұлттың өсіп-өркендеуіне ықпал етер рухы мықты еңбектер архивтерде шаң басып жатты. Алаш зиялыларының ұлттық рухта жазылған еңбектерінің орнын қазақ халқына жат, коммунистік идеология, таптық-партиялық методология алып, осы бағытта тәрбие көрген ұрпақ өсіп келе жатты. Коммунистік идеологияға жат, алашордашыл деп танылған тұлғалардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі, шығармашылығы елу жылдай объективтік тұрғыдан қарастырылмады. Бауырлас түркі халықтарын бөлшектеп билеу саясаты нәтижесінде, түбі бір түркі халықтарының туыстық, достық және рухани байланыстары әлсіреді. Бұл ұлт тарихының тұтас бір кезеңін ақтаңдаққа айналдырды.

**Алаш зиялысы Мағжан Жұмабаевтың мұрасын ақтау туралы мәселе елу жылдан кейін, 1988 жылдың 19 қазанында қайта көтерілді** [26].

1988 жылы 4 қарашада Жоғарғы соттың қылмысты істер жөніндегі алқасының мәжілісінде *«Кеңес*


СССР ПРОКУРАТУРАСЫ
ҚАЗАҚ ССР ПРОКУРАТУРАСЫ

ПРОКУРАТУРА СССР
ПРОКУРАТУРА КАЗАХСКОЙ ССР

19.10.88 г. № 13/54-88

ПРОТЕСТ
/в порядке надзора/
по делу Байтурсынова А. и др.

014801

Судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР

Постановлением коллегии ОГПУ при СНК СССР от 4 апреля 1930 года

Байтурсынову Ахмету, 1870 года рождения, уроженцу Тургайского района Кустанайской области, казаху, гр-ну СССР, беспартийному, со средним образованием, работавшему преподавателем Каз.ПУ,

Дулатову Мир-Якубу, 1885 года рождения, уроженцу Сары-Кушинской волости Тургайского уезда, казаху, гр-ну СССР, со средним образованием, работавшему помощником ответственного секретаря редактора газеты "Енбекши казах",

Аймаутову Джусупбеку, 1889 года рождения, уроженцу Семипалатинской губернии Павлодарского уезда, казаху, гр-ну СССР со средним образованием, работавшему литературным сотрудником в ЦКАКА,

Копулову Мирзе-Гази, 1890 года рождения, уроженцу Аманкарагайской волости Кустанайского округа казаху, беспартийному, гр-ну СССР, со средним образованием, работавшему в Казгосторговле,



*өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлату мақсатында ұйымдасқан «Алашорда» қайраткерлерінің контрреволюциялық, террористік астыртын құпия ұйымын әшкерелеу ісіне»* қатысты сот үкімі қайта қаралып, Қазақ КСР-нің Қылмыстық және праволық Кодексінің 375-бабын басшылыққа ала отырып Жоғарғы сот:

*«СССР Халық Комиссарлар Советінің жанындағы ОГПУ-дің (Біріккен Мемлекеттік Саяси басқарманың – Д.М.) IV коллегиясының 1930 жылғы*







*Жүсіпбек, Есполов Мырза-Ғазы, Ғаббасов Халел, Әділев Дінмұхамед, Бірімжанов Ғазымбек, Юсупов Ахмед-Сафа, Жұмабаев Мағжан, Омаров Елдес, Бітілеуов Дамолла, Болғанбаев Хайретдин, Байтасов Абдолла, Жәленов Кәрім, т.б жөніндегі қаулысының күші жойылсын, олардың іс-қимылдарынан*







*қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан да тергеу барысы тоқтатылсын»* [27] – деген шешім шығарды.

Іргесі ХХ ғасырдың 30 жылдарында-ақ қаланып үлгерген Мағжантану ілімі (Мағжан Жұмабаев)[11] ұзақ үзілістен кейін қайта жалғасын тапты. Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы деректер жарыққа шығып, зерттеулер жазылды. Ұлт тарихын объективтік тұрғыдан зерттеп-зерделуге мүмкіндік туып отырған қазіргі таңда оның ақындық, педагогтық, жазушылық, қайраткерлік қырлары зерттеліп, өмірі мен шығармашылығына қатысты көптеген ақтаңдақтар ашылуда, шығармалары өз елінде ғана емес, бауырлас түркі халықтар арасында да танымал және түркі халықтарына ортақ тұлға ретінде құрметтейді.

[11] Мағжан Жұмабаев – қазақтың ұлы ақыны. Ол 1893 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданының «Молодежный» совхозы жеріндегі Сасыққөл мекенінде іргелі, әйгілі шаңырақта дүниеге келген. Өз әкесі Бекен, бабалары Жұмабай қажы, Шонай, Өтеген, Өтеміс – бәрі де исі Атығай ішінде даңқы шыққан белгілі адамдар.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Жұмабаев М.** Көп томдық шығармалар жинағы. 1 – том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208-б.

2.Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. – В Т 3. – Алматы: ОФ «Дегдар», 2016. – Т. 2. – 400 с.

3.**Лекеров А.** Борьба партийной организации Казахстана с уклонами и группировками в восстановительный период и при переходе к реконструктивному периоду / Сборник статей и материалов из истории партийного строительства в Казахстане. – А – Ата, 1936. – 172-198 с.

4.Ешкімнің қол шоқпары бола алмаймыз // Еңбекші қазақ. – 1930. – 21 апрель. - № 319.

5.**Қайыпназарұлы М.** Смағұлдар жолы – байшылдық жол // Еңбекші қазақ. – 1928. – 20 май. - № 111(1139).

6.Қазақстан Өлкелік партия ұйымы Өлкелік Комитет конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1928-1937) – А: Қазақстан, 1988. – Т.2. – 412-б.

7.ҚР ПМ. – 141-қор. – 17-тізбе. – 254-іс. – 119-п.

8.**Бәйділдәұлы Ә.** «Жас Қазақстан» тонын жамылған «сәдуақасовшылдық» // Еңбекші қазақ. – 1929. – 10 апрель. - № 80(1409).

9.Сәдуақасұлы Смағұл баяғы жолында // Еңбекші қазақ. – 1930. – 27 январь. - № 1626(21).

10.**Бәйділдәұлы Ә.** «Жас Қазақстан» тонын жамылған «сәдуақасовшылдық» // Еңбекші қазақ. – 1929. – 10 апрель. - № 80(1409).

11.**Сырғабекұлы Н.** Совет мекемелерін тазалау туралы // Қызыл Қазақстан. – 1929 - № 6(86).

12.Таболов Ұлт саясатындағы оңшылдық ағым // Еңбекші қазақ. – 1929. – 9 август. - № 156(1485).

13.**Сызыдқұлы Ж.** Сұлтанғалиевшылдық // Еңбекші қазақ. – 1929. – 16 декабрь. - № 263(1592).

14.**Расулзаде М.Э.** О пантуранизме //Тюркский мир. – 1991. – № 1. – с. 15.

15.Түркістан ақындарынан / Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 1-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. – 352 б.

16.Түркістан ақындарынан / Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 1-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. – 352 б.

17.Ұлттық зиялы / Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 1-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. – 352-б.

18.ҚР ПМ. – 141-қор. – 1-тізбе. – 2245-іс.

19.Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. В 3 Т. / – Алматы: ОФ «Дегдар», 2016. – Т.1. – 424 с.

20.**Елеукенов Ш.** Мағжан Жұмабаев / Ұлттық поэзия падишасы: Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармагерлігі туралы / Құраст. Ф.Қ. Бектурбекова. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 175-б.

21.**Жұмабаев М.** Көп томдық шығ. жинағы. 1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме.–Алматы: Жазушы, 2008.–208-б.

22.ҚР ПА. – 708-қор, – 11-тізбе. – 1608-іс.

23.ҚР ПА. – 708-қор, 16/2-тізбе, 160-іс.

24.ҚР ПА. – 708-қор, 26-тізбе, 343-іс.

25.ҚР ПМ. – 708-қор, 33-тізбе, 364-іс. - 123-п.

26.ҚР ПМ. – 122-қор, 1-тізбе, 155-іс. - 10-25-п.

27.ҚР ПМ. – 122-қор, 1-тізбе, 155-іс. - 25-п.

# ҚЫЗУ ҚАНДЫ ҚАЗАҚ

**Досалы САЛҚЫНБЕК,**
**ҚазҰАУ-дың кафедра меңгерушісі, профессор,**
**Гүлжанар ШУЛАНБЕКОВА,**
**Қазақ-Ресей медицина университетінің**
**кафедра меңгерушісі, доцент**

*...Мен Сталинмен сөз сайысына түскенде ұлтымның, халқымның ар-намысын қорғаймын деп тайталасқам. Қазақты ешкімге, ешбір адам баласына мазақ етпесем дегем...*

**С.Қожанов.**

Қазақстан мен Орта Азияның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, публицист, ақын, аудармашы, әдебиеттанушы, ағартушы-ұстаз Сұлтанбек Қожанұлының дүниеге келгеніне биыл 125 жыл толды.

**С.Қожанұлының мемлекет және қоғам қайраткері ретіндегі саяси қызметін сараптасақ, мынадай:** ол ұлт мүддесін бәрінен де жоғары қойды, жер үшін және қазақ жерлерін біріктіріп, ұлттық республика құру үшін күресті, ұлт қайраткерлерін республика басшылығына көптеп тарту ісін күн тәртібіне батыл қойды, Қазақ елінің ұлттық республика болып дамуына қарсылық көрсеткен еуропалық шовинистерге қарсы тұрды, Қазақ елінің астанасын қазақ халқы тығыз қоныстанған аймаққа көшіру ісіне қол жеткізді, қазақтың бұрмаланған атауынан бас тартып, тарихи дұрыс атауын қалпына келтірген бірден-бір қайраткер тұлға болған еді.

Кейінгі кезде, баспасөз бетінде халқымыздың қайраткер тұлғалары С.Сейфуллиннің, Т.Рысқұловтың, С.Меңдешовтың 1923-1925 жылдары Сталиннің атына жазған хаттары жөнінде мақалалар жарияланып жүргені белгілі. Осы жылдары бұндай хатты Сталиннің атына С.Қожановта жазған болатын деген әңгіменің шетін шығарып өтетіндер де бар. Міне, сондықтан «Сұлтанбек Қожанов 1924 жылы бас хатшының атына не туралы хат жазды, қандай мәселелерді көтерді, хатты жазуға не себеп болды?» деген сұрақтарды ашу үшін ол хаттардың мәні мен ішкі мазмұны жөнінде ой қозғап көрейік.

Сонымен, 1920-1924 жылдары аралығында Түркістан Республикасының Ішкі істер халық комиссары, Түркістан Республикасының Оқу-ағарту халық комиссары, Түркістан Республикасының Жер-су халық комиссары, Түркістан Республикасы Орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары және «Ақ жол» газетінің редакторы сынды жауапты кеңестік, партиялық, қоғамдық қызметтерді атқарып шыңдалған Сұлтанбек Қожанұлының саяси тұлғасы 1924 жылдың бас кезінен бастап Орта Азия республикаларының аумағында ұлттық шекаралық межелеуді жүргізу жұмыстары барысында жарқырай көрінді.

**1924 жылдың бас кезінен бастап, Орта Азия республикаларының аумағында ұлттық-шекаралық тұрғыда межелеуді жүргізу жұмыстарына дайындық басталды.** Қазақ, Қырғыз, Өзбек, Түркімен, Тәжік, Қарақалпақ халықтарының саяси және экономикалық өміріне тікелей қатысты бұл жауапты шараны өткізу оңайшылықпен іске асқан жоқ. Осы бір жауапты кезеңде Түркістан Орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары, РК(б)П ОК Орта Азия бюросының мүшесі қызметтерін атқарған Сұлтанбек Қожанұлы бұған дейін Түркістан Республикасының құрамында болып келген Сырдария мен Жетісу облыстарының аумағындағы біраз жерлерді «қарпып» қалғысы келген өзге республикалар басшыларына батыл тойтарыс берді және ұлттық-шекаралық межелеуді жүргізу кезінде көрші республикалардың аумағында қалып бара жатқан қандастарымыздың жағдайына байланысты ұсыныс-пікірлердің бастамашысы болды.

Қарқынды жұмыс 1924 жылы 8 шілдеде болған РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің мәжілісінде Түркістан Республикасынан бөлініп, Қазақ Республикасының құрамына кіретін Қазақ аудандарын басқару және қабылдау тәртібі туралы және РК(б)П ОК Орта Азиялық бюросы жанындағы аймақтық комиссияға өкілдер тағайындау туралы мәселелерден басталды. Осы мәселелер мәжілісте талқыланып мынадай қаулы қабылданды: Орта Азия респуликаларын межелеу жөніндегі аумақтық комиссияның құрамына Қазаткомының төрағасы, әрі комиссия төрағасы С.Меңдешов, Егін шаруашылығы халық комиссары Ә.Әлібеков, комиссия мүшелігіне кандидат Т.Жүргенов бекітілсін. Түркістан қазақтары атынан ұсынылған С.Қожанов, Н.Сырғабеков, С.Есқараевтардың кандидатуралары да бекітілді.

РК(б)П Орта Азия бюросы жанынан құрылған қазақстандық комиссия өкілдері аумақтық межелеуге байланысты, алдағы құрылғалы жатқан республиканың мемлекеттік құрылымына байланысты өздерінің ұсыныстарын жасады. Қазақ автономиясының құрамына қосылғалы жатқан облыстардың шекарасын анықтауға қатысып, сол аймақтағы халықтардың этнографиясына қатысты және басқа да керекті мәліметтерді жинады. Бұл қазақ комиссиясының сол кездегі батыл да дұрыс шешімдерінің бірі, ұлттық аумақтық межелеуді жүргізу барысында Қазақ автономиясын одақтас республикаға айналдыру жөніндегі ұсынысы еді. Мәселен, Қазақ республикасы мен Түркістан облыстары қазақтары делегациясының РК(б)П Орталық комитеті атына жазылған «Орта Азиядағы ұлттық межелеуге байланысты, Қазақстан жөнінде» деп аталатын хатында ұлттық аумақтық межелеудің қорытындысы бойынша Қазақ автономиясын одақтас республикаға айналдырудың негізгі тұжырымдары айтылған болатын.

Хат авторлары межелеудің нәтижесінде Сырдария мен Жетісу облыстары және Түркістанның Әмудария облыстары сондай-ақ Хорезмнің қазақтар мен қарақалпақтар мекендеген Хожелі облысының Қазақ автономиясына қосылатындығына байланысты оның аумағы кеңейгеннен кейін астананы қазақтар тығыз орналасқан Сырдария облысына ауыстырудың қажеттігін дәлелдейді. Екіншіден, Қазақ делегациясы қазіргі уақытта қазақ автономиясында европалықтар 54 пайыз, қазақтар 46 пайыз құрап отырғандығын компартиядағы коммунисттердің 94 пайызы европалықтар екендігін айта келіп, бұндай жағдайда

ұлттық республика үшін компартияның ұлттық саясатты жүргізуі қиындыққа ұрынатынын алға тартты. Яғни ұлттық межелеуді жүргізу барысында қазақтар көпшілік құрайтын облыстар Қазақстанға қосылып, нәтижесінде ұлттық республика құруға кең жол ашылмақ. Үшіншіден, Қазақ делегациясы қазақ халқының сандық құрамына кеңінен тоқталып, Қазақ автономиясы мен Түркістан аумағында 5,500,000 қазақ тұратындығын және көрші Қытай, Моңғолия, мемлекеттерінде тұратын миллионға жуық қазақтардың аумақтық жағынан қазақтармен тығыз байланыстығына тоқталып, бұдан арғы ойларын былай деп жазады: *«Түркістан облыстарындағы қазақтар осы уақытқа дейін толық егеменді республикада өмір сүрмесе де, кең автономиялы жағдайда болып, өздеріне деген үкіметтің нақты көзқарасын қалыптастыра білді. Олар қазіргі уақытта Бұқарадағы, Хорезмдегі өз қандастарымен бірігіп, тәуелсіз Өзбек және Түркімен социалистік республикасын құрып жатқан Өзбектер және Түркімендермен бір жағдайда өмір сүрді. Хорезмнің Хожелі облысы халқының да саяси көңіл-күйін ескеруміз керек. Қазақ автономиясындағы халық өмірінің өзекті мәселелерін қалыпты реттеу және басқару үшін федерация жүйесінде оның құқықтары мен мүмкіндіктері кеңейтілуі қажет. Түркістан облыстарының Қазақ автономиясына қосылуына байланысты оның шекарасы Қытай мен Моңғолияға дейін ұзарады және бұл шекараның ар жағында Қазақ АКСР-і мен туыстық және экономикалық жағынан тығыз байланысты қазақтар тұрады. Бұл Қазақтардың КСРО мен қатынасына дұрыс жағдай жасау саяси және экономикалық жағынан маңызы үлкен. Қазақ АКСР-нің осындай жағдайы Қазақ автономиясының құқықтық жағдайын көрші Орта Азия республикаларымен тең дәрежеде қайта құруды қажет етеді. Осы жағдайлардың бәрін ескерген Киробком биылғы жылы 26 тамызда болған пленумында бұл мәселеге байланысты бір ауыздан оңды шешім қабылдады. Біздің қазақтар үшін межелеудің нәтижесі жоғарыда айтылғандармен қатар, КСРО-ға тікелей кіретін Қазақ АКСР-ын тәуелсіз республика деп жариялау деп білеміз»* [1].

**Қазақ автономиясының құқықтық мәртебесін кеңейтіп, одақтас республикаға айналдыру Сұлтанбек Қожанұлының басты армандарының бірі болатын. Жоғарыда РК(б)П Орталық комитетіне жазылған хаттың белсенді авторларының бірі болып, негізгі дәйектер мен пікірлерді ұсынған да Сұлтанбек Қожанұлы еді.**

1924 жылы қыркүйек айының 25-28 күндері аралығында болған РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің 2-ші пленумының күн тәртібінде қаралған негізгі мәселелердің бірі Қазақ АКСР-на Түркістанның қазақ аудандарының қосылу жағдайы, барысы, қорытындылары болды. Пленумға Түркістан Қазақтарының атынан қатысқан С.Қожанов, С.Есқараев, Ж.Барибаев және Түркістан ОАК-ті Қазақ АКСР-нің өкілі Т.Жүргеновтер ұлттық аумақтық межелеуге, астананы ауыстыру мәселесіне, ұлттық республика құру ісіне байланысты өткір пікірлерін айтып, осы мәселелерді іске асыру жұмыстарын жүргізуге табанды талаптар қойды. Әсіресе, Түркістандықтардан Сұлтанбек Қожанұлының ұлт мәселесіне байланысты өткір де орынды пікірлері шовинистік өткен оймен уланған Қазақ обкомының мүшелері Равдель, Ежов, Бах, сияқтылар тарапынан қарсылыққа ұшырады. Сұлтанбек Қожанұлы өз сөзінде осы уақытқа дейін Қазақ обкомы бұған дейін болған Президиум мәжілістерінде Қазақ Республикасының астанасын Қазақ халқы тығыз қоныстанған аймаққа ауыстыру жөнінде бірнеше рет қаулы қабылдағанмен де *«істің шешілуі сол бұрынғы орнында тұр ешқандайда дайындық жұмыстары жүргізілмеген»* деп обком жұмысын сынға алды. Ұлттық мәселелерді шешуде халқымыздың мүддесін көздеп *«Республикамыз ауыл шаруашылықты ел, елдің халқы негізінен мал шаруашылығымен айналысады, Қазақтар мен Орыстардың малы бірдей болғанымен де орыстардың иемденіп отырған жері қазақтарға қарағанда бес есе көп болып отыр»,* деп ұлттық теңсіздіктің жүргізіліп отырғандығына баса назар аударды. Сондай-ақ, Қазақстандық партия ұйымдарындағы қазақтар 5 пайыз ғана екендігін, басшылық, шаруашылық органдарда қазақ ұлтының өкілдері аз екендігін, кәсіподақ ұйымдарына қазақтардың аз тартылып отырғандығына тоқталды. Іс қағаздарына байланысты заңдар қабылданғандығымен де, іс жүзінде барлық іс қағаздары орыс тілінде жүргізіліп отырғандығын баса көрсетті.

1924 жылы 28 қыркүйекте межелеуге байланысты Сұлтанбек Қожанұлы қорытынды сөз сөйлеп мемлекет үшін саяси және ұлттық маңызы бар мәселелерді шешуде, қорғауда кәнігі қайраткер екенін тағы бір қырынан көрсетті. Пленумда айтылған көптеген қарама-қарсы пікірлерге байланысты өз ойларын білдіре келе, ұлттық мүдде жолында ештеңеден де тайынбайтынын көрсетіп: *«Біз ұлттық мәселені жиі ұмытып кетеміз. Ал ұлт республикасында қызмет ететін еуропалықтар оны ұмытпауы, керісінше оны барынша ашық қоюы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда Ежов және Бах жолдастардың еуропалықтар ретіндегі сөздері мені мүлдем қанағаттандырмайды. Қазақ коммунистері шовенистік уклондарды, ал европалық коммунистер отаршылдықты тізгіндеп тұрса, осылай екеуі ұштасар еді, егер кімде-кім мұны түсінгісі келмесе оған біз «Қазақ АКСР-нан кет»,*– деп тағы да мәлімдер едік деумен Қазақ Республикасын ұлттық республика етуге қарсы болып отырғандарды қатты сынға алды. Сұлтанбек Қожанұлы қорытынды сөзінде ұлттық республика құру мәселесіне тағы да тоқталып: *«Мен ұлттық республика құру мәселесі жөнінде тағы да айтқым келеді, бұл мәселе барлық өткірлігімен және кеңдігімен қойылуы тиіс»,*– деді. Республиканың орталығы жөнінде табанды талабын тағы да қайталап: *«Біз аса қажырлы ғана болған жоқпыз, біз дәрекі де болдық, бірақ Ташкентті ұстап тұра алмадық. Ал енді біз сіздердің алдарыңызда Орынбордан ауысасыздарма деген сұрақты қоямыз»,* – деген болатын. Ташкент қаласы жөнінде жасалып жатқан әділетсіздікке көнбек *«Мен обкомның үшінші рет Ташкентті бізге қосу мәселесін сұрап отырғанын қолдаймын, бірақ мен бізге Ташкетті емес, Шымкентті де бермей қояма деп қорқамын. Бізге Әулиета немесе Қазалыны ұсынбаса және бізге Шымкент үшін күресуге тура келер»,*– деп қорытындылады [2].

РК(б)П Қазақ обкомының ІІ пленумында межелеуді жүргізу жөніндегі және Қазақ халқының болашағы үшін айтылған мәселелер мен қабылданған қаулылардың барлығы да аса маңызды еді. Біракта межелеу барысында талас тудырған Ташкент қаласы мен Ташкент уезіндегі біршама жерлердің тағдыры біздің пайдамызға шешілмегені белгілі. Қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық, саяси жә-

не мәдени-рухани өмірінде үлкен маңызды орны бар бұл мәселелерді шешуде РК(б)П Қазақ обкомы жалтақтық, жайбасарлық пен табансыздық танытты. Сұлтанбек Қожанұлы бастаған Түркістандық қазақтар өкілдерінің ұсыныстарын қолдап, әрі көмегін көрсетіп, дем беруде дәрменсіз болды. Бұған сол кездегі Қазақ обкомы басшылығында өзге ұлт өкілдерінің көп болуы өз кесірін тигізген болатын. Олар ұлттық межелеу нәтижесінде қазақтардың көпшілікке айналып ұлттық республика құруын мүлде қаламаған еді. Бұнымен қатар, осы кезеңде Қазақ автономиясындағы қазақтың зиялы қауым өкілдерінің бірі болшевиктік, екіншісі Алаштық болып бөлініп алып, бірін-бірі аяусыз «әшкерелеп» саяси тартысты өршітуі де, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға мүмкіндік бермеді және жер тағдыры талқыға түсіп отырған аса жауапты кезеңде іске кері әсерін тигізді.

Дегенмен де, 1924 жылдың соңында Орта Азия республикаларының аумағын межелеу жұмыстары аяқталғаннан кейін, бүкіл қазақ жерлері бір мемлекетке біріктіріліп, Қазақ АКСР-нің қалыптасуы аяқталды. Қазақстанға Қазалы, Ақмешіт, Түркістан, Шымкент уездері, Әулиеата уезінің көпшілігі, Сырдария облысындағы Ташкент және Мырзашөл уездерінің бір бөлігі, Самарқан облысы Жизақ уезінің бірнеше болыстары, Алматы, Жаркент, Лепсі, Қапал уездері, Жетісу облысы Пішпек уезінің бір бөлігі және Қарақалпақ автономиялы республикасы қарады. Республикамыздың аумағы 700 мың шаршы километрге жуық ұлғайды, халқымыздың саны 1 миллион 468 мың адамға көбейді. Қазақтар республиканың барлық халқының 61,3 пайызы болып көпшілікке айналды. Осы орайда Сұлтанбек Қожанұлы бастаған халқымыздың ұлтжанды қайраткерлерінің ұлттық аумақтық межелеуді жүргізу жұмыстары барысындағы халқымыз үшін қызметін, жер ана үшін күресін астын сызып тұрып, үлкен мақтаныш сезіммен айтамыз. Өкініштісі сол үлкен қайтпас-қайраткерлік жұмыстың нәтижесінде 1924 жылы межеленген шекараны содан кейінгі жылдары қаз-қалпында ұстап тұра алмадық. 1956-1963 жылдары аралығында Қазақстанның Бостандық ауданы тұтасымен және шекаралық аймақтардағы бірнеше ауданды қамтитын қазақ жерлері Хрущевтің әпербақандық саясатының нәтижесінде Өзбекстан Республикасына беріліп жіберілді.

Сұлтанбек Қожанұлы бұрын Түркістан Республикасына қараған Қазақ жерлерінің Қазақ автономиясына қосылғаннан кейін ұлтжанды қайраткерлердің алдында қазақ елінің болашағы үшін аса жауапты жұмыстардың күтіп тұрғанын айқын түсінді. 1924 жылы қыркүйек айында болған Түркістан орталық атқару комитетінің төтенше сессиясында сөйлеген сөзінде ұлттық республикалардың құрылуының тарихы маңызы бар екендігін, Түркістанның екі облысының Қазақ республикасының құрамына біріктірілуі Қазақ ұлттық республикасын рәсімдеудің басы болатынын мәлімдеумен бірге: *«Революциялық жетістіктер жөнінде айтатын болсақ (Қазақ автономиясының құрылғаннан бергі кезеңдегі жетістіктерін айтып отыр Д.И.) мақтанарлық жетістіктер жоқ. Қазақ республикасындағы партиялық ұйымдармен қоғамдық ұйымдарда ұлттық кадрлардың мөлшері былтырғы жылы 7% болған болса биылғы жылы 5,9% ғана. Кәсіподақ ұйымдары мен «Қосшы» одағында қазақтар өте аз. Ал шаруашылық өмірге келетін болсақ 409 кооперативтік ұйымдардың қазақтар бар болғаны 27% құрап отыр. Түркістан облысының қазақтары қайда, қандай республиканың құрамына кетіп бара жатқанын осыдан-ақ көре беріңіздер»,–* деп, Қазақ автономиясындағы Қазақ халқының алдында тұрған келеңсіз жағдайларды бүкпесіз ашып айтты [3]. Сонымен, Сұлтанбек Қожанұлының Сталиннің атына жазылған хатына дейінгі жер үшін таласты және ұлттық мемлекет құру жолындағы қажырлы күресті, сондай-ақ, сол кезеңде қалыптасып отыған Қазақ автономиясындағы ішкі саяси жағдайды қайраткердің өзінің саяси күрес жолымен біршама ашып көрсеттік. Ендігі кезекте сол хаттардың ішкі мазмұнына үңіліп көрейік.

1924 жылы қазан айында Москва қаласында өткен БК(б)П-нің саяси бюросының мәжілісінде Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық тұрғыда межелеудің қорытындысы жөнінде мәселе қаралды. Түркістандық қазақтар атынан осы мәжіліске қатысқан Сұлтанбек Қожанұлы бас хатшының атына жазған хатында бүкіл қазақ жерлері бір тудың астына біріктірілгеннен кейін оның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, партия және кеңес ұйымдарында қалыптасып отырған келеңсіз жағдайларды түзетіп, сауықтыру республиканың ұлттық республика болып құрылып, алға дамуы жөніндегі ойларын баяндай отырып*: «Қалай есептесекте Қазақстандағы европалықтар саны жағынан көп болып 54 пайызы құрап отыр, қазақтар 46 пайыз қана. Қазақстандағы РК(б)П ұйымдарындағы қазақтардың құрамы 6 пайыз (368 адам). Оның үстіне Қазақ коммунистері барлық партия бөлімдерінде шашырап кеткен»,–* деумен қатар, жік-жікке бөлінген басқару апаратын бір орталыққа біріктіріп, партиялық-кеңестік бақылауды күшейту, қалыптасып отырған тұңғиықтан шығудың жолдары жөнінде өз ұсыныстарынын білдіреді. Әсіресе, бұған дейін де билік үшін таласта жік-жікке бөлініп кеткен қазақтың жауапты партия, кеңес қызметкерлері арасындағы алауыздық Түркістанның екі облысы қосылғаннан кейін одан әрі ушығып кететінін ескертумен қатар, оның алдын-алу жолдарын ұсынады: *«Қазақстандағы партия-кеңес кадрларының одан әрі ыдырауын, азып-тозуын тоқтату үшін, тоқыраған ахуалды сауықтыру үшін ең алдымен, тікелей Орталық комитетінің өзінің басшылық жасауындағы қатаң партиялық режим орнату керек.*

***Біріншіден,** Киробкомды таратып жіберіп, бір жылға БК(б)П Орталық комитетінің уақытша бюросын құру, осы уақытша бюроға Қазақстандағы партия құрылысын және оның ұйымын рәсімдеуді аяқтау міндетін жүктеу.*

***Екіншіден,** Қазақ республикасының орталығын аса қысқа мерзім ішінде Шымкент қаласына көшіру және басқару түрі тұрғысынан Қазақ Республикасының аумағын үш әкімшілік-шаруашылық облысқа: шығыс, батыс және оңтүстік аймақтарға бөлу.*

***Үшіншіден,** мал өсіру шаруашылықтарын ұйымдастыру және малшаруашылық шикізатын өткізетін базарды реттеп-үйлестіру мен шұғылданатын шаруашылық орталығын құру.*

***Төртіншіден,** Қазақстандағы РК(б)П ұйымдарына Түркістан облыстарын қосуға байланысты туындайтын партия-кеңес құрылысының кезекті міндеттері туралы директивалық хат жолдау».*

Ал 1924 жылы 29 желтоқсан күні Қазақ Республикасының орталығын ауыстырудың қажет-

тілігіне байланысты Сталиннің атына жазған екінші хатында: *«Тот курьез что киргизи в собственной республике занимают положение нацмен, надо изжить. Пролетарское руководство должно осуществляться не в порядке пленения кирпартинтеллегентов в пролетарском центре, как Оренбург, а в живой массовой работе. Пролетарское руководство нисколько не облегчается увеличением численности русского крестьянство в составе населения, а, наоборот, затрудняется обострением традиционной межнациональной вражды и неизбежной оценкой пролетарского руководящего влияние, как русского национального засилья. Пролетарское руководство должно выражаться не в «леиальном» застое, а в развернутом, развивающейся хозяйственной и общественной жизни страны...»,*– деген болатын [4]. Сұлтанбек Қожанұлының мәні терең және бүкпесіз ашық айтылған пікірлерінен сан жағынан қазақтарды ұлттық көпшілікке айналдыру нәтижесінде РК(б)П құрамындағы қазақтардың санын көбейту және Қазақстанды шын мәнісінде ұлттық негіздегі республикаға айналдыру басты арманы болғанын аңғарамыз.

Көріп отырғанымыздай қайраткердің бас хатшының атына жазған хаттарында белгілі бір тұлғаны айыптау немесе таптық принциптерге малданып ұлттық мүдделерге қарсы сыңаржақ, кереғар пікірлер білдіру атымен жоқ. Бұл хаттардың өн бойымен ішкі қарама-қайшылықтарды жою, қазақ ұлтының біртұтастығын қалыптастыруды аяқтап, ұлттық мемлекетті құру жолындағы ізгілікті қадамдар, ұлттық мүдде тұрғысынан қойылғанын аңғаруға болады.

**Сұлтанбек Қожанұлының хатта айтылған ұсыныс-пікірлерін бас хатшы қолдаған жоқ.** Десекте, Сұлтанбек Қожанұлы 1924 жылы қараша айында жаңадан құрылған РК(б)П Қазақ обкомының жауапты хатшысы, 1925 жылы ақпан айында Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы болып Қазақстанда 11 айдай ғана қызмет атқарған кезінде хатта ұсыныс білдірген кейбір пікірлерін іс жүзіне атқаруға барын салды. Нәтижесінде, қазақ автономиясының астанасы Орынбор қаласынан, қазақ халқы тығыз орналасқан Ақмешіт қаласына ауыстырылды. 1925 жылы сәуір айында болған Қазақстан кеңестерінің жалпы қазақтық 5 конференциясында Сұлтанбек Қожанұлының ұсынысымен Ақмешіт қаласының атауы Қызылорда болып өзгертілді және батыл түрде күн тәртібіне қоюының арқасында осыған дейін халқымыздың қайраткер тұлғалары баспасөз бетінде, партия, кеңес ұйымдарының алдында көтеріп ұсыныс жасаса да өзгертуге қол жеткізе алмай келген халқымыздың отарлаушылар бұрмалаған «қырғыз» деген атауы «қазақ» деп өзгертіліп, халқымыз өзінің төл тарихи атауын қайтарған еді.

Өкінішке орай, Сұлтанбек Қожанұлының бас хатшысының атына жазған хатындағы Жетісу мен Сырдария облыстарының Қазақ автономиясына қосылғаннан кейін, бұған дейін «сауықпаған, жік-жікке» бөлінген қазақстандық партия, кеңес ұйымдарындағы алауыздық одан әрі күшейеді деген қауіпі өмір шындығына айналды. Сұлтанбек Қожанұлы қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы болып жүрген кезінде өзара тартыстың салдарынан болып отырған аса ауыр саяси келеңсіздіктермен күресті. Ол «жегі құрттай» іштен жеген топшылдық пен жершілдік, рушылдық алауыздықтар жөнінде оның мемлекеттігімізге, ұлттық тұтастығымызға қауіптілігі жөнінде 1925 жылы мамыр айында өткен Қазақ өлкелік партия комитетінің алқа мәжілісінде былай деп мәлімдеген болатын: *«Қазіргі таңда біз, Қазақстанның ішкі құрылысының қызу практикалық жұмыстарына көштік, соған сай, осыған дейінгі тоқырау жағдайында төзуге болған жағдайларға енді төзуге болмайды. Бізге өзіміздің орталығымызды құру, біртұтас қазақ республикасын құру, бұл республиканың ішкі жабдықталуы, Қазақстан шаруаларына қызмет ету жөнінде кезек күттірмейтін шараларды атқаруымыз керек. Осы алдымызда тұрған орасан зор міндеттердің алдында, топшылдыққа төзу, бірін-бірінің ізін аңдумен айналысуға жол беру, бастықтарға жағыну, жаулық ниеттегі қандайда бір топтардың қолында тұрған істерді атқаруға жол беру, біздің тарапымыздан қылмыс болып саналады»* [5]. Бірақ, ішкі алауыздық одан сайын өрши түсті. Біздің «салпаң құлақ желауыздар» жанып тұрған отты, одан әрі үрлей түсіп, С.Қожанұлы секілді қайраткерлердің өзіне «топшылдықтың» жетекшісі деген айдар тағып, орталыққа оның үстіне жалған арыздарды жөнелтіп жатты. Жеке бастың қамын күйттеген қорқаулардың арамза ниетіне орай жарылқаушы Мәскеу Қазақ елінің басшылығына Ф.Голощекин секілді қолшоқпарын жіберді. Халқымыз үшін қасіретті қаралы кезең осыдан басталған болатын.

**Сұлтанбек Қожанұлының Сталинге жазған хатының мән-мағынасын түсінбегендер немесе әдейі қасақана бұрмалап, қайраткерді қаралап көрсеткісі келгендер бұрында болған.** Бұл бұрмалаушылардың басында Ф.Голощекин тұрды. Ол 1925 жылы қыркүйек айында Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып келгеннен кейін, ұлт мүддесі жолында ештеңеден тайынбайтын қайраткер тұлға Сұлтанбек Қожанұлын Қазақстаннан кетіруге барын салғаны белгілі. Оны Сталин қолдады. Сұлтанбек Қожанұлын «ұлтшылдықпен», «топшылдықпен» айыптау барысында және өзінің Қазақстанды басқаруына келгенге дейінгі кезеңдегі қайраткердің партиялық басшылық қызметінен ілік іздеген Ф.Голощекин 1927 жылы өткен партияның III пленумында жасаған «Ішкі саяси жағдай туралы» деген баяндамасында хатта көрсетілген мәселелердің ішкі мәні мен мазмұнын: *«Как видите выход тогда искался не в самой организации, с организацией не считались, на мнение организации смотрели как на пустяки. Все решили сверху, и стремились через ЦК зажать, дав одному власть, дать на откуп Казахстан»,*– деп қасақана бұрмалаған еді [6].

*«Жарайсың, қызу қанды қырғыз!».* Бұл пролетариат көсемі В.Лениннің кеңестердің Бүкілресейлік тоғызыншы съезіне делегат болып қатысып сөз сөйлеген қайраткер Сұлтанбек Қожанұлына қарата айтқан сөзі. Бүкіл болмыс бітімімен, жан-тәнімен халқы үшін қызмет еткен «Қызу қанды қазақтың» саяси күрес жолынан тағылым алып, халқы үшін атқарған қызметіне тағзым жасайық.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР


1.ҚР ПМ. 719-қор, 1-т., 336-іс, 173-174-пп.
2.ҚР ПМ. 139-қор, 1-т., 816-іс, 76-77, 83-84-пп.
3.**Қожанов С.** Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы: Жалын, 2013. 233-234-бб.
4.ҚР ПМ. 141-қор, 1-т., 1129-іс, 79-80-пп.
5.ҚР ПМ. 141-қор, 1-т., 1129-іс, 78-п.
5.ҚР ПМ. 141-қор, 1-т., 38-іс, 120-п.

# ҚАЗАҚ ЖЕРІ ҮШІН КҮРЕСКЕН ТҰЛҒАЛАР
## және олардың саяси қызметі

**Санжар САПАРӘЛІ (Сапарали),**
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің 1-курс магистранты**

**ХХ ғасырдың басында қазақ халқы саяси аренаға, азаттық пен тәуелсіздік күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерін шығарды.** Ел арасынан өздерінің табиғи дарынымен, асқақ білімділік деңгейімен, рухани парасатымен суырылып шыққан алаш азаматтары ұлт болашағы үшін жан аямай тер төгіп, бостандық пен бақытты өмір жаршыларының тұңғыш қарлығаштары бола білді. Жақып Ақбаев, Дінмұхамед Сұлтанғазин, Ғұмар Қарашев, Ғабдұлғазиз Мұсағалиев, тағы басқалар, бұл тізімді осылай жалғастыра беруге болады.

**Шын мәнінде олар ғұмыр кешкен ХХ ғасырдың басы алып адамдарды қажет еткен, әрі осыған орай өздерінің ойлау, болжау қасиеттері айрықша, энциклопедиялық білім, талғам-танымдары жан-жақты алыптарды дүниеге келтірген дүбірлі заман болды.**

Бірақ жылдар бойы Кеңес өкіметі жүргізген озбырлық пен қырып-жоюға, тарихты өрескел бұрмалауға негізделген саясаттың тікелей салдарынан халқымыздың сана-сезімі өлшеусіз де орын толмас жұтаңдыққа ұшырап, оның интеллектуалды ауқымының қарыштап, дамуына үлкен нұқсан келді. Соның тікелей кесірінен Қазан төңкерісіне дейінгі жалпы адамзат өркениетінің төрінен орын алған ірі тұлғаларымызға «байшыл», «кертартпа», «діншілдер» деп ойдан шығарылған, цензура арқылы тыйым салынды. Партиялық талап, марксистік-лениндік идеология қазақ халқының дарынды дара перзенттерінің бостандық пен ұлт тәуелсіздігі үшін аянбай тер төккен, қабырғалары қайысқан ерекше еңбектерін большевиктік көзқараспен біржақты бағалап, оларды мемлекетке «қажетсіз» санап, жетпіс жылдан астам мерзімге жоққа шығарды.

ХХ ғасырдың басында Орталық Қазақстанда туып, ұлтының тәуелсіздігі үшін күрескен қазақ зиялылары – Ә.Бөкейханов, Н.Нұрмақов, Ж.Сәдуақасов, Ж.Ақбаев және тағы басқалардың еңбегінде қазақ халқының тәуелсіздігі, жерінің азаттығы, азаматтық құқығының жоқ болуы туралы ой-пікірлер, ұсыныстар, азаттыққа жету жолдары туралы терең тұжырымдар жасалған.

**Ә.Бөкейхановпен қатар қазақ халқының тарихында саяси ұйымның белсенді көсемдерінің бірі Ә.Ермеков болды.** Ол өмірінің соңына дейін Алаш партиясының мүшесі болып қалады. Оның еңбектерінен ұлтжандылық, өз принципіне беріктік, езілген қазақ халқының қамын ойлап, тек соның азаттығы үшін жұмыс атқарғандығы сезіледі. Ол Кеңес үкіметіндегі басқа партияға мүше болмайды.

**«Қазақ» және «Сарыарқа» газеттерінде Алаш партиясының негізгі бағдарламасын насихаттап, қазақтың нағыз жанаршылары осы партияның төңірегіне топтасу керек дейді.** Ақпан революциясынан кейін барлық қазақ зиялылар сияқты, Әлімхан Ермековте де қазақ үшін бостандық, теңдік күні туды деген рухани серпіліс болады. Ендігі мақсат – автономия алу, оның қаншалықты қажеттігін жан-жақты дәлелдеумен ұйымдастыру жұмыстарына белсене араласады. Ол қазақ халқының өзінің басты мақсаты – ұлттық мемлекеттігін қайта қалпына келтіруге тиіс деген ойды өмірінің соңына дейін насихаттайды. Ә.Ермековтің қазақ ұлт-азаттық қозғалысының қалыптасуы, дамуы, әсіресе, оның Алаш партиясындағы саяси қызметі, оның қазақ жеріндегі отарлық езгіден азат ету жолындағы саяси күресінің нақты айғағы. Ә.Ермековтің қазақ халқы үшін атқарған қоғамдық-саяси қызметінің бір маңызды кезеңі Алаш үкіметі тарихынан кездеседі. Ә.Ермеков, басқа да қазақ зиялылары сияқты, антибольшевиктік күштерді қолдау арқылы, ең алдымен халықтың амандығын, елдің тұтастығын сақтауға ұмтылады. 1918–1919 жж. бүкіл елді қамтыған шиеліністе толы уақытта ұлт зиялыларымен бірге Ә.Ермековте Қазақстанның екі топтың ортасындағы қантөгіс майданынан құтқаруға, қазақ елінің дербестігін қамтамасыз етуге барлық мүмкіндіктерді қолданады. Ұлттық мүдде үшін, туған халқының игілігі үшін күрескен Ә.Ермеков, сонымен бірге тағы да басқа қазақ зиялылары Кеңес үкіметінің құдалау саясатына тап болады.

**Орталық Қазақстанның тарихи тұлғаларының бірі – Ж.Сәдуақасов.** Ол 1924 жылдың қыркүйек айынан 1925 ж. мамыр айына дейінгі аралықта Қызылорда қаласында Қазақ автономиясының Халық Комиссариатының орынбасары болып қызмет атқарады. Осындай қызметте жүргенде Қазақ мемлекетінің өз алдына дербес басқару жүйесін қалыптасуына мәдени-шаруашылық құрылысының дамуына көп еңбек сіңірді. Әсіресе, оның 1928 ж. Юстиция Халық Комиссариаты және Республика прокуроры болып қызмет атқарған кезінде Қазақстанда заңдылықты нығайтуға, заң кадрларын тәрбиелеуге халықтың мүддесіне қажетті заңдарды қабылдауға, мемлекеттік заңдылықты сақтау жолында зор еңбек сіңірді. Осылайша Кеңес үкіметінің Қазақстан даласындағы жүргізген саясатының өрескел қателіктерін ашық білдіріп, өз басын қатерге тігеді. Ж.Садуақасов қазақтың басқа зиялыларымен бірге Қазақстандағы мәдени құрылыстың дамуына үлкен үлес қосады. Әсіресе, ұлттық баспасөзді күшейту, ғылыми-мәдени мекемелерді ұйымдастыру, қазақ әдебиетінің болашағы туралы және жастарды оқыту мәселесіне, аштықпен күрес жұмыстарына белсене араласып, ХХ ғ. басындағы тәуелсіз Қазақ автономиясының дамуына өз үлесін қосады.

**Орталық Қазақстанның саяси тұлғаларының бірі, қазақтың алғашқы заң магистрі – Ж.Ақбаев.** Өзі заңгер болғандықтан, қазақ даласындағы қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласып, патша үкіметінің ХХ ғ. басындағы қазақ даласында жүргізіп отырған отаршылдық саясатын сынап, қазақ халқының атынан атақты «Қарқаралы петициясын» жазып, сол арқылы қазақтың жерін, құқығын, рухани дамуын тежеп отырған фактілерді анықтап, патша атына хат жолдады. Жалпы соңғы кездері ғана қазақ зиялылары, соның ішінде Ж.Ақбаевтың өмірі мен қызметі туралы алғашқы зерттеулер шыға бастады. Ол 1905 – 1907 орыс революция жылдарындағы қазақ даласындағы азаттық қозғалыстың басында болды. Қазақтардың арасында сайлау, жер мәселесі, рухани бостандық, саяси теңдік мәселелер жөнінде заңгер ретінде ашық үгіт-насихатын жүргізді. ХХ ғ. басында қазақ зиялыларының еңбектерінде тәуелсіздік идеясы басты мақсат болып қойылды.

Оның танымдық, тәрбиелік, теориялық мәні жоғары еңбектерінде тәуелсіздік үшін бейбіт замандағы күрес жолдары, алға қойылған асыл арманға жету мақсаттары көрсетілген. Олай болса, бүгінгі Орталық Қазақстан жерінде өмірге келіп, халқымыздың азаттығы үшін талмай қызмет атқарған тарихи тұлғалардың еңбектерін жас ұрпаққа оқытып үйрету, сол арқылы тәуелсіздікті нығайту – бүгінгі қазақ зиялыларының басты міндеті.

**Қорыта келе, қазақ зиялыларының еңбектеріндегі ұлттық идея: әділеттік, бірлік, ұлттық тілді, мәдениетті дамыту, оқу, білім алу, басқа елдер мен терезесі тең болу деген мәселелерге талдау жасай отырып, олардың ұлы шығармаларынан қазақ халқының тарихы туралы ой-пікірлерін терең зерттеудің қажеттілігі айқын көрінуде.**



**ӘӨЖ 930 (574)**

# АҚҚУ ҒҰМЫР КЕШКЕН АҢЫЗ АДАМ

## *(Дариға Тіналинаның жеке қор құжаттары бойынша)**

**Оразгүл МҰХАТОВА,**
**тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры**



**Алматы қаласы мемлекеттік архивіндегі №294-қорда қазақ қыздарының арасындағы тұңғыш кинорежиссер Дариға Тіналинаның құжаттары жинақталған** [2]. Д.Тіналинаның есімі қалың қазаққа таныс болуы мүмкін. Дегенмен жастар жағы Қазақ КСР-на еңбек сіңірген өнер қайраткерін, КСРО кинематографистер Одағының мүшесін, тыл ардагері болған аяулы аруды біле бермесі анық. Сондықтан да ел мен халқына адал қызмет еткен кеңестік кезеңде қыздар арасында сирек кездесетін мамандық иесі болған Дариға Біләлқызын жеке архив қоры құжаттары негізінде қалың оқырманға таныстыруды жөн көрдік.

[1,2].

**Дариға Тіналина 1921 жылдың 17 наурызында Ақмола облысы Вишневский ауданының Ақжар ауылында дүниеге келген.** Оның әкесі Біләл Ақмолада кеңес өкіметін орнатуда белсенділік танытқандардың бірі болған еді. 1917 жылдан большевиктер партиясының мүшесі, 1919-1920 жылдары революциялық қозғалысқа белсенді қатысқаны үшін бірнеше рет қамауға алынып, ақ гвардияшылардың Ачинск, Краснояр, Сахадағы лагерьлеріне (жер аударылған) жіберілген. Ақмолада Кеңес өкіметі орнатылғаннан кейін облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет атқарды. Бірнеше рет Ақмола облыстық және Қазақ Орталық Атқару атқару комитеттерінің мүшесі болып сайланды. Ұлы Отан соғысы жылдары Дариғаның әкесі ауылшаруашылық артелін басқарды. Біләл Тіналиннің өмірі мен қоғамдық қызметі бейнеленген құжаттар Омбы облыстық мемлекеттік архивінде және ҚР Орталық мемлекеттік архивінде сақтаулы. Біләл Тіналин туралы мәліметтер Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарында [3] кездеседі. Оның есімі мен атқарған істері «Из истории Октябрьской революции и гражданской войны в Казахстане» [4] атты очерктен көрініс тапқан.

**Д.Тіналина 1939 жылы Алматы театр училищесін тәмамдады.** Қорда мектепте оқығаны, оны бітіргені жөнінде құжаттар кездеспейді. Дегенмен Дариға апай өзінің естеліктерінде сонау 20-жылдары Қызылжардағы Қазкоммунаның бірінші класына түскені, Кәрім Ақшорин деген адамның директор болғандығы туралы жазған [5, 5-п.]. Кәрім ағасы Дариғаға «қара ұста» деген ат беріпті, өйткені сабақтан тыс уақытта коммунаның шеберханасынан шықпайтын әдеті бар еді: түрлі ойыншықтар жасау, суреттер салу, макеттер құрастыру және тағы сол сияқтылар.

**Оқу іздеп Алматыға келгенде әпкесінің үйінде тұрды. Зағипи және оның жолдасы Абат республикаға танымал адамдар болатын.** Сондықтан да бұл үйде республика үкіметінің басшылары, қазақ өнерінің нарқасқалары жиі бас қосатын [5, 15-п.],– деп айтатын. 1930-жылдары әпкесі мен жездесі екеуіне бірдей «халық жауы» деген жала жабылып, ұсталған тұста қаршадай қыз бір үйде жалғыз қалды. Есігінен кісі арылмайтын қонақжай шаңыраққа ешкім бас сұқпады. «Халық жауларының» үйіне кіруге ешкімнің батылы жетпейтін әрі кіріп-шығатындардың ізі аңдулы болатын. Әбден зәрезап болған Дариғаның өзінің де үйге кіруге дәті бармады. Сол күні училищенің жатақханасында қонды.

**1939 жылдың қыркүйегінде Мәскеуге, ВГИК-ке келді.** Ол кезде режиссура туралы ойлаған да емес, үш ұйықтаса да түсіне кірмейтін. Дариға актерлік факультетке оқуға түсті. Институтта оқып жүрген кезіндеақ шығармашылық қызметі басталып кетті. Актриса ретінде «Үкімет мүшелері» (1939 ж.), «Қиялшылдар» фильмдеріндегі эпизодтық рөлдерді ойнады. Екінші курста оқып жүргенде белгілі режиссер М.Донскойдың «Романтиктер» (Қиялшылдар) фильмінде Тинтин деген чукот қызының рөлін тамаша шабытпен, ұлттық ерекшеліктерімен ойнап берді [5, 5-п.]. Осыдан кейін

-------------------
*Мақала **АР 05134617** Жеке қор құжаттары Қазақстан тарихының дерегі ретінде (XX ғ. – XXI ғ. басы) тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды.

оны киноға түсуге шақыра бастады. Сол күйі кете бергенде Дариға қазақ қыздарынан шыққан ең алғашқы киноактриса болуы күмәнсіз еді. Алайда Кеңес Одағында Ұлы Отан соғысының басталуы жалғыз Дариғаның емес, талайлардың ой-армандарының күл-талқанын шығарды. Дариға Ақмолаға қайтуға мәжбүр болды.

**Ақмола облыстық атқару комитетінде жұмыс істеп жүргенде Ильяс Омаровты кездестірді.** Дариғамен әңгімелескен Ильяс оған өнер саласында жұмыс жасауға, Алматыға ауысуға ақыл-кеңес берді. Дариға 1942 жылы Алматыда құрылып жатқан Бірлескен Орталық киностудияға (ЦОСК) әзер дегенде болмашы бір қызметке тұрды.


(1,10)

Қызмет орнында алаңсыз жұмыс жасаудың сәті түскенімен Дариғаны қинаған баспана жайы болды. Баспанасыз күйзеліп жүрген шағында көшеден Әбділда Тәжібаевты жолықтырды. Әбділда жездесі Абатпен сыйлас достар болатын. Кезінде жиі араласып тұрды. Ол кезде Әбділда мен Сараның жаңадан шаңырақ көтерген кезі. Дариғаны үйіне ертіп әкелді. Сол үйде Дариға біраз уақыт тұрды [5, 8-п.]. Өміріндегі айтулы өзгеріс те осы уақытта басталды. Опера театрының қойылымына барған сәтінде биология ғылымдарының докторы, ВСХНИЛ-дың қазақ филиалы президиумының төрағасы Кәрім Мыңбаевты кездестірді. Отбасы бар ер азамат болса да Дариғаны жанындай жақсы көрді. Дариға да оны өмірінің мағынасы деп санады. Дариға Біләлқызының басынан кешкен жалғыз махаббат жайлы естеліктері жан тебірентерлік. Қайталанбас сезім сырын өнері өміріне айналған ару-ана былайша шерткен: *«Тағдыр маған жай оғындай жарқ еткен махаббат сыйлады. Ол қазақтың біртуар азаматы болатын. Бірақ үйлі-баранды адам еді. Арамызда өткел бермес асу жатты. Екеуміз де қатты қиналдық. Әйтсе де жүрек шындығына бас идік. Ол кезде менен асқан бақытты жан жоқтай көрінетін»* [5,17-п.].

«Песни Абая» (Абай әндері) деген киноны түсіруге дайындық жүріп жатқан кез. Еркежан (Абайдың жас әйелі) рөлі Дариғаның еншісіне тиді.

Д.Тіналина Алматыда алғаш рет «қазақ концерті», «Қыз Жібек» сияқты концерт-фильмдерге қатысты. Бұл кезде Дариғаның аяғы ауыр еді. Кәрім екеуінің ортасында Сарын есімді ұл бала 1946 жылы ақпанда дүниеге келді. Алайда Дариғаның бақыты ұзаққа созылмады. Өміріндегі ең жақын адамы дүние салды. Қазақ ғалымдарының үлкен тобы мінген ұшақта Кәрім Мыңбаев өзінің серіктестерімен бірге әуе апатынан қаза тапты.

Бір жағынан жан азабынан шыдай алмаған, екінші жағынан білім алудың қажеттілігін түсінген, үшінші жағынан жалғыз ұлын жеткізу үшін көп еңбектену керектігін сезінген Дариға ақыры ВГИК-тегі оқуын жалғастыру үшін қайтадан Мәскеуге тартып отырды.

**1948 жылы өзі оқыған ВГИК-тің актерлік емес, режиссерлік факультетіне оқуға түсіп, оны 1953 жылы бітіріп шықты.** Студенттік жылдары, дәлірек айтсақ, 1952 жылы «Жамбыл» фильміне түсті. 1953 жылы «На просторах Казахстана» атты ғылыми-көпшілік түсірілімін


[1,11]

жүзеге асырды. «Қазақстан жылқышылары» атты киноочеркті қойып, диплом жұмысын қорғады. Дегенмен ВГИК-ті бітіргеннен кейін Дариға Біләлқызының ең бір елеулі жұмысы «Салтанат» фильмі болды. *«Бұл фильмді қоюдағы менің екінші режиссерлік жұмысымды өзімнің ұстазым Довженко да, КСРО Мәдениет министрі төрағасының орынбасары В.Н.Сурин де жоғары бағалады. Бұл фильмде мен интернационалдық идеяны көздей отырып, КСРО халық артисі Алты Қариев пен Қазақ КСР халық артисі Нұрмұхан Жантөриннің қатысуына себепкер болдым»* [5,5],– деп жазды. «Салтанат» киносуреті үшін Дариға мақтау қағазын алды, ал фильм Үндістанда өткен Азия және Африка елдерінің кинофестиваліне қатысты.

1954-1958 жылдары аралығында «Мосфильм» студиясында режиссер, «Қырғызфильм», «Түркіменфильм» киностудияларының түсірілім топтарында екінші режиссер және қоюшы (постановщик) болып еңбек етті. Олай дейтін себебіміз Д.Тіналина түсірген фильмдерді жұртшылық жылы қабылдады. Оның дарын қуатын, режиссерлік мол мүмкіндігін таныған көршілес қырғыз, түрікмен ағайындар өздеріне шақырды. Ол түсірген фильмдер түбі бір түркі халықтарының ортақ игілігіне айналды.

«Салтанаттан» өзге «Илья Муромец» (1956 ж.), «Ерекше тапсырма» (1957 ж.), «Алыстағы тау ішінде» (1958 ж.) көркем фильмдерін жасауға қатысты.

**Институтты бітіргеннен соң В.Э.Томберг екеуі бірігіп Қазақстан жайлы толықметражды ғылыми-көпшілік көркем фильм түсіруге кірісті.** *«... Мен операторлармен бірге Қазақстанның барлық аймағын аралап шықтым десем де болады. Сонда мен не көрдім. Халқымның қиын тұрмысын көрдім. Адам аярлық ауыр халін жүрегіммен сезіндім»* [6,18]. Шындығында да Ұлы Отан соғысынан кейінгі Қазақстан халқының тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік жағдайы ауыр болған. Алайда тарихи мерзімді басылымдар мен зерттеулерде шындық айтылмады. Кез келген мәселенің тек күнгей жақтарын көрсету кеңестік биліктің «дәстүрлі» әдістерінің бірі болғандығы жасырын емес.

**Түсірілім тобы Қазақстанды үш ай бойы аралады.** Фильмге тек шынайы өмірдің күнгейін ғана түсіруге нұсқау берілді. Дариға Біләлқызының сол түсірілімдерден мына бір жайтты еске алды. *«Сонымен Чапаев колхозына түнделетіп келдік. Жерге жарық түскенде маңайыма қарасам, үйсіз-күйсіз, ауру, аш-жалаңаш халық. Шешесінің омырауынан сүт шықпағанда долданып шырылдаған сәбиді көргенде төбе шашым тік тұрды. Денем тітіркеніп кетті. Отыра қалып, еңіреп жыладым. Түсіретін қойшының не үйі, не күйі жоқ. Балалары аш-жалаңаш. Дереу сол жерді суретке түсірттім. «Горный гигант» совхозының директорын қойшының үйі қылып түсірдік»* [7,1]. Бірақ мұның бәрі кадр сыртында қалды. Тек Дариғаның қолынан келгені түсіру тобының фотографына орын алған шындықты, елдің ауыр тұрмысын бейнелейтін жүздеген кадрлар түсіртті. Жоғарыдағы мықтылар фильмді сталиндік сыйлыққа ұсынды. Фильмнің жоғары дәрежелі сыйлыққа ұсынылғанын естіген Дариға тағат таба алмады. Ол жөнінде өзінің естеліктерінде: *«Осы*



[8,1]

*хабар құлағыма тиісімен менен маза кетті. Жауырды жаба тоқыған жалған фильм мұндай үлкен атаққа қалай ие болмақ? Мені қинаған жай осы болды. Ақыры жүрегімді қолыма алып Довженконың үйіне жеттім. Алқынып келіп, табалдырықтан аттар-аттамастан айтқаным мынау болды: «Александр Петрович, бұл фильм ешқандай жоғары сыйлыққа лайық емес. Ондағылардың бәрі де жалған. Нағыз шындық керек пе? Ол – мынау. Өмірдің ащы ақиқаты мына суреттерде!»,– деп, өзім тапсырма беріп түсірткен жүзге жуық фотоларды Довженконың алдына жайып салдым»* [7,18],– деп жазды.

Комиссияның шешіміне А.П.Довженко ықпалының қаншалықты болғаны беймәлім. Белгілісі «Кең байтақ Қазақстан далаларында» фильміне сыйлық берілмеді. Есесіне халық арасында *«Д.Тіналина Сталиндік сыйлықтан бас тартыпты»* деген хабар тарап кетті.

**1958 жылы Дариға Біләлқызы туған жеріне, «Қазақфильмге» оралды.** Елге ысылған режиссер ретінде келді. Бұл жайтты ол: *«Өкінішке орай, киностудия мені ерекше сақтықпен, салқын қабылдады»,–* деп еске түсірді. Сырттан келген әйел-режиссерге өз бетімен фильм түсіру құқығына ие болу үшін көптеген қиындықтармен күресуге тура келді. Өнердегі өз орнын табу жолындағы ширыққан күрес үстінде жүріп «Әзіл-шыны аралас» фильмін түсірді. Бұл қазақ кино өнері тарихындағы тұңғыш сатиралық кинокомедия болатын. **Бұдан кейін Дариға Тіналина бар күш-жігерін әлемнің өзге елдерінде түсірілген фильмдерді ана тілінде сөйлетуге арнады.** Қазақ ауылдарының орысша бір сөз білмейтін балаларына кино деп аталатын тылсым әлемнің есігін ашуға септесті. Д.Тіналинаның қатысуымен «Шабандоз», «Ботагөз», «Земля отцов» атты кеңестік кинематографияның Алтын қорына енгізілген фильмдер қайта қалпына келтірілді. Қазақ кинематографиясын дамытуға қосқан үлесі үшін Д.Б.Тіналинаға 1975 жылы «Қазақ КСР өнеріне еңбек сіңірген қайраткер» атағы берілді. Сонымен қатар Қазақ және Қырғыз КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумдарының құрмет грамоталарымен марапатталды. Кеңестік киноның 60 жылдық және Қазақ КСР мәдениет кәсіподағы жұмысшыларының 1979 жылғы 9 тамыздағы №49 қаулысымен Дариға Тіналина «Қазақ кино ардагерлерінің құрметті кітабына» енгізілді [9].

Д.Тіналинаның жеке қор құжаттары Алматы қаласының мемлекеттік архивіне 1997 жылдың қаңтар айында келіп түсті. Өнер қайраткерінің құжаттары 4 бөлімге: шығармашылық қызметіне, өмірбаянына қатысты, Д.Тіналина туралы мерзімді басылым беттерінде жарияланған құжаттар, бейнелеу материалдары бөлінді. Шығармашылық қызметінің құжаттары бөлімінде «Знатные коневоды» деректік киноочеркінің әдеби сценарийі (1952 ж.); тапсырыспен түсірілген «Больше дешевых и удобных складов для зерна» ғылыми-көпшілік кинофильмінің режиссерлік жобасы; осы фильмнің әдеби сценарийі қорытынды; «Ауыл дәрігер» кинокартинасының дубляжы бойынша материалдарды өткізудің актісі (9 ақпан 1952 ж.); «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» толықметражды көркем фильмінің әдеби сценарийіне өтінім; «Жайлау әндері»; «Дала бұлбұлы» кинокартиналары сценарийлерінің жоспары; ВЛКСМ-ның 40 жылдығын салтанатты түрде өткізу жоспары; «Перекресток» кинокартинасының рөлдеріндегі артистердің тізімі тіркелген. Осы бөлімде әртүрлі фильмдерден алынған кадрлардың суреттері жинақталған. Мәселен, «Ерекше тапсырма», «Бір ауданда», «Салтанат» фильмдері кадрларының фотосуреттері сақтаулы. «Әзіл-шыны аралас (1963 ж.) фильміне фотоиллюстрациялар, «Салтанат» фильмін



[8,6]

түсіруге қатысушылардың және түсірушілердің фотосуреттері, олардың тізімдерін осы бөлімнен табуға болады.

Өмірбаянына қатысты құжаттар бөлімінде қор құрушының өмірбаяны, мінездемелері, анықтамалар, баян хаттар, құрмет грамоталары және бірқатар хаттары шоғырландырылған. Д.Біләлқызының Қазақстан КП ОК-нің хатшысы Ильяс Омаровқа 1949 жылы 25 сәуірде; 1959 жылы 18 желтоқсанда ВГИК директорының орынбасары Ю.Г.Геникеге; Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Е.Б.Тайбековке 1952 жылы 16 қаңтарда; ВГИК директорының орынбасары В.Н.Головняға 1952 жылы 31 желтоқсанда; Қазақстан киноқызметкерлері ұйымдастыру бюросының төрағасы Ш.К.Аймановқа; «Қазақфильм» киностудиясының директоры К.Смаиловқа 1970 жылы 12 қарашада; ҚКП ОК бірінші хатшысы Д.А.Қонаевқа; Қазақстан кинематографистері Одағы басқармасының хатшысы Ф.А.Атушевке жазған хаттары тіркелген. Осы бөлімнен Дариғаның әкесі – Біләл Тіналиннің өмір жолы мен қоғамдық қызметін дәйектейтін құжаттарды табуға болады. Әкесінің ақмола облысында кеңес өкіметін орнатуға белсене араласқанын, азамат соғысы жылдарындағы күресін дәлелдейтін 1962 жылы 31 шілдедегі Омбы мемлекеттік архивінен алынған №Т-24 анықтама, Б.Тіналинге 1964 жылы 23 желтоқсанда Қазақ КСР ОМА берген анықтаманың көшірмесі; Б.Тіналиннің Целиноград облыстық партия комитетінің хатшысы Н.Е.Кручинге; Целиноград облыстық атқару комитетінің төрағасы Р.О.Шаяхметовке (25 сәуір 1966 ж.) өтініші; Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» заманхатынан үзінді (аудармасин жасаған облыстық партия комитетінің нұсқаушысы Т.Тоғызбаев); мерзімді басылым беттерінде Б.Тіналин туралы жарияланған мақалалар тіркелген. Осы бөлімнің №3-4-істерінде Кәрім Мыңбаев туралы құжаттар жинақталған. Мәселен, №3-істе оның 1946 жылы

түскен суреті, «Бетпақдала шөлі» атты ғылыми еңбегі (Алматыдан ҚазКСР ҒА баспасынан 1948 жылы басып шығарылған. Д.Тіналина туралы мерзімді басылым беттерінде, соның ішінде «Новый фильм», «Жаңа фильм», «Советский экран», «Қазақстан әйелдері» журналдарында жарияланған мақалалар жинақталған. Айта кетерлік бір жайт, қор шағын, құрамында 17 сақтау бірлігі бар. Алайда құжаттардың құндылығы ешбір дау тудырмайды.

Атақ-даңқ іздеп алыспаған, әлдекімді жағалап жан бағуды ойламаған Дариға Тіналинаның өмір мектебі баршаға үлгі-өнеге. Махаббаттың мәңгілігін, өмірдің мәнін өнер қайраткерінің өмірбаянының әрбір парағын ақтарған сайын сезінесің. Кезінде сталиндік сыйлықтан бас тартқан. Елбасына қазақ халқының әйел-аналарының атынан аманат айтқан өнер адамының еліне еткен адал еңбегі зерттеуге лайық.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алматы қаласы мемлекеттік архиві. 294-қор. – 1-тізімдеме. – 16-іс. Шығармашылық қызметіне қатысты фотосуреттері.

2. Государственный архив города Алматы. Фонд 294. Документы личного происхождения Тналиной Дариги, 1921 года рождения, кинорежиссера, заслуженного деятеля искусств Казахской ССР, члена Союза кинематографистов СССР, ветерана трудового фронта. - Опись 1. - 17 дел.

3. **Сәкен Сейфуллин.** Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы, 1977. – 387-б.

4.Из истории Октябрьской революции и гражданской войны в Казахстане. – А-Ата, Изд-во АН Каз ССР, 1962. – 177с.

5. Алматы қаласы мемлекеттік архиві. - 294 – қор. – 1-тізімдеме. - 12-іс. Өмірбаянына қатысты құжаттар.

6. Алматы қаласы мемлекеттік архиві. 294-қор. – 1-тізімдеме. – 21-іс. – 16-п. Д. Тналина туралы мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар. – 16-п.

7. Алматы қаласы мемлекеттік архиві. 294-қор. – 1-тізімдеме. – 17-іс. – 15-п. Д.Тналинаның фотосуреттері.

8. Алматы қаласы мемлекеттік архиві. 294-қор. – 1-тізімдеме. – 20-іс. Д.Тналина туралы жинақталған газет қиындылары.

9. Алматы қаласы мемлекеттік архиві. 294-қор. – 1-тізімдеме. 4-іс. - Шығармашылық қызметі туралы құжаттар. – 9-п.

*ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІНЕН КЕЙІН*

# БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ БАРЛЫҚ САЛАҒА БАҚЫЛАУ ОРНАТУЫ

*(Сырдария облысы бойынша)*

**Зағира ТОҚБЕРГЕНОВА,**
**Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты**

**Жер-жердегі Кеңес өкіметінің органдары капиталистерге, ірі саудагерлер мен дәулетті кәсіпкерлерге әртүрлі айыппұл мен заңсыз «контрибуциялық» салықтар салды.** Олар мұндайда кейде ойдан шығарылған себеп-сылтауларды және ашаршылықпен күрес қажеттігін желеу ететін. Мәселен, Әулиеата Кеңесі 1918 жылғы 28 наурыздағы арнаулы декретімен уездің байырғы халықтан шыққан капиталистерін, сондай-ақ осы өңірдегі 52 орыс капиталисін сол жылдың 2 сәуіріне дейін өз есеп шотына бір миллион рубль өткізуді міндеттеді. 1918 жылдың 12 сәуірінде Түркістан қалалық депутаттар Кеңесі жергілікті ірі саудагерлерге табыс салығын дер кезінде төлемеді деген сылтаумен 300 мың рубль айыппұл салып, майда кәсіпкерлердің бірнеше жүзмыңдық дүние-мүлкін тәркілеу жөнінде қаулы шығарды [1, 200-б.].

**Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы іс-әрекетіне баға бере келіп, Ахмет Байтұрсынов 1919 жылы «Жизнь национальностей» газетінде «Киргизы» атты мақаласында былай деп тұжырым жасады:** *«Россияның орталық аудандарында большевиктік қозғалыстың қалай өткендігі қазақтарға белгісіз; шет аймақтарда ол барлық жерде зорлау, қиянат жасау және ерекше диктаторлық өкімет билігімен қатар жүргізілді… Егер бұрын патша чиновниктері... қазақтарды ешбір шектеусіз езіп-жаншыған болса, енді мұндай әрекеттерді большевиктер-коммунистердің атын жамылған адамдар тобы жүргізіп отыр»* [2, 7-б.].

**Ахмет Байтұрсыновтың осы тұжырымы барынша дәл айтылған.** Оған алып-қосар артық сөз жоқ. Большевиктер тек мемлекеттік (кеңестік) басқару және билік жүйесіндегі жетекшілік рөлге ие болумен шектелген жоқ. Сонымен қатар, милиция, Қызыл Гвардия мен Қызыл Армия жасақтары мен бөлімшілеріне де бақылау орнатты. Сонымен қатар, қоғамдық өмірдің барлық салаларына жаппай бақылау орнату арқылы оларды жеке-дара билеп төстеу үшін, олар идеология мен мәдениет салаларына да өз үстемдіктерін жүргізу қажет депсанады. Бұл ретте ең алдымен таптық, коммунистік ұстанымдары жетекшілікке алған большевиктер партиясының жергілікті ұйымдарын кеңінен құрып, оларды нығайту қажет деп табылды.

**Қазан төңкерісі жеңіске жеткеннен соң жұмысшы табы билеуші тап болып танылып, кеңес мемлекеті пролетариат диктатурасының мемлекеті деп жарияланды, ол коммунистік (большевиктік) партия елдегі билеуші саяси ұйымға айналуға тиісті болды.** Орталықта да, ұлттық аймақтарда да бұрын іс жүзінде бытыраңқы жағдайда болған большевиктік топтар бірігу процестерін бастап келіп, бір-бірімен байланысты ұйымдарға топтасты. Мұндай үдерістер Сырдария облысына да тән болды. 1918 жылдың күз айларында Сырдария облысына қарайтын Жосалы, Арал, Арыс сияқты темір жол станцияларында большевиктік партия ұйымдары құрылды. Ал Перовск, Черняев, Әулиеата, Түркістан және Қазалы сияқты қалалар мен елді мекендердегі партия ұйымдары шапшаң қарқынмен өсті. 1918 жылғы 17-25 маусым аралығында Ташкент қаласында

Түркістан коммунистерінің өлкелік конференциясы өтті. Оған қатынасушылар бұл конференцияны өздерінің бірінші өлкелік съезі деп атап, партиялық құрылыстың өзекті деп саналған мәселелерін талқылады. Олардың қатарында өлкенің жергілікті халықтарының өкілдерін партия қатарына тарту, партиялық баспасөз жүйесін қалыптастыру туралы мәселелер де болды. Конференция «Мұсылман пролетариаты арасындағы жұмыс туралы» аталған қарар қабылдады. Онда «Мұсылман бұқарасын жаңа өмір құруға кеңінен қатынастыру», «социалистік отанды қорғау үшін» Қызыл Армия бөлімдерін құру ісіне ерекше мән беру, жергілікті облыстық және уездік Кеңестердің жанынан ұлт істері жөніндегі Комиссариат бөлімдерін (секцияларын) құру, Түркістанның жергілікті халықтарының тілдерінде партиялық әдебиет шығару ісін бастау жұмыстарына үлкен мән берілді [3, 11-12-б.]. Конференция қарарлары мен ұсыныстары жер-жерлерде кеңінен нахихатталып, жергілікті партия ұйымдарын құру ісі жанданды.

1918 жылдың жазында Перовск партия ұйымының қатарында 193 коммунист, Қазалы ұйымында – 120, Түркістан қалалық партия ұйымында 52 адам болды. Партия ұйымдарының ұйымдық жағынан нығаю процесі облыстың басқа қалаларында тез қарқынмен жүзеге асып жатты [4, 265-б.].

Осындай жұмыстардың нәтижесінде 1919 жылдың ақпанында Сырдария облыстық партия ұйымын құру ісі аяқталды [5, 87-б.].

1920 жылғы 13-16 тамыз аралығында Шымкентте Сырдария облыстық бірінші партия съезі өтіп, онда Ресей Коммунистік (большевиктер) партиясы (РКПб) Түркістан комиссиясының сол кездегі төрағасы В.В.Куйбышев «РКП-ның Түркістандағы міндеттері» деген баяндама жасады. Баяндамашы облыс партия ұйымының алдына екі басты міндетті – отарлық езгінің қалдықтары мен жергілікті халық арасындағы патриархаттық-феодалдықты жою – міндеттерін қойды [5, 111-б.].

Кейінгі тәжірибе көрсеткеніндей «отарлықтың қалдықтарын жою» көп жағдайда сөз, декларация жүзінде қалды да, «патриархаттық-феодалдық қатынас» қалдықтарын жою туралы нұсқау пәрменді түрде жүзеге асырыла бастады. Бұл «қалдықтар» қатарына қазақтардың дәстүрлі шаруашылықпен айналысу ісі, ұлттық салт-сана, діни наным-сенімдер, діл мен тіл ерекшеліктері мен оларды сақтаушылар жатқызылды. Ондаған жылдарға созылған оларға қарсы күрестің зиянды зардаптарынан халқымыз бүгінге дейін толық айырыла қойған жоқ…

**Коммунистік партияның ұлт аймақтарындағы ұйымдарының нығайып, саяси билікті жеке өз қолдарына алуы барысында оларға қарсы көзқарастарда болған және «буржуазиялық», «ұлтшылдық»,«келісімпаздық», т.б. саяси айдар тағылған партия ұйымдары күштеп таратылып, олардың баспасөз органдары жабылды.** Таратылған партиялардың полиграфиялық игіліктері жаңа, большевиктік, кеңестік бағыттағы газет пен журналдар шығару үшін пайдаланылды. Жаңадан қалыптаса бастаған большевиктік, кеңестік баспасөз коммунистік идеологияны таратудың пәрменді құрамына тез қарқынмен айнала бастады. Жаңа өкіметке сенімсіз немесе қарсы бағытта деп бағаланып, Кеңес өкіметінің алғашқы айларында күштеп таратылған саяси ұйымдар қатарына «Алаш», «Шуро-исламия», «Ғұламалар одағы», «Үш жүз» партияларын, жабылған баспасөз органдары қатарына «Қазақ», «Бірлік туы», «Сары арқа», т.б. газеттерді бірінші кезекте жатқызуға болады.

Қазақстан мен Түркістанның қалаларында коммунистік идеялар мен ұстанымдарды уағыздайтын газеттер шыға бастады. Олардың қатарына «Қазақ мұңы» (Орынбор), «Ұшқын» (Орынбор), «Заря свободы» (Верный), «Иштракиюн» (Ташкент), «Мехнаткашлар товуши» (Самарқан), «Вестник семиреченского трудового народа» (орыс және қазақ тілдерінде, Верный), т.б. газеттерді жатқызуға болады. Бұлар Қазақстан мен Түркістанды мекендеген халықтар (орыс, қазақ, өзбек, т.б.) тілдерінде шығып тұрды және олардың біразы Сырдария облысына таратылды [5, 75 б.; 6, 270-б.].

Азамат соғыс жылдарында ұлттық-демократиялық, ұсақ буржуазияшыл және жекелеген діни партиялар да таратылып, Түркістан өлкесін мекендеген халықтардың ұлттық-мәдени ұйымдары жабылды. Олардың қатарына Жас бұхарлықтар (младобухарцы), Жас хиуалықтар (младохивинцы) ұйымдары мен Түркістандық армяндардың «Дашнакцутюн» тобын, осы өңірдегі еврейлердің «Поалей цион» партиясы мен «Бунд» тобын жатқызуға болады [7, 123-б.].

**Азамат соғысы мен шетелдік интервенцияның басталуына байланысты негізгі аймақтарында Кеңес өкіметі сақталып қалған Түркістан АКСР-дағы большевиктер ұйымдары мен билік жүйесінің қызметінде әскери мәселе бірінші орынға шықты.** Соғысқа байланысты, Кеңес мемлекетінде қалыптасқан жаңа жағдайға байланысты 1918 жылғы шілдеде Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің кеңейтілген мәжілісінде В.И.Ленин мынаны атап көрсетті: *«Біздің еліміз тағы да соғысқа душар болып отыр… Россия Социалистік Федеративтік Совет Республикасының өмір сүруі туралы барлық мәселе, Россиялық социалистік революцияның барлық мәселесі соғыс мәселесіне келіп тіреліп отыр»* [8, 15-б.]. Осы жағдайдан туындайтын басты міндет ретінде ол *«пролетариаттың қатарларын бұрынғыдан да тығызырақ топтастырып… барлығын да соғыс мәселесін шешуге жұмылдыра алатындай етіп ұйымдастыра білу»,* – міндетін қойды [8, 17-18-б.].

Лениндік осы тапсырманы тез арада орындау үшін ескі Ташкент қаласында да шұғыл түрде шақырылған көп адам қатынасқан митингіде төмендегі мазмұндағы құжат қабылданды: *«Алдымызға қойылған мақсат-міндеттер жауды толық жеңгенде ғана мүмкін болатындығын еске ала отырып қаулы етеміз: 1) Советтік негіздегі Түркістан Республикасын қорғау; 2) Осы мақсатпен қарулану және әскери өнерді үйрену; 3) Әскери партия жасақтарын құру»* [9].

Осыған мазмұндас қаулы-қарарлар сол кездерде өткен Түркістан уезінің екінші теміржолшылар съезінде, Кеңестердің үшінші Қазалы уездік съезінде, Черняевте, т.б. Сырдария облысының елді мекендерінде болған митинглерде қабылданды. Жергілікті Кеңестер мен большевиктік ұйымдар жоғарыда айтылғандай қаулы-қарарлар қабылдаумен шектелген жоқ, нақтылы іс-әрекеттер де атқарды. Мәселен, Азамат соғысы басталысымен бұрыннан бар Қызыл Гвардия жасақтары мен Қызыл Армия бөлімшелеріне қосымша әскери құрылымдар құрылып жатты. Олардың қатарында 4-ші Түркістан полкі, жеке Черняев батальоны, Түркістан қазақ Кеңес полкі, Перовск жауынгер жасағы, т.б. әскери бөлімшелер болды. Олардың құрамында өлкені мекендеген халықтардың – орыс, украин, қазақ, өзбек, татарлардың, т.б. өкілдері болды [4, 285-б.]. Бұл әскери құрамалар ақтарға қарсы күресу үшін

Азамат соғысының Орынбор, Ақтөбе, Закаспий майдандарына аттандырылды.

**Азамат соғысы жағдайында Түркістан большевиктері Ресейдің орталық аудандарының үлгісімен жастар мәселесіне нақтылы назар аудара бастады.** 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін өлкеде дербес жастар ұйымдары болған жоқ. Соған қарамастан большевиктер іс-қимылға бейім тұратын белгілі жастардың, белгілі бөлігін Түркістан өңірінде Кеңес өкіметін орнату үшін күреске жұмылдыра білді. Ал жаңа өкімет жүйесі қалыптасып, нығаю барысында, әсіресе, Азамат соғысы тудырған жаңа жағдайда тез қарқынмен өрістей бастаған жастар қозғалысын большевиктер өз бақылауына алып, оларға жетекшілік жасау ісінің Кеңес өкіметінің нығаю процессінде маңызды екендігін жақсы түсінді.

1918 жылдың екінші жартысында өлкенің, оның ішінде Сырдария облысының, алдымен қалаларында, одан кейін басқа да елді мекендерінде «Социалистік жастар одағы» атанған ұйымдар құрыла бастады, ал жекелеген партия комитеттері жанынан жаңа «Жастар ұйымдары (коллективтері)» пайда болды. 1918 жылғы тамызда Ташкентте «Жастардың социалистік одағы» құрылып, көп кешікпей оның баспасөз органы – «Юный труженик» атты журнал шығарыла бастады [10, 20-б.; 4, 301-б.]. Бұлодақтың бөлімшелері өлкенің басқа қалаларында, олардың қатарында Сырдария облысының уезд орталықтарында да құрыла бастады. 1918 жылдың соңына қарай Түркістандағы «Социалистік жастар одағының» саны 15-ке жетіп, олардың қатарында 2000-ға жуық адам болды [10, 20-б.; 4, 301-б.]. Бұл ұйымдар кейінірек құрылған Коммунистік жастар одағының (Коммунистический союз молодежи – комсомолдың) құрылуына жол салушы, ізашар ұйымдар рөлін атқарды. 1919 жылғы 15 сәуірде Ташкенттегі «Социалистік жастар одағы» большевиктердің ұсынысымен жұмысшы жастардың коммунистік одағы болып қайта құрылды. Біртіндеп коммунистік бағыттағы жастар одағының қатарына ауыл, қыстақ, селоларды мекендейтін әртүрлі ұлттардың өкілдері тартыла бастады.

Түркістандағы Коммунистік жастар одағына алғашқылардың қатарында мүше болған қазақ жастарының ішінде, кейін оның жетекшісіне айналған Ғани Мұратбаев та болды.

1920 жылғы 21 қаңтарда Ташкентте Түркістан комсомолының бірінші өлкелік съезі ашылды. Оған қатарларында 8000 мүшесі бар 120 делегат қатысты. Съезд Түркістан комсомолының құрылғандығын баянды етіп, оның жарғысы мен бағдарламасын қабылдады [7, 127-б.]. Осы съезден кейін жер-жерлерде комсомол ұйымдарын құру және олардың қызметін жандандыру ісі жаңа сапалы сатыға көтерілді. Осы комсомол ұйымдары, партияның «көмекшісі мен резерві» аталып, коммунистердің «қолбаласына» айналды.

**Қоғамдық-саяси өмірдің барлық салаларына бақылау орнатып, оларға жетекшілік ету бағытындағы большевиктердің іс-әрекеттері жоғарыда айтылғандармен шектелген жоқ.** Енді олар еңбекшілердің кәсіподақ ұйымдары мен шаруалардың өзара көмек қөрсету комитеттері, «Кедей», «Қосшы одағы» сияқты бұқаралық ұйымдарына да бақылау орнатып, оларды өздерінің айтқандарын орындайтын, «жүр» деген бағытта жүретін қолшоқпарларына айналдыру бағытында әрекеттерге көшті. Нәтижесінде 1918-1920 жылдары негіздері қаланып, қызметтері басталған айтылмыш ұйымдар біртіндеп белгілі дәрежеде өнеркәсіп пен аграрлық қайта құрулардағы большевиктік бағыттар мен ұстанымдарды жүзеге асырушыларға айналды. Олардың бұл рөлі 1920-1930 жылдарда елді тез қарқынмен индустрияландыру мен оның ауылшаруашылығын күштеп жаппай ұжымдастыру барысында ерекше көрінді. Ал бұл «қайта құрулардың» мемлекет пен халыққа қаншалықты зардапты болғандығы көпшілікке белгілі…

Сонымен, қорыта келгенде қоғамдық-саяси өмірдің барлық салаларына бақылау орнатып, оларға жетекшілік ету бағытында іс-әрекеттер жүргізген большевиктер Қазан төңкерісі мен Азамат соғысының жеңісі нәтижесінде жеке, дара саяси билікке қол жеткізіп, кеңестік негіздегі мемлекеттік жүйені қалыптастырды. Бұл жүйе 1917-1920 жылдар аралығында Орталық Ресейдің үлгісімен және оның тікелей ықпалымен Түркістан АКСР-ында, оның құрамында 1924 жылға дейін болған Сырдария және Жетісу облыстарында қалыптасып, орнықты.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается вопрос о превращении коммунистической партии в правящую политическую организацию в стране после победы Октябрьской революции. Исследуется создание большевистских партийных организаций в Сырдарьинской области, в чьей деятельности военный вопрос был на первом месте. Автор сообщает, что особое внимание большевики обратили на молодежную проблему.

**Ключевые слова:** Октярьская революция, Советская власть, рабочий класс, диктатура пролетариата, Коммунистическая партия, Коммунистический союз молодежи.

* * *

The article examines the path of the Communist Party to become the ruling political organization in the country after the victory of the October Revolution. It has been investigated the creation of Bolshevik party organizations in the Syrdarya region, in whose activities the military issue was in the first place. The author reports that the Bolsheviks paid special attention to the youth problem.

**Keywords:** the October revolution, Soviet power, the working class, the dictatorship of the proletariat, the Communist Party, the Communist Youth Union.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1.**Нурпеисов К.** Становление Советов в Казахстане (март 1917 г. – июнь 1918 г.). – Алма-Ата: Наука, 1987.– 240 с.

2.**Нұрпейіс К.** Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995. – 256-б.

3.Резолюции и постановления съездов Коммунистической партии Туркестана: 1918-1924 гг. // Институт истории при ЦК КП Узбекистана – филиал института марксизма-ленинизма при ЦК КПСС. – Ташкент: Госиздат УзССР, 1958. – Т.37. – 212 с.

4.История коммунистических организаций Средней Азии. – Ташкент: Узбекистан, 1967. – 778 с.

5.Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очеркі. –Алматы: Казмем баспасы, 1963.– 705-б.

6.**Тугов П.И.** К вопросу о продовольственном вопросе накануне Великой Октябрьской социалистической революции //Известия Академии наук Казахской ССР. Серия истории, экономики, философии и права. – 1957. –Вып. 2. – С. 32-36.

7.Туркестан на историческом повороте (1917-1920 гг.): Учебное пособие//сост.: Голованов А.А., Тилеукулов Т.С.– Ташкент: Изд-во "Халкмероси», 2002. – 161 с.

8.**Ленин В.И.** Шығармалар толық жинағы.–Алматы, 1980. –338-б.

9.Наша газета. –Ташкент, 1918, июль – 17.

10.**Хамидходжаев А.** Организация комсомола в Туркестане 1918-192 гг.– Ташкент: Госиздат УзССР, 1957. – 208 с.

# СОВЕТ БИЛІГІНІҢ ИСЛАМҒА ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ

*(1922-1930 жж.)*

**Талғат ЖОЛДАСҰЛЫ,**
**Селчук Университеті әлеуметтік ғылымдар институтының докторанты (PhD), Кония/Түркия**
**Шағатай БЕНХҮР,**
**Селчук Университеті әдебиет факультеті тарих бөлімінің доценті, доктор, Кония/Түркия**

**Кіріспе.** Совет үкіметінің дінге, оның ішінде исламға байланысты ұстанымдары маркстік-ленин-дік принциптерге негізделгені белгілі. Дегенмен, Совет билігінің исламға қатысты саясаты әр кезеңде шарттарға, түрлі саяси себептерге байланысты өзгеріп отырды. Мысалы, Совет үкіметі өзінің билігі толық орнықпаған алғашқы жылдарда мұсылмандардың қолдауын алу үшін исламға байланысты жұмсақ саясат жүргізуге мәжбүр болды. Сол саяси себептерге орай әрекет етті. Сондықтан да Совет үкіметінің алғашқы кезеңіндегі мемлекет пен ислам байланысын зерттеу маңызды.

**Советтердің алғашқы исламдық саясаты.** Советтер конституцияның зайырлы принциптеріне орай барлық халыққа дін ұстануға еркіндік берсе де, коммунистік көзқарас тұрғысынан дін өмір сүрмеуі тиіс болатын. Ленин 1905 ж. 8 желтоқсанда «Новая жизнь» газетіне берген мақаласында, мемлекетке қатысы жағынан алғанда дін әркімнің жеке басының ісі болуын талап ететінін, бірақ дінді өз партиясына қатысы жағынан алғанда әркімнің жеке басының ісі деп еш санай алмайтындығын мәлімдеген. Партия программасында өздерінің атеист екендігін айтпауға тиісті екендіктерін, соқыр сенімнің қалдықтарын сақтап қалған пролетарлардың партиямен жақындасуына тыйым салмаулары қажет екендігін ашық айтқан [1].

**Советтердің мұсылмандарға деген жұмсақ қарым-қатынасы билікке келе сала білінді.** Ленин мен Сталин өздерінің 1917 ж. 20 қарашадағы (3 желтоқсан) *«Шығыс пен Ресейдің еңбекші мұсылмандарына арналған үндеуінде»* мұсылмандардың діні мен ғұрыптарына еркіндік берілетінін әрі қол сұғылмайтынын мәлімдеді. Тиісінше, мұсылмандардан жанашырлық пен қолдау күтті. Екі ай өткен соң, 1918 ж. 20 қаңтарда (2 ақпан) Совет билігі діннің мемлекеттен және мектептің діннен бөлінуі жөнінде декрет жариялады. Заңнамалық актының мектептің діннен бөліну бөлімі бүкіл дін өкілдерінің наразылығын тудырды, оның ішінде мұсылмандар да бар еді. Азамат соғысы жағдайында, 1918-1920 жылдары және Жаңа экономикалық саясаттың алғашқы жылдарында бұл декреттің «мектеп бөлімінің» жүзеге асырылуы исламдық ортада өте баяу жүрді. Мұсылмандарға қатысты жұмсақ әрі сақ саясат жүргізілді. Қатал әрі аяусыз қудаланған орыс православие шіркеуіне қарағанда ол жылдары исламның жағдайы анағұрлым жақсы болды. Өйткені ислам Шығыстың қысымға ұшыраған халықтарының діні еді, Советтер осы жағдайды пайдаланды. II Екатерина кезінде құрылған Орынбор мүфтиятының тарихи мұрагері Уфадағы Мұсылмандардың орталық діни басқармасы (ЦДУМ) болды. 1920 жылдардағы Советтердің исламға қатысты «бейбітшілік» саясаты уақытша тактика еді. Түркістанда 1920 жылдары мұсылман халықтарының көпшілігін қамтыған «жихад» ұранымен басмашылардың антисоветтік қарулы қозғалысы болды. Бұл үлкен соғыс еді. Биліктің исламдық саясатына халықаралық «ислам мәселесі» әсер етті. Осы себепті Советтер мұсылмандарға қатысты ұстамдылық көрсетті. 1920 жылдары Шығыс мұсылман елдерінде халифатты қалпына келтіру жолында жүргізіліп жатқан көтерілістерді Советтер революция жолында Англияға қарсы қолдануды жоспарлады. 1923 ж. Хиджаз Корольдігімен дипломатиялық қатынас орнатылды. Советтер сыртқы және ішкі саяси себептерге байланысты мұсылмандарға төзімділік танытты [2,11-16-б.].

**Қазан төңкерісі қарсаңында Қазақстанның бірнеше облысында діни ұйымдар болды.** Қазақтар үшін жеке мүфтият ашу мәселесі тұрды. Өз мүфтиятының құрылуына дейін 1917 ж. шілдеде Орынборда болған бүкілқазақтық съезі шешімімен Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай, Орал және Маңғышлақ аймағы діни ұйымдары уақытша Орынбор мүфтиятына бағынды. Қазақстан өкілдері бүкілресейлік мұсылмандар съезіне, бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне (Шура-и Ислам) және оның атқарушы комитетіне алынды. Бұл ұйымдар мен съездердің қызметі сол кезеңде Қазақстанда исламның дамуына әсер етті деуге болады [3, 42-б.].

XX ғ. басында жәдидшіл прогрессшіл дінбасыларға Европалық мәдениет көп әсер етті, өздерінің әңгімелерінде прогрессшіл дінбасылар Европаның мәдени, саяси, технологиялық жетістіктері мен исламды байланыстырды [4]. Жәдидшілердің «Улуг Туркестан» (Ұлы Түркістан) газеті түркі халықтарын татар, қазақ, өзбек болып бөлінбеуге, түркі халықтарын бірігуге шақырды, бәріне ортақ түркі тілін жасап шығу қажеттін мәлімдеді [5]. Революцияға дейін және революцияның алғашқы жылдарында дінге қайшы санаған дінбасылар жалпы социализмге қарсы еді. Бұрын республикалық басқару жүйесін исламға қайшы санап, халифат деп жүрген дінбасылар, Совет үкіметі орнаған соң монархиялық басқару жүйесінің исламмен байланысы жоқ деді [6]. Консерваторлық көзқарастағы дінбасылар алғашқы кезде балаларын Советтік мектепке беруге қарсы болды. Бала-шағасы комсомолға, коммунистік партияға мүше болғандарды айыптады [7].

Түркістанның қоғамдық-саяси өмірінде дін мен зайырлы мемлекет қарым-қатынасы мәселелерін шешуде екі көзқарас болды. Бірінші қадымшы-консерваторлық бағыт, екінші жәдидші бағыт, жәдидшілердің басты мақсаты қоғамдық өмірдің барлық саласын жаңарту еді. 1917 ж. сәуірде Ташкентте жәдидші-реформашылардың «Туркистан мусулман маркази шураси» (Түркістан мұсылмандары орталық кеңесі) атты алғашқы саяси органы құрылды. Көп ұзамай жәдидші қозғалыс екі саяси топқа бөлінді. Либерал жәдидшілер тарапынан «Шура-и Исламиа» (Ислам кеңесі) құрылса, екінші топ «Улама жамиати» (Ғұламалар қоғамы) партиясын құрды және бұларға Сералы Лапин бастаған қадимші-консерваторлар қосылды. «Шура-и Исламиа» Түркістанның барлық

халықтарына тең құқық беретін федералдық, демократиялық республикалық басқару жүйесі болуын қалады. «Улама жамиати» болса конституция және мұсылман құқығы (фикх) арқылы басқарылатын федеративтік мемлекет болуын жақтады, бұнымен қоса Ташкентте шайх-ал ислам басқаратын, және мүшелері халық тарапынан бес жылға сайланатын заң шығарушы орган «Махкама-и Шариа» (Шариғат соты) құрылатын болды. Бірнеше құрылтай ұйымдастырды. 1917 ж. қарашадағы Түркістан мұсылмандарының IV Құрылтайында екі партия да Ташкент кеңесіне қарсы шығып, Қоқанда тәуелсіз мұсылман үкіметін құруды көздеді. Бұлардан басқа Түркістанда «Турк адами марказиат партиаси» (Түрік адамы орталық партиясы), «Туркистан сусиалистлар тудаси – Эрк» (Түркістан социалистер партиясы – Азаттық) және «Йаш бухараликлар» (Жас бұхаралылар) ұйымы өмір сүрді. Бұхара Халық Советтік республикасында 1920 ж. «Йаш бухараликлар» билікке келді. Жәдидшілер идеологиясының қалыптасуына Ресей мұсылмандары да (Еділ, Қырым татарлары мен Әзербайжандар), шетел мұсылдары да әсер етті. Жергілікті ресми діни басқарма діни және зайырлы биліктің бөлінбейтінін мәлімдесе, халық болса дәстүрлі мұсылман мемлекеті қоғамдық және азаматтық істерде шариғатқа үстемдік беруі керек деп есептеді. Қысқаша айтқанда жәдидшіреформашылар арасында дін мен мемлекет қарым-қатынасы мәселесінде екі көзқарас болды, «Турк адами марказиат партиаси» мен «Туркистан сусиалистлар тудаси – Эрк» мемлекеттің секуляризм жолымен дамуын қолдаса, «Шура-и Исламиа» мен «Йаш бухараликлар» нақты бір көзқараста болмады [8]. 1924 ж. Бұхара Халық республикасы дінбасыларының съезі Құранға сүйене отырып, халық үкіметін қолдайтынын және басмажылар қозғалысын толық айыптайтынын мәлімдеген шешім қабылдады [9].

**Мұсылман діни ұйымдарының рөлі.** 1920 ж. 16-25 қыркүйекте Уфа қаласында мүфтий Г.Барудидің басшылығымен улема мен мутавалилердің (дінбасылардың) I Бүкілресейлік съезі болады. Ол жерде Орынбор мүфтиятының мұрагері Мұсылмандардың орталық діни басқармасын (ЦДУМ) қайта жасақтау ісі болды, бұл діни басқармаға Ішкі Ресей, Сібір және Қазақстан мұсылмандары бағынды. ЦДУМ-ның басқару құрылымы үш сатылы болды, жоғарғы (Диния Назарат – басшылық құрамда мүфтий және оған мүше алты қазиболды); орта (мухтасибат) – үш адамнан тұрды, басшысы мухтасиб; төменгі (мутаваллиат) – әр мешіт молда, муэдзин және хатшы-қазынашыдан құралды. 1927 ж. ЦДУМ 14 825 мұсылман ұйымын біріктірді.Бұл оның тарихындағы ең жоғары көрсеткіш. Жаңа экономикалық саясат жылдары дін басылардың билікке жасаған талап-тілектерінде, ислам негіздерін оқытқысы келетіндердің барлығына рұқсат беру, діни мектептерді ЦДУМ-ға және оның аймақтардағы ұйымдарына беру, имам, мударрис және мешіттердің қызметіне рұқсат беру рәсімін алып тастау, 18 жасқа дейінгі балаларға діни білім беруге рұқсат беру айтылған.Онымен қоса мұсылман мектептерін ашу, неке қию, ажырасу және мүліктік мәселелерді молдалардың қарауына беру, дінбасыларға қысым жасауды тоқтату, Діни басқармаға баспасөз еркіндігін беру, Діни басқарманы заңды деп тану секілді, т.б. талаптары болған [2, 4-6-б.].

20-жылдардың шарттарына байланысты Советтер 1922 ж. мамырында Түркістан, Бұхара Республикалары аймағында діни ұйымдарға кейбір вакыфтық жерлерді қайтарды, жергілікті қазы, бисоттарын қалпына келтірді және діни мектептерді заңдастырды. Діни ұйымдарға вакыфтық жерлерді қайтару ісі оңтүстік Қазақстан территориясында да жүрді [3, 59-б.]. Шарттарға байланысты Түркістан коммунистік партиясының аталған аймақта дінге қарсы пропаганда жұмыстарының екі бағытын көрсетілген. Бірінші халықты бірте-бірте улеманың ықпалынан шығару және надандықпен, кертартпалықпен күресу үшін халық арасында біртіндеп, жүйелі түрде мәдени-ағартушылық жұмыс жүргізілуі қажет делінген. Екінші дінге сенушілерді діннің және улеманың билігінен құтқару мен жұмысшылардың көп бөлігін діни құлдықтан босату үшін пропаганда жүргізу айтылған. Онымен қоса мұсылман дінбасыларды билік органдарынан жүйелі түрді алыстату, ескі ырым-тиымдармен, «пұтқа табынушылық» сенімдерімен, қожа, ишан, диуана және емшілермен күресу, халыққа балаларын конфессиялық мектептерге емес, совет мектептеріне беруге шақыру, әйелдерін партия және басқа да жиындарға қатыстыруға үгіттеу, т.б. көрсетілген [10, 58-61-б.].

Діни қозғалыстар белсенді болған аймақтарда, Түркістан Советтік Социалистік республикасында (оған 1924 жылға дейін Қазақстанның оңтүстік өңірі де кірді) ресми түрде 1922 ж. мешіттердің жанынан діни мектеп-медреселер ашуға рұқсат берілді, тіпті кейбір советтік мектептерде де діни білімге рұқсат етілді. 1924 ж. 9 маусымда БОАК шешімімен бастауыш білім алған балаларға мешіттерде 14 жастан бастап діни білім алуға рұқсат берілді. (бұған дейін 18 жасқа толғандарға ғана рұқсат етілетін). Осы шешім негізінде, 1925 ж. қаңтарда Қазақстанда діни білім беру тек мешіт ғимаратында жүргізілуі тиіс делінген нұсқау шықты. Діни білімге рұқсат беру және діни білім беру процесін НКВД, ОГПУ органдары қадағалады. Мұсылмандық білім беруді ауылдық жерлерге қарағанда уездік, губерниялық қалаларда қадағалау көбірек болды [3, 81-83-б.].

1917 ж. шілдеде II Бүкілресейлік мұсылмандар съезінде Орынбор мүфтиятының орнына ЦДУМ-ды құру туралы шешім болса да, ЦДУМ-ның құрылуы 1920 жылдың соңында ғана іске асты. 1923 ж. маусымда II Бүкілресейлік мұсылман дінбасыларының съезінде ЦДУМ мүфтиі болып танымал қоғам қайраткері, дінтанушы және тарихшы Ризаэтдин Фахретдин (Фахретдинов) сайланды. Сол жиында ЦДУМ-ның Жарғысы қабылданды. Бұл Жарғыны 1923 ж. қарашада НКВД ресми түрде бекітті. Жарғыда ЦДУМ дінбасыларының съезі үш жылда бір болады делінген. Діни басқарма вакыфтар мен мұсылмандардың садақасы арқылы өзін-өзі қаржыландыратыны айтылған. Одан басқа басқару құрылымы жөнінде жазылған [11, 63-67-б.]. 1923 ж. маусымдағы III Бүкілресейлік мұсылмандар съезінде бірнеше қаулы қабылданған. Қаулыда, патшалық Ресей мұсылмандарды қараңғылықта ұстағысы келді, бірақ Совет билігі әлемде алғаш рет ұлтына қарамастан барлығына міндетті білім беруді енгізді, сондықтан бұл іске қолдау жасауымыз қажет деп мәлімденген. ССРО мұсылмандары Түркияның Жоғары Ұлттық Мәжілісінің сұлтандық пен халифатты бөлу туралы шешімін, сатқын Вахдеттиннің тақтан тайдырылуы мен оның орнына Абдулмежиттің келуін қолдайды делінген. Басмажыларды Түркістандағы көтерілісті тоқтатуға және әлем мұсылмандарын Советтерге қарсы соғыспауға шақырған. Советтердің дінді мемлекеттен бөлу саясатының әділ шешім болғандығы, өздері қиын жағдайда болса да, Түркия аштықтан зардап шеккен Ресей мұсылмандарына көмек бергендігі, бірақ оған «жауыз» Англияның кедергі жасағандығы, көптеген мұсылман елдерінің Англияның қоластында екендігі, Советтердің ағыл-

шындарға қарсы түріктерге көмек бергендігі айтылған. Бүкіл әлем мұсылмандарын Советтерге қолдау білдіруге шақырған [11, 52-59-б.].

Қазақстан дінбасыларының ұйымдасқан түрде жұмыс жасауы 1923 жылғы Уфада өткен II Бүкілресейлік мұсылман дінбасыларының съезінен бастау алады. Сол кезден ЦДУМ-ға екі қазақ қазиы мүше болды. Сол съезден кейін ЦДУМ өзінің қазақ бөлімшесіне қатысты белсенді әрекет ете бастады. 1926 жылы 25 қазан – 4 қараша аралығында Уфада өткен III Бүкілресейлік мұсылман дінбасыларының съезінен кейін Қазақстанда діни белсенділік қатты өскен. Бұл жиынға Қазақстаннан 135 делегат қатысқан, яғни ЦДУМ-ға қарайтын өңірлерден ең көп делегат Қазақстаннан келген. 1927 ж. Қазақстанның 9 аймағы бойынша 55 мухтасибат жұмыс жасаған. Қазақ дінбасылары негізінен консерваторлық көзқарасқа жақын еді. Консерватор дінбасылар, әсіресе, ишандар мен Діни басқарма арасында келіспеушіліктер болған. Дінбасылар Советтердің қалың малға тиым салу ісіне қарсы шығып отырған. Дінбасылардың үгіт-насихаттарынан партия, комсомол және Косчи одағының бөлімшелері ыдыраған жағдайлар кездескен. Қазақстанның діни өміріне ишандардың ықпалы зор болған. Олардың мүриттері мен қалпелерінің саны өскен. Кейбір ишандардың мүриттерінің саны 10-15 мыңға дейін жеткен. Мысалы, Сырдария губерниясының, Түркістан уезінде Ақ Ишанның беделі жоғары болған. Түркістан қаласындағы «Сұлтан-Хазірет» мешітіне жылына 5 мыңнан 8 мыңға дейін зияратшылар келген. Дінбасылар советтік мектептерге деген теріс көзқарастарын да білдіріп отырған. Заңсыз діни білім беруге қарсы жергілікті билік ештеңе жасамаған [10, 126-135-б.].

1926 ж. бастап Діни басқарманың белсенділігі артты. Белсенділігі мынадай бағыттарда айқындалды: 1) діни үгіт-насихаттың кеңеюінен, 2) діни басқармаға саяси құқық берілуінен, 3) шаруаларға иедеологиялық және экономикалық ықпалынан. Соңғысы советтік аппаратқа, советтік мектепке, комсомол, партия ұйымдарына қарсы үгіт-насихат арқылы жүргізілген. Дінбасылардың барлық әрекеттері бақылауда болған. Осыған байланысты, халық арасында балаларын Совет мектептерінен алып, діни мектептерге беру жағдайы кездескен. Молдалар тарапынан совет мектептерінің жабылуын талап ету, совет билігін, реформаларын мойындамаймыз деген сөздер айту, жергілікті биліктің жұмысына араласып, өз арыз-талаптарын беру, Советтерге қарсы үгіт жүргізу, мешіттерде коммунистер мен коммунизмге қарсы уағыз жасау, комсомол мүшелеріне қарсы жұмыс жасау, коммунистерге қарсы күш қолдануды насихаттаусекілді жағдайлар орын алған [2, 32-48-б.].

**Қазақтар мен түркімендер арасында татар, өзбек молдалардың ықпалы зор болған.** Советтер Орта Азияда жәдидші-прогрессшіл дінбасылар көмегімен діни мектептерге зайырлы пәндерді енгізген. Өзбекстанда шамамен төменгі діни мектептердің саны 1325, медресенің саны 84 болса, Түркіменстанда діни мектептің саны 74, медресе саны 16, Қырғызстанда діни мектеп саны 78 болған. Оларда оқитындардың саны 25 мыңға жеткен. Бүкіл Орта Азияда шамамен 1477 діни мектеп, 190 медресе болған. Бұл аймақта паранжаны тастау мәселесінде қарсылықтар жүрген. Прогрессшіл дінбасылар әйелдер мәселесінде Советтерге көмектескен. Жалпы дінбасылар мынадай топтарға бөлінген: 1. Мешіт дінбасылары – имам, имам-хатиб, муэдзин және қарилар. 2. Ағартушы дінбасылар – муддарис, дамулла-муаллим. 3. Діни сот өкілдері – қази, аглям, мүфтий. Бұнымен қоса ишандар мен олардың қалпелерін атап өтуге болады. Ишандар рухани және қоғамдық өмірге ықпал еткен. Советтер билікті қолына ала бастағаннан ағартушы дінбасылар мен діни сот өкілдері зиян көре бастады. Дінбасылар өзі ішінен екіге бөлінді консерваторлар мен реформашылар болып. «Махкама-и Шариа» діни ұйымы бүкіл қазиларды біріктірген еді. Бірақ өз ішіндегі келіспеушіліктерден соң, прогрессорлардың ықпалымен Облыстық Діни Басқармалар болып жасақталды. Осылайша Өзбекстанның бірнеше қаласында діни басқармалар жұмыс жасады. Прогрессшіл дінбасылардың басымдығындағы діни басқармаларға ишандар қарсы болған. Өз ішіндегі сайлауларда жәдидшілер мен консерваторлар арасында қырқыс орын алып отырған. Дінбасылар Советтермен компромиске келуге тырысқан. Өзбекстандағы Діни Басқармаға ЦДУМ-ның ықпалы зор болған. ЦДУМ өзінің тәжірибесімен бөлісіп отырған. Өзара қарым-қатынастары жақсы болған. ЦДУМ Орта Азияны өзіне қосып алғысы келген. Орта Азияда ишанизм (суфизм) өте ықпалды болды. Түркіменстанда ишандар молдаларды тағайындап отырған. Ишандарға Советтердің жер реформалары қатты әсер етті. Олар совет мектептеріне қарсы наразылықтарын білдіріп отырды. Ишандар негізінен консерваторлық дінбасылардың қатарына жатады [11, 99-114-б.].

ЦДУМ үшін экономикалық жағынан ең маңызды аймақ Қазақстан еді. 1928 ж. ЦДУМ мен Қазақстан мухтасибаты арасында келіспеушіліктер ЦДУМ-нан Қазақстанды бөлу әрекетін тудырған. Сөйтіп Қазақстандағы 55 мухтасибаттың 20-сы ЦДУМ-нан бөлінген. Осыған байланысты Қазақ дінбасыларының арасында да екіге бөлінушілік белең алған [10, 152-153-б.]. ЦДУМ діни мектептер үшін күрескен, діни кітаптар басу үшін талпынған. ЦДУМ-ның күшеюіне ЖЭС пен совет мектептерінің әлсіздігі мен советтік мәдени-ағартушылық жұмыстың әлсіздігі әсер етті. Орта Азияда да консерваторлар мен прогрессшілдер арасында күрес болған. Прогрессшілдер Советтердің көмегімен басым түскен. Советтер бұл қырқысты қоздырып отырды [2, 53-59-б.]. Совет мұсылмандарын екі аймаққа бөліп қарастыруға болады. Бірінші Татарстан, Башқұртстан, Қырым, Сібір, Орал және Қазақстан аймағы, екінші Орта Азия мен Солтүстік Кавказ. Бірінші аймақта прогрессшіл дінбасылар қанаты консерваторларды жеңген [11, 89-б.].

**Дінге қарсы саясаттың алғышарттары.** 1919 жылдан бастап орталықтан «Революция и церковь» журналы, «Безбожник» газеті шыға бастаған еді. 1925 ж. «Безбожник» газетінің достары қоғамы құрылды. Осылайша ССРО-да атеистік қозғалыстың ұйымдық құрылымдары қалыптасты. Сол жылы «Безбожник» газетінің достары қоғамы ССРО құдайсыздарының одағы болып қайта құрылды. Оның құрамына елдің барлық дінге қарсы ұйымдары кірді. Құдайсыздар қоғамының жұмысына танымал ғылым және мәдениет қайраткерлері тартылды. Олардың ішінде Н.К.Крупская да бар еді. Е.М.Ярославский «Безбожник» газеті мен «Антирелигиозник» журналының редакторы және Құдайсыздар одағы орталық кеңесінің тұрақты мүшесі болды [12]. 1918 ж. 20 қаңтардағы «Діннің мемлекеттен және мектептің діннен бөлінуі» жөніндегі декрет пен 1929 ж. 8 сәуірдегі «Діни бірлестіктер туралы» шешім дінге қатысты Совет үкіметінің негізгі заңнамалық қайнар көзі болып табылады. Екінші құжат дінге қарсы саясаттың қатаюына негіз болды [13].

1917-1936 жылдары мұсылмандардың ісімен әртүрлі партиялық-советтік және чекистік құрылымдар

айналысты. Бұл жерде 1917-1991 жылдары шешуші рөлді коммунистік партия атқарды. «Мұсылмандар ісіне» қатысты мәселелерде шешім қабылдау тек жоғары саяси басшылыққа тиесілі болды. 20-шы жылдардың соңында ол Сталин еді. 20-шы жылдары партияның төменгі ұйымдары арасында мұсылмандар ісіне ОК жанындағы дінді мемлекеттен бөлу ісі жөніндегі Комиссия және мемлекеттің «дінсіздік» саясатын басқарған ОК-нің үгіт-насихат бөлімі жанындағы Дінге қарсы комиссия жауапты болды. Ал, 20-30 жылдары ислам ісімен айналысқан Советтік ұйымдар мыналар еді, ұлттар ісі Халық комиссариаты және БОАК жанындағы дін істері жөніндегі Тұрақты комиссия (бұрынғы бөлім). Бірақ бүкіл Совет тарихында дінді, оның ішінде исламды «мемлекеттік бақылаумен» айналысқан ұйымдар ішінде маңызды орынды арнайы органдар иеленді. Мысалы, ВЧК (1917-1922 жж.), ОГПУ (1922-1934 жж.) және НКВД (1934 жылдан) құрылымдарын атап өтуге болады. 20 жж. бұлардың ішінде «шығыстық контрреволюциямен» күресті бақылаушы ОГПУ-дың Шығыс бөлімі маңызды рөл атқарды. 1929 ж. бұл ұйым таратылған соң, ислам мәселесімен ОГПУ-дың Құпия бөлімі айналысты. Мемлекетте дін істеріне байланысты жобалау жұмысымен осы бөлімнің жетекші қызметкері, тәжірибелі чекист Е.А.Тучков айналысты. Ислам ісімен айналысқан танымал партиялық және советтік шенеуніктер Е.М.Ярославский, В.Р.Менжинский, Я.Х.Петерс, П.А.Красиков және П.Г.Смидович тұтастай алғанда мұсылмандықтың «өлуіне» қолжеткіземіз деп есептеді [11, 13-14-б.].

Қазақстанда 1927 ж. партияның үгіт-насихат бөлімі қаулысында ауылдарда, қазақ әйелдерінің арасында, жастар арасында, шаруа әйелдер арасында, кәсіпорындарда, партияның өз ішінде идеологиялық жұмыстарды күшейту айтылған. Жергілікті халық арасында дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу міндеттелген. «Безбожник» одағына қалаларда ғана емес, ауылдарда да дінге қарсы жұмыстар жүргізу, дінге қарсы брошюралар, кітаптар шығару тапсырылған. Дінге қарсы партиялық-советтік органдарды қолдану қажет делінген. Жастар, әйелдер арасында да дінге қарсы жұмыс жасалуы тиіс болды. Әйелдер арасында құқықтық жұмыстарды үш бағытта атқару қажет делінген: 1) қалың мал беру, көп әйел алу секілді тұрмыстық қылмыстарды зерттеу, құқықтық түсіндіру; 2) сот органдарымен бірлесіп тұрмыстық қылмыстармен күресу; 3) төменгі сот-тергеу аппаратына басшы ретінде сот жұмыстарына қазақ қыздарын тарту [14]. 1926 ж. Қазақстан аумағында жәрмеңкелер кезінде дінге қарсы мәдени-ағартушылық үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуі тиіс болды. Үгіт-насихаттың әдіс-тәсілдері көрсетілді. Жұмыс екі тілде жүргізілді. Белгілі тақырыптарда жүйелі түрде лекциялар, кездесулер өткізілді [15]. Қазақстанда дінге қарсы үгіт-насихат белгілі бір журналдар арқылы жүруі қажет болды. Қазақша кітап шығару тапсырылды. Аталған жұмыстар бойынша партия мен комсомолға тапсырмалар берілді [16].

1929 ж. партия хатшылығының жиынында Сырдария округы аймағында паранжамен күрес жұмыстары сөз болған. Өзбек әйелдер арасында паранжамен күрестің қиындықтары айтылған. Әкімшілік-сот органдары бұл істе салғырттық танытқан. Әйелдерге теңдік алып беру тек паранжамен күрес жұмыстарымен шектелмейтіндігі көрсетілді. Бұл жұмысқа өзбектерді тарту, қалың мал мәселесін жергілікті газеттерге жариялау тапсырылды [17].Әйелдер Советтік реформаларға, қалың мал мен көп әйел алу жұмыстарына тартылып, белсенділік көрсеткен. Партия өкілдері байлар мен дінбасылар әйелдерді өздеріне қарсы қоюда деп шағымданған [18].

**Қорытынды.** Советтер алғашқы жылдарда Шығыс халықтарының қолдауына зәруліктен оларға жұмсақтық танытты. Исламның жағдайы орыс православие шіркеуіне қарағанда жақсы болды. Мұсылман дінбасыларға біршама еркіндік берілді. Мұсылман діни ұйымдарының құрылуына, жұмысына рұқсат етілді. Советтер 20-шы жылдардағы ислам әлеміндегі саяси өзгерістерді бақылауда ұстады. Ислам әлемінің қолдауын алу мақсатында Совет мұсылмандарын қолданды. Совет діни басқармасы өз кезегінде ислам әлемін батыс империализміне қарсы күресуге шақырды. Бүкіл мұсылман діни басқармалары өз жұмыстарында белсенділік көрсетті. Жәдидшіл және қадимшіл дінбасылар арасындағы тартыста Советтер жәдидшілдерге қолдау білдірді және пікірталасты қоздырып отырды. Ішкі Ресейде де, Түркістанда да Советтер жәдидшілдерді пайдаланды. 20-шыжылдардың ортасында біршама күшейіп алған дінбасылар советтік реформаларға қарсы шықты. Советтер дінге қарсы ұйымдар мен бақылаушы органдардың жұмысына да мән берді. Дінге қарсы үгіт-насихат ұйымдары мен баспасөз қалыптасты. Исламға жұмсақтық танытқан, дінге қарсы негізінен үгіт-насихат жұмыстарымен шектелген Совет үкіметінің алдағы уақытта күш қолдану әрекетіне көшуі жақын еді.

### ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР


1.**Ленин В.И.** Социализм және дін. - Алматы: «Қазақстан», 1980. - 4-6-бб.

2.**Арапов Д.Ю., Косач Г.Г.** Ислам и советское государство (По материалам Восточного отдела ОГПУ. 1926 г.). Выпуск 1. – Москва: «Марджани», 2010.

3.**Тасмагамбетов А.С.** Политика Советской власти В Казахстане в отношении ислама в 1917-1940 гг. (Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук). - Уральск, 1998.

4.**Асфендияров С.** Ислам и кочевое хозяйство. // Атеист. - Ноябрь, 1930. №58. - 3-б.

5.**Аширов Н.** Современный ислам и молодежь. –Москва: «Знание», 1972. - 42-б.

6.**Аширов Н.** Эволюция ислама в СССР и задачи атеистического воспитания. - Москва, 1974. - 5-б.

7.**Аширов Н.** Ислам и современность. – Москва «Знание», 1970. - 19-б.

8.**Эршахин С.** Джадидистские политические партии Туркестана о светском государстве (1917-1920). // Ислам и светское государство. Под общей редакцией З.И.Мунавварова и В.Шнайдера-Детерса. - Ташкент, 2003. - 92-96-бб.

9.**Аширов Н., Исмаилов Х.** СССР-дегі ислам мен мұсылмандар жағдайын антисоветтік бұрмалауға сын. – Алматы: «Қазақстан», 1984. - 37-б.

10.Преодолевая религиозное влияние ислама. Сборник документов и материалов. – Алматы «Казахстан», 1990.

11.**Арапов Д.Ю.** Ислам и советское государство (1917-1936). Сборник документов. Выпуск 2. – Москва: «Марджани», 2010. - 13-14-бб.

12.**Сәтбай Д., Білəлова Г.** Кеңес билігі кезіндегі діни саясат. // Қазақ тарихы. - 2017 ж. №2. - 14-15-бб.

13.**Мухтарова Г.Д.** Ислам в Советском Казахстане: проблемы изучения источником. // Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Вестник. - 2006. №2. - 10-б.

14.Қазақстан Республикасы Президент архиві (ҚР ПА). 141-қ., 1-т., 1040-іс, 241-255-пп.

15.ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 492-іс, 144-п.

16.ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 492-іс, 541-542-пп.

17.ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 2395-іс, 247-250-пп.

18.ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 2829-іс, 47-51-пп.

# ГУРЬЕВ-ДОССОР ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ САЛЫНУЫ

**Қабибек МҰХИТОВ,**
**Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты**

Ембі ауданы өнеркәсіп орындарынан алшақ жатқан өңір болатын. Осыған орай бұл жерде тұрақты көлік қатынасы қалыптаспады. Көлік қатынасының осалдығы Ембі ауданының дамуына көп кесірін тигізеді. Кәсіпшіліктерге қажетті құрал-жабдық пен мұнайшылар үшін қажетті азық-түлікті 90 шақырым жердегі Гурьевтен (қазіргі Атыраудан) тасып әкеліп жүрді. Жүк таситын көлік-түйелі арба еді.

**Азамат соғысы жылдарында көлік ретінде пайдаланылып жүрген түйелердің саны күрт төмендеп кетті.** Ал жылқы малын әскерге қажетті көлік ретінде халықтан жиналып алынған болатын. Жиырмасыншы жылдардың басында жүк тасып жүрген түйенің саны 250-ден 30-ға, жылқының саны 160-тан 60-қа азайған екен.

Түйемен тасудың қолайсыз тұстары көп еді. Жаздың ыссы күндері, әсіресе, маса мен бүргектің ушығып тұрған кезінде (шамамен маусымның 1-нен қыркүйектің 16-ы аралығында) түйемен жүк тасу мүлдем қиын болды. Кейін «Ембімұнайтресі» Доссор кәсіпшілігіне 10 автокөлік пен 2 трактор бөлген болатын. Бірақ ол автокөліктер кәсіпшілікке қажетті барлық жүкті жеткізе алмады. Көктем мен күз айларында жолсыздықтың кесірінен автокөлікпен қатынау мүлдем тоқтап қалды. Осыған орай кәсіпшілікке бөлінген қаржының 60%-ы жүк тасымалына ғана жұмсалатын болды (1).

**Көлік қатынасының дұрыс жолға қойылмауы өндіріліп отырған мұнайдың өзіндік құнын артырып жіберді.** Сол кезде Гурьев уезінде жарық көрген «Рабочая правда» газетінде: *«...бір шелек судың бағасы 8-10 тиынға жетіп, бір пұт мұнай мен бір пұт судың бағасы екі есе қымбатқа түсіп тұр»,*–деп жазған болатын. 1923-1924 жылдары қаладан кәсіпшіліктерге жеткізілінетін судың құны 100 мың сом тұрса, жүк пен адам тасу ісіне жұмсалатын қаржы 239 600 сомға жеткен екен (2).

**Ембі ауданын дамыту үшін алдымен темір жол салу қажет болды.** Бұл мәселе бұрын-соңды көтерілген болатын. Мысалы, 1921 жылы Орынбор қаласында өткен партияның 1-ші конференциясында «Ембі-Жұрын темір жолын салу» мәселесі қаралды. Сөйтіп, бұл ауданды Ақтөбе облысында орналасқан Жұрын стансасы арқылы Орынбор-Ташкент темір жол желісімен байланыстыру көзделді. 1921 жылы 16-18 тамызда, Орал-Ембі ауданының кәсіподақтар конференциясы болып өтті. Конференция аяқталған соң шаруашылық басшылары өзара кеңес өткізіп, онда Гурьев-Доссор тар табанды темір жолын салу керек деген ұсыныс жасады (3).

**Енді осы темір жолды салу үшін ішкі ресурстың көзін қарастыру керек болды.** Сөйтіп, 1923 жылы, тар табанды темір жол салынатын трассаны анықтау мен қажетті құрал-жабдықтардың көзін іздестіру шараларына кірісті. 1924 жылы күзде бұл құрлыстың жобасы дайын болып, Кен өндірісінің Орталық Басқармасы (Цугпром) Гурьев-Доссор темір жолын салу жөнінде қаулы қабылдады. Қаулыда, ені 755 мм., ұзындығы 88,5 шақырым болатын Гурьев-Доссор темір жол линиясын салуды «Ембі мұнай тресіне» міндеттеді. Сонымен қоса, бұл құрлысқа 1 800 000 сом қаржы бөлінсін деп атап көрсетті. «Нефтеработник» тұтынушылар коорпорациясы құрылысшыларды азық-түлікпен, өнеркәсіп тауарларымен қамтамасыз ететін болды. Ал медициналық көмекпен қамтамасыз етуді жергілікті ден саулық сақтау бөлімдеріне жүктеді (4). Атырау уездік партия комитеті инженер А.М.Денисовты құрылыс бастығы етіп тағайындайды. Сөйтіп, 1925 жылдың мамыр айында Гурьев-Доссор тар табанды темір жолының құрлысы басталады (5).

Бұл құрлысты негізінен жергілікті тұрғындар салды. 1926 жылдың қаңтар мен шілде айларында құрылыста 446 адам еңбек етсе, олардың 77,5 пайызы қазақтар еді (2, 99-б.). Құрлыс жұмысына тартылғандардың көпшілігі бұрынғы батрактар мен көшпелі қазақтар болатын. Олардың ешқандай мамандығы болмады. Көпшілігі мүлдем сауатсыз болды. Енді оларды бір мамандыққа үйрету қажет еді. Сондықтан білікті мамандардың әрбіреуіне жеке бригада ұйымдастырылып берілді. Ол бригадаларға мамандығы жоқ құрлысшыларды топтастырды. Тек қана маусым айында 30-35 адамнан тұратын отыз бригада құрылған екен (6). Бригада жетекшілері құрылыс жұмысына басшылық жасап қоймай, өздеріне бекітілген жас жұмысшыларға темір жол мамандықтарын үйретуді міндетіне алды. Осындай шаралардың арқасында көптеген қазақ жұмысшылары темір жол мамандығына ие болды (2, 100-б.). Бригадалық әдістің тағы бір тиімді жағы бар еді. Құрлыс басшылығы олармен өзара келісім шарт жасасып, атқаратын жұмыс обьектісін бөліп берді. Сөйтіп, әрбір бригада өздеріне тиесілі обьектіні өз жауапкершілігіне алып, жұмысын тыңғылықты аяқтауға тырысты. Жұмыстың сапасы басшылық тарапынан қадағаланып отырды. Белгіленген уақыттан бұрын бітірген бригадаға құрылыс басшылығы тарапынан әртүрлі әлеуметтік ынталандыру болды.

Гурьев-Доссор тар табанды темір жолын салуға КСРО-ның көптеген қалалары атсалысты. Мысалы, Брянск зауыты рельстер берген болса, Коломенск зауытынан паровоздар, Мәскеу-Курск темір жол желісінен вагондар әкелінді (7). Осындай шаралардың арқасында **1926 жылы 19 желтоқсанда ұзындығы 93 км болатын Гурьев-Доссор тар табанды темір жолы пайдалануға берілді** (8).

Мақсұтов Бақыт сұңғақ денелі, жылпос, дене қимылы өте ширақ, кең иықты, нағыз қаракүштің иесі, шымыр болған. «Қоян-қолтық ұрыстың нағыз кәсіпқой шебері болған. Отандастары оны шапшаңдығы, айрықша жылпостығы үшін «Волчок» деп атаған.

Жоғары штабтан бірнеше жауапты, өте маңызды және қауіпті тапсырмаларды Мақсұтовқа жүктейді. Үнемі барлауда жүріп, жаудың құнды мәліметтерін теріп, құпия деректерін жеткізіп отырған.

Бір ұрыстың кезеңінде су таусылып қалады. Командир суды әкелу үшін өзенге Мақсұтовты жібереді. Үнемі каска кимейтін Бақыт, сол жолы касканы қалай кигенін білмейді. Суды шелекпен алып келе жатқанда жаудың оғы каскаға тиіп, шелекті тесіп өткен, өзі бір ажалдан аман есен қалады.

1944 жылдың 16 сәуірінде Днестр плацдармында стратегиялық өте маңызды 107.5 биіктікке, бөлімшемен бірге ең бірінші болып жетіп, траншеяда жаудың 3 солдатын өлтіреді. Осы ерлігі үшін «Өжеттігі үшін» медалімен марапатталады.

**Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан:** *«Наградить автоматчика Максутова Багита (деректе дәл солай – автор) медалью «За Отвагу» за то, что 16 апреля 1944 года в бою за высоту 107.5 на Днестровском плацдарме действуя в составе отделения первым достиг высоты, ворвался в траншеи и огнем из автомата убил 3-х немецких солдат.*

*Командир 105-го гвардейского стрелкового полка подполковник АРТАМОШИН.*

*Приказом №12 от 22.06.1944. награжден медалью «За Отвагу». 2 раза 01.08.1943 г., 21.08.1943. тяжело ранен.»*

26.08.1944 ж. ефрейтор Мақсұтов Прут өзенін оң жағалауында ерекше ерлік көрсетті. Жау бронды машинасымен, саны бойынша өте көп әскерімен 173.0 стратегиялық өте маңызды биіктікті алу үшін қарсы шабуылға шығады.

Осы кескілескен шайқаста ефрейтор Мақсұтов өмір мен өлімнің арасында, өзіне төнген қауіпке қарамастан, өз өмірін қатерге тігіп, ең бірінші көтеріліп өз автоматымен жауға қарсы оқ жаудырып 5-інжер жастандырады, гранатаны ұтымды пайдаланып, жаудың бір қол пулеметін

жойып жіберіп, екі дұшпанды қолға түсіреді. Жаудың үш қарсы шабуылына дер кезінде тойтарыс береді. Осы ерлігі үшін 3-ші дәрежелі Даңқ орденімен марапатталады.

**Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан:** *«Вбоях с немецкими захватчиками за высоту 173.0 на правом берегу реки Прут 26.08.1944 г., когда противник численно превосходящими силами при поддержке бронетранспортеров контратаковал наши боевые порядки пехоты, тов. Максутов первым поднялся в контратаку и растреливал в упор огнем своего автомата контратакующую пехоту противника своими действиями воодушевлял своих бойцов на ожесточенную борьбу с врагом.*

*В результате этого тов. Максутов огнем своего автомата убил 5 немецких солдат и броском гранаты уничтожил один ручной пулемет противника и 2 немецких солдат взял в плен.*

*За период боев на высоте тов. Максутов помог отразить 3 контратаки противника, проявлял при этом отвагу и мужества.*

*За свои заслуги перед Родиной тов. Максутов дос тоен награждения ордена «СЛАВЫ» 3-й степени.*

*Командир 105-го гвардейского стрелкового полка гвардий подполковник Климов. 30.09.1944.*

*Приказом № 62, 34-й стрелковой дивизий от 17.10. 1944 г. Награжден орденом «Славы» 3-й степени.»*

Соғыстан кейін Балтық флотында әскери борышын жалғастырып, елге тек 1948 ж. оралады. 1950 жылдары бүкіл отбасымен Оңтүстік облысына көшеді. Отбасын құрып, май зауытына (маслопромға) жұмысқа орналасады. Кейіннен бухгалтерлік 1 жылдық курсын бітіріп, бухгалтер болып жұмыс атқарады.

Жолдасы Нұрғиса екеуі төрт баланы (Еркін 1950 ж., қызы Өлмесай (1954 ж. Шымкент педагогикалық институтының бітіріп, математика пәнінен өмір бойы ұстаздық жұмыс істеген), Батыр 1957 ж,. Қайрат 1960 ж.) асырап жеткізді, немере, шөберелері өсіп, өніп жатыр. 1970 жылы ауыр науқастан қайтыс болды. Батырдың немересі подполковник Болат Құдабаев Құрлық Әскерлерінің Әскери институтының ғылыми-зерттеу бөлімінің бастығы болып жұмыс атқарады.



**ОСПАНОВ Әбділқақ** 11.02.1916 жылы Семей облысы Аягөз ауданы бұрынғы «Красный Октябрь» колхозы, қазіргі Нарын ауылдық кеңесіне қарасты Шыңқожа ауылында дүниеге келген – 1978 жылы Шыңқожа ауылы. 1925 жылы 1-сыныпқа барып, 4-сыныпты бітіріп білім алған, бала кезінен еңбекке ерте араласып, әкешешесіне көмектесіп қой бағып өскен.

Қызыл Әскер қатарына 27.09.1939 жылы Семей облысы Аягөз аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 5.05.1940 жылы әскери ант қабылдап, әскери борышын өтеген. Фин соғысының қатысушысы. Борышын өтеп, үйіне қайтуға дайындалып жүргенде соғыс басталып кетеді.

Қызыл әскер. Қатардағы жауынгер. Сапер. Кіші сержант. Бастапқыда әскери міндетін батыс аймақта 19 БАО әскери бөлімде атқарған, сонан соң 4-мотоатқыштар полкінде, кейіннен 1144-атқыштар полкінде, сонан соң 28-жеке атқыштар бригадасында, содан кейін 115-атқыштар бригадасы құрамындағы жеке пулемет батальонында патрон жеткізіп тұрушы, оқ тасушы, содан соң соғыстың аяғына дейін 354-атқыштар Каленковическ Қызыл Тулы, Суворов дивизиясының, 1203, 1103-атқыштар полкінің құрамында атқыш.

Батыс, Орталық, 1-ші Украин, 1-ші Беларус, 2-ші Беларус қанды майдандарының қатысушысы. Жауынгерлік жолы ерліктерге толы. 5 рет жараланған: 23.12.1941, 16.08.1942, 17.09.1943, 4.12.1943, 22.02.1945; 3 рет жеңіл жараланған, 2 рет ауыр жараланған.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аса қанқұйлы ірі шайқастарының қатысушысы: Курск қаласы үшін шайқаста, Днепр өзені үшін шайқас, Бобруйск, Барановичи қаласы үшін жойқын ұрыста, Шығыс Померанияда соғысқан.

Ер мінезді Әбділқақ ұрыста өте жауапты, табанды қасиеттерімен, батыл іс-әрекетімен, өжеттілігімен көзге түсіп, неше мәрте қанды ұрыстарда ерлік көрсетті.

Курск қаласының түбінде, жаудың артиллерия атқылауына қарамастан, өз өмірін қатерге тігіп, ең бірінші болып қаланың шетіне кіріп, өз винтовкасымен 3 немісті жайратқан, ал 16.08.1942 жылы жараланса да қарсы шабуылға тойтарыс беріп, жауынгерлік тапсырманы орындауды ары қарай жалғастырған.

17.09.1943 жылы Днепр өзенінін оң жағалауында, 28-ші жеке атқыштар бригадасының құрамында шапшаңдығымен әскери шеберлігінің, ұтқырлығы мен жылпостығының арқасында өз автоматымен 5 немісті өлтірген.

4.12.1943 жылы Прудки өзені бойындағы ұрыста жаудың қарсы шабуылына тойтарыс беріп жатқанда оң жамбас сүйегінен жараланған.

Осы ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

**Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан:** *«В бою 23 декабря 1941 года под городом Курсктов. Оспанов рискуя своей жизнью, под огнем вражеской артиллерий первый ворвался на окраину города, при этом из винтовки уничтожил 3-х гитлеровцев.*

*В бою 16.08.1942 г. во время контратаки противника, будучи легко раненым, не ушел с поля боя, отражал контратаку.*

*17.09.1943 года при форсирований реки Днепр на правом берегу во время контратаки противника тов. Оспанов огнем из своего автомата уничтожил 5 гитлеровцев. В этом бою был ранен.*

*4.12.1943 г. под с. Прудки при отражений контратаки противника был снова ранен.*

*Ходатайствую перед командованием о награждений тов. Оспанова орденом «Красной Звезды».*

*Командир ОПБ (отдельный пулеметный батальон) майор Кандрушин.*

*Награждаю Правительственной наградой орденом «Красной Звезды».*

*Командир 115-й отдельной стрелковой бригады полковник Волков. 9 апреля 1944 года.*

*Приказом частям 115-й отдельной стрелковой бригады № 084/н от 20.04.1944 года награжден орденом «Красной Звезды».»*

1944 жылы наурызда дивизия Озаричи елді мекенін азат етіп, немістің концлагерінен 9 мың тұтқын орыс әйелдерін бала-шағасымен босатады. Бобруйск темір жол стансасын алғанда атқыш Оспанов тағы да ерлік үлгісін көрсетті.

17.01.1945 жылы Варшава воеводствасы, Плоск уезінің Корнаты елді мекені маңайында, қанды ұрыста Оспанов жолдас қарсы шабуылға тойтарыс беріп, шешуші кезеңде батылдығымен, нағыз ер жүректілімен, соғыс тәсілін ұтымды пайдаланып, тапқырлығымен 7 немісті жер жастандырған. Осы ерлігі үшін екінші мәрте «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

**Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің**

**орталық мұрағат құжаттарынан:** *«17.01.1945 года в районе деревни Корнаты Плонского уезда Варшавского воеводства проявил мужество и отвагу при отражений котратаки противника уничтожил при этом 7 немецких солдат.*

*Достоен награждения ордена «Славы 3-й степени».*

*Командир1203-го стрелкового полка подполковник Павлов. 3.02.1945.*

*Награждаю орденом «Красной Звезды».*

*Команир 354-й Каленковической Краснознаменной ордена Суворова дивизий генерал-майор Джанджгава. 13 февраля 1945 года.»*

Соғыста 5 рет жараланғаны үшін Эвагоспитальдың бастығы майор Авдеенко 1-ші дәрежелі «Отан соғысы» орденіне ұсынады, бірақ 2-ші Беларус майданының әскери кеңесі «Қызыл Жұлдыз» лайық деп 3-мәрте осы орденімен марапаттайды.

**Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан:** *«В Отечественной войнеранен 5 раз.*

*1)Тяжело ранен 23 декабря 1941 года в составе 4-го мотострелкового полка. Диагноз: сквозное пулевое ранение грудной клетки, проникающее.*

*2)Тяжело ранен 16 августа 1942 года в составе 1144-го стрелкового полка (дивизию не помнит, со слов).*

*Диагноз: сквозное пулевое ранение левого сустава.*

*3)Легко ранен 17-го сентября 1943 года в составе 28-й отдельной стрелковой бригады.*

*Диагноз: касательное осколочное ранение мягкой ткани.*

*4)Легко ранен 4 декабря 1943 года в составе 115-й отдельной стрелковой бригады.*

*Диагноз: сквозное осколочное ранение мягкой ткани правого бедра.*

*5)Легко ранен 22 февраля 1945 года в составе 1103 стрелквого полка 354 стрелковой дивизий.*

*Диагноз: осколочное ранение мягкой ткани левой голени.*

*Достоен ордена «Отечественной войны» 1-й степени.*

*Начальник Эвакуационного госпиталя в/ч 0013/23 майор Авдеенко.*

*Зам. начальника ЭГ в/ч 0013/23 капитан Логинов. 19 апреля 1945 г.*

*Приказом 2-го Беларусского фронта 0432 от 29.04. 1945 года награжден орденом «Красной Звезды».*

**1945 жылдың 9 мамырын Штральзунд қаласында қарсы алады. 1946 жылдың 6 маусымында елге оралады. Сталиннің алғыс хаттарымен марапатталған.**

**3 мәрте «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Германияны жеңгені үшін», «Тың тыңайған жерлерді игергені үшін» және көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған.**



**ҮМБЕТАЛИЕВ Әбілқасым** (Умбеталиев Абылкасым) 1922 ж. Жамбыл облысы Қордай ауданы Керу елді мекенінде қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. **Ел басына күн туғанда ол алғашқылардың бірі болып қолына қару алып, майданға аттанады.**

Қызыл Әскер қатарына 1941 жылдың желтоқсан айында Жамбыл облысы Қордай аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Бастапқыда Оңтүстік-Батыс, кейіннен 3-ші Украин, 1-ші Украин қанды майдандарының қатысушысы. Бас қолбасшы резервінде, 3-ші гвардиялық Армиясының, 179-шы танкіге қарсы жойғыш артиллерия полкінде қызыл әскер, қатардағы жауынгер, кейіннен 5 батареяда аға барлаушы, сержант, бөлімше командирі.

Жауынгерлік жолы ерлікке толы. Үнемі барлауда жүріп, жаудың құнды мәліметтерін теріп, құпия деректерін жеткізіп отырған.

8.05.1943 жылы Привольный елдімекенінде жаяу әскерлердің алдыңғы шебіне шығып өз өмірін қатерге тігіп, қарша борап тұрған оққа қарамастан, жаудың атыс нүктелерін қадағалау жұмысын жүргізіп, бақылап, қарап, 1 топ жауынгерлермен солтүстік Донец өзенінің оң жағалауында батареяны қорғағаны үшін «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады.

**Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан:** *«Наградить Умбеталиева Абылкасыма за то, что 8-го мая 1943 года в бою за населенный пункт Привольное, под сильным огнем противника, рискуя жизнью, разведывал огневые точки противника, вел наблюдение находясь в передовых цепях пехоты, а когда противник потеснил наши части тов. Умбеталиев остался с группой бойцов на правом берегу реки Северный Донец вместе с ними огнем из личного оружия прикрывал материальную часть батарей, оставшуюся без снарядов.*

*Командир 179-го ИПТАП (истребительный противотанковый арт. полк) РГК (резерва главного командования) майор Савченко.*

*Начальник штаба майор Харьков.06.07.1943.»*

Ер мінезді Әбілқасым ұрыста өте жауапты, табанды қасиеттерімен, батыл іс-әрекетімен, өжеттілігімен көзге түсіп, 19.01.1945 жылы Вымыслов елді мекенінде, немістің атты әскері батареяға шабуыл жасағанда, абыржымай, сасқалақтамай, барлаушы кіші командир Үмбеталиев жеке өз қаруымен 1 немісті өлтіріп, екеуін тұтқынға алады, оның біреуі офицер еді. Осы ерлігі үшін 3-ші дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталады.

**Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан:** *«Сержант Умбеталиев А. в боях с немецкими захватчиками проявил себя смелым, решительным иинициативным младшим командиром разведки. В боях 19.01.1945 года в районе с. Вымыслов, когда немецкая конница напала на батарею сержант Умбеталиев вступил в бой, уничтожил из личного оружия 1 гитлеровца и взял в плен двух немцев, в том числе одного офицера.*

*Сержант Умбеталиев достоен Правительственной награды ордена «Славы» 3-й степени.*

*Командир 179-го ИПТАП (истребительный противотанковый артиллерийский полк) майор Тимошенко.*

*Достоен награждения ордена «Славы» 3-й степени.*

*Командующий артиллерий член Военного Совета 3-й гвардейской Армий гвардий генерал-майор артиллерий Зебульский. 24.02.1945.»*

Соғыстан кейін елге оралып, бас құрайды, шаңырақ көтереді. **Балалары:** Сәбит, Ғабит, Шәмшит, Мұрат. **Немерелері:** Ғалым, Әлім, Сайын, Дулат, Сәуле, Диас, Дана, Дәулет, тағы басқалары тәуелсіз еліміздің әр түрлі қызметінде. Шөберелері өсіп, өніп келеді.

**3-ші дәрежелі «Даңқ» орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» және көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған.**



**ДҮЙСЕНБАЕВ Саржан** 6.11.1922 жылы Семей облысы Аягөз ауданы бұрынғы Калинин атындағы колхоз, қазіргі Айғыз ауылының Көксала бөлімшесінде туған. Әкесі Иманғожин Дүйсенбай, шешесі Иманғожина Жамбы – қарапайым шаруа адамдары болған. 1931-1932 жылдардағы ашаршылықта тірі қалу үшін жаяу Лепсі, Матайға дейін келіпті. Сол кезде тым болмаса балалар аман қалсын деп, 3 баланы Саржан, Ержан, Ғазизды Талдықорғанның балалар үйіне тапсырады. Кейіннен Ержан іш ауруынан қайтыс болыпты, ал Ғазизды басқа балалар саладағы бастауыш мектепті, Құрайлыдағы 7-сыныпты бітірген. 12-13 жастан бастап еңбекке кіріседі, содан кейін педучилищеде оқып жүрген кезде әскер қатарына шақырылған.

Қызыл Армия қатарына Семей облысы Аягөз аудандық әскери комиссариатынан 1942 жылы алынған. Орталық, кейіннен 2-ші Беларус майданы, 65-ші Армиясы, 106-шы Қызыл Тулы Суворов орденді Забайкал атқыштар дивизиясының, 236-шы Нерчинск атқыштар полкінің РПД (ручной пулемет Дегтярева) қол пулеметшісі, кейіннен атқыш. Қатардағы жауынгер, ефрейтор. Әйгілі Курск иініндегі шайқастың қатысушысы.

1943 жылдың маусым айының алғашқы күндері еді. Екі жақта аңдыса бекінуде. Екі шептің аралығы 3-4 км. Осы бейтарап аймаққа алғы шептен 500-1000 м. жерге дейін күзет қойылады, онда не бәрі 10-12 адамнан құралған бір бөлімше орналасады. Бұл топтың міндеті алғы шепті тұтқиыл шабуылдан сақтандыру. Осындай кезекте тұрғанда кенеттен бытырлап оқ атылып, граната жарылады. Аяқ астынан астаң-кестең. Жау жағы тура алдыға ұмтылып, шабуылға шыға бастады. Қол пулеметші Дүйсенбаев еш сасқалақтамай, жауға қарсы оқ бората бастады. Шегіну туралы командирдің бұйрығы берілді. Ұйымдасқан түрде, атыса шегініп жау қоршауынан шыға бастаған кезеңде жатындар деген белгі берілді. «Алдымыздағы командирде үн жоқ, етігінен тартсам, қимыл жоқ. Сол уақытта гүрс етіп граната жарылды, оң жақ санымнан жараландым. Өкінішке орай командир Барышев қаза тапты, старшина Шарапаев, сержант Сычев, ефрейтор Зайцев оққа ұшыпты, бірақ бұйрық мүлтіксіз орындалды, жау алдыңғы шепке өте алмады. Ұрыспен «тіл» тартып алу үшін келген жаудың 20-30 адамдық барлаушы тобы болып шықты. Кейіннен бұл жау тобынан бірде-бір адам өз шебіне жете алмай қырылды». Осы ұрысқа қатысқандардың қатарында жауынгер Дүйсенбаев Саржан «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

19.10.1943 жылы қарсы барлау атқышы ефрейтор Дүйсенбаев Моховое елдімекенінде жаудың агентін тұтқынға түсіріп, қарсы барлау бөлімшесіне өткізеді, ал 23.10.1943 жылы қарша борап тұрған оқтың астында құнды хабарлама жеткізгені үшін «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталады.

**Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан:** *«Наградить медалью «За Боевые Заслуги» связного контрразведки ефрейтора Дюсенбаева Саржан – в наступательных боях против немецких захватчиков проявил мужество и отвагу. Через реку переправился в месте с бойцами штабных подразделений под огнем противника 19.10.1943. задержал в деревне Моховое немецкого переводчика, которого передал в отделение контрразведки. 23.10.1943 года под огнем противника доставил донесение на передовую. Задержал двух дезертиров.*

*Командир 236-го стрелкового полка подполковник Поляков.10.12.1943.*

*Приказом 236-го стрелкового полка №30 от 10.12.1943 года награжден медалью «За Боевые Заслуги».*

Отан алдындағы борышын адал атқарып, 1946 ж. елге оралады. Бейбіт өмірде еңбекке араласып Аягөз қаласында ДОСААФ-та істеп, кейіннен аудандық партия комитетінде нұсқаушы. 1947 ж. Уапова Нағимамен бас құрайды, 5 қыз, 4 ұлды тәрбиелеп жеткізді. 1953-1957 жж. Ақши ауылында парторг, 1957 ж. Қарағаш совхозына директор болып тағайындалады. Көшуге дайындалып отырғанда жол апатына түсіп, 1958 ж. жылқы фермасында меңгеруші болып істейді, 1958-1961 жж. Қарағаш ауылдық кеңесінің төрағасы, содан кейін көшеді. Ұзақ жыл бұрынғы Калинин колхозында, қазіргі Айғыз ауылында құрылыс саласында ондық (десятник), прораб, мастер, есепші, жұмысшылар комитетінің төрағасы болып қызмет атқарды.

**«Ерлігі үшін», «Өжеттігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» және көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған.**



**КЕРІМҚҰЛОВ Жаңбыр** 11.03.1924 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласында дүниеге келген. Сегіз жыл мектепті бітіріп, Арыс қаласында темір жол стансасының вагон деposынa жұмысшы, кейін слесарь болып жұмыс істейді.

Қызыл Армия қатарына Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс аудандық әскери комиссариатынан алынды. Бастапқыда Оңтүстік-Батыс, кейіннен 3-ші Украин майданының құрамында №87 4Б 28-ші гвардиялық миномет бригадасының, 4-ші гвардиялық миномет дивизионында оқтаушы (заряжающий), кейіннен қысқа мерзімде 4 айлық курсқа Горький қаласына жіберіліп, әскери мамандықтарды меңгеріп, зеңбірекпен қару-жарақтың түр-түрін қолдануды терең үйреніп, оны ойдағыдай бітіріп, құпия атыс зеңбірекшілер тобында 10-шы батарея «Катюша» М-13, М-31 РС нысанашы.

Қызыл әскер. Қатардағы жауынгер. Ресей, Украина, Молдавия, Румыния, Болгария, Югославия, Венгрия, Австрия қалаларын азат етуге қатысты. Донбасс –Днепропетровск – Кривой Рог – Николаев – Одесса – Тираспольді босатуға ат салысқан.

Ұқыпты, тәртіпті жауынгерлердің бірі болған. Жаудың артиллериялық, минометтік, пулеметтік атқылауына қарамастан, 20.12.1944 жылы командованиенің бұйрығын мүлтіксіз орындап, жарылмаған миналарды қайта босатып шығарып, жарады. Сөйтіп минаметтік батареяның жолын 100 % аршығаны үшін «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

**Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан:** *«Тов. Керимкулов – один из лучших дисциплинированных бойцов батарей, это видно по его работе огневой позиций 20.12.1944 года.*

*Несмотря на сильный артиллерийско-минометный и ружейно-пулеметный огонь смело презирая смерть выполняет волю командования, устанавливает установку и загружает их минами. После присоединения к электросети БАС – 80 на установках оставались не сошедшие мины, тов. Керимкулов вместе с элекроподрывником Пантелеевым выпускает не сошедшие мины, тем самым обеспечивает 100% сход минометной батарей.*

*Наградить медалью «За Отвагу».*

*Командир 4-й гвардейского минометного дивизиона капитан Масунов. 24.12.1944 года.*

*Награждаю медалью «За Отвагу».*

*Командир 28-й гвардейской минометной бригады гвардий полковник Лупанов. 28.12.1944 года.»*

1947 жылы елге оралады. Отбасын құрып, жұмысқа кіріседі. 1947-1952 жж. арнайы мамандырылған әскери күзетте, 1952-1964 жж. есепші (бухгалтер), 1964 – 1970 жж. колхозда бас есепші (главный бухгалтер), 1970 -1984 жж. Арыс стансасында бас есепші (главный бухгалтер). Темір жолдың жұмысшы қамтамасыз ететін бөлімшесінде бас есепші. Сол жерден зейнетке шығып, Алматы қаласына көшіп келген. Зайыбы Алмагүл екеуі Қуаныш, Ғалымжан атты екі ұлды өсіріп, одан төрт немере (Рамазан, Салтанат, Кәмила, Айдын) және шөберелерін сүйіп отыр.

**«Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «маршал Жуковтың», «Будапештті босатқаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Астана қаласына 20 жыл», «Болгарияны азат еткені үшін», тағы көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған.**

## ӘДЕБИЕТ


1.**Доспанов Жұмабай.** Екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақ офицерлері 25-томдық кітап, «Ағатай» баспасы 2016 ж., 12-том, 50-51-бб., 23-том 68-69-беттер.

2.Отбасынан алынған деректер.

3.Елдің елдігін сақтағандар. Керей Клим Төлемісұлы. «Семей-Печать», ӨК, ШҚО, 2015 ж.

4.Майдангерлер. Энциклопедиялық жинақ А., 2015 ж., құрастырушы Б.Шалғынбай.

5.Аманат, «Жазушы» баспасы, Алматы, 2005 жыл.

6.https://pamyat-naroda.ru/heroes/

7. //www.podvignaroda.ru

8.Baq.kz



**УДК 929 МРНТИ 03.20**


# К ВОПРОСУ О РАСШИРЕНИИ СПЕКТРА НАУЧНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ ОБРАЗОВАННЫХ В КАЗАХСТАНЕ

*(В годы Великой Отечественной войны)*


**Даулет КЕНЖЕБАЕВ,**
**доктор философии (PhD), начальник кафедры**
**Основ военной радиотехники и электроники, Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи г. Алматы**


Анализируя летопись отечественной истории необходимо признать, что существующие материалы (в качестве примеров принимаются учебные пособия для вузов по дисциплине «История Казахстана») не дают исчерпывающей информации о передислоцированных из приграничных районов Советского Союза и вновь открытых в Казахстане научных учреждениях [1, с. 326-348; 2, с. 255-266; 3, с. 182-186; 4, с. 157-162; 5, с. 295-300]. Так, остается на периферии своего рассмотрения историография институтов, впоследствии ставших флагманами советской космической науки, результаты научно-исследовательской деятельности коллектива которых имеют важное научное значение и на сегодняшний день.

В этом ряду достойное место занимает Астрофизический институт Республики Казахстан, история становления которого начавшись с подготовительных мероприятий по наблюдению солнечного затмения в сентябре 1941 года послужила возникновению многих причинно-следственных связей в своем историческом проявлении обусловивших возникновение череды знаменательных событий летописи развития казахстанской научной мысли, а именно блистательному симбиозу деятельности академиков К.И.Сатпаева и В.Г.Фесенкова, признанию территории КазССР оптимальной с точки зрения производства астрономических наблюдений, строительству близ г.Алма-Ата уникальных объектов, организации казахстанской школы подготовки профильных научных кадров, получению важных научных результатов в данной сфере и других [6, с. 35-40].

**Институт Астрономии и физики Казахского филиала академии наук КазССР был создан 1 ноября 1941 года постановлением Совета Народных Комиссаров КазССР от 10 октября 1941 года.** Коллектив учреждения составили как научные работники, приехавшие в Алма-Ату для наблюдения полного солнечного затмения 1941 года, так и своей частью – местные специалисты. Оснащение специальным оборудованием было произведено за счет фондов Казахского Государственного Университета, Главной Астрономической Обсерватории, Астрономического Института и Комиссии по солнечному затмению академии наук СССР. В то же время в кратчайшие сроки были приняты и необходимые меры по скорейшему наращиванию собственной научно-лабораторной базы [7]. В содержании своей деятельности сотрудники института проводили консультации отраслевых казахстанских научно-исследовательских учреждений, вели научно-популяризаторскую работу среди населения, а также публиковали результаты научных исследований, в числе прочих, и на казахском языке, что оказывало свое положительное воздействие на развитие казахстанской научной мысли [8]. В дальнейшем, несмотря на трудности и лишения военных лет тенденция развития астрономической науки в Казахстане только упрочилась: решались вопросы строительства близ Алма-Аты астрономической обсерватории, рассматривалась возможность применения результатов астрономических наблюдений в геофизике, геологии и геодезии, продумывалась организация подготовки молодых кадров астрономического профиля [9].

Первым руководителем вновь созданного института стал доктор физико-математических наук академик В.Г.Фесенков, в коллективе которого значимую роль заняли член-корреспондент академии наук СССР Г.А.Тихов, кандидат физико-математических наук Н.Н.Парийский, доктор физико-математических наук Б.А.Воронцов, доктор физических наук В.Ф.Литвинов, доктор физических наук А.А.Гухман, кандидат наук У.У.Успанов, кандидат физических наук М.И.Маркович, кандидат физико-математических наук М.Д.Лаврова, кандидат наук М.И.Горяев, А.А.Калиняк [10]. В условиях требований военного времени сотрудники учреждения не только развивали научные знания в конкретной отрасли научного поиска, но и получали практически важные прикладные результаты в военном деле для нужд наших войск [11].

**Таким образом, в период 1941 – 1943 годов работа в**

**Институте была организована по четырем основным направлениям** [12]:

*1. Работы, имеющие народно-хозяйственное и оборонное значение. В частности изучение оптических свойств атмосферы и методов усиления контрастности в связи с задачами аэрофотосъемки, маскировки, сигнализации; улучшение методики спектрального анализа для нужд геологоразведки.*

*2. Работы, имеющие большое научное и идеологическое значение. В частности разработка и критический анализ космогонических теорий, астрономические наблюдения небесных тел, анализ результатов солнечного затмения 1941 года.*

*3. Работы, связанные с организацией Казахской Астрономической Обсерватории.*

*4. Подготовка кадров астрономов и физиков из местных сил.*

В целом необходимо отметить, что существующие архивные материалы Центрального архива Национальной академии наук Республики Казахстан позволяют фактологически обоснованно констатировать, что даже в период Великой Отечественной войны наука в советском государстве продолжала свое планомерное поступательное развитие, в том числе воплотившись и в реализованные на территории Казахстана проекты [13].

Благодаря целеустремленной деятельности таких одухотворенных и талантливых научных деятелей, каковыми явились академики К.И.Сатпаев и В.Г.Фесенков – было практически организовано развитие астрономической науки вообще и на территории Казахстана в частности, что наглядно явствует из содержания материалов заседаний Ученого Совета учреждения [14, 15, 16].

Так, в эти годы в стенах Казахского филиала академии наук СССР была организована система подготовки профильных научных кадров, представленная сформированным Ученым Советом Института Астрономии и Физики Казахского филиала академии наук КазССР; с предоставленным ему правом присуждать ученую степень кандидата физико-математических наук физика, фотометрия и электрометрия [17].

Необходимо подчеркнуть, что в историческом процессе зарождения и дальнейшего развития на территории Казахстана нового направления науки – астрономии основополагающее значение оказали ряд факторов природного, экономического и личностного характера:

-так, необходимость наблюдения полного солнечного затмения от 21 сентября 1941 года послужила первопричиной передислокации профильных специалистов, ученых и соответствующего оборудования на территорию Казахстана, в последствии послужив материальной базой для создания нового научно-исследовательского учреждения;

-совокупность физико-географических и климатических условий территории Казахстана (прозрачность атмосферы, наличие площадок в горной местности, количество ясных дней в году) составили оптимальный спектр необходимых условий для получения оптимальных результатов при размещении специального оборудования и проведении астрономических исследований;

-наличие на момент принятия решения в республике учебных и научно-исследовательских заведений определило собой возможность использования недостающих для создания нового научного направления ресурсов;

-активная и целеустремленная деятельность талантливых ученых, в ряду которых идейными вдохновителями явились академики К.И.Сатпаев, В.Г.Фесенков, Г.А.Тихов и ряд других – послужила основополагающим фактором, определившим собой реализованную возможность развития астрономической науки на территории Казахстана в годы Великой Отечественной войны.

В целом, проведенные в рассматриваемый период мероприятия позволили сохранить накопленный ранее научно-исследовательский базис в сфере астрономии и на его основе создать необходимые условия для дальнейшего развития данного научного направления на территории Казахстана, определив собой исторические предпосылки функционирования современной космической отрасли.


## ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қазақстан аумағында астрономия және физика институтын құрудың тарихи конъюнктурасы ашылады. Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі осы мекеменің ғылыми жұмыстарының негізгі бағыттарының мазмұны қарастырылады. Қазақстан аумағында астрономия ғылымының қалыптасуы мен даму тарихын анықтайтын іргелі қозғаушы күштердің мәні тұжырымдалған.



**Түйін сөздер:** астрономия, астрофизика, Қ.И.Сәтбаев, В.Г.Фесенков.



## ABSTRACT

In this article the historical conjuncture of creation in the territory of Kazakhstan of Institute of astronomy and physics reveals. The maintenance of the main directions of scientific works of this establishment in the period of the Great Patriotic War is considered. The essence of the fundamental driving forces which defined history of formation and development of astronomical science in the territory of Kazakhstan is formulated.



**Keywords:** astronomy, astrophysics, K.I.Satpayev, V.G.Fesenkov.


## ЛИТЕРАТУРА


1. **Кузембайулы А., Абиль Е.А.** История Казахстана: Учебник для вузов. 7-е изд. перераб. и доп. – СПб.: Соларт, 2004. – 420 с.
2. **Артыкбаев Ж.О.** История Казахстана: Учебник для вузов. Костанай: ТОО «Центрально-Азиатское книжное издательство», 2006. – 308 с.
3. **Кан Г.В.** История Казахстана. Учебник. – 3-е изд., перераб. и доп. – Алматы: «Алматыкітап», 2007. – 224 с.
4. **Дильманов С.Д.** История Казахстана (с 20-х годов XX века до наших дней.) Учебное пособие. Алматы: «Дәуір», 2005. – 448 с.
5. **Кадиркулова Г.К.** История Казахстана: Учебник – Алматы, 2013. – 410 с.
6. **Кенжебаев Д.А.** Деятельность института Астрономии и физики КазССР в годы Великой Отечественной войны // Хабаршы-Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки». – 2018. – № 3 (58).
7. Отчет Института Астрономии и Физики Казахского филиала АН КазССР за 1941 год // ЦА НАН РК. Ф. 31. Оп. 1. Д. 3. Св. 1. Л. 1.
8. Положение об институте Астрономии и физики Казахского филиала АН КазССР // ЦА НАН РК. Ф. 31. Оп. 1. Д. 1. Св. 1. Лл. 1-3.
9. Письмо Председателю Совета Народ. Комиссаров КазССР т. Н. Ундасынову // ЦА НАН РК. Ф. 31. Оп. 1. Д. 2. Св. 1. Лл. 7-8.
10. Постановление Президиума Казахского Филиала Академии Наук СССР от 8 августа 1942 года // ЦА НАН РК. Ф. 31. Оп. 1. Д. 5. Св. 1. Л. 1.
11. Результаты выполнения плана по отдельным темам // ЦА НАН РК. Ф. 31. Оп. 1. Д. 6. Св. 1. Л. 5.
12. Отчет о работе Института Астрономии и Физики КазФАН СССР за 1943 год // ЦА НАН РК. Ф. 31. Оп. 1. Д. 10. Св. 1. Лл. 1-17.
13. Постановление СНК КазССР «О строительстве Казахской Астрономической Обсерватории» // ЦА НАН РК. Ф. 31. Оп. 1. Д. 11. Св. 1. Лл. 39-40.
14. Протоколы заседания Ученого Совета Института Астрономии и Физики // ЦА НАН РК. Ф. 31. Оп. 1. Д. 12. Св. 1.
15. Протоколы заседания Ученого Совета Института Астрономии и Физики // ЦА НАН РК. Ф. 31. Оп. 1. Д. 15. Св. 1.
16. Протоколы заседания Ученого Совета Института Астрономии и Физики // ЦА НАН РК. Ф. 31. Оп. 1. Д. 21. Св. 1.
17. Сведения об Ученом Совете Института Астрономии и физики АН КазССР // ЦА НАН РК. Ф. 31. Оп. 1. Д. 16. Св. 1. Л. 1.

# АУЫЛДЫҚ АЙМАҚТАРДЫ БАСҚАРУ
## және орталықсыздандыру саясаты

**Елизавета ИСИБАЕВА,**
**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты**

**Қазақстан экономикасының нарықтық реформамен байланысты маңызды проблемасы – біртұтас халық шаруашылығы кешенінде әрбір аймақтың нәтижелі жұмыс жасауы.** Қазіргі заманда аймақтық деңгейде басқарудың функциясы және әдістері экономикалық, әлеуметтік, әкімшілік көзқарасқа негізделген. Нарықтық реттеу әдістері танымал маркетингі жүйелері, мемлекеттің экономикалық тетіктері және стимулдар арқылы реттеуінен шығады. Аймақтық экономиканы аймақ аумағында орналасқан және онымен өзара байланысқан шекаралас барлық экономикалық субъектілердің нәтижелі жұмысын қамтамасыз ету позициясынан қарастыру керек. Жүйе мақсаттары жағынан қарастырғанда аймақтық экономика өз құрылымымен қайшы. Ол ең алдымен барлық республиканың пайдасына дамиды. Сонымен қатар аймақтың экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және басқа ерекшеліктерін ескере отырып, оларға қолдау көрсету керек. Осыған байланысты аймақтық экономика тек аймақтық экономикалық субъектілердің назарларын қорғап қана емес, сонымен қатар бөлек аймақтардың назарларын есепке алу механизмінің болуына жағдай жасауы керек. Қазіргі уақытта европалық одақ елдерінде «территорияны ұйымдастыруда аймақтың дамуын тікелей мемлекеттік реттеудің орнына аймақтарда «автономиялық механизмдердің» болуын ынталандыру сияқты жаңа әдіс қолданылады және жеке кәсіпкерлікке қолдау көрсетіледі.

**Бұл механизмнің функциясы – аймақтың ішкі потенциалын ерекше ынталандыру.** Тегістеу концепциясы нәтижелілік концепциясымен алмастырылған. Қазақстан қоғамын демократияландыра түсудегі түбегейлі өзгерістер халықпен тікелей қарым-қатынас жасайтын жергілікті мемлекеттік басқарудың тиімділігіне байланысты. Мұның өзі жергілікті өкімет органдарынан экономикалық және әлеуметтік-саяси ағымға ықпал жасаудың қазіргі заманға сай тәсілдерін қолдануды талап етеді. Әкімшіл-әміршіл жүйе кезеңінде ауыл шаруашылығы өндірісін басқаруды жетілдіру мәселелері өзекті мәселелердің бірі болып саналды, өйткені басқару әдістерін жақсарту жөніндегі жүйелі жұмыс мұнда өнеркәсіпке қарағанда кешірек дамыды. Ауыл шаруашылығы өндірісін басқаруды орталықтандыруды жетілдіру ісі мамандандыру, шоғырландыру негізінде, ең алдымен салалық, салааралық басқару орындарын нығайту, көп сатылылықты жойып, ірі бірлестіктер мен ұйымдар құру арқылы жүзеге асырылды. Қазақстанның совхоздары мен колхоздарында ауыл шаруашылығы өндірісін басқаруды жетілдірудің мол резервтері болды. Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі басқару ғылымы белгілі дәрежеде озық практикадан қалып отырды. Колхоз басшыларының, селоның барлық еңбеккерлерінің бастамасы мен шығармашылық белсенділігін арттыруына зор мүмкіндіктері болды. Бірақ та көптеген басшылардың әміршілдік-бұйрықшылдық, бюрократтық жұмыс әдісі бастаманы тұншықтырды, адамдардың творчествосы мен тапқырлығының көрінуіне мүмкіндік бермеді. Кейбір әкімдер іске жаны ашымай, қайта жеке басының қамын күйттеп кетті, мұның өзі ауыл шаруашылығы өндірісіне зор нұқсан келтірді [1.]. Қазақстанның аймақтық экономикалық саясаты унитарлық мемлекет саясаты ретінде құрылған.

**Осыған орай, аймақтық экономикалық саясат, орталық үкіметпен қоса аймақтық билік органдарымен жүргізілді.** Тек орталық билікте ғана жалпы елдің экономикалық өсуін ынталандыру, жалпы әлеуметтік шиеленісуді азайту үшін аймақ пен салалар арасындағы пайданы тиімді қайта бөлу, елдің экономикалық дамуының терең аймақтық және салалық теңсіздікті қысқартуға мүмкіндік беретін тұрақты экономикалық өсу жобасына шығу тәрізді күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік бар. Ал, аймақтық деңгейдегі билік болса өз мүдделеріне сәйкес өз өкілеттіктері шегінде мәселелермен айналысады. Қазіргі кезеңдегі аймақтар дамуының негізгі басқарушылық астары ретінде республикалық және аймақтық бағдарламалардың өзара әрекеттесуі де, үйлесуі болып жатқан өзгерістерге сай олардың оңтайлы сәйкестігі қарастырылады. 2006 жылы мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіліктерді ажырату шегінде бұрын министрлік атқарып келген лицензиялауға, аттестациялауға, лимиттер мен квоталар бөлуге қатысты бірқатар қызметтер жергілікті атқару орындарына тапсырылған еді. Өкілеттіліктерді ажырату мәселесі қаржыларды басқаруға да қатысты.

Бүгінгі таңда елде біраз уақыт бойы өзара терең байланысқан мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру мен жергілікті өзін-өзі басқару институттарын енгізу мәселелері талқыланды. Бұл байланыстың тығыздығы қорларының көздері, оларды жергілікті қауымдастықтың мүдделеріне пайдалану мүмкіндіктерін қалыптастыру кезінде, мұндай мүдделердің басымдықтарын анықтау үстінде байқалды [2,87-б.]. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі қандай болатыны жөнінде, оларға өзін-өзі және мемлекеттік басқару орындарының тәуелсіздік ең жоғарғы дәрежеде (өзін-өзі басқарудың англо-сакстық моделіндегідей) берілген жөн бе, әлде олар іс жүзінде жергілікті басқару орындарының заңнама жүзінде бекітілген басқару аясы бар бөлігі (француз моделіндегідей) болған дұрыс па, әлде Жапониядағыдай аралас үлгіге негізделгені жөн бе, әлде республиканың түрлі аймақтарында өзін-өзі басқарудың жергілікті жағдайларға бейімделген өзіндік үлгілері әрекет еткені жөн болады ма деген сауалдарға әлі бірыңғай көзқарас жоқ [3,24-б.]. Барлық деңгейдегі бюджеттерді қалыптастыру ерекшеліктерінің тұсында, облыстардың біреулері қаржыландырушылар қызметін атқарып, басқалары демеу қаржы алып отырған кезде, жергілікті бюджеттердің басым бөлігі дотация есебінен құрылып отырғанда бұл мәселелердің шешілмей отырғандығынан «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заң қабылданған еді. Бұл мәселелердің шоғырлану нүктелері ең алдымен ауылдық жерлерде болды. Өйткені, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі өзінің табыс көздері, оның ішінде, коммуналдық меншігі болғанын әлеуметтік саланы реттеу

үшін жергілікті қорлар мен өкілеттіктердің және жергілікті халықтың алдында жауапкершілік пен есептіліктің болғанын көздейді. Аталған шарттардың орындалуы қазіргі кезде ауылдық жерлер үшін неғұрлым мүмкін емес деуге болады.

Сонымен қатар, «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы заңда» ауылдық әкім өз округінде кәсіпкерлікті ұйымдастыруға және дамытуға жәрдемдеседі деп ерекше атап көрсетілген. Заңның осы қағидасын жүзеге асыруға кіріспес бұрын, ауыл аймағының әкімі «жәрдемдеседі» деген өзекті терминнің мағынасында қарастырылды. Осы терминнің өзінде ауыл әкімі қарапайым халыққа қол ұшын беріп, олардың мұқтаждарын бөліседі, ауылдық аймақ әкімі аудандық әкімиаттың лауазымды адамы ретінде өз округінің аумағында жаңа кәсіпкерлік құрылымдардың пайда болып, қалыптасуына және ауыл тұрғындарының дами түсуіне жағдай жасауға, шағын бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты түсіндіру және кеңес беру арқылы оларға көмектеседі деген сенім тудырды. Кәсіпкерлік құрылымдарды ұйымдастыру, қаржы және басқадай көмек мәселесінде аймақ әкімі аудан әкімі аппаратының шағын бизнесті қолдау жөніндегі бөлімімен тығыз байланыс жасап, жұмыс істеу қажет. Ол жаңағы бөлімді өз аймағында шағын кәсіпкерлікті дамытудың жәй-күйі жөнінде үнемі хабардар етіп отыруға аудандағы кәсіпкерліктің дамуын қолдау жөнінде аудандық әкім мен аудандық мәслихат жүзеге асырып жатқан шаралардың мән-жайын өз аймағындағы барлық кәсіпкерлік құрылымдарға жеткізіп отыруға тиіс.

Республика үшін келесі ең маңызды мәселелердің бірі – барлық деңгейлер бюджеттерін қалыптастыру мәселесін шешудегі тұжырымдаманың орталықсыздандыру саясатының негізгі проблемалық ұйытқысының көрінісі. Мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлері арасында өкілеттіліктер бөлінісі осы проблеманың шешілуіне байланысты. Мемлекеттік басқару орындары арасында өкілеттіліктер мен міндеттерді бөлу мәселесінің өзіндік мәні бар екендігі айдан анық, іс жүзінде бұл жергілікті деңгейдегі орталықсыздандырудың көрінісі болып табылады. Бұл тұста жергілікті өзін-өзі басқару өңірлерді басқарудың деңгейлік өлшемінің бөлігі болса, жергілікті мемлекеттік билік өз қорларына сүйене отырып, өздері шеше алмайтын осы өңірлердегі мәселелерді шешу өкілеттіктері берілген және өңірлерде бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын оның жоғарыдағы өлшемінің бөлігі. Адамдар көптеген жағдайларда шалғай орналасқан кішігірім елді мекендерде өмір сүретін қазақстандық ауылдарға жергілікті қауымдастықтардың әлсіздігі тән. Ауылдық экономиканың әркелкі құлдырауы тұсында, жергілікті қауымдастықтарды неғұрлым қызықтыратын салаларда сумен қамтамасыз ету, жерді пайдалану, жолдар мен тұрғын үй салу, электр қуатымен және отынмен қамтамасыз ету, экологиялық қадағалау, ағаштар отырғызу, жұмыспен қамтамасыз ету, денсаулық сақтау, табысы төмен халықты қолдауда жергілікті мүмкіндіктер жергілікті қажеттіліктерден асып түспейді. Жергілікті қауымдастықтардың өзін-өзі басқару мүмкіндіктерін кеңейту, атап айтқанда, жергілікті бюджеттерді жергілікті салықтар есебінен толықтыру мұндай салық салуға негіз бар жерде ғана тиімді бола алады, ал көпшілік ауылдарда мұндай негіз жоқ. Жер рентасы да ауылда жергілікті бюджеттерді толықтырудың, әрі барлық жердегі тиімді көзі емес, ал елеулі кіріс беретін коммуналдық меншік болса, мүлдем жоқ дерлік деп санауға болады. Мұндай шаралардың арасында ауылдық жерлерде халықтың тиімсіз орналасу мәселесін шешу, Қазақстанның жаңғыртылмайтын табиғи қорларын олар кімнің меншігінде болғандығына қарамастан, өндіретін компаниялар есебінен «экологиялық рента» сияқты инфрақұрылымдық бағдарламаларды қаржыландыру көздерін ашу, ауыл шаруашылығындағы «көк» және технологиялық төңкерістерге, оның ішінде, халықаралық ұйымдардың көмегімен, инвестиция салу болып табылады. Мұның бәрі Қазақстандағы өзін-өзі басқару жүйесінің қалыптасу үрдісінің маңызы жоқ, әрі ол қажет емес дегенді және орталықсыздандыру саясатының өзі ауыл халқының ахуалдарын көбейтіп, тереңдеткеннен басқа ештеңе әкелмейді дегенді білдірмейді. Бұл, біріншіден, аталған мәселелердің өзара байланыстырылуын қажет етеді, екіншіден, мемлекеттік ауқымда қосымша шаралар қолданылса, олардың жиынтық салдарлары ауылдық жерлер үшін өнімді бола алады дегенді білдіреді [4, 14-б.].

Жергілікті деңгейде өзін-өзі басқару жүйесі нақты енгізілген. Ауылдар мен кенттерде Кеңестің – жергілікті өкілетті органның сайлауы өткізілді, олар өз тараптарынан ауылда өз әкімдерін сайлады. Жергілікті атқарушы және өкілеттік органдардың Қазақстан Республикасының «Әкімшіл аумақтық құрылым туралы» Заңының 6-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес, облыстардағы әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесіне әр жыл сайын өзгерістер енгізеді. Міне, осы заң талаптарын орындау барысында 2006 жылы еліміздегі 162 ауылдық елді мекеннің дербес ауылдық-әкімшілік құрылым ретіндегі мәртебесі жойылды. Себебі, ол ауылдардың қайсыбірі қалалар аумағына қосылған. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысының 75442 адам тұратын 12 ауылы Шымкент қаласы аумағына кіргізілсе, Ақмола, Атырау облыстарындағы 27 ауыл маңайларындағы ірі кенттер мен ауылдарға қосылды. Ал, енді қайсыбір ауылдарды тіршілік құрудың қиындықтарына, тұрмыстың жайсыздығына байланысты халықтың өзі тастап кеткен. Ауыл адамдары нарық экономикасының талаптарына орай, тіршілік үшін тиімді, тұрмыс үшін қолайлы қалаға қоныс аударған [1]. Республикада әлемдік тәжірибеде қалыптасып отырған ауыл шаруашылық несиесінің мамандандырылған жүйесі әлі жоқ. Оны ұйымдастыру үшін ауыл шаруашылық несиесінің мамандандырылған банкі ұйымдастырылды. 2006 жылы Агрокредит корпорациясы арқылы 3,5 миллиард теңгенің несиесі бөлініп, іргелі елді мекендерден, сондай-ақ шалғайдағы ауылдардан дайындау мекемелері жүйесін құру ісі қолға алынды [1].


## РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются некоторые проблемы децентрализации управления государственной властью. Децентрализация определяется как один из способов достижения результативности действий государства путем изменения роли, ответственности и полномочий уровней управления.

***

The article discusses some of the problems of decentralization of government administration. Decentralization is defined as one of the ways to achieve the effectiveness of state actions by changing the role, responsibility and powers of the management levels.


## ӘДЕБИЕТТЕР


1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Статистика Агенттігі //Қолдану режимі :http://www.kazstat.asdc.kz/
2. **Нурашева К.** Аймақтық экономиканы басқарудағы жүйелік әдіс /К.Нурашева // Қазақстан қаржысы. - 2006. - №1. - 83-87-бб.
3. **Сапарғали Ш.** Аймақтық тұрақты даму моделдерін жасаудың әлемдік тәжірибесі / Ш.Сапарғали //Транзиттік экономика. - 2005. - №5-6. - 24-30-б.
4. Қазақстанның жылдық статистикасы /Б.Т.Сұлтанов ред. //Қазақстан Республикасының статистика Агенттігі : Алматы, 2006. – 488-б. Уваров В.Н. ҚР мемлекеттік басқару теориясы /В. Н.Уваров. - Алматы : Заңгерлік әдеб., 2000. – 312-б.

# МОЛОДЕЖЬ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

## *в системе модернизации исторического сознания*

**Марал КАЛИЕВА,**
**доктор политических наук, ассоциированный профессор (доцент), главный научный сотрудник Института истории государства Комитета науки МОН РК**

**Социальная преемственность, поддержание целостности и стабильности полиэтнического общества является одной из существенных задач государственной политики Республики Казахстан.** Мировоззрение казахстанского социума содержит в себе социокультурные, духовно-нравственные ценности и традиции Великой степи, общечеловеческую идею гуманизма, а также спектры нового мышления и переосмысления истории в эпоху глобализма.

Особое значение имеет формирование ценностного сознания молодежи, от гражданской позиции которой во многом зависит будущее страны. Гражданская позиция определяет отношение молодого поколения к общественным процессам и выявляет его социальную активность. Поиск новой социокультурной идентичности становится для молодых людей определенной нравственной ориентацией. Стремление к знаниям, образованию и самореализации, активное применение творческих способностей и трудового опыта являются существенными факторами конкурентоспособности молодежи Казахстана.

Развитие социальной системы оказывает существенное воздействие на модернизацию общественного сознания. Молодежь представляет собой особую социально-демографическую группу, выступает как активный участник и носитель социальных взаимоотношений. **Статья Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»** высветила место и роль молодых людей в новых исторических условиях. Как одна из базовых ценностей молодого поколения рассматривается образование: *«Каждый казахстанец должен понимать, что образование – самый фундаментальный фактор успеха в будущем. В системе приоритетов молодежи образование должно стоять первым номером. Если в системе ценностей образованность станет главной ценностью, то нацию ждет успех»* [1]. Большую значимость имеет определение важности и незыблемости эволюционного развития: *«… только эволюционное развитие дает шанс на процветание. …Эволюционное развитие как принцип идеологии должно быть одним из ориентиров и на личностном, индивидуальном уровне для каждого казахстанца»* [2].

Модернизация общественного сознания предполагает динамичность опережающего образования, внедрение новых принципов воспитания и обучения, призванных ориентировать молодое поколение по-новому взглянуть на глобальный мир: *«Открытость и восприимчивость к лучшим достижениям, а не заведомое отталкивание всего «не своего» - вот залог успеха и один из показателей открытого сознания»* [3].

Духовно-нравственное развитие молодых людей осуществляется в социальной среде, в рамках которой идет освоение базовых ценностей. Являясь частью общества, молодежь напрямую соприкасается с происходящими изменениями в социуме. Она транслирует последующим поколениям духовно-нравственные, социокультурные ценности общества. Современная молодежь вовлечена в активный процесс глобальных перемен. Социальная адаптация молодого человека происходит в сложных условиях вызовов и рисков, требующих принятия креативных решений.

Система рыночных отношений определяет приоритетность материального благополучия. В силу социальной мобильности и инициативности молодежь быстро реагирует на происходящие в обществе социальные изменения и стремится адекватно адаптироваться к новым условиям жизнедеятельности. При этом необходимо уделять большое внимание активному участию молодежи в общественной жизни, что является одним из ресурсов развития гражданского общества.

Общественное мировоззрение, основанное на ценностях и идеалах, разделяемых большей частью общества, является важным показателем позитивности и востребованности проводимого курса развития страны. Составной частью модернизации общественного сознания является модернизация исторического сознания. Историческое сознание представляет собой определенную совокупность взглядов, традиций, идей и ценностей, целостную систему знаний, посредством которых у общества и его членов формируются воззрения и устойчивая позиция о значимых и важнейших событиях, выдающихся деятелях исторического прошлого.

Новые исторические реалии XXI века предполагают выявление и обозначение нового пласта ценностных ориентаций общества. **В статье Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Н.А.Назарбаева «Семь граней Великой степи»** определены основные направления модернизации исторического сознания, что имеет большую теоретико-практическую актуальность [4]. Проекты «Архив – 2025», «Великие имена Великой степи» играют важную роль в исследовании национальной истории, изучении и переосмыслении исторического наследия Великой степи, места и роли Казахстана в мировой истории.

Историческая наука развивается, идет процесс активного выявления, анализа, переосмысления и обобщения новых документов и материалов из архивов Казахстана и зарубежных стран. Их ввод в широкий научный оборот способствует развитию современных концептуальных подходов и методик. Историческое прошлое активно и всесторонне исследуется и изучается, рассматривается не просто как факт истории, но и как одна из предпосылок развития социальных отношений в современном обществе.

В условиях глобального мира историческое прошлое становится определенным барометром будущего, фундаментом прогнозирования и стратегического моделирования перспективного пути развития Казахстана. Необходимо учитывать фактор преемственности и принцип историзма, что способствует

сохранению важнейших элементов и базовых ценностей прошлого.

Приобщение казахстанской молодежи к истории государства, модернизация исторического сознания предполагают формирование исторических ценностей на конституционно-законодательной базе, постижение молодыми казахстанцами истории своей страны и мирового сообщества. Особое место в этом процессе занимает патриотическое воспитание молодых людей в духе любви к своей земле и культурно-историческому наследию Великой степи на комплексных принципах историзма, гуманизма, демократии.

**19 апреля 2019 года в г. Нур-Султан состоялась Международная научная конференция молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ: ИСТОРИЧЕСКАЯ МИССИЯ И ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИИ ЕДИНОГО БУДУЩЕГО», организованная Фондом Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы и Институтом истории государства Комитета науки МОН РК. Данный научный форум проводился в рамках реализации Указа Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Н.А.Назарбаева об объявлении 2019 года Годом молодежи.** Актуальные вопросы сохранения и развития исторической преемственности поколений, бережного отношения к сакральным сокровищам страны, активного участия молодых историков в научно-исследовательской работе в соответствии с положениями программы «Рухани жаңғыру», статьи Елбасы «Семь граней Великой степи» находились в центре внимания казахстанских и зарубежных ученых, представителей широкой общественности и научного сообщества. В ходе работы конференции под председательством **директора Института истории государства Комитета науки МОН РК, доктора исторических наук, профессора Бүркітбай Ғелманұлы Аяғана** рассматривались основополагающие направления развития государственной молодежной политики: роль Елбасы в формировании и реализации молодежной политики в Казахстане; государственная молодежная политика и социальные практики; нормативно-правовые основы молодежной политики в Казахстане; новый казахстанский патриотизм – основа успеха полиэтничного и поликонфессионального общества; миссия исторической науки в модернизации общественного сознания молодежи, формирование казахстанской идентичности и другие.

Модернизация исторического сознания определяет необходимость и актуальность объективных, достоверных знаний о прошлом, базируется на формировании исторических знаний. Важно использовать информационно-обучающие программы и мультимедийные средства обучения на основе инновационных технологий. Преподавание учебных дисциплин по истории призвано идти в соответствии с современными требованиями и стандартами, принятыми в лучших рейтинговых учебных заведениях мирового образовательного пространства.

Модернизация исторического сознания определяет углубленное понимание молодежью преемственности исторической связи поколений, выявляет значимость всестороннего изучения истории своего края. Важно воспринимать историю своей семьи как часть истории своей страны, своего народа. Формирование гражданственности и государственности способствует укреплению межэтнического согласия и толерантности в полиэтническом казахстанском обществе, а также гражданской социализации молодого человека. Исследователь Байгабатова Н.К. полагает, что *«этническая толерантность показывает не только высший уровень культуры полиэтнического взаимодействия, но выступает при этом и средством, и результатом становления и функционирования новой системы отношений в политической, экономической и других сферах жизнедеятельности государства, исходя из приоритета общечеловеческих ценностей, сама, по сути, является ценностью современного общества, исполняя роль смысла жизни»* [5, с.164].

Социокультурные ценности являются духовно-нравственной ориентацией для социума, мерой его цивилизованности и гуманности. В аспектах исторического сознания они формируются в соответствии с закономерностями развития исторического процесса. Глобализация активно влияет на современный мир, способствуя трансформации традиционных ценностей и взглядов, накопленных в течение многих столетий, в новое видение, что, в свою очередь, приводит к изменению содержания исторического сознания. Его социокультурные составляющие объединяют в себе духовное и материальное начала, обусловлены востребованностью и необходимостью на определенном историческом этапе жизнедеятельности общества.

**Устойчивое развитие государства предполагает эффективность структуры социальной системы, которая основывается на институциональных ценностях.** Они оказывают большое воздействие на содержание и динамику общественных процессов. Индустриально-инновационные и информационные технологии активно формируют новые направления социальной интеграции полиэтнического казахстанского общества, меняют образ жизни и мышления современных молодых людей.

Основными инструментами модернизации исторического сознания являются институты государства, семьи и общества. Модернизация исторического сознания требует комплексного, системного подхода, активного участия в этом процессе всех социальных институтов, способствует всестороннему продвижению Казахстана в число 30-ти развитых стран мира.

**Важной задачей общества является обеспечение социальной преемственности и укрепление межэтнических отношений.** В этом плане особую актуальность приобретает историческое прошлое. Оно трансформируется в своеобразный социокультурный феномен, который формирует неразрывную связь поколений.

**В процессе модернизации исторического сознания молодежи важную роль играют этнокультурные объединения Казахстана.** Они создают базу для социализации, этнической идентификации молодежи, развитию межкультурного диалога, всестороннему изучению истории государства. Их деятельность ориентирована на сохранение и развитие родного языка, культуры, социокультурных ценностей.

Фундаментом развития современных этнокультурных объединений стали национально-культурные центры, проводившие активную работу по возрождению национальных обычаев, обрядов и традиций в первые годы становления независимого Казахстана. В частности, в Уставе Атырауского Болгарского культурно-просветительного общества «Возрождение», принятом и утвержденном на общем собрании 12 апреля 1992 года, определяется: *«Основополагающей целью общества является*

*культурно-просветительная деятельность, развитие национального самосознания, организация изучения национального языка и интернациональное воспитание граждан»* [6].

В Уставе общественного и культурно-просветительного общества немцев «Видергебурт» Атырауской области, принятом на общем собрании 16.02.1993 года, в качестве одной из главных задач отмечается: *«возрождение и развитие национального самосознания и языка, национальных традиций и обычаев, религии в традиционных и современных формах, углубление в общественном сознании немцев общечеловеческих, гуманных и нравственных ценностей, формирования в них чувства полноправного гражданина Республики Казахстан, общественной и социальной активности»* [7].

В Уставе Областного русского общественно-культурного центра «Согласие» (место нахождения г. Атырау), учрежденном на собрании 17 сентября 1993 года, обозначено: *«Культурный центр осуществляет свободное гласное волеизъявление граждан по развитию русской культуры, народных традиций, использование русского языка в межнациональном общении на основе дружбы и взаимопонимания, сотрудничества с другими общественными объединениями»* [8].

В Уставе Общественного фонда духовного развития и социального прогресса народов Приуралья г.Уральск, принятом собранием учредителей в 1994 году, подчеркивается: *«Главной целью фонда является активное участие в укреплении мира, дружбы и согласия между народами области, развитии милосердия и гуманизма, содействие решению экологических и социальных проблем области и расширению её международного сотрудничества на благо мира, демократии и прогресса»* и в качестве одной из основных задач своей деятельности фонд *«содействует проявлению гражданской и социальной активности граждан области в достижении межнационального согласия, мира и взаимопонимания между народами»* [9].

В Атырауской (бывшей Гурьевской) области в 1994 году помимо общества «Қазақ тілі» работали *«4 национально-культурных центра: русский «Согласие», немецкий «Видергебурт», болгарский «Возрождение», корейский»* [10].

Этническая культура отличается многообразием своего содержания и формы проявления. Она оказывает большое воздействие на развитие самосознания социума и культурно-нравственных качеств личности в целом. В течение исторического прошлого из поколения в поколение накапливаются и передаются информационные данные, материальные и духовные ценности и навыки, формирующие жизненные ориентации молодежи и общества в целом.

**В своем выступлении на XXVII сессии Ассамблеи народа Казахстана 29 апреля 2019 года Первый Президент Республики Казахстан – Елбасы Н.А.Назарбаев** подчеркнул: *«Политика нашего государства в межэтнической сфере основана на принципе «Единство в многообразии»* [11]. Он *«означает, что облик современного независимого Казахстана формируют все 130 этносов, представители которых называют себя казахстанцами»* [12]. Этнокультурные объединения основаны на общих интересах их членов, способствуют укреплению межэтнической толерантности и общественного согласия.

Государство уделяет большое внимание развитию этнических языков и культур: *«В 88 школах обучение ведется на узбекском, таджикском, уйгурском и украинском языках. А в 108 школах языки 22 казахстанских этносов преподаются в качестве отдельного предмета. В стране издаются 35 печатных изданий на 15 языках. В эфир телеканалов выходят передачи на 11 языках. В стране работают 14 русских, узбекский, а также единственные в СНГ уйгурский, корейский и немецкий театры»* [13]. Развитие социокультурных ценностей полиэтнического общества меняет стиль и образ жизнедеятельности социума. Активный процесс взаимопроникновения культур является закономерным следствием развития экономики, науки и техники, новых информационных технологий. Он влияет на темп социокультурных изменений в обществе и нравственно-духовное развитие молодежи. Позитивные социокультурные ценности представляют собой необходимый ресурс идентичности национального самосознания и культуры, который скрепляет историческую неразрывную связь поколений.

**Таким образом, в системе модернизации исторического сознания молодежь** осознает себя субъектом исторического процесса, понимает свою сопричастность к национальной и мировой истории, воспринимает историческую действительность на уровне исторического мировоззрения. Историческое мировоззрение отражает накопленный опыт и характерные черты эпохи, предполагает осмысление обществом исторической реальности, выработку определенных социокультурных ценностей, убеждений и взглядов.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» 12 апреля 2017 / URL: http:// http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya (дата обращения: 07.08.2019).

2. Там же.

3. Там же.

4. Статья Главы государства «Семь граней Великой степи» 21 ноября 2018 / URL: http://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi (дата обращения: 07.08.2019).

5. **Байгабатова Н.К.** Этническая толерантность как основа гармонизации полиэтничного общества / Международный Форум ученых и общественных деятелей Центрально-азиатского региона «Развитие народной дипломатии в современных аспектах гуманитарного сотрудничества» / Сборник докладов Международного Форума ученых и общественных деятелей Центрально-азиатского региона 24 ноября 2014 года // Астана, «Мастер ПО», 2014. – С.162-168.

6. Государственный архив Атырауской области. Ф.355, оп.1, д.35, л.30, 31,36.

7. Государственный архив Атырауской области. Ф.355, оп.1, д.35, л.1,2.

8. Государственный архив Атырауской области. Ф.355, оп.1, д.35, л.71,77.

9. Государственный архив Западно-Казахстанской области. Ф.470, оп.1, д.9, связка 2, л.32.

10. Государственный архив Атырауской области. Ф.355, оп.1, д.25, л.75.

11. Выступление Первого Президента – Елбасы Н.А.Назарбаева на XXVII сессии Ассамблеи народа Казахстана 29.04.2019 / URL: http:// https://assembly.kz/ru/sess/ vystuplenie-pervogo-prezidenta-elbasy-n-a-nazarbaeva-na-xxvii-sessii-assamblei-naroda-kazakhstana (дата обращения: 14.08.2019).

12. Там же.

13. Там же.

# ШЫРАҚТЫҢ ЕРЛІГІ

**Эльмира СИҚЫМБАЕВА (Сихимбаева),**
**№ 2 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі**

| | |
|---|---|
| **Мерзімді жос/р** | Сақтар. |
| **Сабақ тақ./бы** | Шырақтың ерлігі. Зерттеу сұрағы: Сақтар тәуелсіздік үшін қалай күресті. |
| **Оқу мақсаты** | 5.3.2.1-Қазақстан территориясындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау. |
| **Сабақтың мақсаты** | Қазақстан территориясындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтайды. Сақтардың тәуелсіздік үшін жүргізген күресін сипаттайды. Сақтар жайлы жазған тарихшылардың деректерін талқылайды. |
| **Бағалау критерийі** | Көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтайды. Сақтардың тәуелсіздік үшін жүргізген күресін сипаттайды. Сақтар жайлы жазған тарихшылардың деректерін талқылайды. |
| **Тілдік мақсат** | Талқылауға арналған тармақтар: Тақырыпта берілген мәтінді және қосымша деректер арқылы «тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым» бойынша жұмыс жасайды. |
| **Құнд/ққа баулу** | «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының дәріптей келе, тарихи құндылықтарды құрметтеуге баулу. |
| **Пән/ар. бай/с** | Дүниежүзі тарихы. |
| **Алдыңғы білім** | «Кім жылдам?» әдісін қолдану. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақ кезеңі** | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері. | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы. 10 мин.** | **Ұйымдастыру сәті.** Психологиялық ахуал қалыптастыру. **Сыныпты топқа бөлу.** Топ басшыларын анықтау, бағалау критерийлерімен таныстыру. **1-тап.: Тақырыпқа кіріспе.** Оқушылардың назарларын сабаққа аудару мақсатында бейнефильмнен үзінді көрсету «Кинометафора» әдісі арқылы сұрақтар беріледі: Бейнефильмнен не көрдіңдер? -Онда қандай көріністер бейнеленген? -Жаңа сабағымыз не туралы өтеді деп ойлайсыңдар? **Дескриптор:** -Бейнефильмнен көргенді талдайды. -Өз ойларын жетік білдіреді. **ҚБ мадақ сөздер:** Керемет, тамаша, жарайсың. | АКТ. |
| **Сабақтың ортасы. 20 мин.** | **2-тап.: Мәтінмен жұмыс.** «Ойлан, жұптас, пікірлес». 1.Жұптасып өзара мәтінді талдайды. 2.Топтың ішінде суретті сипаттайды. **Дескриптор:** -Мәтінді талдап Шырақтың ерлігін сипаттайды. **3-тап.: Деректер сөйлейді.** Қосымша материалдарды пайдалана отырып кестені толтыру. **Тарихшылар:** Полион; Помпей Трог; Геродот. **Деректер: Дескриптор:** -Полионның жазған дерегін анықтайды. -Помпей Трогтың жазған дерегін анықтайды. -Геродоттың жазған дерегін анықтайды. **ҚБ Бағдаршам әдісі.** | Оқулық. Суреттер. Қосымша №1. |
| **Сабақтың соңы 5 мин.** | **Кері байланыс:** «БББ» кестесіндегі тармақтарды толтыру және өз ойларын қорытындылау. **Рефлексия:** «Жетістік баспалдағы». | |

**Алматы қаласы.**

# ҚҰЖАТТАР СӨЙЛЕГЕНДЕ

**Қаныш САДЫР,**
**Х.Нұрымғалиев атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі**

Елбасы, Тұңғыш Президент – Н.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» мақаласында *«..... бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді.... көздейді»,*– деп өлкетану жұмыстарына ерекше екпін беріп, оның маңызын ашып көрсеткен еді. Осы мақаланы бағдарға алып қаншама жұмыс атқарылып, еңбектер жазылуда. Әліде көптеген тың деректер ашылып, жұмыстар жалғаса береді.

1962 жылы Жаңақала ауданы тарап қазіргі аудан территориясында әкімшілік өзгерістер болған еді. Жаңақала қой совхозы құрылып кезінде болыстық одан кейін ауылдық совет орталығы болған Тұрдығұл ауылы Жаңақала қой совхозының №1 бөлімше орталығына айналып шыға келді. Осы ауыл кеңесінде 6 колхоз болған. Олар: «Талаптан» колхозы орталығы Мінәлі-ой, «Еңбекші» орталығы Сарыбайкөл, «Бірлік» орталығы Шәкен терек, «Екпінді» орталығы Шыған шағыл, «Интернационал» орталығы Қалмақ шағыл, «Жеметі» орталығы Төлеген ауылдары. Кезінде колхоз орталықтарында қайнаған тірлік, қызу еңбек болса қазір бұл ауылдардың бірі де жоқ. Елу жылда – ел жаңа. Бұл деректер 1940 жылы жарық көрген облыстық анықтамалықтан алынды.

Облыстық архивке Тұрдығұл ауыл советі туралы деректер іздеп барғанымда қолыма тигені колхозшылардың 1936, 1937, 1938 жылдардағы шаруашылық кітаптары еді. Барлығы 14 папка екен. Папкалар «Еңбекші», «Екпінді»,

«Бірлік» колхозының кітаптары болды. Оларда жазу латын әрпімен жазылған. Ол кез республикамыз латын әрпін қолданып отырған кез екені белгілі.

Шаруашылық кітабына қарап отырсақ мынадай салық түрлері болыпты. Ақша беру, картоп беру, жүн тапсыру, ет тапсыру, сүт тапсыру, т.б. Бұдан сол кездегі колхозшыларға қандай ауыртпалықтар түскенін көреміз. Бірақ біздің колхозшылар тек еттің міндеттерін ғана төлеген. Етті жылына 4 рет тапсырыпты. Мысалы 1 кварталда 8 кг, 2 кварталда 2 кг. 3 кварталда 4 кг, 4 кварталда 8 кг. Тапсырған еттің түбіртектерін дәлелді болуы үшін тіркепте қойыпты. Сонымен бірге мәдени алым деген де салық түрі болыпты. Мұны ешқандай малы жоқтар төлепті. Жылына 3 рет. 7 сом 50 тиыннан, кейбіреулері 5 сомнан. Осы деректерге қарап отырып ауыл халқына түскен қиыншылықтар мен азапты сезінгендей боламыз. Ал түйелері болса, оның жүніненде салық төлепті.

Ең құнды деректердің бірі 1936 жылғы қызметшілер кітабы. Жазу кирилл әрпімен орысша жазылған. Басшылықты одақтың жазуы кириллицамен жазғаны түсінікті ғой. Осы кітаптан ауылымызда жұмыс жасаған медврач, басқарма төрағасы, мұғалімдер туралы мәліметтер алынды.

Сол уақытта Железнов Павел есімді медврач жұмыс жасапты. Сонымен бірге Асабай мектебі және Қалмақшағыл мектептері болыпты. Ал 1932 жылы ашылды деп жүрген Х.Нұрымғалиев атындағы мектептің (сол кездегі В.В.Куйбышев атындағы) мұғалімдерін тізімнен көре алмадым. Бұл мектеп туралы зерттеу жұмыстарын тереңдей жүргізуді қажет етіп тұр. Асабай ауылдан 4 шақырым жерде, ал Қалмақшағыл 10-15 шақырым шамасында орналасқан тұрақтар. Қалмақшағылдағы мектептің қабырғалары әлі тұр. Бұл жерлерде қазір шаруа қожалық иелері тұрып жатыр. Асабай мектебінде Сейітов Сапуан, ал Қалмақшағыл мектебінде Алмуханов Хисет есімді мұғалімдер жұмыс жасапты. Жанұялары кітапта көрсетілмеген. Тайхатов Жұмағазы есімді басқарма төрағасы, жанұясында 3 адам, Сейітов Ишанғали есімді ауылсовет төрағасы жанұясында 3 адам. Сонымен бірге Мажитов Ислям есімді есепші болыпты.

Өткен мақаламда көрсетілген соғысқа аттанған адамдар тізімінің ішіндегі Акимкулов Іздай, Өтешев Сисенғали есімді аталарымызды кездестірдім. Оларда бір бұзаулы сиыр, құлынды биелер болған.

Шаруалардың берген есебінен қой малын өте аз кездестірдім. Тек күн көрістеріне сауын сиыр мен жылқы қалдырып қалған малдарын колхозға жинап алған болып тұр.

Колхоздастыру 1928 жылғы 28 тамыздағы «Бай-кулактарды кәмпескелеу туралы» қаулыдан кейін басталып колхозға кіру басында өз еркімен болса, кейіннен күштеуге ұласып, совет өкіметі ірі байлармен қатар орта шаруалардың малын да зорлықпен тартып алып колхозға кіргізе бастады. Ф.Голощекиннің «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» ұраны белең алды.

Осы шаруашылық кітабындағы колхозшылардың көпшілігі колхозға 1932 жылы кірген деп көрсетіліп тұр. Бұл жаппай ұжымдастырудың белең алған уақыты еді.

Осы шағын жұмысым арқылы жас ұрпаққа көптеген мағлұмат бердім деп ойлаймын. Ауыл тарихынан ел тарихы құралатыны белгілі.

**Батыс Қазақстан облысы,**
**Жуалыой ауылы**
**Жаңақала ауданы.**

*Тұсаукесер*




## САЙРАШ ӘБІШҚЫЗЫНЫҢ ЖАҢА КІТАБЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Таяуда ҚР Ұлттық кітапханасында «Құрмет» орденінің, Тәуелсіз Платиналы «Тарлан» сыйлығының иегері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының екі мәрте лауреаты, «Білім беру ісінің Құрметті қызметкері», белгілі қаламгер Сайраш Әбішқызының «Шығармашылық шырағым – бақ жұлдызым» атты жаңа кітабының тұсаукесері өтті. Оны Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Мағира Қожахметова мен «Қазақ» және «Шалқар» радиолары Алматы студиясының жетекшісі Бақыт Жағыпарұлы жүргізді.

Жиынға зиялы қауым өкілдері, өнер және мәдениет қайраткерлері, қаламгерлер мен білім беру саласының қызметкерлері қатысып, кітап пен оның авторы туралы ой-пікірлерін ортаға салды. С.Әбішқызы журналистік еңбек жолын «Социалистік Қазақстаннан» бастап, «Қазақстан әйелдері» журналында ұйымдастырушылық қабілетін ұштап, сол кездегі республикадағы қазақша жалғыз педагогикалық журнал «Қазақстан мектебі» мен оның «Бастауыш мектеп» қосымшасында 30 жылға жуық бас редактордың орынбасары, бас редактор қызметтерін атқарды. Ол «Қазақстан мектебі» журналының жанынан «Отбасы және балабақша», «Информатика, физика, математика», «Қазақ тарихы», «Биология, география және химия» сияқты көптеген пәндерге арналған қосымша журналдарды ашып, олардың барлығын дербес басылым етіп бөліп шығарды. 1958 жылы жарыққа шығып, келер жылы жабылып қалған «Қазақ тілі мен әдебиеті» республикалық ғылыми-педагогикалық журналының 1990 жылы қайтадан жеке басылым ретінде шығуына ұйытқы болды.

Сайраш Әбішқызы Алматы қаласы мәслихатының депутаты және «Қазақ тілі» қоғамының Алматы қалалық филиалының төрайымы ретінде де қазақ балабақшалары мен мектептерінің көптеп ашылуына қомақты үлес қосты. Ол кезде Алматыдағы зауыт, фабриктердің, оқу орындарының көпшілігі тікелей Мәскеуге бағынышты болатын. Олардың империялық, шовинистік пиғылдағы басшылары қазақ тілінің қолданысқа енуіне жан-тәнімен қарсы еді. Соған қарамастан С.Әбішқызы Алматы қаласында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мақсатында кең көлемді ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Халықтың, жекеленген ұлтжанды басшылардың қолдауымен қаладағы барлық аудандарда, мекемелерде, әр түрлі оқу орындарында қоғам белсенділерінің жиналысын өткізіп, мекемелердегі қазақ тілінің мүшкіл халін жақсарту шараларын күн тәртібіне өткір қоя білді. Жоғары, орта арнаулы оқу орындарында және орта мектептерде оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдардың жазылуына ұйытқы болып, қоғамдық ой-пікір туғызып, ойтүрткі жасап, қозғау салып, ұлттық мүдде, ұлттық құндылық және мемлекеттік тілдің қорғалуына айтарлықтай үлес қосты.

# АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУЫ
## және осы қызметтегі діннің рөлі

**Ербол ЫСҚАҚОВ (Искаков),**
**Жетіарал мектеп-балабақша кешенінің тарих пәні мұғалімі**

Патша үкіметі қазақ жерін күшпен басып алғаннан кейін өз мәдениетін насихаттап, жергілікті халықтың рухани құндылықтарын жоюға ұмтылды. Отарлаушы ел жергілікті халықтың рухани болмысын, ұлттық құндылықтарын зерттеп-зерделей отырып өз саясаттарын іске асыруға көшті.

*«Орыс зерттеушілері ол кезеңде қазақ даласын шарлап, оның әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, жалпы, рухани-мәдени болмысын бүге-шігесіне дейін зерттеумен айналысты. Бұл Ресей империясының Қазақ хандығы тарихтан кетпей тұрып, қазақ даласын діни-идеологиялық тұрғыдан игеруге бағытталған әрекетке кірісуіне мүмкіндік берді»* [1.30].

Отарлау саясатының негізгі мәні жөнінде отандық дінтанушы ғалымдарымыз былай деп көрсетеді:

*«Отарлау саясатының басты мақсаты – белгілі бір ұлттың ең алдымен рухы мен жан дүниесін отарлау... Жері жоқ, мемлекеті жоқ елдер өмір сүре береді, бірақ тілі мен діні сақталмаған ұлт өз болмысын сақтай алмайды. Болмысынан айырылған ұлттың дүнияуи құндылықтарын қорғауға да қабілеті қалмайды»* [2.107-б.].

Патша шенеуніктері ислам дінінің жергілікті халықтың күнделікті тұрмысы мен салт-дәстүрімен біте қайнасып, тіршілігі мен өмір салтында басты орын алатындығына мән бере отырып, діннің рөлін төмендету шараларына белсене кірісті.

*«Қазақ үшін дін – дүниеден тыс тұрған әлдебір күш емес, қазақтың тал бесіктен жер бесікке дейінгі бүкіл тұрмыс-тіршілігін, дәстүрін, дүниетанымын көктей өтіп жатқан негізгі арқау болатын»* [2.176-б.].

Осы арқауды үзбекші болып жанталасқан патша үкіметінің саясатын жүзеге асырмауға, ұлттық құндылықтарды сақтауға қазақ зиялылары бар күш-жігерлерін салды.

*«Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхаметжан Сералин және тағы да басқа ұлттық идеяның тұғырларының бірі діни құндылықтарды ұлықтауға шақырды. Міржақып Дулатовтың «Оян қазақ!» тұғырнамасы ұлттық идеяның, ұлттық руханияттың негізгі ұстанымы болды»* [3.168-б].

Ұлттық бірлік пен татулықтың негізі дінде екендігін түсіне білген олар діннің адамгершілік ұстанымдары қоғамды ұйыстыратын күш деп санады.

*«XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген, руханият пен мәдениет саласында қызмет етіп шығармашылық мұраларын қалдырған, қазақ оқымыстылары туған халқының ұлттық ой-санасын оятуға, заман көшіне ілесуге шақыра отырып, қазақ оқымыстылары отаршыл жүйенің қазақтың дәстүрлі мәдениет жүйесінің негіздерін шайқалтуға ұмтылғанын айқын түсініп, ұлттық мәдениет пен руханияттың тірегі тілді, дін мен ділді сақтау арқылы жүзеге асатындығын сезінді»* [3.168-б.].

Ұлт қайраткерлері адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға зор үлес қосатын дінді насихаттай отырып, зайырлылық принципін ұстанды. Олар дінді мектеп пен мемлекеттен бөлу керектігіне басты назар аударған болатын. Тұңғыш қазақ конституциясы саналатын «Қазақ елі уставында» да дін мәселесіне айрықша мән беріледі.

*«Алаш қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың өтініш қылуымен ірі реформатор Барлыбек Сыртанов 1911 жылы «Қазақ елі уставын» яғни, тұңғыш қазақ конституциясының жобасын жазып шықты. Осы конституцияның «Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында» деп аталатын I тарауының 2 бабында: «Қазақ елінің жеке туы бар. Туы жасыл, қызыл һәм сары көлденең жолақтардан жасалады. Басындағы бұрышта ай һәм жұлдыздың суреті бар. Жасыл түс – елдің исламға берілгендігінің белгісі, қызыл – ел қорғауда төгілген қан, сары – қазақтың кең даласы, еркіндіктің белгісі» деп жазылды. Сондай-ақ, «Адам баласының құқы турасында» деп аталатын II тарауының 10-бабында: «Қазақ елінде адам баласының бәрі тең құқылы. Дініне, қанына, тегіне, нәсіліне қарап адамды қорлауға жол жоқ. Адам тек закон һәм Құдай алдында жауап береді» деп айтылды. Конституцияда бұлай халықтың «исламға берілгеніне» және «Құдай алдында жауап беруіне» арнайы тоқталуы, бұл рухани тұтастықты қамтамасыз ету үшін бір дінге мемлекеттік тұрғыда қолдау білдіретін преференциялық зайырлылықтың элементтері қамтылғанын көрсетеді»* [5].

Преференциялық зайырлылыққа мынадай анықтамасы берілген: «*Демократия – «халық билігі» дегенді білдірсе, зайырлылық – діни бостандықты айқындайды. Әлеуметтану ғылымында зайырлылық екі типология арқылы анықталады. Біріншісі – мемлекет пен діни бірлестіктер арасында серіктестіктің болуын көздесе, екіншісі – мемлекеттің құқықтық жүйесіне дін ықпалының дәрежесін анықтайды. Бұл критерилер зайырлы мемлекеттің төрт түрін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда: преференциялық, эквипотенциялық, контаминациялық, идентификациялық. Бұлардың алғашқы екеуі мемлекеттің максималды түрде діннен оқшаулану саясатын қолданса, соңғы екеуі мемлекеттің діни бірлестіктермен ынтымақтастығын қолдайды»* [6].

Большевиктік билік өкімет басына келгеннен кейін халықты өз жақтарына тарту мақсатында дін ұстануға ерік берілетіндігі жайлы мәлімдеме жасайды.

*«1917 жылы 20 қарашада ХКК «Ресей және шығыстың барлық мұсылмандарына үндеуін» жариялады. Ресей мұсылмандары, Еділ бойы және Қырым татарлары, Сібір және Түркістан қырғыздары мен сарттары, Кавказдың арғы беті түріктері мен татарлары, Кавказ шешендері мен таулықтары, Ресей патшалары мен қанаушылары тарапынан мешіт пен ғибадатханаларына қол сұғылған баршаларыңыз! Бұдан былай сіздердің наным-сенімдеріңіз бен әдет-ғұрыптарыңызға, ұлттық және мәдени мекемелеріңізге*

*бостандық беріліп, қол сұғылмайтын болып жарияланады. Біз сіздерден мейірімділік пен қолдау күтеміз»* [7]

Бұл мәлімдеме патша өкіметі кезінде діни-рухани қысымшылыққа ұшыраған Ресей боданындағы түркі жұртына жағымды жаңалық еді. Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы: *«Қазақтың дін істері мынандай боларға керек деп, жоба сайлап, жөн көрсетіп отырған молдаларымыз тағы жоқ. Біз бірдеме десек, шап етіп бетімізден алатындар көп»* [4.92.б.], – деп жазғаны белгілі. Дербес діни басқарманың болмауы мен оқыған зиялы дін қайраткерлерінің аздығы ұлттық зиялы қауымды толғандырған болатын. Әлихан Бөкейханов «Моллаларға» деген мақаласында қазақ молдаларына ел мүддесі үшін ауызбіршілік танытып, қызмет етуді ұсынады. Өзге дін қызметкерлерінің ынтымағы жарасқан өмірін мысалға ала отырып, былай дейді: *«Үлгі алсаң, қазақ моллалары осылардан ал»* [3.177-б.] – деп жазған болатын. Осындай дінге жеңілдік берілген кезеңде Орынборда Ресей мұсылмандарының Діни басқармасы құрамында Қазақ бөлімі құрылады. Бұл жағдай ұлт қайраткерлері мен қазақ халқының өміріне жарық сәуле шашқандай болады.

*«1917 жылы мамыр айында бүкіл Русия мұсылмандарының I сьезі өтеді. Оған делегат болып Бөкей ордасынан Ғұмар Қараш және Орал қазақтары атынан Хасан хазірет барады. Бұған дейін Діни басқарма басшыларын патша өкіметі тағайындап, солар арқылы отарлау саясатын жүргізіп келген. Ал Ресейде уақытша үкімет құрылып, соның қолдауымен мұсылмандар өздерінің діни басшыларын бірінші рет өздері таңдап, сайлайды. Сол сьезде Ұбайдолла Ғалеев – Баруди бүкіл Русия мұсылмандары басқармасының төрағасы болып сайланады. Ол – Қазанның татары. Ал басқарма қазылары мүшелері болып 4 дінбасы сайланады. Бірақ, бәрі – татар-башқұрт. Оған наразы болған қазақтар сьезде: Патша өкіметі кезінде шариғатпен басқаруға қолымыз жетпей жүруші еді. Енді патша жоқ, олай болса, бізден де бір адам Кеңеске кірсін деп ұсыныс жасайды. Сол жерде кооптация әдісімен, сайланған органның тағайындауымен Ғұмар Қараш бесінші қази болып тағайындалады. Ғұмар Қараш діни Кеңесте бүкіл қазақтың діни істерін қарайтын қази болады. Ресей мұсылмандарының орталық діни басқармасы Уфа қаласында орналасқан еді»* [8.26-б.].

Жаһанша Досмұхамедовтың Санкт-Петербург қаласындағы кітапханада сақталған мұсылмандар қауымы үшін қасиетті кітап Құранды Ташкент қаласына алғызуы, қазақ зиялыларының Ресейді мекендеген түркі жұртының, мұсылман қауымының арасында беделінің жоғары болғандығын көрсетеді.

*«1917 жылы II Жалпы қазақ сьезі Жаһаншаны Мәскеуде өтетін бүкіл Русия мұсылмандарының II сьезіне делегат ретінде жібереді. Сол жерде мұсылмандардың «Шура-и ислам» деп аталатын өзін-өзі басқару комитеті құрылады. Онда Жаһанша Комитет төрағасының орынбасары болып сайланады. II сьезд делегаттары: «Біздің Халифа Осман жидырған қасиетті Құран Кәрім кітабымызды 1869 жылы Түркістанның генерал – губернаторы фон Кауфман Санкт Петербордың кітапханасына тапсыртқан. Соны біз қайтарып алуымыз керек. Біз үшін ол құнды жәдігер», дейді. Бәрі оны қолдайды. Білікті заңгерлерден тұратын топ құрып, оның басшысы етіп Жаһаншаны сайлайды да, Смольныйға жібереді. Ленин сөзге келмей, Салтыков – Щедрин атындағы кітапхананың басшысына «дереу беріңдер» деп өз қолымен қағаз жазып береді. Жаһанша бастаған топ барады да, қасиетті Құран Кәрімді қайтарып алады. Оны алдымен Уфаға жібереді, содан кейін Ташкентке келеді. Бұл жәдігер ғылымда «самарқандық куфа жазулы Құран» деп аталады. Ол кітап кейін Өзбек Ғылым академиясы болған мекемеде сақтаулы тұрады. Ал 1943 жылы Орта Азия Діни Басқармасы құрылғанда, оны соған тапсырады. Ол кітап әлі сол жерде сақтаулы тұр. Бұл – әлемдегі ең құнды кітаптардың бірі»* [8.25-б.].

Орынбор қаласында өткен II Жалпықазақ сьезінде Алаш автономиясының негізі қаланып, Алашорда ұлттық кеңесі құрылғандығы белгілі. Алаш партиясының бағдарламасына дін ісі тарауы да енгізілген.

«Алаш» партиясының 1917 жылы қабылдаған Х тараудан тұратын Бағдарламасының IV тарауы «Дін ісі» деп аталды. Тарауда: *«Дін ісі мемлекет ісінен айырылуы болуы. Дін біткенге тең құқық. Дін жаюға ерік. Кірушығу жағына бостандық. Муфтилік қазақта өз алдына болуы. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болуы, жесір дауы сотта қаралуы»* деген құқықтық норма көрсетілді. Бағдарламадағы: *«Дін ісі мемлекет ісінен айырылуы болуы» деген норма зайырлылықтың негізгі принципі екені белгілі. Әйтсе де, «Муфтилік қазақта өз алдына болуы. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болуы» деген нормалар «Алаш» партиясының зайырлылықтың преференциялық үлгісін таңдағанын көрсетеді»* [9].

Қорытындылай келгенде, Қазақ елін бодандықтан құтқаруды мақсат еткен Алаш зиялылары ұлтты сақтау жолында, дінге барынша көңіл бөліп, қазақы салт-дәстүрмен біте қайнасқан ислам дінінің халықтың ежелден қалыптасқан рухани мәдениетімен астасып жатқандығын түсінді. Оқыған зиялы дін қайраткерлері де өз шығармаларын да салт-дәстүрмен дінді байланыстыра отыра, халықты діни-рухани нәрмен сусындатуға тырысты. Тұңғыш қазақ конституциясының жобасы мен «Алаш» партиясының бағдарламасында дінге қатысты зайырлылық принциптері көрініс тапты. Діннің мемлекеттен бөлек болуы керектігі айқындалды. Алаш арыстарының ұлттық сананы жаңғырту арқылы ой сананы өзгерту, замана көшінен қалмау, өркениетке ұмтылған елдердің жағымды жақтарын бойға сіңіруді көздеген мақсат мұраттары бүгінгі күндегі де маңызды тақырыптардың бірі. Олар халықтың санасының жаңғыруы ұлттың-рухани дінінен нәр алу керектігіне басты назар аударған болатын.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Оразов Р.** Қазақ халқын рухани құлдықта, мәңгүрттік үлгіде ұстау көзделді. // Аңыз адам, 2015.- № 21. – 30-б.

2. Дін және қоғам. / Құрастырушылар: А.Әбдірасылқызы, Т.Әбуов, М.Исахан, М.Муслимов, С.Көкенай, Г.Новикова, Ж.Теңлібаева, Е.Қожбанхан.- Астана, «Ерен» дінтанулық кеңес беру орталығы» қоғамдық қоры, 2015.- 296-б.

3.**Бейсенов. Б.** Қазақ ойшылдары дін туралы: оқу құралы – Алматы, 2015.-192-б.

4.**Қамзабекұлы Д.** Алаш және әдебиет. – Астана: "Фолиант", 2002. – 474-б.

5. http://www.qamshy.kz/ Алаш зиялылары преференциялық зайырлылықты таңдаған еді. Мұхан Исахан.

6. Abai.kz ақпараттық портал. Зайырлылықты атеизммен неге шатастырамыз? А.Иманбаева, 17 Желтоқсан 2017.

7. Садыкова Айгул Маратовна Кеңес өкіметінің дін саласындағы саясаты (1918- 1953) филос. док (PhD) ғылыми дәр алу үшін дайын. дис Алматы. 2015. - 201-б.

8. Мақсат. Тәж-Мұрат. Батыс Алашорда тарихы // Аңыз адам, 2017.- № 10. - 26-б.

9.http://www.qamshy.kz/ Алаш зиялылары преференциялық зайырлылықты таңдаған еді. Мұхан Исахан.



**Шығыс Қазақстан облысы,**
**Тарбағатай ауданы,**
**Жетіарал ауылы.**

# ФРАНЦУЗ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯСЫ

**Жұлдыз КІРЕБАЕВА (Кирибаева),**
**№182 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі**

| | |
|---|---|
| **Сабақ жоспары** | Француз буржуазиялық революциясының көрінісі. |
| **Оқу мақсаты** | 7.3.2.1 Батыс Еуропадағы буржуазиялық революцияның себептерін сипаттау; 7.1.2.1 экономикалық және саяси жүйенің өзгеруіне буржуазияның әсерін анықтау; 7.1.1.1 «капитал», «буржуазия», «жұмысшы табы» \ пролетариат\ ұғымдарын тарихи оқиғаны жан-жақты түсіндіру үшін қолдану. |
| **Сабақтың мақсаты** | -Франциядағы экономикалық және саяси жүйенің өзгеруінде негізгі терминдерді қолдана отырып, буржуазиялық революциялардың себептерін сипаттайды. |
| **Бағалау критерийі** | - Франциядағы буржуазиялық революциялардың себептерін сипаттайды;<br>- Термин сөздерді қолдана отырып, экономикалық және саяси жүйенің өзгеруін анықтайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік дағды:** БББ кестесі – айтылым, оқылым, тыңдалым, жазылым жүзеге асады.<br>**Термин сөздер:** Бас Штаттар, Бастилия, буржуазия, жұмысшы табы;<br>**Сөз тіркестері:** буржуазиялық революция; өнеркәсіптегі өзгеріс... |
| **Құнды-Лықтарға баулу** | -Топтық жұмыс - қарым-қатынас дағдысы артады. - Эссе жазу кезінде өмір сапасын тұрақты жақсарту үшін қазір қандай жұмыстар жүргізілуде? – т.б. сұрағы қойыла отырып, **Мәңгілік елдің «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» идеясы қамтылады.** -Өзара бағалау арқылы қарым-қатынас дағдысы артады; -жеке жұмыс: СТО дағдысын қалыптасады. |
| **Пән.ар/қ байл.** | География, құқықтану. |
| **Алдыңғы білім** | Ағартушылық дәуір идеялары, француз сословиелік жүйесі. |

**Сабақ барысы**

<table>
<tr><th>Сабақ кезеңі</th><th>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>Ұйымдастыру: а) амандасу; ә) топқа бөлу; б) оқушылардың назарын шоғырландыру. «Ой қозғау» әдісі арқылы алдыңғы білімді жандандыру. - Суреттен не көреміз? Бұл суреттерді не байланыстырады? Сұрақтарын қою арқылы оқу мақсаты, нәтижесін оқушыларға таныстырып, бірге талдау.</td><td>Суреттер (ғаламтор-дан алынды).</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>Топтық жұмыс: БББ кестесін топта талқылап, бірге шешім қабылдайды, әрқайсысы жеке өз дәптерлеріне «білемін, білгім келеді» бөлімдерін жазып толтырады.<br>Кесте толтырғаннан кейін. Сұрақтарын қою арқылы ауызша кері байланыс беріледі. Жұптық жұмыс: Бейнероликті мұқият қарап шығып, Франциядағы буржуазиялық революциялардың себептерін сипаттап, революция басталуының себебін жазып, өзгеріске мысал келтіреді.
<table>
<tr><th>Критерий</th><th>Дескриптор</th></tr>
<tr><td rowspan="2">Франциядағы буржуазиялық революциялардың себептерін сипаттайды</td><td>Оқушы революция басталуының кем дегенде 2 себебін жазады.</td></tr>
<tr><td>Кем дегенде 2 өзгеріске мысал келтіреді.</td></tr>
</table>
Тапсырманы орындау барысында қолдау көрсету, диалогқа түсу арқылы саралау жүреді. Критерийге сай жасалған дескриптор негізінде революция басталуының себебін жазып, өзгерісіне мысал келтірген жұптарды, оқушылар мадақтау арқылы бағалайды, толықтырып, бағыт-бағдар беріледі. Мәтінмен жұмыс: мәтінді оқып, жұпта талдау, талқылау. Мәтінмен танысады, түсінгені жайлы бір-біріне баяндайды. Диалогты қолдана отырып, саралау жүргіземін. Жұмыс барысында қиналып отырған, қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсетіп, жұмыстарын бағалау мақсатында жақсы жұптарға қол шапалақтау арқылы қолдау көрсетемін. Жеке жұмыс: Бас Штаттар, Бастилия, буржуазия, жұмысшы табы, капитал сөздерін пайдалана отырып, Франциядағы экономикалық және саяси жүйенің өзгеруі туралы эссе жазу тапсырылады. Эссе жазу кезінде өмір сапасын тұрақты жақсарту үшін қазір қандай жұмыстар жүргізілуде? – сұрағы қойыла отырып, Мәңгілік елдің «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» идеясы қамтылады.
<table>
<tr><th>Критерий</th><th>Дескриптор</th></tr>
<tr><td>Революцияның басталу себептерін түсіндіру үшін термин сөздерді қолдана отырып, экономикалық және саяси жүйенің өзгеруін анықтайды.</td><td>Термин сөздерді қолданады (Бас Штаттар, Бастилия, буржуазия, жұмысшы табы).<br>Экономикалық жүйенің өзгеруін анықтайды.<br>Саяси жүйенің өзгеруін анықтайды.</td></tr>
</table>
Оқушыларға диалог және қолдау көрсетіп, саралау жүреді. Оқушылар «бағдаршам» әдісі арқылы: жасыл – барлық критерийге сай, сары – дескриптор жартылай орындалған кейбір критерийлерді толықтыруды қажет етеді; қызыл – дескрипторға сай емес, белгілерін көрсетеді. Критерийге сай 3 дескриптор оқушыларға хабарланады және осы бойынша олар өз орындауларын түстерді көрсету бойынша бағаланады. Жауаптарына қарай кері байланыс беріледі.</td><td>Кесте «БББ»<br>Бейнеролик https://www.youtube.com/watch?v=Hp85hy_ovdQ<br>Мәтін.<br>Оқулық «Мектеп» 2018 Н.Алдабек К.Мақашова Қ.Байзақова.<br>50-51-беттер.<br>Кесте.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы.</td><td>Рефлексия. «Жетістік баспалдағы» арқылы кері байланыс жасалады. Оқушылар сабақ барысында жеткен жетістіктері туралы: - маған көмек қажет; - мен түсінген сияқтымын; - мен түсіндім. Үйге: «БББ» кестесі бүгінгі сабақ бойынша айтылған мәселелерді жүйелі түрде кестеге түсіру. Үй тапсырмасын орындау қадамдары түсіндіріледі.</td><td></td></tr>
</table>

**Алматы қаласы.**